

84каз?

Ш18

С.ШАЙМЕРДЕНОВ

ДӨКЕЙ
КЕЛЕ
ЖАТЫР

4

26382

САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ

ДӨКЕЙ
КЕЛЕ
ЖАТЫР

Пьесалар

АЛМАТЫ
«ӨҢЕР»
1983

24 Каз 2
Ш 18

Рецензенттер: К. Тұрсынқұлов, К. Юсупов

Шаймерденов Сафуан.
Ш 18 Дөкей келе жатыр: Пьесалар.— Алматы:
Өнер, 1983.—328 бет.

Белгілі жазушы, майталман драматург Сафуан Шаймерденовтың пьесалары республика театrlарында қойылып, көптеген көрермендердің ыстық ықыласына бөленип жүр.

Каз 2

Ш 70600—4
409(05)83 25—82—4702230200

© «Өнер» баспасы, Алматы 1983.

026382



ДӨКЕЙ КЕЛЕ ЖАТЫР

УШ БӨЛІМДІ ҚОМЕДИЯ

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Көпей — совхоздың бөлімшесі бастығы

Мариям — әйелі

Үлкү — қызы

Киляу — әкімдікті аңсаған пысық жігіт

Шилау — бөлімшесінде есепшісі. Кішкене бойлы жігіт

Базару — жесір әйел. Сондай зор денелі

Дынқыш — почташы

Декей — институт бітірген жас жігіт

БІРІНШІ СУРЕТ

Үлкү әні. «Біздің ауыл»

Көшеде ешкі-лағы шауып жүрсе,

Бір итті бір ит қуып, қауып жүрсе,

Ауылдың көркі қандай болар еді

Күлге аунап, ойнап-күліп тауық жүрсе?

Қайырмасы:

Мактауга тіл бармайды,

Даттауга тіл бармайды.

Біздің ауыл, біздің ауыл

Біздің ауыл осындай...

Үлдары үрлап ішіп ұлып жүрсе,

Қыздары қызыл ішіп күліп жүрсе,

Ауында не береке қалар еді

Үлкені соны көріп, бұғып жүрсе?

Қайырмасы:

Айналайын жарандар.
Сенбесеңдер қараңдар.
Біздің ауыл, біздің ауыл,
Біздің ауыл осында!

Шымылдық ашылған кезде сахнага дедек қағыл: «Қатын, катын»,— деп айқайладап Қөпей шыгады да, сол күйі жүгіріп етеді. Іле-шала Қилау шыгады. Ол Қөпейдің артынан аңдып, жол карап біраз тұрады.

Қилау. Қөпей бүгін бұлінді. Отырған орнынан су шыққандай алансыз көтерілді. Сабаздың дедектеуін қарашы. Аяқ-қолы жерге тимей безіп барады... Эне, эне... Мәйімбеттің байлаулы төбетін басып кете жаздал, екеуі екі жаққа қашты. Ит екеш итке де жан керек екен, тіпті, үргеге де шамасы келмей қалды... Ойбай, мынаусы кім? (Күліп.) Ой, кәдімгі Шилау гой. Қөпейді көріп, бұрыла сап, ол да безіп барады. Қарандар, қарандар, қалтасынан қағазын алыш, бір нәрсені тұрте бастады.

Шилау шыгады. Қолында блокнот, қалам. Артына алақтап, сөйлей кіреді. Қилау бой тасалап қалады.

Шилау. Мына Қөпейді жын ұрған шығар. Қөзі ақшиып кетіпті. Алдында атан жатса да аңғарар емес, жаншып барады. (Ойланып.) Бұған не болды, ә? Ебіл-дебіл боп жүруінде бір себеп бар-ау тегі. (Қаламын алыш.) Ұмытып қалармын, тұртіп алайын... (Күбірлеп жаза бастайды.) Март айының он жетісі күні... (Спектакльдің жүрген күнін айтуда да болады.) Шаңқай тұс... Қөпей ауылды айналып шауып жүр...

Қилау (жасырынып тұрған жерінен шығып, Шилауга жақындаиды). Ие, қалай өзі... Тұртіп жатырмысын?

Шилау (сасқалақтан). Ие, тұртіп жатырмын...

Қилау. Сенің тұртқілегеніце төрт жыл болды, түймедей пайдасын көрмедин-ау соның.

Шилау. Асықпа, Қилау, басың жас, көресің әлі... (Залға.) Осының өзі де сау сиырдың жапасы емес. Қәпірдің қөзі жаман екен.

Қилау. Сен былай ет: тұрткенді қой, шұқыла.

Шилау. Шұқылағаны қалай?

Қилау. Солай. Шұқылай берсең, апан қазуға да болады, апан. Тұсіндің бе?

Шилау (түсінгендей болып, күлімсіреп). Түсінген сияқтымын.

Қилау. Тұсінсең — сол. Бар. Керек кезінде тағы сөйлесеміз.

Шилау. Жарайды, жарайды. (*Кетеді.*)

Қилау (*артынан зекіп*). Қатын өсек тергеннен басқаны білмеген шірік. Факті керек, факті. Өзін сөйлеме, факті сөйлесін... (*Сыртқа бой жазып.*) Ау, мына Қөпей бері бұрылды. Ор қояндаі орғуын қараши: алпысты алқымдаған шал емес, алтыдағы баладай ыргиды.

Қилау бой тасалап тығызып қалады. «Қатын, қатын», — деп даурықкан күйі Қөпей шығады.

Қөпей. Қатынға жұмыс істетсөн осы. Қолыңа түспейді. Қай жайларда жургенін бір аллам білсін... Ун, шаршадым-ау.

Алдында алжапқыш, Мариям шығады.

Мариям. Не болды? Неге іздедін? Ауылдың үстін азан-қазан қылдың ғой.

Қөпей. Сұрама, кемпір. Өлді деген осы шығар.

Мариям. Сен-ак күніне он өліп, он тірілесің.

Қөпей. Осы жолы шын өлеңтін шығармын. Ажал ешқайда бұрылмай төтелеп келе жатыр.

Мариям (*жақтырмай*). Ойпырм-ай, ә! Төтелеп келе жатыр.

Қөпей. Осы жолы аман қалсам, мен, сірә, тірі де өлмеспін.

Мариям. Сондай-ақ не бол қалды? Тұсің қашып тұр ғой.

Қөпей. Дәкей келе жатыр, дәкей!..

Қилау (*басын қылтитып*). Е, бәсе, Қөпейдің дедектеуі жаман еді.

Қөпей. Совхоздың орталығына да соқпастан, тұра осы бөлімшеге келе жатыр.

Мариям. Келе жатса, бір жұмысы бар-дағы. Немене, ауылға адам жолатқың келмей ме?

Қөпей (*ашуланып*). Адам болса, бір сәрі. Келе жатқан дәкей деп түрган жоқпын ба мен саған?

Мариям. Дәкей болса, дәкей шығар. Ол да адам. Келсін, несі бар!

Қөпей (*кеекесінмен*). «Келсін, келсін». Олар тегін келе ме, ақтара, төңкере, тексере келмей ме?

Мариям. Тексерсе несі бар, неден қорқасың? Ишкен-жеген ештеңең жок.

Қөпей. Ондайым жоқ-ау. Дегенмен тіміскілеп кетсе, кім біледі, бір жағынан бірдемесі қоқып жүрсе... Эңгі-

меге шатылайын десен оп-оңай. Ең қыны қоймадан үрланған каракул елтірілер болып тұр ғой. Қай иттің жымқырганын кім білсін, әйтеуір жүзге жуық елтірі жоқ.

Мариям. Жоғалса, өзің алған жоқсың. Заң орнына бар. Тексереді. Дөкей келеді екен деп сонша үркіп... Қөленкенен қорыққаныңды қоймадың-ау, сен байғұс.

Киляу (*тасада ыршып*). Сотқа беруге болмайды. Пенсияға шығайын деп отырғанда қара пәле болып жабысады өзіңе.

Көпей. Пенсияға шығуға екі-ақ жылың қалса, көрер ем қорықпағаныңды... «Қай жағымнан кез қылады» деп, көжене де қарауыл қойып ішті деген осы да...

Мариям (*жұбатып*). Корықпа, Көпем. Онан да дөкейді күтіп алуға дайындал.

Киляу (*тасадан шығып*). Көпе, не болды? Женгеймен оңаша сөйлесуге шыққансыз ба?

Көпей. Ой, мұндай оңашасы құрысын да... Оңашалаймыз деп жүріп тамашамыз шығып қалмаса...

Киляу (*Мариямға*). Көпенде мұндай әдет жоқ еді. Оңашалап алып, әбден қысқан екенсіз, ә, женеше.

Мариям. Менің қысқаным неғылар дейсін, құдай басқадан қыспасын.

Көпей. Тексеруші келе жатыр. Мә, оқы. (*Килауға телеграмма береді*)

Мариям. Дөкей келеді десе, құты қашатын әдеті емес пе мұның. Қарадай жүріп қалышылдан тұр.

Киляу. Женеше-ау, батырлықтан пайда жоқ. Жарға жығыласын.

Көпей. Жығылғанда да мурдем кетесін.

Киляу. Ой, мынау директордан ғой... Ол курортта емес пе еді?

Көпей. Курортта болғанда да — Алматыда. Назар әкейлердің іргесінде жүр.

Киляу (*телеграмманы оқып*). «Таяу күнде Дөкей барады. Қарсы алғайсың».

Көпей (*еңсесі түсіп*). Жағдай осы...

Мариям (*кеқетіп*). Жағдай осы... не болыпты салың суға кететіндей. Көп болса, газетке жазар... Кім біледі, жақсылығыңды көбірек көріп мактап жазар, керек десен.

Көпей. Мактап жазса жақсы-ау. Дегенмен, пәледен машайық қашты дегендей, мактап та, даттап та жазбаса, тіпті жақсы болар еді ғой.

Қилау. Қөпе, шүрқ етпеніз. Шалбарды қолмен емес, белбеумен ұстатады. Сіз бел болсаңыз, біз — белбеуміз. Бір амалын өзіміз-ақ табамыз. Ел емеспіз бе!

Қөпей. Енді көтеп-көмектеп бірдеңе етпесек... Қөпен көтерген жүк жеңіл демекші.

Қилау. Қөпе, шүрқ етпеніз. Мына жеңгемнің озат сауыншы деген атағының өзі-ақ сіз үшін қалқан. Таудай бәленің бетін осы кісінің өзі-ақ қайырады.

Мариям (*масаттанып*). Ол атак баяғыда еді ғой. Қазір қартайдык.

Қилау. Сіз бе қартайған?.. (*Күліп*) Сіз қартайғанша біз алжып та үлгерерміз, жеңеше...

Қөпей. Тіпті биылғы көрсеткіші де мәз емес мұның...

Қилау. Қөрсеткіш деген не, тәйірі, сол да жүк болып па? Шилаудың қолында тұрған нәрсе. Тұртіп жіберсе тынып жатады.

Қөпей (*шошып*). Оу, сонда... (*Ар жағын айтуга батпай тежеліп қалады*)

Қилау. Қөпе, шүрқ етпеніз... (*Бір нәрсе айтқысы келген Мариямды да сөйлемпей тастайды*.) Жеңеше, сауған сүтіңізді біліңіз. Ертең қонақ келеді. Соны күтуіңізді біліңіз.

Қөпей. Иә, сол қонақты күтіп алудың қамына кірісейік. Жұр, кенсеге барып ақылдасайық.

Мариям (*Килауды оңашалап*). Қөлеңкесінен қоркатын бишара емес пе бұл ағаң. Өзің ақыл беріп, бас-көз бол, қайным.

Қилау. Жеңеше, шүрқ етпеніз... (*Залға*) Бас-көз болар ма екем, әлде бар көзін жоқ қылар ма екем. Қөрерміз.

Мариям. Осы бала пысық көрінеді, етегінен ұста.

Қөпей (*қабабы түксүіп*). Не шықса да пысықтардан шығушы еді...

Мариям. Болмашыдан үркіп, туңіліп жүретін әдеттің сенін.

Қөпей. Жә, жә... тізгіннің ұшын босатса аспанға шапшисындар-ау. Жұр, Қилау.

Барлығы да кетеді. Іле-шала Шилау шығады. Блокноты қолында.

Шилау. Бұлардың сыйырласуы тегін емес. Партиясына Қилауды қосып алып, жәмпақтауларын көрдің бе?.. Мына Қилау ма? Не шықса да, осыдан шығады. Не оку

оқып, не қызмет қылып жарытпай, Алматыны сілтідей тындырып келіп еді, рабочком боп шыға келді. Ұмытып қалармын, түртіп алайын.

Көзінде көзілдірігі бар Даңқыш келеді.

Даңқыш. Бастықты көрдің бе?

Шилау (*қағаздан басын алмай*). Жоқ.

Даңқыш. Қилауды көрдің бе?

Шилау. Жоқ.

Даңқыш (*мырс етіп*). Е, бәсе «ақ түйе көрдің бе, жоқ» дейтіннің нағыз өзісің ғой.

Шилау (*басын көтеріп*). Шал, не деп тұрсын?

Даңқыш. Негылайын деп едің? Оны да жазып алмақпсың?

Шилау. Не істелді, не қойды, не айтылды, не айтылмады — бәрін түртіп алып, есептеп қою керек, шал.

Даңқыш. Бәрін есептеп койғыш екенсің, менің осы «Ақжол» колхозында қанша істегенімді айтып берші.

Шилау. «Ақжолыңыз» осы совхоз болмай тұргандағы колхоз ғой?

Даңқыш. Ие. Осы өзіміздің бұрынғы колхоз.

Шилау (*блокноттарын әрі-бері ақтарып, іздестіріп, еш нәрсе таба алмайды*). Жоқ, сіз істемепсіз.

Даңқыш. Істемегені қалай? Шырағым-ау, біле білсен, мен осы колхозды қолдан құрған адаммын. Ал, сен істемепсің дейсін.

Шилау. Менің блокнотыма жазылмаған. Значит, істеген жоқсыз.

Даңқыш (*күліп*). Қайдан жазылады. Мен колхоз күрып жүрген кезде, блокнотың түгіл, өзін де жоқ болатынсын.

Шилау. Блокнотта жоқ қой. Значит жоқ. Точка, соナン соң тағы точка.

Даңқыш. Жазатын нәрсені жазбай, есеп шатастырып жүрген сен сияқтылардың кесірі ғой маңдайым тайқып, тиісті пенсиямды ала алмай жүргенім.

Шилау. Оған ешкім кінәлі емес, өзіңіз. Документ жинау керек, шал. Документ.

Ыскырып әндептіп, шығып кетеді.

Даңқыш (*тістеніп*). Мен документ жинағанда гой, сен сияқты талай қағаз кеміргендердің басын жалмайтын едім... О, тоба, кейде пәле қумаймын десең де, пәле-кор атанады екенсің ғой.

Қи ла у. Хал қалай, шал?

Дыңқыш. Халдың несін сұрайсың, шырақ. Пенсияды қуалап кірмеген тесігім, ашпаған есігім қалмады. Ештеңе өндіре алмай, әбден шаршадым.

Қи ла у. Сонда не дейді? Не сұрайды?

Дыңқыш. Құдайдың қайдағы жоқ, атам заманры документтерін сұрайды. Колхоз боп түрғанда документ жинау кімнің есінде болған.

Қи ла у. Ие, документсіз ештеңе өнбейді. Пенсия аламын деп иегін қышымасын, шал. Факті керек, факті.

Дыңқыш. Ие, ие. Құтты өзің сияқты ана облыстайлар да «пақ, пақ» деп таңдайын тақ еткізеді.

Қи ла у. Шал, пенсия алғың келе ме?

Дыңқыш. Алғым келмесе әуре болам ба?

Қи ла у. Ендеши, шүрк етпе. Өзім әперемін. Қөпейден стажыныз, айлық табысыныз туралы күәлік алып беремін. Шаруаңыз бір минутта тынады.

Дыңқыш. Олай десең, шаруам он жылда да тынбайтын болды. Қөпей берсе — жанын берер, бірақ күәлік бермес. Әбден түңілдім.

Қи ла у. Шүрк етпе, шал. Орталықта бір жапырақ қағазды түртіп жіберші, күәлікке қосып қатынын да берсін.

Дыңқыш Тай-құлындай тебісіп өскен замандастым... Оны жамандап қай төбеге шығам?

Қи ла у. Қарайлласпаған замандастың аты өшсін. Қөпей күәлік бермеген соң, басқалар қайта сабап жіберменті.

Дыңқыш. Заң айтып әбден басымды қатырды.

Қи ла у (*шан етін*). Заң айта ма? Во, сізге керегі сол. Заңды сізде айтыңыз, кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс болар екен.

Дыңқыш. Олай болса, алдынан тағы бір өтейін. Берсе — берді, бермесе — оны да көрдік.

Қи ла у. Шыға сап маған келіңіз. Арғы жолды өзім сілтеймін... Шалбарды қолмен емес, белбеумен ұстайды. Қөпей соны үмытпасын. Ал, қош. Мен сізді көрген жоқпын, сіз мені көрген жоқсыз.

Дыңқыш. Қош, шырақ. Мұны да бір сыналық. Мен сені көрген жоқпын, сен мені көрген жоқсын. (*Кетеді.*)

Қи ла у. Қасқырды қасқыр жейді деуші еді Бейсекем. Дөкей келгенде мен бұларды біріне-бірін шоқпар

қылайын. Сонда ғана, Қилауеке, бөлімше бастығы бола аласың. Бөлімше бастығы болсан, оның ар жағында директорлық дегенің қол созым жерде тұрған жок па?!

Ұлқудың әні

Махаббат қызға да бір, үлға да бір
Қызықты қыр асырмай, қызғана біл.
Көзбенен көздегіні түсінбесе,
Махаббат қызға да ауыр, үлға да ауыр.

Қайрымасы:

Аяулы жан құрдасым,
Қимас досым, сырласым,
Маған бұрган жүрегің
Басқа жанға бұрмасын.

Батқан күн қайта туар күндеңідей,
Жұлдызың қайта шығар түндеңідей
Махаббат оты қайтса, көніл суып,
Өмірің айдалада жүргеніңдей.

Қайрымасы:

Аяулы жан құрдасым,
Қимас досым, сырласым.
Маған бұрган жүрегің
Басқа жанға бұрмасын.

Қилау бой тасалап қалады. Артынша елбе-делбе болып,
Әбден ынтыққан Шилау кіреді.

Шилау. Ұлку... (*Іздеиді, таба алмайды.*) Бұлактай сыңғыраған сөзіңнен айналдым, күндей жарқыраған көзіңнен айналдым, қауындай піскен өзіңнен айналдым... Айдай жарқыраған ак тамағыңнан... махаббатыңың отына өртөнген Төлегенмін мен, Қозы Қөрпешпін, Кебекпін. Мен тіпті, Қобыландымын... Алпамыспын...

Ұлқу (*шыға келіп*). Сәлеметсіз бе, Алпамыс аға...
Жо-жоқ, Қобыланды аға... Жо-жоқ, Қозы Қөрпеш... (*Сынұлықтан күледі.*)

Шилау (*абдырап*). Мен Шилаумын, Ұлқу...

Ұлқу. Элгінде ғана Қобыландымын деп тұр едіңіз ғой.

Шилау. Шын ғашық, басқаны былай қойғанда, итте болады екен, Ұлқужан...

Қилау (*басын қылтитып*). Ойдәйт деген... Мұның да осындағы бар екен ғой... Ой, Қобыландым...

Ұлқу (*күліп*). Ағай, сіз Қобыланды да, басқа да болмай-ақ, адам болсаңызыша.

Шилау. Менің адам болу, болмауым өз қолында,
Үлкүжан!

Үлқу. Менің қолымда ма?.. Мына менің?

Шилау. Иә, сенің... Алты жыл, төрт ай, сегіз күн
отасқан әйелім қайтыс болғалы үш жыл, он ай... жеті...
(*Күбірлеп санап*.) Жо-жоқ... тоғыз күн болыпты. Содан
бері адам болудан қалдым. Күндіз-түні ойлайтыным бір
сен.

Килау (*куйініп*). Адам деген әйелмен де өстіп сөй-
лесе ме... Бұрсейші... Умажда, умажда бас салып...

Шилау. Жүдегенде де құрып барамын... Салмағым
бұрын алпыс бес килограмм еді, ал қазір... (Блокнотын
алып беттерін ашип іздеду сала бастайды.) Ал, қазір...
алпыс төрт килограмм 560 грамфа түсіпті.

Шилаудың сөзінің арасында Үлқу кетіп қалады.

Оның кеткенін Шилау байқамайды.

Жардан құлағандай домалап барам. Қолымнан кел-
се, бар дүниені шулатар едім. Өтеміз, де бұл дүниеден
Үлкүжан. (Үлқудың жоқтығын енді аңғарып, жан-жағы-
на қарай берем дегендеге, баспалап қарап тұрган Қилау
байқатпай Шилаудың артынан келіп қолын оның иығы-
на салады. Шилау оны Үлқу деп қалады.) Үлқу, Үлқү-
жан!

Килау (*басын шайқап*). Қояннан қоян туады, қас-
қыр тумайды деуші еді, рас екен.

Шилау (*басы салбырап*). Рас екен.

Килау. Қыздан мұнданай қорлық көргенше, өлгенің
артық.

Шилау (*жыламсырап, кетуге ыңғайланаады*). Қош
бол, Қилау, бақұл бол. Жаңың ашыса, кейінірек барып
көме саларсың.

Килау. Мынаның дені сау емес шығар...

Шилау (*блокнотын алып*). Осы сөзінді түртіп ала-
йыншы.

Килау (*күліп*). Ой, өлгелі тұрып түрткенді не қы-
ласың?

Шилау. Кім біледі, о дүниеге барғанда да керек
боп жүретін шығар. (Жаза бастайды.)

Килау. Ауру қалса да, әдет қалмайды деген, ә...
Осы қызда шын ойың бар ма, айтшы?

Шилау. Ойым түгіл тойым да бар.

Килау. Ендеше, шүрк етпе. Өзімдікі болды дей бер.
Бүркітше бүреміз, «шиқ» еткен даусы да шықпай қалсын.

Шилау. Қалайша, ағатай?

Килау. Оп-оңай. Қыздың билігі әке-шешесінің қолында. Экесіне жақсан болды.

Шилау. Бәрі дұрыс-ау. Бірақ, қалай жағынам?

Килау. Оп-оңай. Шешесін газетке жазбақшы болып тілшілер келе жатыр. Сүтті артық сауды деп акпар бер. Мақтасаң тымағын қоқитпайтын қазакты көрген емесспін. Экесінің аузын... сөйтіп майла.

Шилау (*ойланып*). Мұның дұрыс-ау... Бірақ сезіліп қалса?..

Килау. Шүрк етпе! Құлықтың сырыша құдайым денсаулық берсін, қоса сауамыз.

Шилау (*әлде де қорқып*). Сонда да болса қынай...

Килау. Қөпей тұрганда құдайдан да қорықпа. Эйелін мақтағанды қай ерекк жек көреді.

Шилау (*қуанышты*). О... Нагыз ақыл... Түртіп алайын. (*Қағазын алып, сәл ойланып, айниды.*) Жок, мұндайды тұртуге болмайды.

Килау (*куліп*). Неге? Түртіп ал.

Шилау. Өзгенікін тұртуге болар еді. Бұл — өзімдікі.

Килау. О, құдай атсын сені, құдай атқыр. Түртесінін деп жүріп үркітіп алма Ұлкуды. (*Нығыздай сөйлем.*) Қыздың билігі әкесінде, білдін бе, әкесінде.

Шилау. Білгенде әбден білдім... (*Далаға көзі түспіп, үркіп кетеді.*) Ойбай, Базарқұл келе жатыр. Енді қайттім?..

Килау. Базарқұлің кім? Қадімгі өзіміздің Базарқұл ме?

Шилау. Сол. Қыр соңымнан қалмаған бір бәле болды... Енді қайда тығылам? Ағатай, қалай құтылам? Ақыл берші, састым фой.

Килау. Бұл шын сөзің бе?

Шилау. Ит болайын, шошқа, доңыз, мысық болайын.

Килау. Ендеше, шүрк етпе. Өзім күтқарып берем. Сен бара бер.

Шилау. Құп, құп... Ағатай, ендігісін өзің біл... (*Асығып-усігіп кетеді. Білекті сыйбанып жүлкүсіп Базарқұл шығады*)

Базарқұл. Әлгі Шилау сұмырайды көрдің бе?

Килау (*куліп*). Бір бөлімшенің дырдай есепшісін қалайша сұмырай дейсін?

Базаркул. Сұмырай демек түгіл, суға тұншықтырып өлтірейін... Қөрдің бе!

Килау. Қөргеннен бір нәрсе түсетін болса, көрдік.

Базаркул. Бәлдене бермей айтсайшы, қайда кетті?

Килау (*жан-жақты нұсқап*). Осылай қарай ма... Өлде былай қарай ма еді... Әйтеуір оңаша жер іздел кетті.

Базаркул (*күдіктеніп*). Оңаша?

Килау. Бір қуыршақты қолтыққа алған еркек қандай жер іздеуші еді?

Базаркул (*тістеніп*). Солай ма!.. Бәсе, қуаласам да кетпейтін неме жалынсам да жоламайтын боп алды. Бір кәкір бар екенін біліп ем-ау, білгенмін... Қайда кетті, айтшы маған, үстерінен түсіп, тауыктай жұлайын.

Килау. Менің тілімді алсаң жолама. Аулынды таба алмай қаласың.

Базаркул. Мен бе?.. Мен бе?.. Ондай ауылға шетінен от қойып, күлін желге суырайын... Тек кіммен кеткенін айтшы.

Килау (*сыбырлап*). Қөпейдің қызымен, Қөпейдің Үлкуымен.

Базаркул (*тістеніп*). Солай ма... Ұры алыстан келді ме десем, іргемнен түскен екен гой. Біреудің иемденіп жүрген адамын тартып алатын қыздың әуселесін қөрейін. Ауылды кім таба алмай қалар екен, кара да тұр.

Килау. Ол — Қөпейдің қызы. Абайла.

Базаркул. Қөпейдің қызы болмак түгіл, Дөкейдің қызы болса да, қайда кетті, айтшы тек?

Килау. Некелеп алған занды байың емес, айқайыла төзе ала ма сенің?

Базаркул. Некелеп алмасам да, ноқталап алғам. Қөзім тірі тұрғанда, алдырмаймын басқаны. Өзім де ешкімге тимеймін.

Килау (*сыртқа*). О, сорлы, басқа сені неғылсын... (*Базаркулге*). Менің тілімді алсаң, айтыспа. Қөпей қатай десен де — бастық. Соның дегені болады.

Базаркул. Айтысқанда да орысша айтысармын мен. Тек үстінен түсірші. Өз көзіммен қөрейін.

Килау. Ендеше шүрқ стпе. Бүгінше үйіңе қайт, ертең дәл осы уақытта осы жерге келе ғой, дәл төбесінен түсірейін.

Базаркул. Е, құдай, ертеңінді ертерек әкел. Үсте-

рінен түсейін де, жалғыз қызына ие бола алмай жүрген
Қөпей, Қөпей болмақ түгіл дәкей болса да, шаңырағын
ортасына түсірейін. Ертеңінді ертерек әкел, құдай...

(Сахна айналады.)

Базаркүлдің әні.

Опалансақ біздің де әріміз бар,
Айналдырап бір еркек әліміз бар.
Сүйгенінді тартып ап пәле болды-ау,
Осындағы жел аяқ кәрі қыздар.

Қайрамасы:

Батыр десе — батырмыз,
Бажылдауға жақынбыз.
Жаман шалдан айрылып
Үйде жалғыз жатырмыз.
Ешкі басым Шилауым,
Аз болды ма сыйлауым!
Местей әйел тұрганда,
Қыз іздеген милауым!

Еркек деген әйелден биік екең,
Әйел сөзі қайтсе де, сүйық екен.
Қолда барда алтынның қадірі жок,
Жар болмаса біздерге қын екен.

Қайрамасы:

Батыр десе — батырмыз,
Бажылдауға жақынбыз.
Жаман шалдан айрылып,
Үйде жалғыз жатырмыз.
Ешкі басым Шилауым,
Аз болды ма сыйлауым!
Местей әйел тұрганда,
Қыз іздеген милауым!

Шымылдық

ЕКІНШІ СУРЕТ

Қөпей мен Шилау отыратын кабинет. Қөпей
кабинеттегі мүліктерді актара қарап, бұркылдаپ сейлеп жүр.

Қөпей. Кабинет болған соң, кабинеттің де шамалы приличный болғаны жән. Мынау не?.. Аңғал-санғал... ішіндегі мүлкін біреу көшіріп әкеткендей бол-бос... Столы стол емес, құдай біледі мынандай орындыққа мен түгіл сиыр да отырмас.

Шилау. Сіз түгіл талай-талай есектер де отырып кеткен.

Көпей (*тапырақтап*). О не дегениң?

Шилау. Сізден бұрынғы бастықтарды айтам. Не бір айғыр, есек, өз бастықтарды көрдік қой.

Көпей. Қәпір-ай, теңеуің жаман екен!..

Шилау. Есекті қанша сипасаң да, бәрібір есек күйі қалады.

Көпей. Ойпырмай, саған сөз шақ келмес. Бүгіннен бастап мына столдың жабуын өзгерт, графин қойдыр, қоңырау орнаттыр.

Шилау. Есігіңіз көшеге шығады, қоңырауды далаға орнатамыз ба?

Көпей (*есіне түсіп*). Солай екен-ау... Қайда орнатсаң сонда орнат, не орнатсаң соны орнат. Эйтеур жөндейші кабинетті... Ойбай-ау, дәкейлер фермадан бұрын ең алдымен кабинетті сынайды. Алақандарына түкіріп келе жатқан шығар ылғи қызыл көздер.

Шилау. Тоқтаңыз, түртіп алайын.

Көпей (*сесскеніп*). Осы түрткен сайын жүргімнің бір жұмсақ жері бүлкілдей бастайды. Эй, нені түртпек-сің? «Қызыл көз» дегенді ме?

Шилау. Жоқ. Ол сезіңіз бұрыннан жазулы.

Көпей. Енді неменені?

Шилау (*ежіктеп*). Столға жабу керек. Гра-фин, стакна, қоңырау...

Осы кезде Дыңқыш кіреді. Шилау мен Көпей оны жақтырмай теріс айналып кетеді.

Дыңқыш. Ассалау мағаләйкүм!

Шилау (*Дыңқышты нұсқап*). Қоңырау орнатпасаңыз көретін күніңіз осы. Кім көрінген баса көктеп кіріп келеді.

Дыңқыш. Эй, бала, мен қашаннан бері саған «кім көрінген» болдым?

Шилау. Совхоздың жұмысына жарамай қалғаның бәрі адам санатынан шығарылады.

Дыңқыш. Санаттан шығарсаң шығар, бірақ, жарқыным, пенсиямды алып берші.

Шилау. Пенсия алып беретін мені бір дәкей дейсіз бе? Қеле жатыр ғой, әне ылғи дәкейлер, айтыңыз соларға арызды. (*Бұл сөз Көпейге ұнамай қалды.*)

Көпей (*өзіне-өзи*). Іріген ауыздан шіріген сөз шығуын қараши!

Дыңқыш. Солардың келетінін естіп, әдейі келіп тұрмын. (*Көпейге*) Маған не анықтама бер, не тұрыстаң жерінді айт.

Көпей. Жау жағадан алғанда, ит етектен тартады деуші еді. Дөкей келмек түгіл құдай келсе де, бермеймін справка.

Дыңқыш. Неге? Әлде менің колхозда істегеніме сенбейсің бе?

Көпей. Сенем, білем. Бірақ бір нәрсеге арқа сүйеп беретін документ жоқ. Колхоздан қалған қағаздар тозтоз боп жыртылып кеткен. Облыста отырғандар справканы неге сүйеніп бердің десе, не айтамын? Қартайған шағымда алдай алмаймын үкіметті...

Дыңқыш (*ашуға мініп*). Олай болса, түс алдыма! Көпей. Қайда?

Дыңқыш. Облысқа барамыз. Әлгі сөзінді солардың алдында айтасын.

Көпей (*қомпаңдал*). Барайын, барайын... Облыс емес, Алматыға дейін барайын. (*Ойланып*) Түсінсейші, Дыңқыш, өтірік справка берсем мені қызметтен қуады. Қызметтен қуылсам, пенсиядан да қағылам. Өзің алмағаныңмен қоймай мені де құр алақан қалдырып қарамай қаптыру ма сондағы ойын?

Дыңқыш. Шыдай шыдай өлдім ғой, түге. Анықтама орнына өзінді өткізем Облсобеске.

Шилау. Мына сөзді тұртіп алайын. (*Жаза бастайды*.)

Дыңқыш (*блокнотын жұлдып алып*). Осы сен тұртқілегенінді қоясың ба, жоқ па? Отырған жерінде мойныңды торғайдың мойнында жұлдып алайын ба?

Көпей (*Дыңқышқа*). Саған бүгін бір нәрсенің салқыны тиген шығар... Бұл жер — кеңсе. Неменеге даурығасың?!

Дыңқыш. Бұл әлі даурықкан ба? Даурыққаның көкесін көресің әлі... Келсін осыдан дөкейлер.

Көпей (*қорқып*). Эне, бұлар өстеді енді... Қит етсе корқыта бастайды.

Дыңқыш. Ендеше бер анықтамаңды!

Көпей. Ойпырым-ай, мынаның алқымнан алуынай, ә... Сен түсінсейші, ей... Мен де пенсиядан қағылам дедім ғой.

Дыңқыш (*тыңдамай*). Жетті енді. Алдыңнан өттім. Маған енді өкпең жоқ шығар. (*Кетеді. Иле қайта кіріп*.) Сендер мені кетіп қалды деп тұрысындар ғой.

Көпей (сылқ отырып). Бәсе-ау, бүгін тұсімде қатыннымен құшақтасып жүр едім-ау. Тұсіме қатын кірді дегенше дүшпанға жолығам... Қап, мына Дыңқыштың қызығы-ай. «Ініне жақындағанда тышқан да батыр» дегендей, дөкей келеді дегенге дандайсып есігімнің алдында ат ойнатты ғой...

Шилау. Келісу керек еді. Бір нэрсе деп қоқытып жүрмесін...

Көпей (жыларман болып). Қоқытады, қоқытады... Тұсімде қатын көргенім рас болса, бір қырсық айналдырады, Шилау.

Шилау. Қөпе, қорықпаңыз. Бәрін өзім жайластырам.

Көпей (қуанып). Е, шырағым, сөйтші. Басқадан бұрын мені ана елтірі дауынан құтқаршы. Есебі қолыңда ғой, шырағым.

Шилау. Жок, құтқарам дегенде... мен де тұс көріп ем, соны айтпақпын ғой!

Көпей (шошынып). Сенін тұсіне де әйел еніп жүр ме сонда?

Шилау. Жоқ... Үлкен бір шаһардың ішінде жүр екенмін деймін. Бір уақытта аспанға қарасам, ғажап сұлу құс тәбемді біраз айналып жүрді де, әлден уақытта құлдилай келіп тас тәбеме қона кетті...

Көпей (өзеуреп). Қона кетті ме?

Шилау. Қона кетті.

Көпей. Ендеше құдай берді де. Үйленесің.

Шилау (қуанышты). Айтқаныңыз келсін, Қеке. (Күйеу бала болам деген дәме.)

Көпей. Базарқұлді аласың. Ауыз бірліктерің жарасады.

Шилау (шошып). Базарқұлді алам ба?

Көпей. Эрине. Енді кім деп едің?

Шилау (сылқ отырып). Ендеше, құдай берді емес, құдай ұрды деніз. Бәсе, тәбеме қонған құс қанды тырнагымен шенгелдеп бүріп еді-ау.

Көпей. Бір есептен үйленбегенің де жақсы-ау. Аюдай ақырган біреуіне жолықсан абақтыға тұстім дей бер.

Жүгіріп Ұлқу келеді. Қолында шляпа.

Ұлқу. Папа... Папа... Қиіп көрші, дүкеншіге зорға таптырып алдым.

Шилау (орнынан тұрып). Сәлеметсіз бе!

Ұлқу. Сәлеметсіз бе?!

Көпей (*шляпаны күп көріп*). Мынауын ұлкендеу сияқты... Размері нешінші?

Ұлқу. Алпыс.

Көпей. Мен де 60 киетін едім... Сонда немене қартайған сайын басымның кішірейіп бара жатқаны ма?

Ұлқу. Мен барып ақшасын төлейін. (*Жүгіріп шығып кетеді. Асыға-аптыға Қилау келеді.*)

Қилау. Жаңа ғана тазартқан көшени қараши, тағы да былғанды. Қек түйнек келгір тауықтар қарап жүрмейді, ағызып жүреді екен.

Көпей. Неғылсаң да өзің біл, Қилау. Маған десен, қырып таста. Қолыңдан қақпаймын.

Қилау. Қайда барсаң да қара құрттай өріп жүрген бір тауық. Қайсы бірін қырып тауысасын.

Шилау. Жоқ, онша көп емес. Мен сіздерге точный айтайын, (*блокнотын алып қарап*) бұл ауылда 237 мекиен, 56 қораз бар.

Қилау. 56? Қашанғы есеп?

Шилау. Екінші жарты жылдың есебі. То есть, бірінші январьға дейінгі есеп.

Қилау (*басын шайқап*). Мынаған дауа жоқ, шығар... (*Шилауға бұрылып*.) Ал жүр екеуміз әлгі 237 тауықтың қаматқанын қаматып, қаматпағанының басын аламыз.

Шилау. 237 тауықтың 56 қоразы тағы барын ұмытып кеттін... (*Иығын қиқаң еткізіп*.) Соңсaн тауықтарда менің шаруам жоқ. Ол иттерді қаматам деп жүргенде көзінді шұқып алар.

Қилау. Көзінді шұқымақ түгіл өзінді шұқып алса да, Көпен айтса — бітті. (*Оңаша шығарып*.) Атаңың тілін алмайтын неғылған тентек күйеусің...

Шилау (*сасқалақтан*). Оу... оу... Асатпай жатып...

Қилау. Шұрқ етпе. Құсты қолыңа қондырамын.

Шилау. Олай болса, жан пида... Жүр, қамамақ түгіл бауыздап берейін.

Көпей. Қилау, басқаларын реттедің ғой?

Қилау. Көпен, шұрқ етпеніз. Бәрі дайын. Көше сипырылды, клуб тазартылды, қоралар жөнделді. Бүгін кешке дейін тауықтарды қаматамыз, қабаған иттерді байларатамыз.

Көпей. Әйтеүір, бар сенгенім — өзіңсің. Құдай тағала сені жеткізгенін қарасайшы.

Жүріндер, көше тазалығын тағы бір қарап, аралап шығайық.

Ұлку әні. «Қөңілді көше».

(Бұл ән үстінде Қөпей, Шилау, Қилау қолдарына сыпырғыш алып сахнаға шығады. Қөше сыпырған имитация жасайды.)

Қөше көркі көк терек
Сыбырласып тұратын.
Қөше көркі көк сәуле
Жымындастып тұратын.
Қөше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.
Қөше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет)

Қөше көркі қыз-бала
Кызыл-жасыл киінген
Қөше көркі женгейлер
Әзіліңе сүйінген.
Қөше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.
Қөше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет)

Қөше көркі той-думан
Келін түскен, қыз берген
Біздің ауыл бүгінде
Осындаі боп өзгерген.
Қөше көркі бозбала
Арманым деп аңсаған.
Қөше көркі кемпір-шал
Жастық-ай деп тамсанған. (2 рет)

Сахна айналады, дүниені тындыргандай Қөпейлер кіреді.
Телефон шылдырайды.

Қөпей (*шошып*). Жайсыз уақытта бұл кім болды?
Қилау. Жайсыз ба еken, сағат он еki.

Шилау (*түзетін*). Он минуты кем он еки.

Қилау. Жиырма минуты кем болса да — он еки.

Қөпей. Осы звандап тұрған дәкейлердің бірі шығар. Телефонды сен алши.

Қилау. Қөпе, қорықпаңыз, қасыңызда біз бармыз. Өзіңіз сөйлесіңіз.

Қөпей. Жарайды, өзім-ақ сөйлесейін. Эйтеуір ағаларынды шырылдатып үстап бермесендер болғаны... (*Трубканы алып*.) Алле... Я, я... «Жаңа жол» совхозының төртінші бөлімшесі... Бұл кім? (*Қөзі ақшиып кетеді*.) Кім, кім?.. (*Қасындағыларға*.) Құдай ұрды, ауданнан... (*Трубкаға*.) Я, я, тыңдал тұрмын... Бұл ма?.. Бұл... бұл... (*Шилауды түртіп*.) Эй, менің фамилиям кім еді осы?

САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ

ВОТ ЕДЕТ ДОКЕЙ

пьесы

(на казахском языке)

Редактор Ж. Нурканов

Художественный редактор Р. Наурызбаева

Технические редакторы С. Геллер, Л. Цой

Корректоры А. Турлыбаева, Ж. Махмутова

ИБ № 123

Сдано в набор 01.02.82. Подписано в печать 26.01.83. Формат
84×108^{1/32}. Усл. п. л. 17,64. Уч.-изд. л. 17,89. Печать высокая.
Гарнитура литературная. УГ 19011. Бумага тип. № 1. Тираж
4000 экз. Заказ № 150. Цена 1 руб. 30 коп.

**Издательство «Өнер» Государственного комитета Казахской
ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли,
480124, г. Алма-Ата, пр. Абая, 143.**

**Фабрика книги производственного объединения полиграфических
предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР
по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124,
г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.**

Шилау (ол да сасып қалып). Кім еді? Өй, әлгі ит-тің баласын... Қап! (Блокнотын ақтара бастайды).

Килау. Сұрап тұрғаныңыз кімнің фамилиясы?

Көпей. Ой, сволочь, менің... (Трубкаға.) Бұл — Қөпей Бапалақов қой... Ие, ие, келетінін есіттік. Дайында-лып жатырымыз. Хал ма? Хал... енді... жаман емес сиякты... Ет пе? Ет...

Шилау 102 процент.

Көпей. 102 процент. Ие, 102. Тағы да тапсырамыз. Ерегістірсе тауықтарды да тапсырамыз. Сүт пе? Сүт...

Шилау. 103 процент.

Көпей. 103 процент. Ие, ие. Озат сауыншыларымыз да бар. Қімдер дейсіз бе?.. Со бәлелер кімдер еді өзі...

Шилау. Бапалақова Мариям.

Көпей. Бапалакова. (Ырышып, Шилауға бұрылып.) Ой, ол сауыншы емес, менің әйелім гой.

Шилау (блокнотына қарап). Сізге қашан әйел болғанын білмеймін, сауыншы болғанына төрт жыл.

Көпей (трубкаға). Қазір, қазір... (Шилауға.) Ой, мен өз әйелімді қалай мактамақпын?

Килау. Мактауға сыйса, мактау керек әйелді, Қөпей, сіз бұлдіреді екенсіз. Бері әкелінің телефонды.

Көпей. Өй, өй... (Трубканы бермей тырысады, бірақ Қилау қоймай алады.) Жарайды, бұліне қалса — жаупты өзің бересін. Мына Шилау куә.

Шилау. Мен — куә, Қөпей.

Килау (трубканы басып, Қөпейдің даусына салып өтірік сөйлеседі). Бөлімшедегі мандай алды сауыншылардың бірі — Бапалақова Мариям. Ие, ие, Бапалақова. Қөрсеткіші дейсіз бе?..

Шилау. Эр сиырдан жылына үш мың литр.

Килау. Эр сиырдан жылына үш мың екі жүз елу жеті литр сүт саудады... Ие, ие...

Көпей. Өй, өсіріп жібердің гой. (Шилауға.) Екі мың литр деп жүрген жок па едік?

Шилау. Ол қате екен.

Көпей. Эйтеуір томпақ болып жүрмесін...

Килау. Представление жасау керек пе? Наград-қа?.. Пожалуста. (Қасындағыларға.) Орденге ұсыну ке-рек деп жатыр... (Трубкаға.) Тап қазір жазамыз. Жарайды, жарайды...

Көпей. Бұл бір қызық іс болды-ау... Әкелші, өзім сөйлесейін.

Шилау. Көпел... (Ол Қилаудың телефон құлағын қолымен басып трубкаға өтірік сөйлегенін сезіп түр).

Қилау. Дәкейлерді күтіп алудың бар қамын істедік. Ие, ие... Тауықтарды қаматып, иттерді байлату ғана калды. Ол жұмысқа Көпенек екеуміз... (Басып қалып, тез жөнделіп.) О-э-м... Шилау екеуміз тап қазір шыққалы тұрмыз.

Көпей. Құртты-ау, мынау құртты-ау... Өлді деген осы...

Қилау (трубканы қойып). Тірілді деген осы. Женгеміздің ыржанайы көтерілгелі түр. Шұрқ етпеніз, Көпел.

Көпей (бетін қолымен басып). Мен жоқпыш, өлген адаммын, білгендерінді істей беріндер.

Қилау. (Шилауга). Қағаздарды дайында.

Шилау (лып етіп). Дайын. (Қағаз береді.)

Көпей. Ойпырым-ай, көз ілеспей қалды ғой тіпті.

Қилау. Заман солай, Көпел. Қармақ қауып тұрганда қарпып қалу керек.

Көпей (Шилауга). Сен, бала, әлгі ақпарды аныктап тексердің бе?

Шилау. Бір емес, он тексердім.

Көпей. Уң, аздал жан кірейін деді-ау...

Қилау. Әлгі Дыңқыш шалға жолықтым. Дәкейлерге Көпей жоғалтқан қаракулдерді де айтам деп жүр.

Көпей (шошып). Ойбай, тағы не дейді?.. Қилаужан, жүгір, ұста, қайыр бетін пәленін.

Қилау. Көпел, шұрқ етпеніз. Ол жағын да тындырыдым.

Көпей. Уң, Қилаужан-ай, қадірінді білмейді екенбіз, адам емес, алтын екенсің ғой... Жүр ендеше әлгі тауықтарды қаматайық. Әлгі жоғалған елтірілер тауық құркесінде тығулы жатпасына кім кепіл.

(Ол бастап шығып кетеді, шляпасы ұмыт қалады. Қилау қуалай барып, тоқтап шеткерірек шығады).

Қилау. Дыңқыштың арызы мынау... Катыныңды мақтап берген өтірік ақпарың мынау... Екі қолымда екі сойыл түр, екеуін бірдей сілтесем, жағдайың не болар екен, Көпел?!

(Сахна айналады. Қилау әні.)

Өмірдің бір кызығы шағыстырған,
Біреуді біреуге айдан қағыстырған.
Бірін-бірі жұлып жеп жатқан шакта,
Кызық көріп мәз болып алыс тұрган.

Қ а й ы р м а с ы:

Бірің адам, бірін мал
Тіресіндер текеше,
Бірің өліп, бірің қал
Менің шаруам жекеше.

Шатак десе, шайтандай қакаңдаймын
Қанша айтсам да өсекті қақалмаймын.
Тыныш журу тентекке машақат қой,
Біреулерді бұзбасам жата алмаймын.

Қ а й ы р м а с ы.

(Ұзілісті осы жерде жасауға болады.)

Ш и л а у. Қөпе, уа, Қөпе... Ұзап кетіпті... Семірген шелпегін аспанға атады деуші еді. Эйелін мактаған соң Қөпен шляпасын да тастап кетті-ау... О, жарықтық Қөпем... (Шляпаны олай-былай құбылтып киіп одырая қаранады...) Ал, маған жаразса керек қой?! Қап, айнаның болмауын-ай. Осылай кисем, құдай біледі, құйып қойғандай болатын-ақ шығар... (Әндептін.)

Алатаудың ақбасы көк аспанға екі-ақ елі жетпей түр.
Былқылдаған сұлу қыз көз алдынан кетпей түр.

Қекейімнен Ұлқу-жан кетпей түр-ау, кетпей түр... Қәні, Шилау, көшеге шықши, талтандашы... Жалғанды жалпағынан басып, сүрші дәуренді... «Мынау келе жатқан Шилау, пәленбай деген совхоздың бас бухгалтері» деп қолдарын шошайтатын болсын... Ал, сен келе жатсан қердендеп... Уа шіркін, сұлулығың жұрттың бәрін тандандырып не бір Қыз-Жібек, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Ақтоқтылар коғадай жапырылып құлап, естерін жия алмай талып жатса... Ал, мен... (Одырайып, қоқиланып.) Біреуін де ұнатпай, шетінен отказ беріп... Осы кезде... (Армандаі қөйлеп.) Осы кезде... тал шыбықтай бұралып Ұлқу келсе... есімнен танып мен тұрсам... Сүйріктей саусақтары мойныма оралып, мен болсам аш белінен құшақтап, сонан соң біртінде жоғарылап бара жатса... О, Ұлқужан... (Осы кезде дәл қарсы алдынан Ұлқу кіріп, оның мына түрін көріп таң қалып тоқтап қалады.)

Ұлқу. Оу, неғып тұрсыз?

Ш и л а у (қолын қөкірегіне қысып, көзін жұмып). Тұс көріп тұрмын... Мен бір ғажап тұс көріп тұрмын, Ұлқужан.

Ұлқу. Папам қайда?

Шилау. Мен ғажап түс көрмей тұрған кезімде Қи-
лау екеуі шығып кеткен.

Ұлқу. Оу, шляпаны қалай киіп алғансыз... өстіп те
кис ме? Бері әкеліңіз... (*Жөнделеп кигізе бастайды.*) Қор-
қақ болып бара жатырысыз ба деймін?!

Шилау. Мен батыл болып көрген жоқпын...

Ұлқу (*шляпаны айналдырып*). Міне, енді джентель-
мен болдыңыз...

Шляпамен айналысып, Шилауға тақалып тұрған

Ұлқуды терезеден Базаркүл көріп қояды.

Базаркүл. Бетім-ау, міне, міне... Өсек расқа ай-
налды. (*Жоғалып кетеді.*)

Ұлқу (*күліп*). Қөшеге шығыңызышы, қыз-келіншек-
тер қоғадай жапырылсын...

Шилау (*жалын ата*). Ұлқужан!.. (Ол құшақтагы-
сы келеді, Ұлқу сықылықтай күліп, шыға жөнеледі.) Ұл-
ку... Ұлқужан! (*Есіктен шыға бермек болған Шилау нақ
босағада Базаркүлмен соқтығысып қалады. Шилау тұ-
тығып.*) Ә... Ә...

Базаркүл (*төніп*). Қолға түстің бе, найсан?!?

Шилау (*шегіншектеп*). Аулақ, аулақ!

Базаркүл. Кімге «аулақ» дейсің, а!.. Кімге?.. Қе-
ше ғана аяғыма жығылушы едің, қызбен келіскең сон,
жерініп қалдың ба?

Шилау. Мен сені білмеймін... Қөрген емеспін...

Базаркүл (*білегін сыйбанып*). Мені ме... Мені көр-
ген жоқсың ба?

Шилау (*қорқып*). Қөрсем көрген шығармын, ұмы-
тып қалыппын.

Базаркүл. Сен, мүмкін, аламын деп ант су ішке-
нінді де ұмытып қалған шығарсын.

Шилау. Ойнап айтқам... Ішкен кезде адам не де-
мейді!

Базаркүл. Байымнан да ойнап жүріп ажыратқан
шығарсын.

Шилау. Мен бе екен ажыратқан?.. Бір байың се-
нен қашты, біреуінен өзің қаштың..

Базаркүл. Арағымды ішіп, оп-онай құтыламын
деп тұрсын ғой...

Шилау. Менен де саған аз өткен жоқ. Менде бәрі
жазулы... (*Блокнотқа жармасады.*) Сенің саудагер еке-
нін де жазулы.

Базаркул. Э-э, солай ма?.. Жазып жүр екенсің гой... Жарайды, мен де жазайын... Қағазға емес, шие жеғендей ғып, бет-аузыңа жазайын.

(Ол тұра ұмтылады, Шилау столды айналып қашады.)

Шилау. Ойбай, арагыңды төлейін. Үш есе ғып төлейін...

Базаркул. Қанжығама байлап әкетем... Осыдан қыңқ деп көрші, бір-ақ мытып бық еткізіп жаңыңды шығарайын... Жүр үйге. Бүгіннен бастап үйіме көшесін!

Шилау (безектеп). Бармаймын дегесін бармаймын... Басқа адаммен уәдем бар.

Базаркул. Басқа адамың Қөпейдің қызы ғой. Қызышылын жаманның... Эйел атаулыдан бездіріп жіберейін!

Шилау (бажылдан). Безбеймін... Беле алмаймын... Фашықпын...

Базаркул. «Фашықпын?»... Мә, саған «ашық»...

(Ол сия дәүітпен жіберіп ұрмақшы болғанда, Шилау столдың ар жағына тұра қалады. Базаркул ұра алмай біраң әуре болады. Осы кезде ішке Қилау кіреді.)

Килау (сөйлей кіріп). Ойпырым-ай, бұл ауылда ит дегенің бықып жүр екен ғой. Бес жұз бар шығар.

Шилау (столдың тасасынан). Тұп-тұра 92 ит, 64 күшік бар.

Килау. Оу, Шилаумысың?.. Қайдасың, ей? Бұл ауылдың итін де санап қойғансың ба?..

Базаркул. Шилау жоқ.

Шилау. Бармын. Мен мұнда.

(Тасадан шыққысы келген Шилауды Базаркул жасқантып, қайта қуып тығады.)

Базаркул. Шилау жоқ дедім ғой. Жоқ.

Шилау. Ойбай, жоқпын.

Килау (күліп). Ойпырым-ай, талай қуғынды көріп едім, бірақ бүйтіп қуысқа тыққанды көрсем көзім шықсын. Базеке, араша, араша. (Шилаудың қашып шығуына көмектеседі.)

Базаркул. Оған жақтасып әдейі шақырдың ғой... Бірақ тоқта... Осыдан Шилау жоламай кетсін, жоламай кетсе бар ғой, тап сенің етегіңнен үстаймын.

Килау (күліп). Етегімнен үстап, қай бір напақа табам дейсің. Жұз аунатсан да бір құмалақ түспейді менен.

Базаркул. Қісісіне жолықпай жүр екенсің... Бірін емес, мыңын түсіремін... Тек, Шилау, құтылсын де...

Қилау. Қөпей тірі түрғанда құтылып та кетуі мүмкін.

Базаркул. Құтылмайды... Элгінде ұстап алдым.
Дәл осы жерде Қөпейдің қызымен шөпілдесіп сүйісіп тұр екен...

Қилау (*өтірік таң қалып*). Дәл осы жерде ме?..

Базаркул. Дәл осы жерде.

Қилау. Сонда әкесінің кабинеті қызының онаша сүйісетін жері болғаны ма?

Базаркул. Ие, ие солай.

Қилау. Масқара... Онаша жолығуларына да жағдай жасап жүрген Қөпейдің өзі болды ғой?

Базаркул. Сол, сол...

Қилау. Олай болса, аянатын түк жоқ. Алдымен Қөпейдің күрт. Қөпейдің күртсан қызы өзінен өзі-ак құриды. Сонда Шилау шүлғау болып өзіне қалады.

Базаркул. Сөйтейін... Байымды аздырды деп, дөкейлерге арыз берейін... Бір жапырақ қағаз жазып бере койши.

Қилау. Шүрк етпе, Базеке. Қағазың дайын. (*Қалтасынан қағаз алып*.) Тек қол қойсан болды. (*Базаркул кетеді*.) Ал, Қөп, тағы бір сойыл қосылды. Сақтан енді. (*Өлең айтады да, кетеді*.)

Өмірдің бір қызығы шағыстырған,
Біреуді біреуге айдан қағыстырған.
Бірін-бірі жұлып жеп жатқан шакта
Қызық көріп мәз болып алыс түрған.

Қайрамасы:

Бірің адам, бірің мал
Тіресіндер текеше.
Бірің өліп, бірің қал,
Менің шаруам жекеше.

Шатақ десе, шайтандай қақаңдаймын.
Қанша айтсам да өсекті қақалмаймын.
Тыныш журу тентекке мashaқат қой,
Біреулерді бұзбасам жата алмаймын.

Қайрамасы.

ҮШІНШІ СУРЕТ

Қөпейдің үйі. Қөпей сәнді киінген, алжапқышы бар. Столға ас әзірлен жүреді. Гүл әкеледі. Оны Қилау жаратпайды. Гүлді өзінше басқа жерге кояды.

Көпей. Дөкей мына жерге отырады.

Килау (*гүлді ортага қойып*). Жок, мына жерге отырады. Айталық дөкей келеді. (*Тысқа шығып маңғазданып келеді.*)

Көпей. Сәлеметсіз бе? Төрлетіңіз, мына жерге отырыңыз.

Килау. Дөкей мына жерге, сіз ана жерге, мен мұнда отырам. Дөкей ортада, екеуміз екі жағынан былай ет асатамыз. (*Көпей мәз болып бұған күледі. Мариям кіреді.*)

Мариям. Жүрген жерінді у-шу ғып, базар қыласың да жүресің-ау!

Көпей. Неғыппын сондай-ақ!

Мариям. Әлгінде Бөсербайдың тауығын қуып кетіпсін, кемпірі ойбайлап ауылды басына көтеріп жатыр.

Килау. Ондай кемпірдің өзін де қамау керек еді.

Көпей. Кемпірлердің бүгінгі істегені ме?! (*Tictehniн.*) Тұра тұр, осыдан дөкейлер келіп кетсін. Бұл кемпірлерді мен детдомға өткізбесем!

Мариям (*куйіп-nisіn*). Не дерсің бұған, не дерсің?.. Бара-бара бала болуға айналды ғой...

Көпей. Эр бәтшағардың қорасынан ондап қара тауық өріп шығады, балапанды өздері басып шығара ма, кайдам, шиқылдаған шөжеден аяқ алып жүре алмайсын.

Килау. Қөпе, шынында да осы кемпірлер мәселесін шешіп алу керек еді. Өздері қебейіп барады.

Мариям. Қебеймей... қырасындар ма енді?

Көпей. Шынында да, басты қатырды. Әсіреле Дыңқыштың кемпірінің бүгінгі істегені ме... Дыңқыш болмақ түгіл... (*Осы кезде үйге Базаркүл кіреді. Эр құystan біргеуді қарап ізден жүр.*)

Мариям. Жарқыным-ау, не іздейсің? Айтсайшы, тауып берейік.

Базаркүл. Өзім-ақ тауып аламын. Жеті қабат жер астына кірсе де қоймаймын.

(*Ол ортадағы столды итеріп жібереді. Қөпей қорқып кетеді. Стол үстіндегі тамақты жей бастайды.*)

Көпей. Өй... өй... Өзі ақсақ стол... Абайла, құлатып аласың.

Базаркүл. Құласа неғылар дейсің. Қөпейдің дәүлеті столға жетпесе, не бітімшілікке жүрсің?!

Мариям. Әй, ойны ма десек, шындал барасың ғой. Не керек өзіңе?

Базаркул. Сапылдама! Ненің етін жегенінді ішің біліп тұрған шығар. Тап қазір!

Көпей. О, шебер құдай, не дейді мынау?

Мариям. Айтып тұрғаның не сенің?.. Бар, айда, жоғалтқаныңды базардан ізде...

Базаркул. Базардан емес, тап сенің үйінен іздеймін. (*Білегін сыйбанып.*) Табасың ба, жоқ па?.. Әлде тұрған жерінде тауықша жұлайын ба осы?

Мариям. Ойбай-ау, мынау ақыр соңы үйімізге келіп ойран салды ма?.. Қилау, құртсаңшы мынаның көзін.

Көпей. Мен барып милицияға звондаймын. (*Базаркул Көпейдің алдын тосып, аузына бауырсақ тыға салады.*)

Базаркул. Босағадан аттап қара, столыңмен бірге шойнаңдап қаласын.

Көпей. Шықты ғой мұнан бір дәу... (*Бауырсаққа қақала сөйлейді.*) Дөкейді алыстан күтсек, өз аулымызда екен ғой...

Киляу. Базеке, бұл жер — кісінің үйі. Көпен жаманды-жақсылы бастық...

Базаркул. Адырам қал-ау, мынау ма бастық?.. Бастық... Мұндай бастыққа апчхи!.. (*Өтірік түшкіріп салады.*)

Көпей (өкініп). Арамтамақ деп айдалайын деп тұрған жерінен арашалап қалып ем... О, сорлы басым, аз болды өзіме...

Киляу. Базеке, үят. Есіңіз бар адамсыз...

(*Базаркул ілулі тұрған Көпейдің шляпасын көріп, жүгіре барып жұлып алады.*)

Базаркул. Міне, міне, таптым, менің күйеуімнің телпегі.

Мариям (шляпаға ұмтылып). Бер, былай. Бұл менің шалымның шляпасы.

Базаркул. Эй, қатын, аулақ жүр. Осы уақытқа дейін байыңның телпегін танымай, көзінді шел басты ма?..

Көпей. Жыртасыңдар түге... Бері әкел, шляпі менікі. (*Ол алмақшы болады, Базаркул бермейді, алыс-жұлыс.*)

Базаркул. Бермеймін, бермеймін. Қилау, күә бол, телпегін де, өзін де тығып отыр бұл кәпірлер...

Мариям. Күә бол, Қилау... Мынау ойранымен қоймай, ақыр соңы тонайын деді ме?

Көпей. Мыналар жыртатын болды-ау киілмеген шляпіні... Эй, Базаркұл, шляпіде нең бар сенін? Жібер, жыртасың! (*Көпей жүгіріп барып Базарқұлден шляпаны жұлып алғанда құлап қалады.*)

Базаркул. Тап ендеше! Таппайды екенсін, жыргақ түгіл өртеп жіберем. (*Көпейдің орнынан тұруына Базаркул жағымпаздана болысады.*)

Мариям. Жарқыным-ау, ізделгенің кім өзі?

Базаркул (мазақтан). Білмейтін шығарсың, ә?..

Көпей (әйеліне). Оу, кемпір-ау, мынадан таза бәлеке қалған шығармыз. Бір нәрсе ғып құртсайшы көзін.

Базаркул. Тауып берсендер, өзім-ақ кетем.

Көпей (жалынып). Айналайын, кім еді өзі? Айтшы, тауып берейін.

Базаркул. ЗАГС-тен де өткізіп бересің бе?

Көпей (амалы таусылып). Ол жағын қайдан білейін енді...

Мариям. Мұны ЗАГС-тың бастығы деп пе едің?

Базаркул. Бұл — осы ауылдың бастығы. Ит екеш итке дейін қаматтырып жатыр фой.

Көпей (әйеліне жалынып). Қойши сен... Бір нәрсе ғып құтылайықшы... Қайтесің енді, басқа салған соң. (*Базаркулге.*) Жарайды, ЗАГС-тен де өткізіп берейін.

Килау. Қөпен айтса бітті. Уәдеге мықты адам. Айта бер байынды, Базаркул.

Базаркул (қылымсыып). Байым — Шилау.

(*Мұны естігенде Көпей мен Мариям «үй» деп отыра кетеді.*)

Көпей. Баяғыдан бері айтпайсың ба солай деп.

Мариям. Қарап жүрмей, қарай гөр Шилау сүмның тіршілігін!

Көпей. Қилау, тап әлгі Шилау итті. Байлап берейін. Соның кесірінен қырыла жаздадық қой.

Килау. Шилау төрт күннен бері жоқ. Қашып жүр.

Мариям. Байқандар, шынымен өліп, бәлесіне қаларсындар.

Базаркул. Ойбай, тезірек табайық ендеше, өлмей тұрып ЗАГС-тен өтіп алайын.

Осы кездे аптыға басып Ұлқұ келеді.

Ұлқұ. Ойбай, өрт, өрт, өрт кетті!

Көпей (үшып тұрып). Қайда?

Килау (өзіне). Бәсе, осылай болса керек қой.

М а р и я м. Ойпырым-ай, қай жерде?

Ұлқу. Малбағар қыстауының сыртынан.

Базаркүл (зарлап). Ойбай-ау, дәл менің үйімнің іргесі ғой.

Ұлқу. Сол жерде тау бол жатқан қоқырсық бар...

Базаркүл. Ол — қоқырсық па екен, көң ғой.

Ұлқу. Өртенді не болса да.

Базаркүл. Ол өртөнгенше өзім өртөнсем ше... Ойбай, жоқ іздеймін деп жүріп барымнан айрылған шығармын...

Зарлаған күйі шығады.

Көпей (*Қилауға*). Жұр, біз де көрейікші. Ауылды өртеп алып!..

Ұлқу. Маған салса, тең жартысын өртер едім...

Көпей (*алара қарап*). Соңан соң әкеңнің күлін қай жерден іздер едін?

Қилау, **Көпей** шығады. Олар кетісімен **Ұлқу** анасын құшақтай алады.

Ұлқу. Апа... Апа... Біздің ауыл өмірінде бүйтіп та зарып көрмеген шығар. Қәшелерінде көлденең шылау жоқ. Қоралардың іші айнадай таза. Клуб екеш клубтың едені де өмірінде бір рет сумен жуылды. (*Бұлыға күліп*.) Иттер ше... Олардың да даусы індікештен әрең естіледі... Ай, папамның күші-ай.

Мариям. Папаңың емес, дәкейлердің күші ғой. Солар келеді дегеннен бері әкенде үйқы жоқ.

Ұлқу. Өз күшін білмейді екен ғой папам. Жұртты осылай қатаң ұстаса ғой, ауыл қандай сәнді болар еді.

Мариям. Папаң іstemеймін дей ме, кейде оның жұмсайтын адамы жоқ, қолы қысқарып, отырып қалады.

Ұлқу. Әлгі Базаркүл үйінің қасына үймеген нәрсесі жоқ, тауғып қойыпты. Біз білінбей бардық та, шырт еткізіп шырпыны қойып жіберіп едік, от лау ете қалды. От лап еткен кезде біреудің «ойбай» деген даусы қосыла шықты да, оттың ішінен атыла шыққан бір адам айдалаға қаша жөнелді.

Мариям (*сенбей*). Не дейді? Қөң ішінен адам шықты ма?

Ұлқу (*куліп*). Шыққанда қандай...

Мариям (*ентелеп*). Ие, ие, кім екен?..

Ұлқу. Жыға танымадық, тегі Шилау ма деймін!

Шилау. Қөпе, сүйінші, Ұлқу, апа! (*Үсті басы жұлым-жұлым, әр жері күйген шалбардан денесі жалтырап*

көрініп тұр. Үлқу мен Мариям Шилаудың түріне қарап күледі. Үялған Шилау қаша жөнеледі. Сахна айналады, бір шетке шығып сүмірейіп өзінің мұңын айтады.)

Сұлуға сырттан қарап сыйлау екен,
Шамасын жаңа білді Шилау екен!
Кол жетпес Үлкүжанда ием бар еді,
Шынында, миляу десе, миляу екем.

Сұлу қыздар жақсы екен,
Жақсы қыздар тапшы екен.
Бажылдауық — бажылдауық Базаркүл
Барып тұрган бақсы екен,
Барып тұрган бақсы екен.

Қу көңіл шуйке басты менсіпбейді,
Қасына одан тәуір келсін дейді.
Құрығым Үлкүжанға жетпеген соң,
Асылып Базаркүлдер өлсін дейді.

(Сахна айналады. Мариям, Үлқу, Шилау.)
Көпен қайдай?

Мариям. Қазір келеді... Ау, қалқам-ау, қайдан жүрсің? Үстіне не болған?

Шилау. Апа, сіз сұрамаңыз, мен айтпайын.

Мариям. Сонда да шет-жағасын білдірсөнші.

Шилау. Өліп тірілдім. О дүниеге барған жерімнен әйтеуір әупіріммен қайтып келдім. Дозактың отына салып еді, оған да жанбадым. Мінеки... (Күйген жерлерін көрсетеді.)

Үлқу (*kүліп*). Түү, шынында да, мықты екенсіз.

Шилау. Бұл оттан тірі қалдым, сірә, мәнгі өлмей-тіндігімнің белгісі шығар.

Мариям. Қөп жаса, өліп неғыласың, шырағым.

Шилау. Бүйтіп қөп жасағаны құрысын. О дүниенің дозағынан бұз дүниенің мазағы жаман ба деп қалдым, женеше.

Мариям. Не болды, сонша таусылып?

Шилау. Көпен келсін. Бәрін баяндап, ботадай боздатайын деп отырмын. (Үлқу Шилауга шалбар әкеп береді. Онысы өте үлкен. Шилаудың мықынына тұрмай туғсе береді. Көпей мен Қилау кіреді. Екеуі де көңілді! мәз.)

Көпей. Жарайсың, қызым. Қоқырсықты өртегенің дүріс болған. Ой, мынаған не болған, ей?.. Қайда жүрсің, қайдан шықтың?

Шилау (*жыламсырап*). Дозактың отынан...

Килау (*мырс етіп*). Дозактың?

Ұлқу. Базаркүлдің қоқырсығын өртеген оттан шыгыпты.

Көпей. Е, бәсе, ішінен адам шыкты деп жұрт шулаپ еді. Сен екенсің ғой.

Шилау. Дозақтын отынан болса — менмін.

Көпей. Мынау ауысқан шығар. Дозағың не? Базаркүлдің оты.

Шилау. Базаркүлдің оты не, дозақтың оты не? Бәрі бір.

Көпей. Е-е, олай десен жөні келеді. Ал, енді жұмысты қойдың? Қоқырсыққа неғып тығылып жұрсің?

Шилау. Мына Қилау ғой көң арасына тығылсан Базаркүл таба алмайды деп...

Көпей. Базаркүлден құтыла алмайсың. «Алам» деп уәде берген соң, алып тынасың.

Шилау. Оу, Қөпей, ішкен адам не демейді? Жердегі түгіл, аспандагы айды алам дер.

Мариям. Шын уәделерің бар болса, ұят емес пе, қосылу керек.

Шилау. Оу, женеше, уәде де бір, су да бір. Уәде бергендерді жинаса өз алдына бір ауыл болар.

Ұлқу (*қабақ түйін*). Не деген тұрақсыз... Папа, қалайша шыдап жұрсің мұндайға.

Шилау. Оу, Ұлқыш, мен әйелім өлген, бойдақ адаммын.

Қилау (*құліп*). Не істесем де өз еркім, аяқ-қолым бос дейсің ғой?

Шилау. Қила-еке, құлменціз. Осы әйелден құтқарып берем деген уәден бар. Міне, қағаздарды әкелдім. Қөпенекеуін көріндер.

Көпей. Бұл не қағаз?

Шилау. Базаркүл үш жылдан бері бұрау басын сыйдырған жоқ. Бар білгені сауда. Нағыз арамтамақ.

Көпей. Оу, сен оған бір жерде уборщица деп ақша төлеп жүрген жоқ па едің?

Шилау (*жыламсырап*). Қайтейін, бір нәрсе ғып соттан құтқар деп жылап отырып алды. Құтқарып едім, ал енді... «аласың» деп зорлағысы келеді. Ол байға тигісі кеп отырған жоқ, мені әйелдікке алғысы келіп отыр.

Көпей. Мынау ма, мынау... Осының тұртемін дегенин-ақ шошуши едім... (*Қилауға*) Бұл істі қолыңа ал. Арамтамақ, саудагер қатынды тайрандатып жүргізе алмайтын шығармыз.

Килау. Базаркүлге түк істей алмайсыз.

Қөпей. Неге?

Қилау. Мына Шилауға қосылып алып, қызметте жоқ әйелді қызметте дейсіз, оған айма-ай пәленбай сом ақша төлеп тұрасыз. Арамтамақты қорғап келген өзініз, істеріңізді істеп болып, өзіңізді-өзініз қалай үстап бересіз?

Қөпей (*Шилауға*). Сен бе, сен?!

Шилау. Оу, Қөпей, менің сізге еш жазығым жоқ. Өз колыммен істедім, өз мойныммен көтерем. Ауданға барам да, шынымды айтам.

Қөпей. Жаңыңың барында тез жет. Айт бәрін... Қартайған шағымда қара дақ түсіруге айналдырындар ау.

Қилау. Ешқайда жіберменіз оны.

Қөпей (*шошып*). Неге?

Қилау. Ол барса, бұлдіреді.

Қөпей. (*шошып*). Неге?

Қилау. Ол барса, бұлдіреді.

Қөпей (*шошып*). Астапыралла. Тағы нені шығарды. (*Шилауға*) Эй, тағы нең бар еді?

Шилау. Білмеймін.

Мариям (*күйін-nicin*). Осы кәпірге сенбе деп, құдайың зарын қылдым. Тындасты ма бұл...

Ұлқу. Апа, қойшы... Қызмет бабы, бірде олай, бірде былай... (*Шығып кетеді*.)

Қөпей (*Шилауға*). Эй, айтасың ба, жоқ па?

Шилау. Білмеймін... (*Килауға қарайды*.)

Қилау. Бұл барса (*Мариямды нұсқап*), мына жеңгейдің көрсеткішін өсіріп өтірік жазғаның да айтуы мүмкін.

Қөпей. Негыл дейді?.. Өтірігі қалай?.. Эй, сол жазғаның өтірік пе еді, шыныңды айтшы?

Шилау. Әрине, өтірік.

Қөпей (*қақалып*). Мынау бір ит шығар... Эй, өтірікті неге жазасың, ә?.. Өлтіргің кеп жүр ме?.. Қай әкен-нің ақысы қалып еді бізде?.. Бұл не қастығың?

(*Шилауды қуып жүріп үрмақ болғанда, Шилау еңкейіп қалады. Қөпейдің жұдырығы Қилауға тиеді. Ол жалпасынан түседі. Қөпей Шилауды үстай алмайды.*)

Шилау. Менікі қастық па екен... Жеңгей орден алсын дедім... Жаз деп қоймаған мына Қилау.

Қилау (*ырышып*). Эй, бала, жайыңа жүр. Шатпа бәлеце. Мен қашан «жаз» деп айттым? Қөпенің қызын аламын деп бар дүниені сапырдың кеп...

Көпей (ырышып). Кім менің қызыымды?.. (*Шилауға үмтүлады.*)

Мариям. Не дейді, бәтір-ау?! (*Көпейді жібермейді.*)

Килау (*Шилауды нұсқап*). Мынау шіріктің дәмесі бар.

Шилау (*кекештеніп*). Оу, Қила-еке, өзің айттың, жаз дедің, бәрін өзім тындырам дедің...

Көпей. Килаужан, шап ауданға. Қайыр әлгі қагазды.

Килау. Қеш қалдық.

Мариям. Қалқам-ау, барсайшы... Мынаның өтірігінен біз үятқа қалатын болдық қой.

Көпей (күйініп). Өтірік оның емес, менің болып шықты ғой. Мына мен сор маңдай ғой қол қойған ол қагазға! Жығылғанның үстіне жұдырықтап жатыр.

Мариям. Су түбіне кетті деген осы ендеше. Жаманшылықты алыстан күтіп ең, жақыннан шықты.

Шилау. Қилау бармаса, мен барам. Алам қағазды.

Килау (мазақтап). О, шіркін, аларсың. Ол қағаз әр жерге, бар редакцияға кетті. Мәскеуге дейін кетті.

Шилау (сұлқ түсіп). Ендеше, шын құрыдық... (*Килауға айқайлап.*) Бұл Көпене не қастығың бар еді?

Осы кезде қасында Дөкей бар Үлқу келеді. Дөкей шетке шығып жұрт назарынан тыс қалады.

Ұлқу. Мына елтіріні танисыздар ма?

Көпей (үмтұла түсін). Оу, мынау біздің әлгі қоймадан жоғалған елтірілер ғой.

Ұлқу. Әлгі Базарқұл үйінің жанындағы күйген көң астынан шықты.

Көпей. Базарқұлдің?! Не дейді?

Базарқұл. Мен білмеймін. Мен тыққан жоқпын бұл елтірілерді. Мен білмеймін.

Ұлқу. Ұрының арты куыс дегендей неге байбалам салдыныз. Сізді айыптаған ешкім жоқ қой әзірге.

Базарқұл. Е, бәсе, мен айыпты емеспін.

Килау (Базарқұлге). Құтылып кетпексің ғой. Оның бола қоймас.

Көпей (ашуланып, Шилаудың блокнотын қағып жибереді). Бөлімшениң білдей есепшісісін. Танауының астында мынадай үрлық болып жатады, соны неге көрмейсің?! Сөзде бар да, істе жоқ жай пысықсың ба деймін. (*Батып.*) Ал ұрым қайда менің?..

Ұлқу. Алыста емес, осы төңіректе! (*Килау сезіктегі*

ніп жиырыла түседі.) Өзінді қолпаштап, жаны ашығансып жел беріп, ақыл айтқансып, жүретіндердің бірі.

(Бәрі Қилауға тесіле қарайды...)

(Килау. «Мен емес ұрлаған», — деп Базаркулге бұрылады. Бәрі енді Базаркулге тесіледі).

Базаркул. Мен емес ұрлаған. Ұрлап әкелген ана Қилау. «Ешкім елемейді, көң астына апарып тық» деген де осы.

Ұлқу. Кім кінәлі, кім кінәсіз тексереміз әлі.

Есік қағылады. Жұрт шошып қалады.

Көпей. Біздің ауылда есік қағып кіретін ешкім жоқ еді. Дөкей болмаса... кірініз...

(Пауза. Жұрттың бәрі: «кіріңіз». Өлеңдетіп Дыңқыш кіреді.)

Дыңқыш. Пенсия алатын болдым. Міне, хабары. «Дыңқыштың өмірбақи «Ақжол» колхозында жұмыс істегені рас, жақсы істеген» деп аудандағы үш коммунист кепілдеме берілті.

Көпей. Онда жазған қағазды қайтып алатын шығарсың.

Дыңқыш. Жастайымнан бірге өскен сенің үстіңден арыз жазып жын ұрып па мені, жазған жоқпын. Әлгі Қилау ит көпіртіп жүрген.

Дыңқыш бір шетке шығады. Дөкей мен Ұлқу ымдасып отырады. Оны Мариям сезіп қалып күйеүіне сездіреді, Көпей аң-таң өзі сасқалақтап басқа жүртқа қарайды.

Көпей. Сен қай баласың?

Дөкей. Мен Дөкеймін.

Көпей. Дөкей?!

Дөкей. Иә, Дөкей...

(Мариям, Ұлқу, Шилау жарыса күледі.)

Көпей. Мынаның дені сау ма өзі?!

Дөкей (*сасқалақтап*). Совхоздың директоры телеграмма бердім, сізге тапсырдым деп еді...

Көпей (*ашуланып*). Ойнайтын адамың мен емес. Не шатып тұрсың өзің? Дөкейің не?

Дөкей. Рас, айтам, аға! Дөкеймін. Бұдан төрт жыл бұрын өзіңіз Ауыл шаруашылық институтына жіберген Қоғабайдың баласы кәдуілгі Дөкей ше? Неғып танымай қалдыңыз?

Көпей. Не дейді? Ой, мынау Қоғабайдың күшігі ғой.
(*Бәрі күледі.*)

Дәкей. Оқуды бітірдім. Содан совхоз директоры кездесіп өзімізге кел деген соң осында келіп тұрмын.

Шилау. Дәкей келеді деп сандалып жүрсек, мынау болып шықты ғой. Тұртіп алайынши.

Ұлқу. Тұртетін блокнотыңызды тастамап па едіңіз?

Шилау. Иә, солай екен-ау, қап тұртетін-ақ оқиға сді!..

Мариям. Дәкей шырағым, не болса да аулынды бір сілкіндірдің. Сен келеді деп күтіп отырымыз.

Көпей (*шек-сілесі қата күліп*). Дәкей келеді деген-ге сен тіпті есіме түссеңші. Құдай қара бастырайын десе, аяқ асты екен ғой...

Шилау. Тіпті менің де есіме келменті ғой.

Мариям. Менің де есіме келменті.

Көпей. Ақымақ басым, жоқ нәрседен қорқып өзімде де бар. Қөзім енді ашылғандай. Адал адам үшін дәкейің көп болса, мына біздің Дәкейдей-ақ шығар.

Дыңқыш. Қоянды куа берсе батыр болады деген-дей, біздің Қөпей — дәкей болып бара ма деймін!

Бәрі де көтеріледі. Ұлқу мен Дәкей оңашалана береді.

Ұлқу. Сағындырың ғой. Дәкей!

Дәкей. Содан екен ғой Дәкей келеді деп ауылды дурліктіргенің?

Ұлқу (*күліп*). Қөң астында қоқсып жатқан ауыл шаңдағын осылай сілкүге тұра келді.

Дәкей. Құрған тұзағың мықты.

Ұлқу. Байқа, Дәкем, ойлаған жерден шықпасаң саған да сондай тұзак бар.

Дәкей. Іздеп келгенім сол ғой менің. Қане, қайда тұзағың? Өзім барып түсейін. (*Екеуді құшақтасады.*)

Шилау. Өлді деген осы шығар. Ұа, жарандар, аузыма су тамызындаршы!

Шымылдық

ҚАЙДАСЫН, ЗӘРИНА?

ДРАМАЛЫҚ ПОВЕСТЬ

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Зәрина — фельдшер, 18-де
Тоғаш — аға шопан, Зәринаның күйеуі, 25-те
Тынышгул — Зәринаның шешесі
Сұрау — Зәринаның інісі
Кемел — ғалым
Жұбатқан — совхоз басшысы
Ерден — қарт шопан
Бекет — шопан
Берден — шопан
Дүкенші
Гұлсара Жанасова — дәрігер
Шал, бала көтерген әйел, секретарыша

*Оқиға осы күні алыстағы бір мал
жайылымында өтеді*

БІРІНШІ АҚТ

МЕГЗЕУ

Тасжарған, жыңғылды, тықыр Нұра, кең атырап.
Алыста қиян-қылыш тау сілемдері мұнартады. Бергі
беткейде аптал күнге бөгіп, мұнартып жатқан құм
төбелер. Құм мен тақыр Нұра шеті айқын, анық.
Құм жағаларды сағалап қонған киіз үйлі ауылдар,
жайылған мал нобайлары.

Зәрина (*аңырып*). Адасып кеткенинің қай жағында-
мын осы? Мына қырдан ассаң болды демеп пе еді? Жер
жұтып кеткен бе өзін? Енді не істедім? Мәссаған безгел-
дек, іздегенің осы болса... Ал айырып көр мына шытыр-

ман жолдарды?! (*Ақсақалды қария көрінеді. Қуанып.*)

Не істерімді біле алмай, дал болып тұр едім, оң кез-дестініз-ау, қария.

Қария. Айдың, күннің аманы іда не көрініпті, ба-лам-ау, осыншама қысылып?

Зәрина. Ми қайнатқан медиен далада жол таба алмай тұрсаң ай мен күннің аманынан не пайда, қария. Мына қырдан ассаң болды алдыңнан шығады деп еді...

Қария. Иә, дұрыс айтқан, осы қырдан ассаң бол-ды...

Зәрина. Осы қырдан асқанда... Осыншама неткен көп жол бұл? Қайда апарады?

Қария. Сол өзің іздеген Эсия жағаларға.

Зәрина. Бәрі де ме?

Қария. Бәрі де.

Зәрина. Бұл өңірдің адамдары қызық па деймін, қай жолдың қайда апаратынын анықтап, бағдарнама не-ге қағып қоймаған десенші?

Қария. Бағдарнама әр қияға асатын, әр тарапқа апаратын жолдарға қағылады, балам.

Зәрина. Бір ғана Эсия жағаларға апаратын болса, осыншама шиырлап көп жол түсірудің не керегі болды екен?

Қария. Е, бұл көне заманнан келе жатқан қағида. Біреу тау асып барғанды ұнатады. Біреу айналып бар-ғанды қалайды. Енді біреулер төтелеп тартады. Баар жерің біреу болғанымен жол көп. Жалғаның қызығы да осында.

Зәрина. Сонда қайсынына түскенім дұрыс?

Қария. Қайсынына түсем десең де еркіңде, балам. Аласпайсың.

Жолаушы сәл кідіріп тұрады да, бір жолға түсіп ұзай береді.

2

Сахна шалғайдағы аудан орталығының сәнсіз клубына үқсайды. Қарақожалақ қабырғаларда әр-қиын ұрандар, міндеттемелер, диаграммалар. Ортада қионы қашқан есқі стол. Басында Жұбатқан. Жиналыс өткізіп жатқан секілді. Бірақ жалғыз. Тындаушылары көрсөндер. Әлдекіммен пікір таластырган түрі бар.

Жұбатқан. Слушай, немене, комсынасың ба, сон-да темір пешті? Жақсыны көрмеу деген, міне, осы. Бұрын

үй ортасына от жағып, бықсып, қоқсып отыратын қойшы Совет үкіметінің арқасында енді тұтіннен құтылды. Бұл аз ба сениңше?! (*Ешкім үндемейді. Пауза.*)

Жолдастар! Бұл заманда қойшыдан бай адам жок. Табыстың көкесі соларда. Жоспарын орындаса, қосымша ақы дегенің де соларда. Біз оларға жұмак орнаттық. Жұмак... (*Су ішін.*) Қай байдың қойшысының түсіне еніпті мұндай кереметтер. Айтшы, кәне, кәне? (*Тағы да ешкім үндемейді. Пауза.*) Э, үндемейсің... Ретің бар үндемейтін.

Жүгіріп Бекет келеді.

Бекет. Апрай, Жұбатқан аға-ай, қын болды-ау. Жұбатқан. Сен тағы келдің бе, Бекет?

Бекет. Келмегендे қайтейін, мен малда жүргенде тағы да қысылып...

Жұбатқан (*сөзін бөліп*). Тоғашқа бар дедім ғой мен саған.

Бекет (*күмілжіп*). Тоғашқа барғанда...

Жұбатқан (*сөзін бөліп*). Айттым ғой мен саған, Тоғашқа бар деп. Тоғашқа көмекші екенсің, бар, соған бар. Сонымен сөйлес. Мәселенді сол шешеді.

Бекет. Тоғашқа барғанда...

Жұбатқан (*сөзін тыңдамай*). Тоғашқа айтылған, бар дедім ғой енді. (*Бекет қипалақтап зорға шығады. Жұбатқан әлгі ойын жалғап.*) Слушай деймін, сен өзің кой шаруашылығын... (*Малмандай су болып Ерден қарт келеді.. Қасында Зәрина.*) Ау, Ереке, саған не болған?

Зәрина. Атам суға кетіп қала жаздалты.

Ерден (*tісі-tісіне тимей*). Апрай, әлгі Тоғаш ба-лам болмағанда...

Жұбатқан. Иә, қайтіп?

Ерден. Не қайтібі бар дейсін. Тұра тұрындаршы, ең өуелі есімді жияйын.

Зәрина. Қатты тоған екенсіз. Ыстығыңыз да бар ғой деймін.

Жұбатқан. Ал не болды?

Ерден. Не болушы еді? Мына Зәрежанның әкесі Сәрсембайдың кебін кие жаздадым. Дарияның түбіне қарай тасша жөнеле бергенімді білем. Тілімді кәлимаға да келтіре алмадым.

Жұбатқан. Дарияның түбіне сені қай құдай ай-дап апарды? Соны айтшы?

Ерден. Айтсам, айтайын. (*Зәринага*) Зәринажан,

жағамды дұрыстап жіберші. (Зәрина Ерденнің жағасын дұрыстайды.)

Дарияның түбіне айдап апарған құдай тап мына сендеріндер, Жұбатқан.

Жұбатқан. Мына біз бе?

Ерден. Тап сендер.

Жұбатқан(Зәринаға). Мына шал есінен адасқан шығар.

Ерден. Қыс салпақтап Қызылқұм баrasын. Жаз салпақтап Жазыққұм келесін. Қектемде салпақтап Сырдан өтесін. Ерте өтсең бір пәле, боран соғып кетіп бар малды қырып алуың мүмкін. Ауа райын бажайлап кешеулей берсең тағы пәле. Мұз түсіп кетеді. Сосын өкпенделі өшіріп, паромнан кезек күтіп апталап жатқаның арғы бетте. Не сүмдық бүл. Эй, сен осы шотаяққа ұқсаған жауырыныңды көрсете бермей, бері қараши, Жұбатқан! Ана қала аузындағыдай қалқыма көпір құра салудың исесі қын осы сендерге? Кежегелерің неге кейін тартып тұрады осы біз дегенде? Неге ойламайсындар осыны?

Жұбатқан. Бәрі де болады, ақсақал. Аптықпа.

Ерден. Болады... болады... осы боладыны айтып келе жатқаныңа он жыл болды ғой. Былтыр да болады, алдыңғы жылы да болады?

(Кетеді.)

Жұбатқан. Ау, Ерден... Сен өзің қой шаруашылығын...

3

Жасаулы отау үй. Терезеден Дарияның арнасы, аласа тоқал үйлер көрінеді. Солардан екі қабат бір үй оқшауырак тұрады. Дала бұлыңғыр. Қар жапалақтайды. Үй іші көшуге кам жасаған. Тынышгүл кіріп-шығып, тессек-орынды буып-түйіп жүр.

Сұрау. Апа, Зәрина тәтем сөйтіп Жазыққұмға кете ме?

Тынышгүл. Жазыққұмға кетеді.

Сұрау. Біржола көшіп кете ме?

Тынышгүл. Неге біржола кетеді? Қүзде мал Қызылқұмға қайтқанда қайтып келеді.

Сұрау (аз-кем тоқтан). Неге бізден бөлініп кетті?

Тынышгүл. Әлі үлкен жігіт болған соң, сен де бір шүйке басқа ересің де, мені тастап кете баrasың.

Сұрау. Иә деген, маған шүйкебастың керегі жок.

Тынышгүл. Ей, жазған-ау, сонда сен не, ана Барлықбайдың Байбатырына ұқсап, бұл өмірден қатынсыз өтпексін бе, қу тізенді құшақтап. О не дегені-ей. «Маған сен керек емессің, қатын керек»,— деп ертең-ақ шыға келерсін.

Сұрау өкпелеп, орнынан тұрып кетеді.

Жә, қой енді, ойнап айтам... Қазір Тоғаш жезден келіп қалады.

Куанып Зәрина келеді.

Зәрина. Апа, мемлекеттік емтиханды тапсырып шықтым жаңа. Училищені бітірдік сөйтіп.

Сұрау. Oho, Зәрина тәтем училищені бітірді, дәрігер болады енді. (*Жүгіріп шығып кетеді.*)

Тынышгүл. О, айналайын, бітірдің бе қоймай жүріп. Құтты біздің үйдегі жарықтықтың өзі секілді. Ойна бірдеме алса, бітірмей тынбайды.

Зәрина (*түсі өзгеріп*). Менің тойымда құдағида шаңыраққа асам деп саған жармасқан кішкене шал бар еді ғой...

Тынышгүл. Иә, әлгі қауқар құдаға ғой?..

Зәрина. Сол атай суға кетіп қала жаздапты.

Тынышгүл. Не дейді?!

Зәрина (*мақтаныңқырап*). Қорықпай-ақ қой, күйеу балаң шығарып алыпты. Атайдың өзі айтты әлгінде.

Тынышгүл. Сенің әкен де өстіп қой соңында салпақтап жүріп суға кетті ғой. (*Жыламсырап.*) Жазған ба-ла ертеректе кездеспеді ғой... Ерте кездессе сенің әкенде де мына қауқар құдаға ұқсатып судан суырып алатын еді ғой...

Колында жөргеккө ораған баласы бар әйел келеді.

Нәресте шыр-шыр етеді.

Әйел. Шырақжан, мына жазған екі күннен бері емшек салмай қойды. Шалқалақтап жылай береді, жылай береді. Көрші, шырағым.

Зәрина. Ауруханаға неге бармадың?

Әйел. Ойбай-ау, онда барсам, бәлніске саламыз деп тұра бас сала ма деп қорықтым ғой, шырақжан.

Зәрина. Мына бөлмеге алып жүрші.

Екеуі кетеді. Тоғаш пен Бекет келеді.

Тоғаш. Бекет, сен оныңды қой деймін. Ылғи бір бүйректен сирақ шығарасың да жүресің. Әйелің екі қабат

болмақ түгіл, төрт қабат болса да рұқсат ете алмаймыз. Сені маған көмекші етіп тағайындал берді ме, берді. Олай болса, қара су теріс ақса да рұқсат жок. Жұбатканның бүйрығы осылай. Ал жөнел, мал есіз қалмасын. Кешікпей мен де барам.

Тынышгүл. Келін байғұстың құні таянып қалып па еді.

Бекет. Жок, шама бойынша жаз ортасына қарай.

Тынышгүл. Е, бәсе, іші тым кіші секілді еді.

Бекет. Бірақ жүргегі жаман. Әлгінде жүрегі қысып, ауруханаға алып кетіпті. Соған барып шығайын десем...

Тоғаш. Бекет, айтылды ғой саған. Бар деймін...

(*Бекет кеткісі келмей зорға шығады.*)

Апа, Зәрина қайдада?

Тынышгүл (*екінші бөлмені көрсетіп*). Жылағаның қояйын деді ғой жазған бала.

(*Қолында жөргекке ораған бала Зәрина көрінеді. Қасында әйел.*)

Зәрина. Женешетай, баланы мазалайтын кіндігі. (*Баланы шешесіне беріп.*) Қөрдің ғой енді. Қунде жаңағыдай етіп мына ертіндімен жуып отыр.

Әйел (*үялып*). Тұңғышымыз ғой. Тамағынан, маңдайынан иіскей беріппіз. Төменгі жағына кім көз салған.

Тоғаш. Ау, Зәрина, сен тіпті болмай жатып дәрігерлік құра бастағансың ба? Таста оны. Осы жұрт сенсіз де бала өсіріп, жан баққан. Ең әуелі аман-есен қойды өткізіп алайық бергі бетке.

Әйел. Мал-мал деп-ақ өлеңтін болдық-ау осы.

Тоғаш. Әй, қатын, көкіме өйтіп. Шалқақтасаң, сол малдың арқасында шалқақтап жүрсін. Андағы баланы таста да, ана өткел аузындағы байыңа бар. Ыстық су апарып бер ең болмаса, аузын жылытысын.

Әйел. «Әй, өй», деп немене осы! Жалғанды қонышынан басып жүретін әдетің-ау. Барам ба, бармаймын ба, өз шаруам. Не жұмысың бар?

Тынышгүл әйелдің қасына келіп ым жасайды.
Байланыспай-ақ қой деген сиякты.

Тынышгүл. Әлгі Зәрежанның айтқанын істе. Жарайды енді...

Әйел. Қайдан білейін, тіпті қит етсе, «әй, қатын!» деп қоя береді. (*Кетеді.*)

Зәрина. Ренжіп қалды ғой, байқап неге сөйлеспей-сің осындаиды.

Тоғаш. Байқап сөйлесетін түгі де жок. Байы үш күннен бері Дарияның арғы бетінде күндіз-түні малмен алысады. Ал, бұл болса, жылы үйде шалқақтаумен жүр.

Зәрина. Оның күйеуі сөйтті екен деп қырылып қаламыз ба енді. Кез келгенге жөн үйрете беріп керегі не?

Тыныш гүл. Қайтсін, баласы ауру көрінеді ғой.

Тоғаш. Алдындағы отарынан айрылып қалса, ертең Жұбатқандардың алдында «балам ауру еді» деген дәлел болмайды.

Зәрина. Неге дәлел болмайды. Ауру баланы далаға тастай алмайды ғой ёнді. Оған да бағушы, қағушы көрек емес пе!

Тоғаш Зәринаға одырая бір қарайды. Бірақ үндемейді.. Іштей қыстыққаның байқатып олай-бұлай жүре бастайды.

Тоғаш. Апа, шайың бар ма?

Тыныш гүл. Бар, шырағым, бар, қазір.

Шай дайындаі бастайды, Тоғаш терезеге барады.

Тоғаш. Дауыл қайта көтерілді. Бүгін тағы да өте алмайтын болдық-ау бергі бетке. (*Ойланып.*) Элгі Сұрау қайда жүр осы? Керек кезде зым-зия жоғалады да кетеді.

Зәрина. Бала емес пе, ойнап жүрген шығар.

Тыныш гүл. Сұраужан неге керек болды, шырағым? Бірдемеге жұмсайын деп пе едің?

Тоғаш. Иә, мен барғанша, әлгі Бекетпен бірге қойқайырыса тұр дейін деп ем.

Зәрина. Сұрау қой қайырыса ала ма мына дауылда?

Тоғаш. Өбектей беретін түк те жок. Барып қайырыса тұрса, шегі шықпайды. Бір отар қойды дәл сол Сұраудай күнімде алғанмын мен.

Тыныш гүл. Сұраужан қазір келе қояр деймісің. Бақсан малымыз ғой. Мен бара тұрайын. (*Дайындала бастайды*).

Зәрина. Жок, апа, мен барайын.

Тыныш гүл. Қойши, жаным, ерлі-зайыпты болып онаша отырып бір шүйіркелесетін кезі болмай ма екен адамның. Тоғаштан болса — мал-мал деп, сен болсац —

емтихан-емтихан деп күндерің өтіп барады. Ештенесі жоқ.

Т оғ а ш. Онда Бекетке айта сал, байқаулы болсын. Кешікпей мен де барам.

Т ы н ы ш г ү л. Айтайын, шырағым.

Кетеді.

Т оғ а ш. Ал, шүйіркелесейікші бір. Қатын, ал шай күші.

Зәрина еркелегенін байқатып теріс қарайды.

Ал, ал кешірім ет. Қатын емессің, әйелсің, жоқ, қызысың.

З ә р и на ны бері қаратып алады.

Әдettері ғой әйел біткеннің қатын десе кейіп қалатын. Қемпірлердің өзі де «қызы секілдісің әлі» десең қылмыңдай бастайды. Не болды саған, Зәрина?

З ә р и на. Жай... (*Пауза.*) Мен бұғін соңғы емтиханды тапсырдым.

Т оғ а ш. Жақсы болған. Жазыққұмға барған соң той жасаймыз.

З ә р и на. Қерегі жоқ тойдың. Жұрт іshedі, жейді. Қыза-қыза бір-біріне женсік бермей дауласады. Ал мен болсам қазан-ошақпен алысамын. Ондай тойдың рахаты не?

Т оғ а ш. Енді не керек?

З ә р и на. Бұғін училищеде комиссия жұмыс істеп жатыр. Қімнің қайда баратынын сұрайды. Мен осында қalam дедім. Комиссияның бір мүшесі «осында деген жалпылама сөз, қарағым. Қайда істегің келеді, соны айт»,— деп тұрып алды. Мен үндемедім...

Т оғ а ш. Үндемегені несі. Қүйеуге шықтым, күйеуіммен бірге мал бағамын демедің бе?

З ә р и на (*аз-кем бөгеліп*). Училищені бітіріп қой бағам десем: «Қой бағу үшін училище бітірудің не керегі бар еді?!

— деп күлмей ме.

Т оғ а ш. Неге құледі? Қайта газет біткен «Сәрсенбаева Зәрина аурулар училищесін...»

З ә р и на (*сөзін бөліп*) Дәрігерлік училище де.

Т оғ а ш. Иә, «дәрігерлік училищені бітіріп, қойшы болып кетті,»— деп шулайтын болады. Жұртқа өнеге етіп таратады.

З ә р и на. Осындай сөзді естігенде жүргегім сыздайды. Жаралғанда көзін қоймен ашқан казаққа «Қойға барындар!» деп жар салудың не жөні бар осы?

Т оғ а ш. Газет қалай деп жазса, солай болуға тиісті.

«Біздің келешегіміз қойменен»,— деп Жұбатқан бекер айтып жүрген жок. Оған бола бас қатырмай-ақ қой. Ондайды аудан, облыс басшылары ойлайды, білдің бе?

Зәрина. Білдім, Тоғаш. (*Күрсініп*). Білдім.

Тоғаш. Білсең сол.

Зәрина. Мен саған көптен бері айтам деп айта алмай жүрген бір сөзім бар еді...

Тоғаш. Иә, айт.

Зәрина (*қиналып*). Тілімді алсан, қойдан шық.

Тоғаш. Ха... ха... ха!.. Ал сосын? Қойдан шыққанда не істемекпін?

Зәрина. Істейтін іс табылады. Қалага барамыз. Мен ауруханалардың бірінде қызмет істей тұрам, сен оқисын.

Тоғаш. Жөн, жөн. (*Сықылықтан күледі*.)

Зәрина (*кулкісіне мән бермей*). Сен окуды бітіре-сің де, қызметке орналасасың. Содан кейін мен оқитын болам.

Тоғаш (*кулкіден тыйылып*). Қой, шырағым, ондай тәлкекті. Ана Жұбатканға қараши, не бары жеті-ақ класс білімі бар. Сөйте тұра бір ауылдың алдына жансалмайтын қожасы. Міне, мен де оқымай-ақ адам болып кеттім... Оқи беріп немене, езіп ішесің бе? Онсыз да «сениң қатының оқымысты» дегенді екінің бірі айтып көзге шүкітын болды осы күні.

Зәрина (*мұңайып*). Сен ертең отарды айдал Жазыққұмға көшесің. Ал мен болсам... Осында қалам...

Тоғаш (*сеніңкіремей*). Ehe, қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көретін болдық қой?

Зәрина. Құлкісі жок. Тоғаш. Мен саған өткен-кеткен адамдардан сәлем жолдап, хаттар жазып тұрам, сенимге толы әдемі хаттар.

Тоғаш. Естімеген елде көп деген осы екен-ау. Tipi болсақ талай-талай кереметті естірміз де, көрерміз де әлі.

Зәрина. Латында бір мақал бар екен, орысша айтқанда: «Оранжерея хорошо, но жить в ней нельзя».

Тоғаш (*тусінбей*). Немене, немене?

Зәрина (*куліп*). Оранжерея... оранжерея. Қазақша айтқанда гүл өсіретін үй. Міне, сол гүл өсіретін үй сондай жақсы. Бірақ онда тұрып болмайды. Түрлі хош иістерге елтіп басың айналады.

Тоғаш. Ранжінді қой, шырағым. Жазыққұмға неге бармаймын дейсің, соныңды айтшы?

Зәрина. Сен мал бағасын. Ал мен не істеймін Жаңыққұмға барғанда?

Сырттан Жұбатқанның даусы шығады.

Жұбатқанның даусы. Тоғаш, о Тоғаш? Слушай, қайдасын деймін?

Тоғаш. Жұбатқан ғой мынау. (*Абыржиды.*)

Жұбатқан. Ойбай-ау, қойыңдан айрылдың ғой...

Тоғаш. Койы құрсын, Жұбақа, шатақ болып жатыр мұнда.

Жұбатқан. Ие, не шатақ?

Тоғаш. Мына Зәрина Жазыққұмда мен істейтін ештеңе жоқ, осында қалам, көшпеймін дейді.

Жұбатқан. Истейтін ештеңе жоғы қалай? Дәрігерге жұмыс табылмай ма екен? Ең алдымен аурухана саламыз. Сосын санаторий орнатамыз. Сосын... (*Бөгелін.*) Қысқасы, Жазыққұмды мүлде жайнатып жібереміз. Бұл жұмыс емес пе екен?

Зәрина. Бәрін қойып, медпункт аштырсаныз да жарар еді ең алдымен.

Жұбатқан. Слушай, бәрі де болады. Жұбатқан айтпайды. Жұбатқан айтса, болды дей бер.

Тоғаш. Е, бәсе...

Зәрина кетіп қалады.

Жұбатқан. Слушай, әйелім екен деп ашық ауыздық жасама. Медпункт ашсак дәрігер табылады. Жазыққұмға баратын, бірақ койшы табылмайды. Білдін бе?

Тоғаш. Білдім, Жұбақа.

Жұбатқан. Слушай, сен малыңа сақ бол. Биыл өзінді геройлыққа ұсынамыз ба деген ой бар. Білдің бе?

Тоғаш. Білдім, Жұбақа.

Қараңғылыш.

Тоғаш үйінің ауласы. Тынышгүл мазасыз.

Тынышгүл. Сорлы балаға барма деп едім... Тоғаш келіп қалса, не деймін енді?!

Жүгіріп Сұрау келеді.

Сұрау. Апа, осында бір топ жігіттер келе жатыр. Жаңа дүкеннен шықты. Тоғаш жездеме: «Ферма бастығы болдың, жуасың қайтсенде,»— деп болмады. (*Шығып кетеді.*)

Тынышгүл. Не дейді? Апырау, енді не істедім? (*Сасқалақтан.*) Шеше тілін алмаған соң не шара!..

Жұғіріп сыртқа шыгады. Сыртта дабырлаған дауыстар.

Берден. Ал, кәне, үйге кірмейміз бе?

Бекет. Қірсек, кірейік.

Берден. Ой, бұл иттің әйелі оқымысты қөрінген.

Жөндеп шай берер дейсің бе? Қашан келсөң де кітапқа үніледі де отырады. Бексесін бір көтермейді-ау, жарықтық. Әйелі қайда ей мұның?

Бекет. Әйелі дәрігер ғой. Үйінде отырмайды. Жағалай жүріп ауруларды емдейді.

Берден. Шіркін, өзіміздің әйелді айтсайшы. Қөгендеулі қозы секілді. Құн дейсің бе, тұн дейсің бе, қойып кеткен жеріңнен табылады.

Бекет. Ей, қойшы, қатыныңды мактай бермей, таңдайым кебірсіп барады. Бірдемесі бар ма екен?

Тінтіп арақ іздей бастайды.

Берден. Әй, бірақ оқымысты әйелі бар иттің үйінде арақ тұра ма? (*Ана екеуін оңашалап*.) Әй, мұның қатыны ауырған баланы арақпен шомылдырады дейді ғой. (*Шықылықтан құледі*.)

Бекет. Қанқу сөз шығар. Баласы ауырмайтын қазак жок, шашы шақ келеді дейсің бұл сорлының. (*Күліседі*.)

Берден. Ойбай-ау, әлгі Тогаштың өзі қайда? Содан айрылып қалмайық.

Есіктен Тогаш көрінеді. Қойны-қоныши толған арақ.

Тогаш. Мен мұндамын, жігіттер. Айрылып қалмайсыңдар Тогаштан. Тиын санаған Тогашты қашан көріп едіңдер! (*Тогаш бутылкаларды алып жерге қоя бастайды*.) Сендердің қамдарың ғой, жігіттер, менің кешігіп жатқаным. Қатен! О, қатен!..

Өзеглерден бөлініп алға шыгады.

Зәрина? Ә, Зәрина?!

Бір бүйірден Тыныш гүл көрінеді.

Зәрина қайда?

Тыныш гүл (*сасқалақтан*). Ертемен кетіп еді. Қелмей жатыр...

Тогаш. Осы сендер оңай деп ойлайсыңдар ма? Мен ферма бастығы болдым, ферма бастығы... Білдің бе, ферма бастығы. Аналардың бірі де ферма бастығы болған жок, мен болдым ферма бастығы. Оңай болса, солардың бірін тағайындаі салмас па еді. Жок, олардың бірін де

тағайындаған жоқ. Мені, Тоғашты, тағайындағы. Тоғашты. Осыны неге түсінбейді ол?

Тынышгұл. Түсінеді, жаным, түсінеді ғой.

Тоғаш. Түсінеді... Түсінсе үйде неге отырмайды.

Тынышгұл. Қазір келіп қалар енді. Сабыр етші, Тоғашжан. Мен шай қоя берейін, бара тұршы, күте тұршы, кішкене.

Тынышгұл абыржып бәйек болып жүреді.

Қайдан келе қалып еді ойда жоқта. Ашы шекше бұбатылып шықпай қойған жоқ па, сорлы неме. Қалай бармайды енді. (*Ойланып*.) Жазған баланың өзінде де бар. Төбе көрсеткен соң тезірек қайтып отырмай ма ауыл қайдасың деп. Өйтеп мәндердегі байғұс бала. Қай уақытта кім неменемен ауырып еді деп, әңқур-мәнқурше өткен-кеткеннің бәрін тексеріске алып жатқан шығар қадалып?

Зәрина келеді.

Неғып кешіктін, шырағым-ау?

Зәрина. Осы жүртқа таңым бар, апа. Құдай-ау, қалай ел болып, бала есіріп жатырмыз десейші. Қәдуілгі баланың үсті-басын таза ұстау деген бар ғой, соны құнтамайды.

Үйден дабырлаған дауыстар шығады. Біреулер әндептіп жатыр.

Зәрина. Апа, үйде біреулер бар ма?

Тынышгұл. Тоғаштың жолдастары. Сені іздел жатыр, тезірек үйге кір, жаным.

Зәрина үйге беттейді. Босаған арақ бутылкалары.

Зәринаң келгенін ешкім байқамайды.

Тоғаш (*өлеңдетін*).

Қарағым, айналайын, келдің қайдан?

Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан...

Берден (*кеіін*). Әй, әй, Тоғаш, сен қой, білдің бе? Сенде дауыс жоқ. Ферма бастығы болдым деп сен бар ғой... Бәрібір дауыс жоқ сенде... Бірінші дауыс мына менде. Менің даусым бірінші дауыс, білдің бе? Ал соңан кейінгі дауыс ана Бекетте. Бекеттің даусы екінші дауыс. Ал, кәне, Бекет екеуміз қосыламыз.

Тоғаш. Оттапсындар. Менің даусым бірінші де дауыс емес, екінші де дауыс емес, менің даусым... безразмерный дауыс, білдің бе? Өзім айтам.

Айналайын, қарағым-ай, келдің қайдан?

Ала үйрек алма...

Мойнын көрсетеді де, қолымен ұшып кетті дегенді білдіреді. Жұрт сол кезде Зәринаның келгенін аңғарып шуласа бастайды.

Берден. О, Зәрина келді.

Бекет. Зәке, Зәрежан, кел кел. Қүйеуін ферма бастығы болды.

Зәрина. Е, жақсы болған.

Тоғаш (Зәринаның даусын естін). Ау, қатын, қайда жүрсің, ей сен? Мен ферма бастығы болым. Мен ферма бастығы... ал менің әйелім аурулар училищесін бітірген.

Зәрина (қасына келіп қисайып кеткен жағасын тузып). Қанша айтам, саған, аурулар училищесі емес. Ондай училище жоқ өмірде. Дәрігерлік училище.

Тоғаш. Жоқ, аурулар училищесі. Аурулар, білдің бе? Мен солай деймін. Солай болады да...

Бекет. Біраз отырып, ойнап-күлдік, осы да жетер, тарқайық, жігіттер.

Берден. Тарқамаймыз. Неге тарқаймыз! Бұл ферма бастығы болған Тоғаштың тойы. Ал көмекшіліктен аға шопан болған Бекеттің тойы қайда?

Тоғаш. Е, бәсе, ендігі той сенде, жалтарма! Жалтарма!

Бекет. Қарсылық жоқ қой оған. Бірақ әйелім сырқат қой... Бәлністен жаңа шықты ғой...

Берден. Жоқты сылтауратып жалтарма дедік қой саған. Бір тоқтыны алып ұрып соясың. Той жасайсын. Жүріндер, жігіттер.

Жұрт қопарыла береді.

Бекет. Апырай, әйел байғұс ауру еді, не болар еken енді? Жә, жүрші.

Бекет пен Берден шығып кетеді.

Тоғаш (масаң). Аурулар училищесі. Мен солай дедім, солай болады да. Аурулар...

Үйкітап кетеді.

Зәрина. Апа, Сұраужан. (Жыламсырап.) Бүйткен өмірі құрысын да. Апа деймін, Сұрау, Сұрау, Сұрау, қайсың барсың?

Тынышгүл мен Сұрау келеді.

Тынышгүл. О не, қарағым? Тағы да жатып қалған ба? Әйтеуір бір жақсы жері — ішсе, байланыспайды. Үндемей, отырып-отырып бір кезде сылқ ете түседі. Бұ

ған да болса шүкіршілік, ішіп алған соң еліріп, екі аяғынды бір етікке тықса не істер ен.

(*Ekeyi bіrіgіn, көтеріп салмақ болады.*)

Зәрина. Жалған түйенің жарты етіндей болып, жатқанын қараши. Бауыздап тастаса да түк білер емес.

Сұрау. О-хо, соғыс болып өткен секілді ғой.

Тынышгүл. Сұраужан, әй, еркексің ғой, мұнда келші, мына жезденді былай апарып жатқызайық.

Зәрина. Жатсыншы осылай. Несіне әуре боламыз төсекке апарамыз деп.

Сұрау. Тәте деймін-ау, жығылғанша неге іше береді десейші. Толтырып-толтырып бір-екі стакан ішсе болмай ма? Оның орнына шишелап құлата береді, құлата береді.

Зәрина. Әлі өскен де сен де өсітерсің. Мыналарды көріп жүріп, үзап қайда баармын дейсін.

Сұрау. Өйтпеймін мен. Өйтпеймін деген соң, өйтпеймін. Білдін бе, тәте!

Тынышгүл. Қайтсін. Ішейін деп іshedі дейсің бе, реті болады ғой осындай бір. Біреу жоғарыладап жатады, біреу орнынан алынады. Біреу балалы болады, біреу қаралы болады дегендей, қайғырса да, куанса да араққа жүгінетін заман ғой.

Зәрина. Қуиеу балаңың жығылып қалғанын ақтагалы тұрсың ба енді?

(*Жағын таңған дүкенші көрінеді.*)

Дүкенші. Келінжан-ай, дүкенде зорға тұр едім, мына тісі құрғырдың қақсан әкетіп бара жатқаны.

Зәрина. Қазір, қайнаға. Қазір.

Дүкенші. Зәринажан-ай, шыдатпай барады, енді не істедім.

Зәрина. Қазір, қазір.

Дүкенші. Мына тісі құрғыр түнімен қақсан, қадір түнін күзеткендей көрер таңды көзіммен атқыздым. Әкетіп барады.

Зәрина. Мен не істей алам, ағатай. Қолымда не аспап жок, не дәрі жок.

Дүкенші. Сонда да бір амалын ойластыра көрші, келінжан. Ауданға барайын десем, ауыл-үй шай-қантсыз қалады ғой, қалқам. Ұртымның бәрі жалқаяқ ісік.

Зәрина. Қәне, аузыңызды ашыңызшы.

(*Дүкенші аузын ашады. Зәрина әрлі-берлі қарайды.*)

Дүкенші қайнаға, мен ештеңені көріп тұрған жоқпын.

Дүкенші. Ойбай, келінжан-ай, қалай көрмейсің.
Ана қызыл етін қара, қызыл етін. Қелінжан-ай, аздал
арақ тамызып бассам қалай болар еді.

Зәрина (*енди түсініп*). О, онда жақсы болады. Ма-
надан бері соныңды айтпайсыз ба.

Стаканға арақ толтырып дүкеншіге ұсынады.

Дүкенші (*қипақтап*). Дәкеге тамызып бассам...

Зәрина. Жок, дүкенші қайнаға. Тіс ауруына осы-
лай басқан дұрыс болады.

Дүкенші. Осылай дедің-ау, келінжан.

Зәрина. Иә, иә, осылай. Енді қалай болды, қай-
наға?

(*Дүкенші бір стаканды қағып салады.*)

Дүкенші (*тамсанып*). Элгіндей емес, басылайын
деді ме қалай?

Зәрина (*стаканға құйып беріп*). Мынаны да ішіп
жіберіңіз.

Дүкенші. Мұны ішсем мұлдем жазылып кетем бе,
келінжан?

Зәрина. Иә, мұлдем жазылып кетесіз, қайнаға.

Дүкенші. Ішсем ішейін, онда. (*Ішіп болып.*) О,
құлдығың болып кетейін, келінжан, айығып кеттім ғой
тіптен. Хе-хе...

Шығып кетеді. Тогаш қорылы күшейе түседі. Зәрина
ауыр ойда.

Қараңғылық. Музыка.

Тогаштың үйінің алды. Кемел жұмыс үстінде.

Зәрина. Кемел аға, сазды сордың екі түсынан ал-
дым.

Кемел. Өте жақсы. Ертең жүретін біреу болса, ма-
шинасына тиеп жіберейік. Ондағылар күтіп отыр.

Зәрина. Кемел аға, мені бір азапқа салып қойды-
ныз ғой. Тубінде бірдене шығара алсақ жақсы болар
еді-ау. (*Сұрапай келеді.*)

Керек кезде сен де зым-зия болып кетесің.

Сұрапай. Тогаш жездем жібермеді ғой, қой қайыра-
сың деп. Арамтамақ, ең болмаса, ішкен-жегенінді ақта
деп жекіді. Сосын малға кеттім.

Зәрина. Кемел аға, кейінгі кезде осы ініңізді түсін-
бей бара жатырмын. Мен сорлы, дәрігер болсам, адам
бойындағы кеселдермен күрессем, тіпті жеңе алмасам да

күресе берсем деп армандаймын. Бұл ойымды Тогаштың тыңдағысы да келмейді.

Кемел. Азапсыз рахат болмайды, Зәрина. Тогаш ақылсыз жігіт емес, түсінеді әлі.

Зәрина. Қайдам, Кемел аға...

Кемел (*ойланып*). Ал, мен тағы да бір барып қайтыйн. Дәлеліміздің тапжылтпайтын болғаны дұрыс. (*Кетеді.*)

Екінші жақтан Тогаш келеді.

Тогаш. Шаршап келдім, шай әкелші.

Зәрина. Қазір қояйын.

Тогаш. Қүйеуім бір шөлдеп келеді-ау, шай дайындал қояйыншы деу ғой ойыңа бір кірмейді, қашан қатын бол жаратасың осы?

Зәрина. Онда шалап іше тұрсаң қайтеді?

Тогаш. У болса да әкелші.

Зәрина шалап жасап әкеледі.

Зәрина. Жұбатқан аға хабарласқан жоқ па?

Тогаш. Хабарласты.

Зәрина. Не дейді?

Тогаш. Оның саған не керегі бар?

Зәрина. Бар керегі.

Тогаш. Қерегі болса, айтшы қане?

Зәрина. Мен адам емеспін бе? Үлғи кекетесің де отырасың өстіп.

Тогаш. Адамсың, адамсың. Айттайын керегі болса, Жұбатқан бүгін рациямен сөйлесті. Қой қырқу науқаңын бір аптада аяктандар. Жұн өткізуге он күн срок. Орындарасандар, бастарыңмен жауап бересіндер деді. Айтсам сол.

Тогаш қайта киіне бастайды. Әлденені іздең жүріп саз салынған құмыраның бірін домалатып кетеді. Кейіп.

Мына бәлелерін не осы сенің?

Зәрина. Қазір, қазір. Ол әлгі Кемел ағаның...

Тогаш (*сөзін бөліп*). О, Кемел ағаң да, өзің де бар бол. Бар болындар! Әлгі шұлғауы түскір қайда? Құмыраларды самсатқанша қатын болып, шұлғауымды дайындар қоймайсың ба?

Шыға беріп қайта оралады.

Жұбатқаннан тағы бір хабар бар. Бүнкіт ашылмайтын болды. Зәрина үйде отыра алмаса, қойға барсын деді.

Шығып кетеді. Зәрина мұңайып отырып қалады.
Сыртта әйел даусы шығады.

Әйелдаусы. Эй, Тоғаш, Зәре келін үйде ме?
Тоғаш. Зәре келінді қайтейін деп ең?

Әйел. Қайтетіні несі, құдай-ау. Әлгі біздің үйдегі ағаң сырқаттанып қалды. Зәре келіннің қолы емсекті еді, шакырып кел деп жіберді.

Тоғаш. Сырқаттанбақ түгіл, арам неге қатпайды.
Бар, Зәрина жок.

Әйел. Ау, шырағым, арам қаты не? Есің дұрыс па өзіңнің?

Тоғаш. Немене, дұрыс емес деп естіп пе едіндер?
Бар деймін. Жұрт үшін алған қатын жок. Қатынды мен өзім үшін алғам. Түсінікті ме? Ал бар енді. Бастьарың ауырса, салып осында келесіндер. Бұнкітің жоқ мұнда ашып қойған. Қарамды көрмендер бұдан былай.

Тоғаш пен әйел дабырласқан қалпы алыстай береді.

Зәрина. Сүмдыш-ай, мына Тоғашқа не болған? Қарап тұрып жасы үлкен адамға кет дегені несі? Ұят-ай... (Пауза.) Әлде... әлде осы менің істеп жүргенім қате ме екен? Шынында да, Тоғаштың осыншама ширығуына мен себепкер болармын ба? Кішкене кезімде әжем марқұмның апама: «Қүйеу тілін алған әйел қор болмайды»,— деп отырғанын талай естігенім бар еді. Жаны бар-ау, осы сөздің... Рас, рас, ерте кетеді, кеш келеді... Сонда ыстық асы мен салулы төсегі дайын тұрмаса, ерек бишарага ол үйдің несі сән? Қойшы, қыска жазда көбелек қуалаған балаға ұқсамайынши. Тастанынши бәрін де. Қай қазактың әйелі ұшпаққа үшіп жатыр. Бәрі де қыз кезінде әр түрлі арманың жетегінде алабұртып жүреді де, тұрмысқа шығып, қазан-ошақпен араласқан соң қош айтys-пай ма бәрімен. Мен де солардың бірі шығармын. Әуреленбейін. Басы ауырмак түгіл өлейін деп жатыр десе де, Тоғашты ренжітіп бармайтын болайын ешқайда. Будым белімді осыған.

Зәрина ойда. Жүгіріп Бекет келеді.

Бекет. Ойбай, Зәрина, қайдасың? (Зәрина үнде-мейді.) Ойбай, болшы, тезірек, әлгі Биғайшажанды толғақ қысып жатыр.

Зәрина...

Бекет. Кемпір атаулыда кисап жоқ, кетіндер десем болмайды, ата-бабаның мирасы деп.

Зәрина. Қазір, қазір...

Бекет. Біреулері үйді сабалап, біреулері отқа қарының құрышын тастап итәлек... Жүр енді тезірек.

Зәрина...

Бекет. Жүр деймін, тезірек. Былай құр тартып, Бигайшажанды бүйтіп асып қойды. Бигайшажанда не ес бар дейсін, бар айтқаны, тұншығып барам, бірге өскен құрбым еді, Зәринаны шақыршы тезірек деді. Бигайшажан осыдан аман-есен босанды гой... Эй, Зәретай, қуашылтың көкесі сол болар еді гой...

Зәрина оянып кеткендей.

Зәрина. Бигайша дейсің бе? Қазір, қазір.

Жиналып болып шығып кетеді. Жағы таңулы дүкенші келеді.

Дүкенші. Келен?.. Э келен... Келінжан-ау, әкетіп барады мына тісі құрғыр. (*Ыңқылдайды*.)

Екінші жақтан Тораш көрінеді. Дүкеншінің даусын естіп, баспалап тыңдайды.

Келенжан, қайдасың, келен? Ен болмаса тісі құрғыра бірер тамшы болса... Келен...

Тораш... Мә, саған бірер тамшы, сақалды сайтан! (Жағын таңған орамалды сыйырып алады.) Тамызатын болсан, ана дүкенінде тұрған жоқ па жәшік-жәшігімен. Тамыз сонда бар да.

Дүкенші. Бұл иттің баласы қай жақтан сап ете қалып еді.

Тораш. Қөрдім гой көресіні!..

(Әлденені ұмыт қалдырған Зәрина қайтып келеді.)

Зәрина. Саған не болған? Мыналарың не?

Тораш. Саған не болған, саған не деймін?

Зәрина (*әр жерді қарманып жоқ іздеп*). Маған ештеңде де болған жоқ.

Тораш. Жоқ, болған саған.

Зәрина (*жоғын тауып*). Э, мында тұр екен ғой. (*Шыға бастайды*.)

Тораш. Тағы қайда кеттің?

Зәрина. Әлгі Бигайша босана алмай қысылып жатыр екен. Далада Бекет күтіп тұр...

Тораш. Бигайша болмақ тұғіл, Бигайшаның әкесі босанса да бармайсың.

Зәрина. Бірге өскен құрбығой, қалай бармаймын қысылып жатқанда? Ертең қалай көрісеміз сосын?

Тогаш (*кетпек болған Зәринаның алдын орап*). Қалай көріссен олай көріс, мен сені ешқайда да жібермеймін.

Зәрина есікке үмтүлады. **Тогаш** итеріп жібереді. Қыстықсан **Зәрина** төсекке асылып үнсіз солқылдап жылай бастайды. **Бекет** келеді.

Бекет. Тогаш, босатсаңшы. Саған не болған?

Тогаш. Жоқ. Жоқ. Ешқайда бармайды!

Тынышгүл. Ау, бауырларым-ай, неғып тұрсындар. **Биғайшажаннан** айрылып қалдық қой.

Бекет (*Togaşka*). Хайуан.

Мұзыка.

Шымылдық.

ЕКІНШІ АҚТ

Сахна бірінші картина дағыданай. Жүгіріп қария келе жатады.

Қария. Жазған бала мұлде теріс кетті-ау. Қап, көз жазып қалғанымды қараши. Апырай, түсіндіріп-ақ айтқан секілді едім. Ей, Мұскін жолаушы, былай, былай қарай.

Қарандылық.

Жұбатқанның кабинеті. Қәдуілгі осы заманғы әкімдер отыратын кең кабинет. Терезеден Дарияның бір бұрылымы, одан әрі қуарып, рені қайта бастаған үлан-ғайыр дала. Бір жерде әлденеге қалдырып кеткен үлкен шана. Бір жерде құлап қалған телеграф бағана-сы. Жұбатқан жалғыз. Ширақ басып олай-бұлай жүреді. Асыққаны, абыржығаны байқалады.

Жұбатқан. Апырай, сүмдышқ болмаса иғі еді?

Қнопкасын басады. Ауыл интеллигентінше киінген көмекші әйел кіреді.

Сушай, әлгі Қолдасбаев қайда?

Көмекші. Сіздің баяндамаңызды жазамын деп ма-на үйіне кеткен.

Жұбатқан. Бір жұма болдығой, әлі бітірмеп пе?

Көмекші. Бір әйел күтіп отыр ертеден бері. Не дейін? Кірсін бе?

Жұбатқан. Үақыт қайда? Баяндамаға дайындалып жатқан жоқпын ба?

Көмекші. Кетпейді. Жазыққұмнан келдім, қайтсем де кірем дейді.

Жұбатқан. Жазыққұмнан? Онда бір бес минутке... Ало... ало... бес минут... баяндама...

Көмекші әйел шығып кетеді. Зәрина кіреді. Қасында Сұрау. Жұбатқан орнынан тұрып қарсы жүреді.

О... о... о... дәрігер жолдас, сен екенсің ғой. Қел... кел... О, мынау Сұрау деген жігіт пе? Ал, отыра қалыңдар.

Сұрау. Ой, қандай биік, басың айналады тіпті.

Жұбатқан. Жұбатқан ағаң осындағы биік үйде отырып қызмет істейді, балақай.

Сұрау. Жұбатқан аға, мұндай биік үйдің керегі не сізге?

Жұбатқан. Ол былай, балақан. Біздің ауданың жері кең байтақ. Қыс жайлайтын Қызылқұм мына Сыр бойынан бес жұз шақырым. Ал, жаз жайлайтын Жазыққұм болса, ол да уш жүзден кем емес. Осындағы киян алыс жерлерде не болып жатқанын биік үйде отырмасақ көре алмаймыз.

Сұрау. Сіз соның бәрін көріп отырасыз ба?

Жұбатқан. Қөрмегенде ше. (*Сағатына қарап.*) Үақыттың сондай тығыз, Зәрина. Бір үлкен баяндамаға дайындалып... Мұрнымнан шанышлып жатырмын. Ал, халдарың қалай?

Зәрина. Халдың несін сұрайсың, Жұбатқан аға. Хал жақсы емес.

Жұбатқан. Немене, малда шығын бар ма? (*Қағаздарың қопарып.*) Келген мәліметке қарағанда өлімжітім жоқ секілді еді ғой...

Зәрина. Жо.. малда шығын жоқ. Шығын адамда бар.

Жұбатқан. Ие?

Зәрина. Бекеттің әйелі қайтыс болды.

Жұбатқан. О... о... оның жүрегі жаман еді ғой. Ие, сүм ажал бір күні бізге де аяңдап келеді ғой. (*Күрсінеді.*)

Зәрина. Аурулар сонша көп. Құн демейді, тұн демейді, келе береді, келе береді... Не шақырып алып кетеді. Қолымда диплом болған соң бармауға үяласың.

Жұбатқан. Тіпті дұрыс. Бару керек. Жарайсың,

Зәрина. Қойши деген халыққа не жақсылық жасасан да артықшылығы жок.

Зәрина. Бірақ Тоғаш менің өстіп жүргеніме сондай карсы...

Жұбатқан... О... о...

Зәрина. Кім тағайындағы сені дәрігер етіп? Үйде отыр. Ал үйде отыра алмайды екенсін, қой бақ. Айтарты осы.

Жұбатқан. О... о... (*Ойланып.*) Тоғаш теріс айтпаған. Сушай, табыстың бәрі бұл күнде койда.

Зәрина (*кекесін құлкімен*). Сөзіңіз құдды Тоғашең кеңінің сөзі секілді. Сізден естіген екен ғой.

Жұбатқан. Сушай, дәрігерлік училищені бітіріп, қойға бару екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Зәрина. Бұл не — ерлік, әлде, ездік пе? Қайсысы дегініз келеді.

Жұбатқан. Жақсы көретін келінім едің, түсінбей қалдым ғой мұныңа.

Зәрина. Түсінетін түгі де жоқ. Жұбатқан аға. Дәрігерлік пункт ашылмаса, Жазыққұмға қайтып бармаймын мен.

Жұбатқан. О... о... не істемексің сонда?

Зәрина. Мен істейтін жұмыс жоқ па? Ауруханаға орналасам, болмаса қалаға кетем.

Жұбатқан. О... о... Тоғаш қайда қалады?

Зәрина. Жақсы көрсе ереді. Ермесе... кала береді.

Жұбатқан. О... о... (*Зәринаға жақын келіп жайдарылана сөйлейді.*) Слушай. Сәл сабыр ете түрү керек, Зәрина. Сабыр етсөң, дәрігерлік пункт те, бәрі де болады, бәрі... де. Қөрерсің, енді бір он жылда Жазыққұмда нағыз коммунизм орнатамыз мына біз. Ана әсем жағаларды бау-бақшаға айналдырамыз. Сарайлар соғамыз. Секіртпе сулы құдықтар қазып, кер далаға гүл жазира жасаймыз. Асфальт жолдар саламыз. Қаласан зырлатып машинамен бар, қаласаң вертолетпен үш. Ерік өзінде. Оны мына отырған Сұрау ғана емес, сен де, Зәрина, мен де, бәріміз де көреміз әлі.

Зәрина мен Сұрау бірте-бірте елігіп, Жұбатқан сөзін үйіп тыңдайды.

Сұрау. Ой, Жұбатқан аға, қандай тамаша! Онда мен де қойши болар өдім. Жұбатқан аға... ал қойлар ше?

Жұбатқан. Қойлары қалай?

Сұрау. Жо... Олар да көре ме дегенім гой.

Зәрина (*күліп*). Эй, аңқау бала-ай, қайдағы жокты сұрайды да жүреді. Ол кезде қой тұра ма, жұнін қырқып ап етке өткізіп жібермей ме?!

Жұбатқан. Жо... жо... қой тұрмайды деме. Қой шаруашылығы болмаса, біз үшін келешек жоқ. Ұқтың ба?

Сұрау. Жұбатқан аға, Жұбатқан аға... ал сонда қалай қойды вертолетпен бағамыз ба?

Жұбатқан. Вертолетпен баққаны несі?! Қазір қалай бақсақ солай бағамыз.

Есіктен көмекші әйел көрінеді.

Көмекші. Облыстан. Телефонды көтерініз.

Жұбатқан жүгіріп барып телефонды көтереді.

Жұбатқан. Ало... ало... ә, Құттыеке, сәлеметсіз бе? Иә... иә... Аха... аха... о... о... жақсы, жақсы... қазір міне, міне, көтерілдім. (*Трубканы қояды да, турегеледі. Әбігерленіп кнопканы басады. Көмекші әйел көрінеді.*) Машинам қайда? Машинамды дайындааттыр.

Көмекші әйел басын изеп есікті жабады. Жұбатқан кнопкасын алып есікке ұмтыла беріп, сәл кідреді.

Айтсада, Жазыққұмға қайта бер, Зәрина. Қөп кешікпей өзім барам. Бәрі де болады, білдің бе, ойыңа түк келмесін, білдің бе? Ал, сен, бақақай, окуынды бітір.

Жүгіріп шығып кетеді. Зәрина отырып қалады.

Сұрау (*терезеден қайта үңіліп*). Зәрина тәте, әне, біздің кластың терезесі. Біз мына жерде отырган Жұбатқан ағаны ылғи көреміз. Ал ол бізді көрмейді. (*Шегі қатып күледі.*)

Зәрина (*ойланып*). Жарайды... тағы да бара тұрайық Жазыққұмға. (*Көтеріле береді.*)

Жазыққұм. Тоғаштың отауы. Тынышғұл жалғыз. Елегізуі.

Тынышғұл. Орталыққа кеткеніне, міне, үш күн. Дәрігер болам деп қызыым әлек, болдырмаймын деп күйеу балам әлек. Түбі жақсылық болса игі еді?

Ерден келеді.

Ерден. Зәрина орталыққа кетті деді ме осы?

Тынышгүл. Иә, қауқар құда. Учіліш бітіргені бір пәле болды.

Ерден. О не деген сөзің, құдағи-ау? Сол Зәрина жаннның арқасында емес пе өстіп қалқайып жүргенім.

Тынышгүл. Иә, анада, «шонданай, шонданай» деп қаксап, сал бөксе болып қалған секілді едің, қақандап кетіпсің.

Ерден. Шипасын салайын десе оңай екен ғой, құдағи. Күнде мал жусайтын кезде қойды тақырға иіріп түзға түсіп жүрмін.

Тынышгүл. Менің де барғаным біраз күн болып қалды. Ет пен терінің арасында әлгі жүгіріп жүретін желқұсадан тазарған секілдімін. Жарықтық қасиетті су деген сол-ау. Қөтеріп әкететін секілді ме, ойнақшытып, аунатып жатқызбайды.

Ерден. Құдағи-ау, мені ме, сені ме! Пендершілікті қойсайышы бұл, сондай ойнақшытып, ауната бастағанда, шіркін-ай қасымда осы құдағи неге жок,— деп ойлап қалам.

Тынышгүл. Қара-қара құтыруын...

Ерден. Құдағи...

Тынышгүл. Не дейсің, қауқар құда?

Ерден. Ертеңнен бастап сорға бірге барып түсіп жүрерікші.

Тынышгүл. Бетім-ау, мына шал құтырған шығар. Қой, балалар естісе, үят тағы.

Ерден (*ойланып*). Әлгі Кемел бала қайда екен осы? Былтыр мына сордың басынан санатор салдырам деп кетіп еді. Тезірек салдырса екен, санаторын.

Тынышгүл. Сонда не болады?

Ерден. Не болғаны несі, тәйірі алғыр, бала болып кеткенсің бе өзің. Құда-құдағи болып, оңаша бір бөлмеде шонданайды емдеңіп жатар едік қой.

Тынышгүл. Кет әрі. Мына әбілет басқыр не деп барады. Малыңа бар.

Тынышгүл кетеді.

Ерден. Ау, құдағи?.. Қап, қайырылмады-ау, әлде-неге мазасызданатын секілді ме өзі?..

Саз салғай құмыраларды көтеріп Кемел келеді.

Кемел. Көз талдырып қарап қалған жайыныз бар екен, Ерден аға.

Ерден. Е, Кемелмісің, шырағым? Қыран көзді сен-

дер болмасандар, біз байғұстар қанша қадалғанымен
кайбір алысты көре аламыз?

Кемел (*қүліп*). Жас болып алысқа қарап біздің де
бітіргеніміз шамалы-ау, Ереке.

Ерден. Олай деме, Кемелжан. Сенің басқа жұмыс-
сынды қайдан білейін. Осы мына Жазыққұмнан санатор
салдырам дегенің ұнайды маған.

Кемел. Бірак, ол санаторий салынғанша ешкінің
құйрығы көкке, түйенің құйрығы жерге жететін шы-
ғар-ақ.

Ерден. Жо... жо... олай деме, Кемел, мына сор дегенің сұмдық. Элгі Тынышгұл құдағи екеумізді құдайы құрғыры шонданайдан соққан еді, осы сорға түскеннен бері жақсымыз.

Кемел. Иә, иә, мұның шипалы сор екенін дәлелдеу қын емес, қыны басқада, Ереке.

Ерден. Е, дәлелдеп берсеңдер, несі қын.

Кемел. Ай, Ереке-ай, айдалада санаторий салу керек дегенді кім қолдап, қаражат босата қояды дейсін.

Ерден. Неге айдалада? Қатар жатқан екі-үш ауданың малы мен жаны осында емес пе жаз бойы.

Кемел. Осында екені осында. Рас айтасыз. Бірақ ең алдымен осы елге медпункт керек. Медпункт аштырған жөн әуелі.

Жүгіріп Тоғаш келеді.

Ерден. Аштырсаңдар несі қын. Дәрігеріміз дайын.

Тоғаш. Тоғаш үйіндегі келініңіз кісі емдемейді бұдан былай. Ата кәсібін жасап қой бағады, Ереке.

Кемел. Түтінің тұзу, Тоғаш тауып айтып тұрсын.

Тоғаш. Эй, ағасы-ай, бір ауылдан, міне, сіз шықтыңыз ғой. Сол жетпей ме. Бәріміз бірдей ғалым болып кетсек, малды кім бағады. Қалаңыздағы әлгі босып жүргендерді кім асырайды?

Үшеуі де куліседі.

Ерден. Эне, біздің Тоғаш алдырмайды сөзге.

Кемел. Оның рас, Тоғаш. Жұрттың бәрі ғалым болып кетсе, мал бағатын ешкім қалмайды. (*Ойланып*) Бірақ бұл сіз бен біздің ұғымымыз. Біз ғана осылай ойлаймыз. Жұрттың бәрі ғалым болып кетсе бар ғой, онда малды сол ғалымдардың өздері баққан болар еді. Бірақ біздіңше, қазіргішे бақпайды, өздерінше, ғалымдарша бағар еді. Кой бағудың жана бір тәсілін ойлап тауып, бізден жұз есе, мың есе артық бағар еді. Бірақ қай за-

манда болмасын, жұрттың бәрі бірдей ғалым бола бере алмайды. Біреу мал бағады, біреу әкім болады. Енді біреулер ақын, жазушы, инженер, ғалым болады. Мені қинайтын бұл емес, туыстар, мені қинайтыны — ғалым бола алатындар талпынбағандықтан малшы болып, ал малшы болатындар талпынғандықтан әкім болып кетіп жатады. Осы мені қинайтыны.

Т оғ а ш. Кемел аға, не десен о де, менің жеткен жерім осы.

К е м е л. Эй, ат құлағынан арғы жерге шошына қарайтын осы бір мінезіміз-ай, Ереке.

Е р д е н. Содан ғой, Кемелжан, бар тірлігін малдың түяғына бағындырып, қай жерде от бар, қай жерде су бар деп үдіре көшіп жүре бергені. Өйтпесе, жер сүмесін еміп, тамаша қалалар тұрғызыбас па еді. Сәнді сарайлар, інрам, имреттар қалдырmas па еді артына. (*Даусын бәсекедетіп, сыйырга көшип.*) Сол ата-бабаларға ұқсан әлі де үнемі барды сағалаймыз. Жокты іздемейміз. Осы аудандарғы он колхоздың жаз жайлайтын жері қазақы белбеудің жалпақтығындағанда мына құм жағалар. Оны дардай етіп Әсия жағалар деп атайды. Бер жағы тықыр тепсек, тақыр нұра, су жоқ. Ал ар жағы қалың құм. Отыз шақырымнан әрі сұғынып бір қойшы барған емес. Сөйте отырып жер жетпейді дейміз. Қайдан жетеді, барды сағалаған соң. Осыны айтсаң, жек көрінішті боласың, Кемелжан.

К е м е л (*курсініп*). Түсінем, түсінем, ақсақал. Жақсы бағбан күн сайын алма бағын аралайды. Кураган, құрт түскен бұтақтары болса, ойланбайды, кесіп тастайды. Дерт шалған бұтағынан арылған соң жеміс ағашы өнімді бұрынғыдан да көп береді. Бұл табиғат заңы. Біз өмір сүрген қофамда да сондай құрт түскен бұтақтар бар. Бірақ, соны сіз секілді жақсы бір бағбан келіп кесіп тастайын, кеселден құтқарайын десе, әлгі алма ағашының тамырына балта сілтеді деп даурыға қалатындар бар гой бізде.

Е р д е н. Тауып айттың, Кемелжан. Дәл қышыған жерден шығып отырысың.

К е м е л. Неге өйтеміз? Неге солай? Неліктен күдіктене қаламыз?

Е р д е н. Е, осыны айтшы, шырағым. Алысты көре алмаймын дегенім осы ғой менің.

К е м е л. Әлсіздігіміз бұл. Өйткені даурықпалық, ай-

қайшылық, жауырды жаба тоқушылық дегенің бәрі де әлсіздікten туады.

Ерден. Міне, міне...

Кемел. Әлсіз дегенде, Совет үкіметі әлсіз деп ұғып қалмаңыз, Ереке. Совет үкіметі, құдайға шүкір, тамырын теренге жіберген қара емен секілді, жау да, жұт та шай-қалта алмайды. Әлсіз болғанда, ана Жұбатқандар әлсіз. Олардың күні-түні ойлайтыны — қайтсем орнынан ту-сіп қалмаймын? Сол себепті сіз сияқты бағбан келіп шірік бұтақты кесе бастаса, тамырға балта шапты деп айқайлайды олар. Әрбір совет азаматының көкірегіне ұялаған асыл есім — Совет үкіметі деген сөзді өзіне қа-ру етіп алғып, сонымен соқпақ болады. Арзан айла. Міне, біздің әлсіздігіміз осында, Ереке. Ең әуелі біз осы дер-пен күресуіміз керек.

Ерден. Жөн, жөн, жөн айтасың, Кемелжан.

Кемел кетеді. Ерден соңынан кетеді.

Тынышгүл көрінеді.

Тоғаш. Зәрина қайда?

Тынышгүл. Айтпады ма, ауданға кеткен жоқ па?
Сұрау екеуі.

Тоғаш. Оны неге жібердің?

Тынышгүл. Мен жіберді дейсің бе, шырағым. Өз-дерің болып келіскең шығарсындар дегем.

Тоғаш (*кекетін*). Келіскең шығарсындар дегем, ке-ліскең шығарсындар дегем...

Тынышгүл. Ақырынырақ сөйлеші, балам, дау-сың құлағымды жарып барады.

Тоғаш. Ақырын сөзді естігің келсе, жел берме қы-зыңа.

Тынышгүл. Естиң дегенім осы ма еді, балам-ау.
(*Кетеді*.)

Тоғаш (*ойланып*). Апырай, айдың, күннің аманын-да тірі жүріп қатыннан айрылды деген не сүмдыш? Ешім ишанның «қатынның өзіңнен бір елі төмен болсын, ал бір елі жоғары болса, құдайдың ұрғаны деп отырғанын та-лай естідім» деуші еді әкем марқұм. Қайран бұрынғы-ның кісілері-ай, білмей айтпайды еken ғой... Өзіме де обал жоқ, төртінші класты бітіріп үйінде отырған Өр-мекбайдың қызын ал, қақ-соқта жұмысы жоқ, нағыз те-ңің. Шаруанды істейді, дегенінді екі етпейді, қой аузы-нан шөп алмайтын көнбіс, мініскер торының нақ өзі деп талай ағайын айтты-ау. Соған мына сор мандай илікпе-

ді ғой. Ал, тарт енді сазайыңды... Апырау, ес болсайшы бұл мұндарда. Атам қазақ атам заманнан бері дәрігерсіз-ақ күнелтіп келе жатқанын неге түсінбейді? Әкесі Сәрсенбай өмір бақи қойдың қыын тазалап, дарияның қамысын шапқаннан басқа түкті көрмеген еді. Қалай жетіле қалды десенші? Зәрина?.. Ә, Зәрина. Жо... жоқ... не дәрігер тұрар, не мен тұрармын.

Шам сөнеді.

Жазыққұм. Сордың шеті көрінеді. Сұрау, Кемел, Зәрина. Зәрина микроскопқа үціліп әлденені зерттеген түрі бар.

Кемел. Иә, Сұрау онжылдықты бітірген соң Алматыға, өзіме келесің. Жоғарғы оқу орнына түсесің.

Сұрау (*мұңайып*). Ал, Тоғаш жездем: «Алматыда түк те жоқ, қалада тұратындар тойып тамақ ішпейді. Мал секілді, жейтіндері кек шеп. Қарның ашып қалады. Қайта өзіме кел. Бәрін қойғанда тамағың тоқ болады»,— дейді.

Кемел (*куліп*). Дүниеге әркім өз биігінен қарайды, балақай. Біреулер ойда тұрады, өзінен басқа ештецені көре алмайды. Бірақ көре алмаса да, алысты көрдім деп ойлады. Енді біреулер шығандап биікте тұрады. Қиян шалғай алысты көреді. Бірақ кең дүниені көрдім деп даурықпайды.

Сұрау (*шегі қатып күледі*). Жұбатқан ағаны айтам... Сөйте тұрып ол бізді төбелесіп жатсақ та көрмейді. Сөйте тұрып бәрін де көрем дейді. (*Тағы күледі.*)

Кемел. Жұбатқан ағаң отырған биік алысты көру үшін емес, алыстан көріну үшін жасалған биік. Иә, солай, шырағым.

Зәрина. Менің ойымша, бұл сордың сазы ревматизм, полиартрит ауруларына табылмайтын ем.

Кемел. Дұрыс айтасың, Зәрина.

Тұмсығы көрінген машинадан Жұбатқан қарғып түседі.

Жұбатқан. Апырау, бұларға айтқан сөз желге айтқанмен бірдей деймін. Бұлар кісіні осылай шаршатады деймін.

Кемел (*қалың ойда отырған қалпынан селк етіп*). Пай-пай, сендердің әдептерің-ай, естіп шулата жүретін.

Жұбатқан (*әрлі-берлі ойқастап жүріп*). Ашуланбауыңа қоймайды ғой бұлар, Кемел-ау.

Кемел (*бап, салмақпен*). Ал, не сүмдық болып қал-

ды осы, күйгелектенетіндей?, Кәне айтшы, біз де білекті сыйбанып кірісіп кетейік.

Жұбатқан (*Кемелді құшақтап, құліп*). Құрдастеген, міне, осындай. Баяғы қалпы, жоқ жерден ілік тауып алып сынап-мінеп жатқаны...

Сұрау. Кемел аға жөн айтады.

Жұбатқан. О... о...

Кемел. Эне, көрдің бе?

Жұбатқан «Сен не дейсің?» дегендай Зәринаға қарайды.

Зәринаның да айтары осы... Қарамай-ақ қой о жаққа.

Зәрина (*құліп*). Мен бір есептен Жұбатқан ағаны жақтап кетем бе деп отырмын.

Жұбатқан (*көтеріліп*). Эне, Зәринаның кім жақ екенін көрдің фой...

Сұрау. Зәрина тәтем дәрігерлік пункт тезірек ашылар ма екен деп жағымпаздық жасап жатыр.

Бәрі де құліседі.

Кемел. Бұл мені баяғы қалпы деп санаң жатыр фой. Өзі де сол кездегісінен үзап кетпеген. Сырлы аяққа су құйып, аузымен үрлеп дауыл тұрғызатын әдеті болушы еді. Көрдіңдер фой, міне, осы жерде де сол мінезіне басып жатқан жоқ па?

Күлкі. Ренішті Тынышгүл келеді. Қартананың ау-жайына қарап, бәрі де тынып қалады. Жұбатқан әзілдемек болады. Бірак онысы әсерлі шықпайды.

Жұбатқан. О, құдағы құрғырау, әлі осындамасын. Қүйеу бала ұнаған екен әбден.

Тынышгүл (*үнсіз көзінің жасын сүртіп*). Сұрау жан, мен саған келдім.

Сұрау. Жай ма, апа?

Тынышгүл. Ауылға қайтамыз, балам.

Зәрина. Апа, аз күнге шыдай тұр, бірге кетерміз дегенім қайда? Қүйеу балаңа өкпеледім деп мені отқа тастамақсың ба?

Тынышгүл үндемейді. Үнсіз домалаған көзінің жасын сүртеді тағы да.

Жұбатқан. Немене, Тоғаш бірдеме деп жүрме?

Тынышгүл. Жоқ, ешкім де ештеңе деген жоқ, қарқтарым.

Кемел. Енді не болды?

Тынышгүл. Әлгі біздің үйдегі марқұм үнемі түсі-

ме енеді. Айтары ауылға қайт. Аруағы ренжиді ғой деймін, қайтпасам болмайды. Тұр, Сұраужан. Неге мелшиіп қалдың, бассаныш аяғынды.

Сұрау шешесінің соңынан ереді.

Зәрина. Апатаіым-ау, өлтіріп неге кетпейсің мен бейбақты.

Шешесінің соңынан кетеді. Аз-кем қолайсыз тыныштық басады.

Кемел. Элгі Тоғаш түскір ренжіткен болды ғой, тілдеп жатқаның бір ретте естіп қалғаным бар еді.

Жұбатқан. Ондай болса, айтпай ма жаңа?

Кемел. Ай, Жұбатқан-ай, айтатын ана Тынышгүлдей болып па? Айтқанда не, өз қолын өзі кесе ме?

(Жұбатқан сабырлы қалыпта, салмақпен үнсіз отырады.)

Зәрина жайы қатты толғантады мені, Жұбатқан.

Жұбатқан. Толғантса, не істейін. Каражат сұрап баяғыда хат жазғанбыз.

Кемел. Сендердікі сол хат жазудан келеді ғой.

Жұбатқан. Хат жазбағанды... Өз зарплатымды берейін бе?

Кемел. Бер өз зарплатынды. Неге бермейсің? Мына жалпақ жатқан жазық құмда бір-ақ дәрігер бар екен. Соның өзіне жұмыс тауып бере алмай отырың. Шын күйіп-пісетін, шын шыдамсыздық көрсететін жер, міне, осындай жер емес пе!

Жұбатқан. Ерте ме, кеш пе, пункт мәселесі шешіледі. Бірақ, ол мәселе шешілгенше дені сау адам қалайша шыдап отыра алады? Осыған таңым бар. Ал, облыстың хабар келді, биыл Жазыққұмнан пункт ашуға каржы жоқ, ендігі жылға қалдырылды дейді. Сонда не, ендігі жылға дейін естіп отыра бермек пе?

Кемел. Не істе демексің сонда?

Жұбатқан. Қой бақсын күйеуіне қосылып.

Кемел (ызалы күлкімен). Білгем осыны айтарынды. Қойдан асып нені көрем дейсің. (Ойланып.) Сен, міне, ел ағасысын, Жұбатқан. Ал, сенің әкең болса, қой баққан еді...

Жұбатқан. Немене, жалғыз менің әкем ғана ма, сенің әкен де қой баққан. Бәріміздің де әкеміз...

Кемел. Иә, иә, айтайын деп келе жатқаным осы. Менің әкем де қой баққан, сенің әкен де қой баққан.

Менің әкемнің әкесі де қой баккан, сенің әкециң әкесі де қой баккан.

Жұбатқан. Дәл солай.

Кемел. Менің әкемнің әкесінің әкесі де қой баккан. Сенің әкенің әкесінің әкесі де...

Жұбатқан. Өй, сен шұбалтып кеттің гой.

Кемел. Ата-бабамыз көзін қоймен ашты.

Жұбатқан. Иә, қоймен ашты.

Кемел. Ал ендеше, сөйткен қазакты «қой бақ, қой бақ!» деп... (*Сырттан шу естіледі. Шырылдаған әйел даусы естіледі. Кемел шошинып*). Апыр-ау, мынау Зәринаң даусына ұксайды гой... Әлгі Тоғаш бар болғыр бір жазым жасап жүрмесе игі еді?!

Жұбатқан (*шошинып*). Э, Тоғаш ледің-ау?! (*Сагатына қарайды.*) Ал, онда мен кеттім...

Машина шегініп кетеді. Кемел ойда.

Кемел. Бар, бар, бір пәлесі тиер деп қашып бара-сың ғой.

Қарапұлық

Жазықкүм. Тоғаш үйінің алды. Зәрина жалғыз.

Зәрина. Апам мен Сұраудың кеткеніне бір ай болып қалыпты-ау. Ұрланып жаз да өтіп барады. Бүгін болмаса, ертең болар деген үмітпен көп күндер кейінде қалды. Енді Қызылқүм не қызығын дайындал түр екен?

Бекет келеді. Соңдай қайғылы.

Бекет. Жаңа Биғайшаның басына барыш қайттым. Бұрынғыдан да аласарып бір-ақ уыс төмпे болып қалыпты...

Зәрина (*курсініп*). Иә, аяулы құрбы еді гой. Амал қанша...

Бекет. Қеше ғана талай-талай жан сырларын шертисіп, өмірдің ыстығы мен суығын бірдей бөлісіп жүрген ет-бауыр жақын адамның енді бір кішкене төмпе болып жатқаны ақылға сыймайды тіпті.

Зәрина (*торығыңқырап*). Шын ғашық, шын сыйласты адамдарды өстіп ажал айырады. Сыйласа білмейтіндерден ойбайласаң да құтыла алмайсың.

Бекет. Бұрын Биғайша барда ештенені ойламайды екенмін. Қандай өкінішті, Зәрина. Қой соңында салпа-

тап жақсы жылдарды қор етіппін ғой ойлан қарасам.
Ақыл шіркін түстен кейін келген соң не шара бар?!

Зәрина. Ақыл шіркін түстен кейін келген соң де-
дін-аяу, Бекет.

Ойланып олай-бұлай жүреді.

Бекет. Сөге көрме, Зәрина, асыл құрбы едің, қош-
таскалы келдім сенімен. Астанаға окуға кетіп барам.

Зәрина. Қоштасқалы дейсің бе, Бекет?

Бекет (*кетіп бара жатып*). Ал сау бол, Зәке. Аңда-
санда Бигайшаның басына барып тұргайсың.

Бекет кетеді. Зәрина соңынан ұзақ қарап тұрады.

Кемел келеді.

Кемел. Асығыспын, Зәрежан. Астанаға жүріп ба-
рам...

Зәрина кешеуlep бұрылады.

Зәрина. Не дедініз? Кемел аға екенсіз гой.

Кемел. Телеграмма алдым. Алматыға шақырып
жатыр.

Зәрина. Менен басқаның бәрі де кетіп жатыр. Ке-
тіп жатыр.

Кемел. Бір жола кетіп бара жатқан жокпын, Зә-
рина. Қайтып оралам кешікпей. Сені қуандыра кетейін
деп әдейі соғып отырмын.

Зәрина (*әлгі бір сезімнің ырқынан шыға алмай*).
Кемел аға, кішкентай бір құс болсам деймін. Сөйтіп, ки-
ян шалғай алысқа ұшып кетсем...

Кемел. Сол кішкене құсқа тіл бітсе... «Шіркін-ай,
адам болып жарапып, жер бетінде алшан басып жүрген-
нен артық не бақыт бар екен дүниеде» демесіне кім ке-
піл.

Екейі де күледі.

Зәрина (*күрсініп*). Кемел аға, жұрттың бәрі сіз-
дей болып неге жарапмайды екен, сонда мен секілділер
құс болсам деп армандаамас еді ғой.

Кемел (*күліп*). Жұрттың бәрі мен секілді болса:
«Шіркін-ай, осы жұрт Жұбатқандай неге болмайды
екен?»— дейтіндер де табылар еді ғой.

Зәрина ойланып қалады.

Зәрина. Жаңа мениң көз алдында Бекет құс бо-
лып ұшып кетті. Мына ұлан-қайыр далада құс болып
самғап жүргеннен артық не бақыт бар дейсің, Кемел

ага. Бекетке үқсап, мен де ұшып кетsem бе деймін...

Кемел. Мен жуырда облыс орталығында болдым. Жазыққұм жайлы шікірімді ортага салдым. Облыс басшылары бәріне де келісті. Таяудағы екі-үш жылда Жазыққұмға санаторий салынады. Ал, медпункт мәселесіне келсек, о да ашылатын болды. Міне, қағазы. (*Қағазды Зәринага ұсынады*).

Зәрина (*құанын*). Қандай жақсысыз, Кемел аға.

Кемел. Бүгін-ертең сенің атыңа жарлық келеді. Жұбатқан уәде беріп қалды. (*Құліп*.) Сөйтіп Сәрсенбаева жолдастың құс болып ұшып кетуге уақыты болмай қалады енді.

Ексуі де күледі.

Ал, қайтып оралғанша, Зәрина.

Кемел қоштасып шығып кетеді.

Зәрина оның да соңынан ұзақ қарап қалады.

Үстінде ақ халаты бар бейтаныс әйел өртіп, асығыс

Жұбатқан келеді.

Жұбатқан. Слушай, Зәрина, Тоғаш қайда?

Зәрина. Жұбатқан аға, сіз де келіп қалдыңыз ба? Жоғары шығыңыз. (*Әйелді байқап*.) Жоғары шығыңыздар.

Жұбатқан. Жок, асығыспын. Тоғаш керек еді.

Зәрина. Жайласыңыздар, тамақ піскенше келіп те қалады.

Жұбатқан. Слушай, онда Тоғаш былай етсін. Ана қызыл отаудың үйін әзірше медпунктке берсін. Ауданға бара салысымен қызыл отауга арнап үй жібертем, осылай де.

Зәрина. Жақсы, Жұбатқан аға. Айтайын.

Жұбатқан (*бейтаныс әйелге қарап*). Жатсынбаңыз. Бұлар сондай жақсы адамдар, Гүлсара Жанасовна.

Зәрина. Бұл кісі кім?

Жұбатқан. О, таныстырмаған екенмін ғой. (*Бейтаныс әйелге*.) Бұл жолшыбай өзіңізге айтып келген ферма бастығы Тоғаштың үйі. Мына кісі Тоғаштың жұбайы — Зәрина. Маңдай алды қойши.

Зәрина. Не айтып кеттіңіз, Жұбатқан аға?

Жұбатқан (*мән бермей*). Ал, мына кісі — Гүлсара Жанасовна. Жазыққұмның жаңа дәрігері.

Зәрина (*шошынып*). Дәрігер?

Жұбатқан (*асығып*). Иә, иә, дәрігер. Ал, Гүлсара Жанасовна, жатсынбаңыз, бұлар сондай ғанибетті жан-

дар. Енді айналып келгенше еңбекте ерекше қарқын гү-
ғызып, медпункт мәселесін жөнгө қоятын болыңыз.

(Жұбатқан шығып кетеді. Зәрина толғаныс үстінде.)

М у з ы к а.

Т оғаштың үйі. Түн ортасы. Қатты есік қагылады.
«Тогаи, тез бол, есік аш»,— деген Берденнің
даусы естіледі.

Т оғаш (ұшып түрегелін). Бұл кім? Берден? Малға
қасқыр шапқаннан сау ма, мал аман ба?

Б е р д е н. Мал аман. Зәрежан, әлгі дәрігерің қайда?
Кішкентайымыз қатты ауырыны... Денесі от па дерсін.
Қүйіп барады... Құркілдеп жөтелгенде дем ала алмайды
тіпті.

Т оғаш. Балаң ауырса, қатының не бітіреді. Құндіз
алып келмей, кеш түскенде елді дүрліктіріп.

З ә р и на . Гүлсара Жанасовна, тез киініңіз. Мына
кісімен арғы бетке баrasыз.

Г ү л с а р а . Арғы бетке? Осы түн ішінде ме?

Б е р д е н. Қешіріңіз, айналайын, жүріңізші тезірек.
Сәби ғой..

Г ү л с а р а . Осы қараңғыда жылымға түсіп өл дей-
сіз бе? Қазір ыстық түсіретін мына дәріні беріңіздер. Ер-
тең осында алып келіңіз.

З ә р и на . Қысылып жатқанда, бармауының қалай,
Гүлсара? Аузына емшек сала алмай жатқан сәби дәріні
қалай іше алады?

Г ү л с а р а . Мен қалай ішкізем. Ішсе де, ішпесе де —
барғандағы беретін дәрім осы.

З ә р и на . Барыңыз, Гүлсара Жанасовна. Үстығы
жоғары болса ішке түсіп өкпе ауруына шалдыгуы мүм-
кін. Пенициллин ала барыңыз да, ине салыңыз.

Г ү л с а р а . Қірпігі қымылдал жатқанда уколды кө-
тере алмай, үзіліп кетсе қайтем? Екі ортада мен...

З ә р и на . Қорықпаныз. Бара көресіз.

Г ү л с а р а . Жо, жок, біреудің обалына қала алмай-
мын.

З ә р и на . Қайта, бармасаңыз обалына қалмайсыз
ба?

Б е р д е н. Зәринажан, болмаса өзің жүрші.

Т оғаш. Не оттап тұрсың өзің. Жалақысын алып
отырған ана дәрігер бармағанда, қарынға жабысқан та-
лақтай бұған не бар?

З ә р и на . Гүлсара барады. Бармаса, мен барам.

Тогаш. Кім? Сен бе? Аяғыңды аттап басшы.

Зәрина. Басса несі бар, басам.

Берден. Зәринажан, жанжалдаспай-ақ қойындар. Баска емі жоқ болса, дәрісін алдым. Тағы беретін дәрішіз жоқ па?

Гұлсара. Жоқ.

Берден кетіп бара жатады.

Тогаш (*айқайлап*). Эй, Берден, малына сақ бол. Қөрші қойшыларға қасқыр шауып, шығындал қеткенін есіндце үста!

Зәрина. Қандай тас жүрек едіңіз, Гұлсара. Сізді де адамның арашасы дейді. Дәрігерлік парызды былай қойғанда, адамның адамға деген жан ашырылығы қайда?

Тогаш. Қойши, көкімей. Сенің-ақ жүрегің елжіреиді де жүреді еken. Біреу үшін суга батып өлсін бе?

Гұлсара. Және арғы бет менің участогым емес кой.

Зәрина. Қысылтаяң шакта арғы бет, бергі бет деудің несі жөн. Қүшің жетпесе де, қысылып жатқан адамға кол үшін беру дәрігерлік парызы.

Гұлсара. Мен оны сізден жақсы түсінem.

Зәрина. Түсінгеніңіз осы ма? Егер адамға кол үшін бермесеніз, дәрігерлігіңізден не пайда? Мен әр уақытта шындықты қалайтын адаммын. Мен үшін сіздің осында келгеніңіздің өзі де жұмбақ.

Гұлсара. Мен де сізді өте жақсы түсінem. Сыншыл болсаңыз, мен де шынымды айтайын. Мұнда келген максатым — екі жылымды өтеп, дипломды қолға алу.

Зәрина. Енді мен бәріш де түсіндім. Әкеліңіз шприцті мезгіл-мезгіл укол салып, өмірін бір күнге ұзартсам да дәрігерлік парызымды өтейін.

Тогаш. Дәрігерлік парыз, дәрігерлік парыз. Парызылышының жаманың. Ешқайда да бармайсың!?

Зәрина. Маған тор атты ерттеп бер.

Тогаш. Э, бұл үкімнің орындалуы қынырық болар. (*Зәрина кийіп кете бастайды.*) Тоқта!

Зәрина. Сенің әнінді тыңдай-тыңдай болғанмын. Тұр былай жолымнан!

Зәрина тоқтамастаи шығып кетеді.

Караңғылық.

Даладә алай-түлей боран. Зәрина жалғыз.

Зәрина. Тогаш, э, Тогаш! Апыр-ау, шынымен-ақ жалғыз қалғаным ба, далада?

(Өткен өмір көз алдына келе бастайды. Ар жақта Тогаш көрінеді.)

Зәрина. Міне, біз қосылгалы үш ай. Үш күн оңаша калып көрмеген секілдіміз.

Тогаш. Уақыт болып жатыр ма соган, Зәретай.

Зәрина. Осыдан үш ай бұрын училищеге күнде келуші едің ғой. Уақытты сонда қалай таптың екен?

Тогаш. Онда жанды шүберекке түйіп жүрлік қой. Зәретай, қатынсыз өтуге бола ма дүниеден.

Зәрина. М... солай де. Қатынсыз жүргенде жанды шүберекке түюгे болады екен. Қатын алғаннан кейін жанды шүберекке түюгे болмайды екен. Түсінікті.

Тогаш. Өзің емес пе едің: «Енді қашап келесің?»— деп қызылып тұрып алатын. Сонда мен көнілінді қимаған-дықтан «ертең ертемен» деп қалай айтып қалатынмы-ды өзім де байқамайтынмын.

Зәрина. Күсың.

Тогаш. Түк те құлығы жок. Рас айтам. Сосын бы-лай шыға беріп: «Қап, ертең ертемен» деп қалай асығыс айтып қалдым екен, келер жұмада демеген екемін. Ен-дігі жолы болсын»,— деп өкінетінмін.

Зәрина. Қара енді, мықтымыснын. «Ертең келе-йінші»,— деп өзің емес пе едің қызылып тұрып алатын. Бір жолы «Емтиханға дайындалайын, ендігі жұмада келсөң қайтеді?»— дегенімде: «Ертең келем, егер орнынан та-былmasan, асылып өлем»,— деген батыр кім еді? Қайта мен емес пе едім көнілінді кимайтын.

Тогаш. Жә... жә... Бас жағына барыспайық. Бір жолы өз қалауың бойынша араға екі күн салып келге-німде: «Кеше қайда болдың? Құттім сондай»,— деп жы-ларман болғаның қайда? Тере берсе, сенен де шығады ондайлар.

Зәрина. Иә деген, мен онда күнде келіп жүріп екі күн жок болып кеткен соң сені ауырып қалды ма екен деп қорыққам...

Тогаш. Жарайды, жарайды ақталмай-ақ қой енді. Қызылқұм мен Жазыққұмның ыстығы мен суығына бой бермей жүрген Тогашты ауырып қалды деп қорыққан жоқсың. Соқпа өтірікті.

Зәрина. Шынымды айтсам, мен Жұбатқанның кө-ңілін қимағанмын. Қайта-қайта кабинетіне шақырып алып: «Тогаш жақсы бала, бақытты семья құрасың-

дар», — деп болмады гой. «Анаңа хабар берілген, ол кісі карсы емес», — деп те айтқан. Сол сөзіне нанып қой анам-ты ренжітіп алғаным.

Тоғаш. Жә, доғар. Осы күйеуім шаршап келеді-ау деп шай қайнатуды да білмейсің. Қашан үрненер екенсін.

Тоғаш көрінбей кетеді.

Зәрина. Тоғаш, ә, Тоғаш. Не болды саған? Мен сенің кінәлағым келмейді. Өйткені өрісің белгілі сенің. Алабұртқан көңілге төтеп бере алмағаның да содан. Сенімден төс түйістірген күннен бері іздеумен, елегізумен келем. Не іздеймін? Неге елегізимін? Оны өзім де білмеймін. Ау, қайсың барсындар?

Тынышгүл үйі. Тынышгүл абыржып, біреуді күткен тәрізді.

Сұрау. Апа, әлі он жылдықты бітірген соң мен де Зәрина тәтем секілді дәрігер болам.

Тынышгүл. Қайдам, шырагым, тым ұзак күтіп қалдық-ау.

Сұрау. Апа-ау, саган не болған?

Тынышгүл. Кешіккенге айтам, балам. Бие сауыны болмағанымен сүт пісірім уақыт өтті-ау. Сұраужан, әлде өзіміз барып тауып алсақ қайтеді. Күте-күте шыдамым таусылды. Шаршаған секілдімін.

Сұрау. Шыдай тұрайық, апа. Біз онда барғанда Зәрина тәтем мұнда келіп жүрсе, адасып қалмаймыз ба?

Тынышгүл. Қайдам, шырагым, шыдасақ шыдай тұрайық.

Ар жактан кария көрінеді.

Қария. Е, қамкөніл ана, сабыр ете тұр азырак. Сәл күте тұр. Күте тұр, ана. Сен дүниеге ана болып жаралғанда күту үшін жаралғансың. Қыршын кезінде жолдасынды майдан көзіне аттандырып оны ұзак күттің. Бағың жанды. Қайтып оралды жан жарың. Жұбайлық өмірдің бар қызығын енді көре бастаған кезінде жесір қалдың. Сәрсекенің енді қайтып келмейтінін жақсы білесің. Сонда да жылы орнын сүйтпай күтіп отырсың.

Сен күтуге жаралғансың, ана. Күте тұр, сәл гана күтші.

Ерден келеді.

Сұрау. Ата, үш күн болды, Зәрина тәтем әлі жоқ.

Бәріміз жүріп Зәрина тәтемнен айрылып қалдық қой, ата.

Ерден. Апрай, енді не істесек екен? Іздеу керек!
Иә, нә, іздеу керек!

Далада алай-түлөй боран. «Қемектесіңдер!»— деген
Зәринаң даусы естіледі. Жап-жағынаң касқыр-
лар жақында келеді. Қайда қашарын білмеген Зәрина
жар қабакташ жаңа қатып жатқаш мұзға сскіріп
кетеді. «Кайдасың, Зәрина?»— деген іздеушілер
даусы естіледі.

Жұбатқан. Тал түсте кісі жоғалды деген не деген
сөз. Айдың, күннің аманында қара пәле болып жабыспа-
са еді?

Сұрау. Зәрина тәтем қайда?

Тоғаш. Бейбақты жер жұтып кетті ме? Әй, нәуетек-
аý, десенші.

Сұрау. Қайда, Зәрина тәтем, қайда?

Бала көтерген әйел. Шырақжан-ай, қайда ке-
те қалдың бізді тастап? Бала кездегі көп арманды, сөн-
ген арманды қайта тұтатып ала көңіл етіп кеттің ғой,
шырақжан. Неге айтпадың кетерінді. Соныңнан қалмай-
тын едім...

Дүкеші. Жасың кіші бала болғанымен еркелсім
келіп тұруши еді. Таза едің, аңқау едің. Енді кімге ерке-
лейін? Енді кімге емдетеін тісі құрғырды?

Сұрау. Зәрина тәтемді көрдіңіз бе? Зәрина...

Қарандылық.

Сенің үстінде қалқып келе жатқан Зәрина көрінеді.
«Қемектесіңдер, қемектесіңдер! Қайсың барсың?! Тоғаш!..

Қарастылық.

Сұрау. Зәрина тәтемді көрдіңіз бе? Зәрина...

Қария Айтындаршы неге бұлай?! Ау, азаматтар,
айтындаршы неге бұлай болды?!

Музыка.

ӘНІМ СЕН ЕДІҢ

ЕКІ БӨЛІМДІ МЕЛОДРАМА

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Сапар — ауыл мұғалімі
Тынышгүл — анасы
Паян — колхоз бастығы
Сара — ревкомисия бастығы
Мелдес — колхоз бухгалтері
Карғаш — бухгалтердің көмекшісі
Шүргүл — қызы
Бакат — ауданнан келген уәкіл
Алмас — Қарғаштың інісі, 9 жаста
Эпизодта үй күтуші әйел.

Оқиға осы заманда болған

БІРІНШІ БӨЛІМ

Сапардың қонақ үйі. Шымылдық ашылғанда Сапар диванда қисайып, көзін жұмып ойланып отыр. Бір шетте іс тігіп отырган Тынышгүл, баласының сәл жүдеу кескініне шошына қарайды... Осы мезетте ән естіледі. Сыршыл да, сәл мұңцы ән, Сапар оны елегзи тыпқайды.

Сапар (*ән бітे*). Апа, осы әнді кім салатын еді?
Тынышгүл (*сәл аң-таң*). Қандай ән?

Сапар. Осы... әлгінде ғана... біреу ән айтқан жоқ па?
Тынышгүл (*үрейлі*). Ешкім айтқан жоқ... Мазамды алды деп радионы да сөндіріп қойдың ғой?..

Сапар (*диванға қайтадан қисайып*). Солай ма?!
Әшейін ызың екен гой онда... (*Өзіне-өзі сөйлем*.) Біраз болды, осы бір ән қыр соңымнан қалмай жүр... Сондай

бір таныс дауыс! Бірақ кімнің даусы? Таппай-ақ койдым... Апа, почта келді ме?

Тынышгүл. Келді, қалқам.

Тынышгүл бір бума газет-журналдар, біраз хаттар әкеп береді. Анасына құлімсірей қараған Сапар, еркелеген сияқташып, оның қолынан ұстай алады.

Сапар. Апа!.. Табиғат қартайса, сарғаяды. Адам қартайса, ақшыл тартады деуші еді. Ал сенің, тіпті, кимешегіңе дейін ағарған ба, қалай өзі?

Ол анасының көкіргіне басын қойды. Анасы ойлы пішінмен оның шашынан сипайды.

Тынышгүл. Балам, соңғы кезде бір түрлі жүдеп кеткен секілдісің. Бір жерің ауырмай ма?

Сапар. Жоқ, апа.

Тынышгүл. Әйтсеуір, алаңсың. Әлде бірдеме мазалайтын секілді.

Сапар. Жоқ, апа. Ештеңеге де алаң өмеспін.

Тынышгүл (*сеніңкіремей*). Немере сүйіп отырсам да, сен маған осы уақытқа дейін бала секілдісің. Ойында не барын мен, тіпті, айтпасаң да сеземін...

Сапар (*қалжыңға шаптырып*). Ал, не бар? Айтты, білсең.

Тынышгүл. Жарайды, айтсам айттармын. (*Курсиніп*) Бірақ қазір қыстама... (*Бір конвертті көрсетіп*) Мына хаттың ала бажақ сырты әдемі екен. Не дейді?

Сапар (*жымып*). Бында жазда бейбітшілікті жақтыйтын физиктердің халықаралық жиыны болмақ. Соған шақырыпты.

Тынышгүл. Баrasың ба?

Сапар. Бармақ түгіл, сөз сөйлеймін. (*Анасын құшақтан*) Сен сияқты аналар пемересін, ақ шашты әжелер шөбересін сүюге тиісті.

Тынышгүл. Айт, айт... Халық басына не кесепат әкелмеді бұл согыс. Түгел айт. (*Осы кезде есік қагылып, ішке Нұрғұл кіреді. Ажары жарасқан осы қызыды көргенде Сапар өні қашып, орнынан үшүп тұрды да, сілейіп қалиша қалды.*) Кел, кел, балам.

Нұрғұл. Сөлеметсіздер ме?.. Профессор Жарқынбаевтың үйі осы ма?

Тынышгүл. Осы... Төрге шық, қызыым.

Нұрғұл. Рақмет.

Сапар (*енди ғана тіл бітіп*). Анырау, жаңылмасам,
сен осы Қарғаш емессің бе?

Нұрғұл. Жоқ, мен — Нұргұлмін.

Сапар (*даусы бәсек*). Нұргұл?!

Нұрғұл. Қарғаш менің мамам.

Сапар. А-а, солай ма?!. Ойпырым-ай, қалай қатты
ұқсайсың?

Нұргұл (*күліп*) Апама ма?

Сапар (*пауза*). Иә, мамаңа. Мамаңың өзіне га-
на... Ал, қайдан жүрсің?

Нұргұл. Осында университетте оқып жатырмын...

Сапар. Қашан түстің?

Нұргұл. Биыл... Сізді мамам көп айтып отырады.
Қабылдау емтиханы алдында сізге «бар» деп еді... Мен...
мен...

Сапар. Иә, айта бер.

Нұргұл. Мен ұялдым...

Сапар. Иә, енді қалай келдің?

Нұргұл. Мамам қайта-қайта хат жазып қайтсең де
бар, айт, бір тыңдаса, сізді ғана тыңдайды деді.

Сапар. Ол кім еді?

Нұргұл (*кемесеңдеңкіреп*). Ол ма? Ол өзімнің
агам — Алмас.

Сапар. Алмас?!

Нұргұл. Құн көрсетпейді, мамамды да, мені де сон-
дай жек көреді.

Сапар. Иә, Алмас ағанды білемін. Жақсы білем.
Сұлуқиядан қуылып, жалғыз кетіп бара жатқанымда
шырылдап араға түскең, бірге кетем деп соңымнан қал-
маған сол Алмас қана болатын. Бірақ ол кезде тым жас,
9—10 жасар кезі еді. Шырылдағанмен не тындырысын.
Жылай-жылай қала берген.

Нұргұл. Алмас ағам қазір ендеше сол Сұлуқияда
совхоз директоры. Бірақ апам байғұска қарайласпайды.
Менімен де дұрыстап сөйлеспейді. Апаммен бірге туған
десуге аузым бармайды тіпті.

Сапар (*ойланып*). Ендеше оның да бір мәні бол-
ғаны да, Нұргұлжан.

Нұргұл. Сол мәні болғасын шығар апамның қайта-
қайта сізге бар, айт дей беретіні.

Сапар. Ал, мамаң қалай?

Нұргұл (*сөл күрсінгендей болып*). Науқас... Ба-
сын көтеріп жүргені болмаса, салдыраған қу сүйек...

(Калтасынан бір нәрсе алып.) Мынапы сізге беріп жіберді.

Сапар. Бұл не?.. Жүзік!.. (Сәл ойланып, содан соң ақсия күліп.) Апа, мына жүзікті танисың ба? Сенің жүзің!.. Сенен үрлап алып, Қарғашқа берген ем. Әлі сақтап жүр екен-ау.

Тынышгүл. Ие, ие, таныдым... Ойпырм-ай, сонда іздемеген жерім қалмады. Зым-зия жоқ бол кетіп еді-ау, бәсеке...

Сапар. Эй, балалық-ай десенші...

Нұргұл (қабақ шытып). Апам мұны құны жоқ асыл зат секілді, тірі жапға ұстаптайды, қастерлеп сақтап отыратын.

Сапар (селк етіп). Солай ма?.. (Көзі ұясынан шыға.) Солай ма?

Осы кездес манағы эп естіледі де, Сапар құлаш кете жаздал, бойын әрең түзейді.

Тынышгүл. Балам, саған не болды?

Сапар (жаяуп қаттай). Таныдым...

Тынышгүл. Нені, бәтір-ау?

Сапар. Таныдым... Мына дауысты таныдым. Құдай-ау, Қарғаштың даусы екен ғой?.. (Нұргұлді құшақтай алып, аймалай.) Мамаң екеуміз бірге өстік, бірге оқыдық...

Нұргұл. Білем.

Сапар. Біздер албырт шақтың небір қызық күнде-рін бірге өткіздік...

Нұргұл. Білем... Біздің ауылдағылар сізді мактан етіп отырады. Анада Академияга сайданғаныңызда «жерлесіміз академик болды» деп той да жасады. Бірак, «елді мұлде ұмытып кетті, келмейді» деп те отырады.

Сапар (сәл күрсініп). Бармағаным рас, Нұргұлжан. Он сегіз жыл өтіпті, содан бері. Он сегіз жыл. Мен кетерде жарапған бала, міне, енді бой жетіп, университетке де түсіп үлгеріпті. Сөйтсে де, ұмытты дегені кате. Туған жерді кім ұмытады. Ұмытқан жоқпыш. Ол бір жатқан хикая ғой... хикая... (Сапар Нұргұлді босатты да, авансценага келді. Тағы да сәл мұңлы, сыртының естіледі.) Соғыс біткен жыл. Мен онда он сегіз жаста едім. Ал Қарғаш болса, толып, пісіп келе жатқан, он же ті жасар бой жеткен қыз болатын. Сондағы бір қайғылы

оқиға, менің оқуды бітіріп қайтып оралуыма байланысты болған еді. (*Сахнаның бір жақ шетінен Карагаш көрінеді. Сахнага асыға басып, қолында чемоданы бар Сапар шығады. Карагашты көрген ол аңырып тоқтап қалады.*) Карагаш!

Карагаш (сәл қуанышты). Сапар?!

Бұл екесуі біріне-бірі үмтүла барып құшақтасқылары келді де, әлденеден бөгеліп қалды.

Сапар. Қалай өзгергенсің, Карагаш!.. Тіпті сұлула-шып кетіпсің...

Карагаш (*ұяла жынысып*). Қойшы... Эншейін айтатын шығарсың.

Сапар. Рас, Карагаш... Мен алғашында танымай да қалдым. (*Жалын ата*.) Карагаш!..

Ол ұялып, қызырып тұрған Карагашты сиді гана құшақтай бергенде, арсаланып кірген Алмас үркітіп жібереді.

Алмас. Сапар аға!

Сапар (*селк етіп*). Бұл кім?.. Ойбай-ау, мынау шынымен-ақ Алмас па?

Карагаш. Сол тентек.

Сапар. Дардай азамат болыпты. Қел, бетіңен сүйейін... (*Сүйеді*.) Хал қалай? Оқып жүрсің бе?

Карагаш. Иә жетістіріп жүр. Алатыны ылғи екілік...

Алмас (*намыстанып*). Иә саған! Үштік!

Сапар (*куліп*). Үш деген де жаман емес. Өйткені, үштен кейін төрттік бар. Ал төрттің ар жағында мен мұндалап бестік тұрады.

Карагаш. «Сапар ағам келген соң сол кісінің қолында жақсы оқимын»,— деп жүр ғой әйтеуір... Көрерміз енді уәдесінде тұрғанын.

Сапар (*куліп*). Е-е, мұның жарады, жолдас.

Алмас. Сапар аға, менің көкеме Мелдес ағай ат сатып алған берді...

Карагаш (*шапшаң*). Жүгірмек, соқпа қайдағыны! Сатып алған өзі ғой көкемнің!

Алмас (*бұртиып*). Иә, сен білесің бе, мен білем бе?! Мелдес ағай!

Сапар (*жынысып*). Қайдан алсаңдар, одан алындар. Құтты болсын.

Карагаш. Осы-ақ қай-қайдағыны былжыратып... (*Ашулы*) Бар, ойна!

Алмас бұртыып, теріс қарап қалады.

Сапар. Қой, ренжітпе баланы. Алмас жақсы жігіт.
Бұл нағыз Амангелді болады. Солай ма, Алмас!

Алмас (*мақтанып*). Мен Чапаев боламын.

Сапар. Ендеше бар, ойнай ғой... (*Конфет беріп.*)
Мә, мынау базарлық!

Алмас (*құанып*). Алақай, конфет!.. Қарғаш, Сапар ағам конфет берді!.. Сапар аға, мен саған бір нәрсе айтайдын ба?

Сапар. Айт!

Қарғаш. Мынау тағы бір нәрсені қоқытқалы түр.
Бар, ойна дедім ғой саған!

Сапар. Жоқ, айтсын айтатынын.

Алмас (*сыбырлаған болып, қатты*). Қарғаш сені ылғи айтып отырады... Ол сені жақсы көреді. (*Сыртқа қарай қаша жөннейді.*)

Қарғаш. Ө, жүгірмек! Сенбе оған, Сапар!

Сапар (*қыила қарап*). Ал, сенсем ше?

Қарғаш (*паузадан соң*). Бала шіркін не айтпайды.

Сапар. Қарғаш!. Ойымнан әсте кеткен емессін...

Қарғаш (*өкпелі*). Сол екен ғой боратып хат жазғаның.

Сапар (*асығыс*). Жаздым. Олла-билла, талай мәрте жаздым.

Қарғаш. Біреуін де алған жоқпын.

Сапар. Қаникулға да осы сен үшін келетінмін... Бірақ ауылда ылғи болмайтынсын.

Қарғаш. Колхоз шаруашылығы... Қол тигізе ме?

Сапар. Бухгалтерсің бе?

Қарғаш (*күліп*). Бухгалтерлік қайда?! Жәрдемшімін.

Сапар. Окуды неге тастап кеттің, Қарғаш? Қызмет табылмайды деп ойладың ба?

Қарғаш (*күрсініп*). Бұлай боларын білгенде, кетпес пе едім окуға? Қалар ма едім сенен? (*Ол бетін басып, жылаған күйі шыға жөнеледі.*)

Сапар (*тұра жүгіріп барып, тоқтатпақ болады*). Қалай болғанын білгенде? Қарғаш!..

Шам сөніп, кайта жаңғанда, Сапардың үйін көрсіміз. Үй ішінде топырлаған әйелдер Тыныш гүлді құттықтап жатыр. Бір шетте нарттай қызырып Сапар тұр.

— Ойбай-ау, үлкен үйдегі келін-ау, тіл-аузымыз таска, Сапарың сойталдай жігіт болып кетіпті!

— Етегің елпі, жеңің желпі жүріп, жоқшылық тау-

қыметін көп тартып едің, қолыңды жылы суға малып, шалқая отыратын уақытың болды енді.

Тұныш гүл. Құдайға шүкір.

Сапар. Сәлеметсіздер ме, апалар!

Ойе́лдер. Есеп бол, қалқам! Баланды көріп, көзайым болдың ба, ене? Енді той істе!

Тұныш гүл. Құдай қаласа істеймін.

Ойе́лдер. Жоқ, алдымен келін түсір. Соңан соң екі тойды бір-ақ істе!

Тұныш гүл. Е, түсірсе несі бар, жасаған ием жеткерді. Майдайынан шертіп жүріп түсірем.

Сапар. Апа!

Тұныш гүл. Қойдым, қойдым... Өзің біл... Жүгірген алмайды, бүйірған алады деген...

Әйелдер. Бүйіртпағаны несі? Оқитынын оқып болды... Енді не керек?

— Бәсе, міне, оң жамбасында да бірі отырған жоқ на жүлкүнып.

— «Алпыс күн» қайнаганың қызы ма?

— Қарғашты айтасың-ау?

— Енді кім деп ең? Әбден бой жетіп болды. Ай десе аузы, күн десе көзі бар...

Екінші әйел. Бір колхоздың дүрдей есепшісі! Анау Арам сарының оң қолы болып, бір үйлі жанды асырап отыр.

Сапар. Солай ма? Қарғаш бухгалтер скен гой?

Тұныш гүл. Эйтеуір, бір бүйіртқаны болады да.

Осы кезде әлгі бір сыршыл ән қайтадан естіледі.

Сара. Ие, мырза, оқымысты болып оралдың ба?

Сапар. Сәлеметсіз бе, Сара апай?

Әйелдер: «Дүрдей азамат!..»— деп шулай бастаған сді, Сара алара қарап, тоқтатып тастанды.

Сара. Жә, немене шулап? Барыңдар әйда! Амансаулық сұрастындар ма? Жетеді. Қайқайындар!

(Әйелдер сыйыр-сыйыр етіп, топырлап шығып кетеді.)

Тұныш гүл. Мен шай қояйын.

Сара. Ештененің керегі жоқ, жеңеше. Қолыңды алып, «көзайым» болдың ба деп айтқала келдім.

Тұныш гүл (көзіне жас алып). Рақмет! Әкесінің көзін көрген едің... Эйтеуір, жалғыз бала...

Сара. Ал, Сапар, ауылға келгенің тәуір болды. Өзің сияқты оқыған жігіттер колхозымызға керек-ақ.

Сапар. Мекенім менің мектеп қой...

Сара. Болсын... Мектеп колхоздікі, ауыл өзіндікі. Мен ревкомиссияга бастықның ғой. Сені де мүшелікке сайлатам. Бірге жұмыс істейміз.

Тынышгүл. Сонау бір жылдары әкесі де ревкомиссия болып еді Сапаржанымның.

Сара (*кулін*). «Ат тұяғын тай басар» деғен. Егер Сапар екеуміз бірігіп кетсек, осы ауылдагы талай сұғанақтардың аспанын тарылтамыз.

Сапар. Қайдан білейін?.. Қолдан келген көмегімді аямаспyn.

Сара. Қөмегің сол болсын — адал бол! Әкеңнің жалтагы жоқ, бір бет, өр мінезді адам еді. Соған ұқсан — мың да бір рақмет!

Тынышгүл. Менің де бар тілегім сол.

Сапар. Сеніміңзге рақмет, Сара апай!

Сара. Ал, қош!.. Біраз аунап-қунағап соң іске кіріс. (*Кетеді*.)

Тынышгүл. Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмессін деген, ә?! Қөрдің бе жаны ашуын.

Сапар. Өзі бір ерек мінезді жақсы адам ғой.

Тынышгүл. Қүйеуі мен жалғыз баласы соғысқа кетті деп қарап отырмады, тіршілікке сұнгіді де кетті. Тыным деген болсайшы. Колхоз жұмысы деп дедек қағып жүргені...

Осы кезде әлгі бір сыршыл әп қайтадан естіледі.

Сапар елең етеді.

Сапар. Ән?! Бұл кімнің салған әні, апа?

Тынышгүл. Қарғаш қой... Соның даусы.

Сапар. Ойпырым-ай, білмеппіз, өзі әнші екен ғой... Даусы қандай әдемі.

Тынышгүл (*сәл күрсініп*). Ие... Осы ауылдағы қызы-келенің алды болған қазір Қарғаш... Әкесі байғұс өмір-бақи кемтарлықпен келе жатыр еді. Қарғаш ер жетіп қазір «Алты күн» қайнағаның жағдайы жақсарған.

Сапар (*сыбырлай сөйлем*). Қарғаш!..

Шам сөніп, қайта жанғанда колхоз кеңесінің алдында ән салып тұрган Қарғашты көреміз. Ұрлана басып Сапар келеді.

Сапар. Өзің әншісің ғой, Қарғаш... Даусың да жақсы...

Қарғаш (*сәл қымсынып*). Қойшы...

С а п а р. Рас... Мен бүйтіп ән сала алсам, күндіз-түні ауызы жаппаган болар ем...

Қ а рғ а ш (*сенбей, сәл мазақтан*). Ойпырым-ай, ә?!

С а п а р. Рас, Қарғаш!.. Мен мына көкшіл аспанды да, толқын атқан Есілді де, үнсіз көсілген даланы да әнгесе қосар өм... Мен, ең алдымен, бір сен үшін жырлар едім...

Қ а рғ а ш. Менің солай етпейтінімді қайдан білесің?
...

С а п а р (*қуана, сенбей*). Рас па, Қарғаш?.. «Рас» дешіш...

Қ а рғ а ш (*естілер-естілмес*). Рас.

С а п а р (*сәл тұрып, содан соң*). Қарғаш!

Ол үмтүла барып Қарғашты құшақтай алады.

Қарғаш та оның құшағына кіре береді. Осы кезде жүгіре кірген Алмас сықылықтап күліп жіберелі.

А л м а с (*тақпақтан*). Ө-лә, Қарғаш!.. Қеке-ме айтам! Ө-лә, Қарғаш!.. Қеке-ме айтам!.. Ө-лә, Қарғаш!..

Қ а рғ а ш (*шошып кетін*). Ө, жүгірмек

С а п а р (*абдырап, асып, сасып*). Оу, Алмас!.. Бұл сен бе едің?.. Мен саған конфет беріп ем ғой...

А л м а с (*тоқтамай*). Ө-лә, Қарғаш!.. Қеке-ме...

Қарғаш тұра қуған еді, Алмас сықылықтап ұстаптай кетеді.

С а п а р. Қап, мынаны-ай, ә?

Қ а рғ а ш. Енді кокеме айтады. Ұят болды.

С а п а р. Мейлі! Білгені жақсы! Мен енді ешкімнен үялмаймын да қорықпаймын.

Қ а рғ а ш. Ел іші ,біреу-міреу сезіп қалса күлкі боламыз...

С а п а р. Шегірткеден қорықкан егін екпейді деген. Жұрттың сөзінен үркіп, сені жақсы көретінімді жасыра алмаймын.

Қ а рғ а ш. Сапар! Аялдай тұршы азырак. Ойланайык...

С а п а р. Неге, аялдаймын? Сондағы... сырын білмейтінім сен бе?

Ол Қарғашты қайтадан құшақтағысы келген еді,
Қарғаш оны салқын түрмен тоқтатып тастады.

Қ а рғ а ш. Қім біледі, мүмкін, мен болармын...

С а п а р. Неге?.. Неге сен болмақсын?

Қ а рғ а ш. Неге екенін кейін айтам!

Сапар (*мұңғылды дауыспен*). Бұл мені... сүймегенің бе,
Қарғаш?

Қарғаш (*асығыс*). Жо-жоқ!..

Сапар (*қайтадан жиінап*). Ендеше неге әйтпайсың
казір?

Қарғаш (*қинала*). Қейін дедім гой! Қейін. (*Қорқышты*.) Ой-бай, Мелдес ағай келс жатыр! Бізді көріп
көймасын.

Сапар. Қелсе қайтеді? Неге шошыдың соншама?
Қарғаш. Үлкен кісі ғой, ұят болатын шығар...

Маң-маң басып, ішке Мелдес кіреді. Қарғаш
сол абыржұлы.

Қарғаш. Сәлеметсіз бе, Мелдес ага!

Мелдес. Э, Қарғаш... Мынау кім?

Сапар. Ассалаумалейкүм. Мен — Сапармын.

Мелдес. Э, інішек... Ат-көлік аман келдің бе? Оку-
ды бітірді дей ме сені?

Сапар. Бітірдім.

Мелдес. Енді не істемексің?

Қарғаш. Сапар мұғалім болмақшы.

Мелдес (*Сапарға*). Солай ма?

Сапар. Ие.

Мелдес (*тыржиып*). Бір мектепке бір мұғалім же-
тіп жатқан жоқ па? Несыласың қоса-қабаттасып?

Сапар (*жымыып*). Менің дипломым мұғалімдік.

Мелдес. Диплом мал таппайды, малды сен таба-
сың. Одан да жаңыңа жайлы жағын ойластыр.

Сапар. Сонда не істемекпін?

Мелдес (*сөл бөгеліп*). Мына Қарғашпен бірге оқы-
ған көрінесің... Үй-жағдайына да жақсы қанықпын... Сен
былай ет: әзірше фермаға учетчик бол. Содан кейінгісін
көре жатамыз.

Сапар. Оу, менің мамандығым — мұғалімдік. Мен
калай учетчик боламын?

Мелдес. Мына Қарғашта ешқандай мамандық жоқ.
Ал қазір өзің көрші, есепшотты қакқаңда көз жаңылды-
рады. Қөп ұзамай бір колхозга бас бухгалтер болып
кетеді.

Қарғаш (*қызыараңдал*). Қойынызшы, Мелдес ага.

Сапар. Ол — Қарғаш қой. Ал, мен... білмедім.

Мелдес. Мұғалімнің бір ай салпақтап жүріп тап-
канына базарда бір пүт бидай да бермейді. Бала, неғы-

ласың, айтқанды істе! Қарғашқа көрші болған соң айтып тұрмын.

Қарғаш (*Сапарды түртіп*). Сен солай ет, Сапар. Біраз күн учетчик болсаң, Мелдес ағай басқа жұмысқа ауыстырады ғой.

Мелдес. Бала, егер ауыз біршілігіміз болса, қатырып күн көруге болады. Сен ойлан. Соңсоң маған келерсің. (*Кетуге ыңғайланады.*)

Сапар. Мен айтартымды ойланбай-ақ айта аламын. Мен мұғаліммін. Басқа мамандықта шаруам жок.

Қарғаш. Мелдес аға, Сапар ойланады әлі... фермадағы жұмысты бұл әлі білмей тұр. Солай емес пе, Сапар?

(*Түртіп қалады.*)

Сапар (*күмілжіп*). Енді... Қайдам...

Мелдес. Мейлі, ойланса ойлансын. Шешенмен де ақылдаңас... Қарғаш, тезірек ішке жүр, жұмыс бар. (*Кетеді.*)

Қарғаш. Сен немене, бәлденіп! Үлкен кісі жақсылық істейін деп тұрғанда!

Сапар. Сонда мен енді фермаға қарай жүгіре жөнелмекпін бе?

Қарғаш. Жоға!.. Мелдес ағаның қанаты астына кірсөң қор болмайсың... Ең алдымен тұрмысың жөнделді...

Сапар. Гәп тұрмыста ма екен?! Соғыс бітті, заман енді түзеледі. Талай жыл оқып алған мамандығымды қалайша тастап кетем?

Қарғаш (*сәл ашулы*). Сен оку қуалап ауылдан қол үзіп кеттің. Сол себепті мұндағыны біле бермейсің! Жаңаң аяққа галош киіп, бүрсенде масақ теріп күн көрдік біз... Біз көргеннің жүзден бірін кірсөң, сонда сен бар ғой... Жоқ, тұрмыс тауқыметі қын, Сапар. Оны ойламасан болмайды.

Сапар. Ойланбайтын мен бе екем? Менің де көздең мақсатым бар...

Қарғаш (*шаршаған дауыспен*). Жарайды, мен кестім. Әлгі кісі күтіп қалды. Тағы бірде дауласа жатармыз.

Сапар (*ренішті*). Әңгімемнің үйқы-түйқысын шығардыңдар-ау! Менің ойым мүлде басқа. Тіптеп басқа, Қарғаш...

Қарғаш.. Білемін.. Кейін, кейін.. Қазір емес. Айттым ғой мана.

Сапар(даусы әрең шығып). Қашан?

Қарғаш (кенет өзгеріп). Сапар, сен былай ет: жексенбі күні кешке таман біздің үйге кел, кең отырып сөйлесеміз.

Сапар. Қарғаш?

Қарғаш. Ал енді бөгелме, бар, бар... Қош, Сапар! (Кетеді.)

Сапар. Қарғаш: «Жексенбі, жексенбі»,— деп кетті де, мен сол тұрған орнымда қалшиып қалышын. Осы күннен бастап менде маза қалмады. Күні-түні ойлайтынным — Қарғаш. Күні-түні қарайтынным колхоз кенсесінің үлкен есігі мен Қарғаш үйінің көк қақпасы. «Жексенбі күні Қарғашпен оңаша жолығамын, кең отырып сөйлесемін»— деген тәтті ойдың ләззаты әбден баурап алды. Осылайша, уәделескен күн де жетті. Мен мұнтаздай болып киініп, Қарғаштың үйіне күн бата барсам, осы аудылдағы қыз-жігіттер түгел жиналышты. Бастаңғы болып жатыр. «Қарғаш оңаша кел деген сияқты еді ғой. Мұнысы несі?»— деймін. Қуанышым су сепкендей басылды. Бірақ ол ойымды білдірмеймін. Бір қолайлы сәтті пайдаланып, Қарғашқа еріп далаға шықтым.

Сапар мен Қарғаш. Аңдаусыз келе жатқан
Қарғашты Сапар құшактай алады.

Қарғаш (шошып). Бұл сен бе?! Түһ, журегім тоқтап қала жаздады ғой.

Сапар. Мен ғой бұл!.. Мен!

Қарғаш (Сапардың құшағынан ысырылып). Тоқтай түршы, Сапар.

Сапар. Тағы да «кейін» демексің бе?

Қарғаш (құліп). Немене, күткің келмей ме?

Сапар. Құтс-күте шаршалым. Фермаға учетчик бол дегенинен басқа әлі бір жылы сөзінді естіген емен.

Қарғаш. Асықпа. Асықпаған арбамен қоян алады.

Сапар (жөпелдеме). Не болмаса бар сыбағадан алаңсыз құр қалады...

Қарғаш (құліп). Өзің ақын болуға айналыпсың гой.

Сапар (салқын). Мен кім болмайын деп жүрмін. Арман қөп, бірақ, бәрі де алыстал бара жатқап тәрізді.

(Сақылдан құліп жіберген Қарғаш Сапарды еркелете

шашынан сипаган еді, бұлардың үстіне Мелдес кіріп келеді.)

Қарғаш (*шошып*). Ойбай!

Мелдес (*бұларға сезіктене қарап*). Кеш жарық!

Сапар. Ешкіңіз арық.

Мелдес. Сен әлі райыңнан қайтқан жоқсың ба?

Сапар. Қайта коймайтын шығармын.

Мелдес (*екі-үшты*). Жарайды... Қарғаш, мен сені іздеп келдім. Оңаша сөзім бар еді...

(*Сапар шығып кетеді.*)

Олгі қызыл көз Сара баланы ревкомиссияға өткіздіріп алды. Есіттің бе?

Қарғаш. Ие, естідім.

Мелдес. Естісен, одан аулақ жүр... (*Сәл күмілжіп*.) Онымен оңаша тұрғаныңды көруімнің алды-арты осы болсын!

Қарғаш (*қып-қызыл бол*). Сапар — бірге өскен құрбы... Несі бар оның?

Мелдес (*зілдене*). Сенің құрбың — менің ұрым болып жүрмесін!

Қарғаш (*кеткісі келіп барып, тоқтайды*). Ағай!..

Мелдес. Айт, айт!

Қарғаш (*күрсініп*). Жарайды, неғылайын...

Сәл пауза.

Мелдес. Мына шуылдақтарды бүгін тағы жинағансың ба?

Қарғаш. Ие... Апам мен көкем нағашымдікіне кетті. Содан соң...

Мелдес. Осы сендер жиналып алып не айта бересіңдер?

Қарғаш. Эн саламыз... Би билейміз...

Мелдес. Ойын да ойнайсындар ма?

Қарғаш. Бүгін бір қызық ойын ойнадық. Сапар үйретті.

Мелдес. Қандай ойын?

Қарғаш. «Ауған хан мен Қалған хан» деген жаңа ойын.

Мелдес. Ол біздің жасырақ кезімізде ойнаған ойын гой. Ол қайдан есіне түсіп жүр?

Қарғаш. Білмедім.

Мелдес. Біздің заманымызда бұл ойынды ойнағандарды комсомолдан шығарушы еді...

Қарғаш. Ойында тұрған не бар?

Мелдес. Ал, жарайды... Мм-м... Ауылға уәкіл келді. Қазір ұйықта да ерте түр. Ертең жұмыс... Ана шуылдақтарынды ендігөрі жинама.

Қарғаш (*паузадан соң*). Жарайды...

Мелдес кетті де, Қарғаш жалғыз қалды. Оның ойында талаі нәрсе барлығы сезіліп түр. Қескінің қайылы. Сапар тасадан шыгады.

Сапар. Қарғаш!..

Қарғаш (*сәл үрейлі*). Бұл кім?

Сапар. Мен — Сапармын.

Қарғаш. Сен әлі осында ма едің?

Сапар. Қоштаспай кете алмадым...

Қарғаш (*әңгімені басқа жаққа аударып*). Сен көре алмай қалдың ғой, қызық болды ғой жаңа. Ауданнан әлгінде өкіл келіпті. Активтерді далаға қуып жатыр. Шакырып алып Мелдес ағайға да тапсырма беріпті. Алды жаман дейді. (*Пауза.*) Сен неғып үндемей тұрсың, Сапар?

Сапар (*қинала*). Қарғаш!..

Қарғаш. Эү?

Сапар. Бір нәрсе сұрасам, шыныңды айтасың ба?

Қарғаш. Сұра.

Сапар. Әлгі Мелдес ағай сіздің үйге келгіштей береді дейді ғой жүрт.

Қарғаш (*күліп*). Сол ма сұрағың... Ой, тентек!.. Экемдей адамды... Жүрт не демейді?

Сапар (*қуанышты*). Рас па. Қарғаш?

Қарғаш. Рас.

Сапар. Қарғаш!.. (*Ол Қарғаштың маңдаійнан лып еткізіп сүйеді.*)

Қарғаш. Ұят болды ғой, Сапар.

Сапар. Мейлі!.. Мейлі!..

Қарғаш. Сонда бұл ненің өтеуі?

Сапар. Бүгінгі бастанғының...

Қарғаш (*күрсініп*). Ойын ғой мұның бері...

Осы кезде қақырынып-түкірініп Өтеген кіреді де, әкесінен ұялған Қарғаш қаша шыгады.

Сапар. Ассалаумалейкүм!

Өтеген. Ұәлейкүмсалам! Сапармысың?

Сапар. Ие, Өтеке?

Өтеген. Қалаї, мал-жаш аман ба? Шешең қуатты ма?

Сапар (сөл жынысын). Мал дейтін менде мал жок
коїй. Шешем қуатты.

Өтеген. Е, болмаса болады да. Мал басқа жиналады. Басың жае... Кім біледі, әлі-ақ...

Сапар. Эріне.

Өтеген. Осы сен, Сапар шырақ, осы ауылға мұғалім болып келді дей ме?

Сапар. Иә, Өтеке, мұғалім болып келдім.

Өтеген. Қалада төрт жыл оқу оқып?

Сапар. Иә, төрт жыл оқып.

Өтеген (мырыс етін). Мен сені құрығанда колхозға есепші болатып шыгар десуші едім. Төрт жыл оқу оқып, мұғалім болған азабым құрысын!

Сапар. Неге олай дейсіз, Өтеке?

Өтеген (сөзін бөліп). Эй, тәйірі-ай! Ана Қеңпейілдің Қапездері онжылдан бері оқымай-ақ мұғалім болып, бала оқытып келе жатқан жоқ па? Ең болмаса перменге ушетшік болып орналасып ал, жоқ дегенде қарның тоқ болады, білдің бе?

Сапар (құліп). Учетчик бол деген әңгіме сізге де жеткен-ау.

Өтеген. «Алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол» деген мақалды естуің бар ма?

Сапар. Естітінмін.

Өтеген. Солай, ендеше!.. Қалтаңда көк тының жоқ, құр талтаңдағаннан не пайда?! Анау Мелдеске қарашы! Бір колхоз жұмса — жұдышығында, жазса — алақанында.

Сапар (мырыс етін). Арам сары ма?

Өтеген. Қөре алмаған адамның сөзі бұл! Мелдестің арам түгіл сайтаны да жоқ. Өз қатарының алды. Тұған-туысқандарына да қайырымы мол. Бір жігіт сол Мелдестей-ақ болып алсын!

Сапар (құліп). Бір колхозға бір-ақ бухгалтер кепек. Ол қайсымызга жетеді?

Өтеген. Қоңыл табысса жетпейтін не бар. Ағайын тату болса — ат көп, абысын тату болса — ас көп деген атам қазак, түсіндің бе?

Сапар (мырыс етін). Түсіндім.

Өтеген. Түсінсең сол. Мелдеске өзім барам. Айтамын ана Сапар деген балага көзіңнің қырын сала жүр деп. Мелдес кісі гой. Түсінеді. Айтқан сөзімді далаға тастап көрген жоқ әлі.

Сапар (қабақ шытын). Ие, солай көрінеді.

Өтеген. Экес марқұм күрдас елі. Сол есіме түсіп айтып жатырмын гой, бала, бетіңен жарылқасын.

Сапар. Рас, Өтеке, біздін орын бұл емес қой. Тағы да оқи берсем, Алматыға барып оқысадам деймін. Бірақ оған апам көнбейді. Сол кісінің көңіліне қарап өстіп жүрмін гой...

Өтеген. «Алпыс күн атан болғашпац, алты күн бура болған артық». Соны ұмытпасац болғани.

Өтеген шығып кетеді. Сапар ойты пішіпмен бөгеліп қалады.

Сапар (*мырс етіп*). «Алпыс күн атан болғанша...» Қызық сцен! Қай заманнац, қай дәуірден қалған мақал бұл?.. (*Сәл сескенгендей болып*.) Егер ол осы мақалды Қарғаштың құлағына әбден сіңірген болса қайтем? Мұмкін, Қарғаштың да ойы осы шығар?! Әйтеуір, оқи алмай қалғанына түк ренжімейді! Малы түгел адамша, бейқам жүр...

Сахнага үстінде жұмыс киімі, қолында қамшысы бар
Сара шыгады.

Сара. Кеш жарық, Сапаржан!

Сапар (*селк етіп*). Кеш жарық... Оу, түнделестіп қайдан жүрсіз?

Сара. Ун... Біздің тіршілік ылғи осы. Әсіресе, науқан кезінде үй бетін көрмейміз... Сапар, мен саған келе жатыр ем. **Әңгіме бар.**

Сапар. Айтыңыз.

Сара. Сені ревкомиссияға сайлаттым. Білесің гой?

Сапар. Білем. **Рақмет.**

Сара. Ендеше, іске кірісетін уақыт болды. Ертеңнен бастап складты тексереміз. Соナン соң бухгалтерлердің книгасымен салыстырамыз.

Сапар. Жарайды... Бірақ...

Сара. Айта бер!

Сапар. «Мына бала келмей жатып...»— деген сияқты реніш туып жүрмese.

Сара. Егер ондай ренішке қарайласан, анау Арам сары мен Қарғаш сияқтылар бұл колхоздың бұтын — бүт, қолын — қол қылып жіліктеп алып кетеді!..

Сапар. Қой, ол мүмкін емес. Қарғаш ондай арамдыққа бармайды.

Сара. Арам сары әккі емес пе, бармаганына қоя ма?! Қарғашты құдды бір тоқалы сияқтандырып иемденіп алған.

Сапар (*ырышып*). Апа, қысқартыңыз! Өтірік ол!

Сара (*сәл сескеніп*). Оу, Сапаржан, саған не болды? Қарғашты айтқанда...

Сапар (*жылдам*). Айтпаныз Қарғашты!

Сара (*сәл бәсекдеу*) Мен айтсам, осы ауылды кеүлден бара жатқан өсекті айтам...

Сапар. Ерменіз өсекке! Өзініз коммуниссіз.

Сара. Жарайды, айтпайып. Бірақ тексерейік. Аныгына жетеміз сонсон.

Сапар. Тексерейік. (*Ашулы*.) Мен енді барлық жұмысты жиыстырып қойып, тек осымен айналысадам.

Сара (*жымышып*). Міне, мұның — ерлік. Өз аулың, өскен жерің. Жаңың ашымаса бола ма?! (*Сәл бөгеліп*.) Ал сен, Қарғаш жөнінде жаман ойға келме. Мүмкін, ол сөз өсек шығар, кім біледі... Он екісінде бір гүлі ашылмаган жап-жас қызы, алданып қала ма деп қорқамын...

Сапар (*қабақ шытып*). Апа, айта бермеңізші!

Сара. Жарайды, жарайды... Ал, мен кесттім. Сая бол! (*Кетеді*.)

Сапар (*жалғыз*). Егер Қарғаш осыдан бір әңгімеге шатылса, ісім сенімен болсын, Арам сары!

Шам сөніп, қайта жанғанда колхоз кеңессін көреміз.

Қабағын түйіп, есеп шот қағып Мелдес отыр.

Сара мен Сапар түнеріп тұр.

Мелдес (*есеп шотты сарт еткізіп*). Айттым фой тексертпеймін деп, тексертпеймін

Сара. Бұл заңсыздығың үшін жауап бересін.

Мелдес. Алдымен өзің жауап бересің (*Сапарды нұсқап*.) Бұл кім? Мұғалім! Колхоз шаруашылығына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын адамды ревкомиссияға қосып, енді, міне, діңкілдетіп қойдың. Сенін бұл жолсыздығыңды аудандық уәкіл Мұсәпіров жолдастың өзіне айттым.

Сара (*шаптығып*). Соңдағы бөтенің кім? Сапар ма? Осы колхоздың шаңырағын өз қолымен көтерген адамның баласы бөтен бе? Осы ауылдың топырағында туған бала бөтен бе, айтшы қане?

Мелдес. Ой, сен шаптықпа! Немене сонша, аузыңаш түкірігің шашырап! Тексергіш болсаң, бес жылдан бері қайда жүрсің? Мынадай қызыл танау науқан кезінде екірец-екірец етесің?

Сапар. Ақсақал, мені бөтен демесіз. Мұғалім болсам да бұл колхозга мен де мүшемін.

Мелдес. Мүше болсан, книжкаң қайда? Көрсетші!

(Сапар қипалақтан қалады.)

Сара. Ал, өз книжкаң қайда? Сен де көрсетші.

Мелдес. Мениң книжкам орнында.

Сара. Ендеше Сапардікі де орнында. Бес жыл қайда жүрдің, деп бұлаң құйрыққа салма! Ишшалла, соғыс бітті. Қімнің не істегенін тексеріп, ақ-қараны айыратын кез енді келді.

Мелдес (*қол сілтеп*). Науқан бітсін! Соңсын көрерміз... Ал, қазір миды ашытпаңдар. Үәкілге бір ақпар дайындал жатырмын.

Сара. Сен уәкілді бетке тұтпа. Ревкомиссияга жүктелген тиісті міндет бар. Өз жоспары бар. Істейміз соны!

Мелдес. Маған десен, тау құлатындар!

Сара. Тауды емес, сені құлатамыз!

Мелдес (*орнынан тұрып, ысылдай сөйлем*). Э-ә, со лай де! Сендердің мақсаттарың — мені жарға жығу екен гой?! Бірақ, осы сөзіңден танба, Сапар! Ал, Сара, сен бар гой, бала-шагапы айтқатай беруді қой, білдің бе.

Сара. Сапар ревкомиссияға сұранып келген жок, біз қостық. Ол колхоз шаруашылығына жаңы ашыған соң араласын жүр.

Мелдес. Сен өйтіш жуып-шаймай-ақ қой. Пікірле рің белгілі болды. Ал енді, сөздің ток етері: шөп шабу науқаны бітпейінше менің қолым босамайды, көп болса үәкілге барып шағым етерсіндер. Бар, бара қойындар!

Сара (*шанишыла*). Жарайды, сен де сөзіңнен танба! Көрерміз.

Мелдес. Қөрсек көрерміз!

Сара. Жүр, Сапар! Мұны тыңдаған уәкіл, бізді де тыңдайтын шыгар. (*Кетеді.*)

Олар кетісімен Мелдес орнынан ұшып тұрып, әбден ашу кернеп, қолындағы қalamды атып ұрады.

Мелдес. Қөрерміз!.. Сендер түгіл, сендерден де зорларды қөрген бұл Мелдес. Жатқан жыланның құйрығын бастындар ғой, ал енді бекем болындар!.. (*Ішке кірген Қарғашқа.*) Сырттан келген топаннан, үйден шыққан су жаман деген. Тоқтат анау бала қоразды!

Карғаш (*түсінбей*). Оныңыз кім еді?

Мелдес (*ашулы*). Сапар!.. Мен оған жақсылық ой-лап, жайлы орынға отырғызғалы журсем, ол шірік өзіме айбат қылды ғой. Егер анау қызыл көз Сарага ергенін қоймаса, айтпады деме, оңдырмаймын! Оңдырмаймын де-дім, оңдырмаймын.

Қарғаш. Тексерсө тексере бермей ме! Онда тұрған не бар?

Мелдес. Бұлардың сырын білдім еой мен. Ауыл ішіндегі пышың-пышың сөзге еріп, мұқатпақ болады. Басқаларлікі бір жөн, Сапарга не жок? Әлде, саған деген қастығы бар ма еді ол иттің?

Қарғаш (*сәл үрейлі*). Маган ба?.. Жо-жоқ!!

Мелдес. Ендеше, жайына жүрсін! Келмей жатып, ел сөзіне ермесін. Өстіп жүріп бір бәлеке шатылса, алдымен бишара шешесі сорлады. Ал, маган... (*Қатты.*) Маган Сапар түгіл құдайыңың да әлі келмейді қазір! Түсіндің бе?

Қарғаш (*сенімді*). Ермейді Сапар! Мен оны жүрт сөзіне ермейтіндей етем! (*Ол есікке қарай тұра жүгіреді.*)

Мелдес. Қарғаш! (*Қарғаш жалт бұрылады.*) Сапарға барасың ба?

Қарғаш. Иә.

Мелдес. Аудандық уәкіл де тісін қайрап отыр. Соны да айт!

Қарғаш. Жарайды... (*Кетуге ыңғайланады.*)

Мелдес. Қарғаш! (*Қарғаш тоқтайды.*)

Мелдес (*сәл бөгеліп*). Жарайды... Бара бер.

Шам сөніп, қайта жангана, Қарғаш пен Сапарды көреміз.

Қарғаш. Саған не болған, Сапар? Сенде мұндай мінез жоқ сияқты еді, бұл істеп жүргенің не?

Сапар. Маган ба? Білмеймін... Не болыпты?

Қарғаш. Осы ауылда серік қыларлық басқа адам таппағандай, Сараның сөзіне ергеніңе жол болсын?.. Өзің оқудан биыл ғана келдің. Ауыл-үйдің өсек-аязына осы бастан араласқаның, жетісейін дегенің екен!

Сапар. Қарғаш, мен түккө де түсініп тұрған жок-пын. Ревизия жасасағалы жүргенімді айтасың ба?

Қарғаш. Енді не деп едің?! Келмей жатып, бұл не ланың?

Сапар. Ревизия жасаса қайтеді?! Онда тұрған жаманшылық не? Бәрібір мен болмасам, басқа біреу көмектеспей ме?

Қарғаш. Қөмектесе берсін. Он жерден тексерсін, бәрібір Мелдес ағайдың есебінен бір шашау таба алмай-ды. Құр жаманатты боласың.

Сапар (*қабақ шытып*). Мелдес ағаң аршыған жұмыртқадай аппақ болса, неменеге байбалам салып тызактап жүр?

Қарғаш. Байбалам салып жүрген ол жоқ! Тек сен араласпасын дейді.

Сапар (*жылдым*). Сонда сені Арам сары жіберді ме?

Қарғаш (*сөл қипақтан*). Ол жағын неғыласың?.. Өзім келдім. Өстіп жүріп жазым болып кетсен, сөзінді сөйлер кім бар?

Сапар (*мырс етіп*). Жазым болатындаі, мен не істеппін? Бірақ айтпады деме...

Қарғаш. Бөгелме, айта бер.

Сапар. Егер ол сені де шатыстырып жүрсе, ісім Арам сарымен болады! (*Қарғаш түйліге бұрылады да, кетуге бет алады.*) Қарғаш! (*Қарғаш тоқтайды.*) Сен де менің тілімді ал: жолама Арам сарыға! Таста бұл жұмысты!

Қарғаш (*ызалаңа*). «Арам сары». Осылай дегеніңді қоймадың-ау сен!

Сапар. Қоймаймын! Әйтеуір, оның тегін адам смес екенін сезеді жүрегім, сезеді!

Қарғаш. Мелдес ағай осы ауылдың білдей азаматы. Егер ол кісі болмаса, осы колхоздың есеп-қисабы әлдеқашан тоз-тоз болар еді. Басқарманың өзі де оның алдында құрдай жорғалайды. Аудандық уәкіл де оның бетін қайтарған смес... (*Сапарды құшақтай алып.*) Аラласпашы осы іске! Мелдеспен тіресерлік не қауқар бар сенде! Екі шайнаң бір-ақ жұтады. Тіпті, уәкіл де соның жағында.

Сапар. Жоқ, Қарғаш... Мелдестерден қорқып, бұта-бұтанды пана лайтын жайым жоқ. Мен дейтін болсаң, мұндай сөзді айтпа маған! (*Кетуге ыңғайланады.*)

Қарғаш. Сапар, тоқташи! Бұл ауылда саган жаңы аштын менен басқа ешкім жоқ...

Сапар (*қайрыла келіп, төніп*). Сенің жаның, біле білсең маған емес, Арам сарыға ашып тұр. Неге қызыштай қорисың оны?!

Қарғаш (*ашына*). Сапар! (*Бірақ Сапар бұрылған жоқ. Қарғаш оның соңынан ұмтыла берген еді, жылап кірген Алмасқа бөгелді.*) Кім тиді сагаң?

(Алмас жауап қатпайды.) Кім тиді деймін саған? Несеңе әкең өлді ме? Неге жылайсың?

(Алмас бұрынғыдан бетер өксиді. Ашуы басылып). Мің-на лайын! Қоя қой енді... Жұламашы. Кім тиді? Айтшы маган! Мен оның әкесіне көрістірейін! (Алмас әлі өксіп тұр.) Садыrbай үрды ма. Қарның ашты ма?

(Алмас басын шайқайды).

Қойши жылағаныңды. Не болды, айтшы... Ай-на-лайын, Алмасым, артымнаи ерген жалғызым...

Алмас (өксіп). Ахметпен тәбелестім...

Карғаш. Неге? Әлде, өзің тиістің бе?

Алмас. Ол маган: «Мелдес сенің жезден», — деді.

Карғаш (ырышып). А?

Алмас қайтадаң өксиді.

Ол оңбағанның шешесіне айтайын. Онысы несі-ең! Үйретіп жүрген біреулер бар ғой тегі.

Алмас (өксік арасында). Бәрі де мазақтайды... Зибада, Ермек те...

Карғаш. Қарай гөр мыналарды!.. Оку оқып жүрген жоқ, бәле іздеп жүргендер ғой бұлар.

Алмас. Тәте... Мелдестің атын қайтарып берші өзіне.

Карғаш. Неге? Ол атты сатып алған көкем.

Алмас. Қөкем емес... Білем...

Карғаш (сұрланып). Сен түкті дс білмейсің...

Алмас (ызалаңып). Білем... Егер ендігәрі біздің үйге аяқ басты бар ғой, көкесіне танытам мен Мелдесті.

Карғаш. Алмас!

Алмас. Я болмаса... я болмаса... асылып өлем...

Ол даға қарай тұра жүгірген еді, Карғаш оны үстай алды.

Карғаш. Айналайын Алмас!.. Мелдес ағай әшейін кеп жүр үйге. Сен оған ренжіме... Ол сені жақсы көреді...

Алмас (сөзінен таймай). Жақсы көрмей-ақ қойсын. Маган ондай сақалды жезденің керегі жоқ.

Карғаш (қатты). Ой, оңбаған! (Баланы шапалақпен тартып жібереді.) Мұндай сөзді коясың ба, жоқ па?

Алмас. Қоймаймын дегесін, қоймаймын!.. Біздің үйге аяғын аттап басты бар ғой... аянбаймын, бетін тырнап, қан жоса етем. Не болмаса, мұндай сөзді естіп қор болып жүргенше, Есілге кетіп өлем. (Шыға қашады.)

Қарғаш (жалғыз). Енді қайттім?! (Жыламсырап.)
Енді қайттім?.. (Жылап.) Енді қайттім?!

Кайғылы музыка. Шам сөніп, кайта жаңгана колхоз кенсесін көреміз. Науан, Мелдес, Бақат отыр. Бәрі де түнжыраулы. Сапар келеді. Қарғаш бір шетте есеп шот қатын отыр. Сөзге тікелей араластайды. Бірақ әлденеге алаң екені іс-қымылышан анық аңгарылады.

Сапар. Мені шақырған екенсіздер...

Науан. Сапар, танысын қой. Мына кісі аудандық тері-терсек жинайтын мекеменің бастығы. Біздің колхозга төтеше өкіл.

Бақат. Мұсопіров Бақат.

Сапар. Сөлеметсіз бе, ағай! Жақсы болған!

Бақат (жөпелдемете). Немене, немене?! Жақсы болғаның қалай?

Сапар (кібіртікten). Сіздің... осы ауылға келгеніңізді айтам.

Бақат. Ие, «жақсы болды». Ондай кекесінді тоқтат, бала!

Сапар. Менде ондай ой жоқ, ағай.

Бақат. Жә, жетер! Ремонт қалай?

Сапар. Қандай ремонт?

Бақат. Мектептің.

Сапар. Жүріп жатыр...

Бақат. Отын дайындау ше?

Сапар. Жүріп жатыр...

Бақат. Сенде «жүріп жатыр» дегеннен басқа сөз бар ма? Маған конкретный сөз керек.

Сапар. Айтып тұрмын гой.

Бақат. Егер ремонт уақытылы бітпесе, орнынан алынатыныңды білесің бе?

Мелдес. Сапар басқапы білмесе де, мұны біледі гой.

Бақат. Білгені жөп. Эйтпесе, менде «жастарды жи-нап алып «хан» ойнын ойшайды» деген акпар бар.

Сапар. Мұны сізге айтып жүрген мына Мелдес кой?

Бақат. Онда шаруац болмасын!

Мелдес. Ал, мен айттым, сонда негыласың?

Сапар. Негыласың!.. Ойында тұрған не бар?

Бақат. Сен бала, жап-жас болып алып, қу көрінесің. (Мазақтан.) «Ойында тұрған не бар». Сен бала, ескілікті көздейсің, ә? Хандықтың заманы өткен. Байқа!

Сапар. Біздің ойнаганымыз халық ойыны. Оның ешкандай әбестігі жок.

Бақат (*tіksіnіп*). Солай ма?! Оны ендеше кезінде көрерміз! Ал казір, мынаны айтсы: жұмысқа неге шыкпайсың?

Сапар. Жұмысқа шықпаганы несі? Кеше бір класты ақтаттырдым. Алдыңғы күні екінші класқа жақадан еден төсстірдім. Бүгін...

Бақат. Жоқ, колхоз жұмысын айтам. Көмектеспейді дейді гой сені колхоз жұмысына?

Сапар. Мұны да айтқан Мелдес агай ғой?

Мелдес. Сен бала, тақылдама! Немене, «Мелдес, Мелдес!» Қырық жылдан бері Мелдеспін! Ал, мен айттым, сонда неғыласың? Балаларды алыш шөпке шық деңгендегүл аспай кеткениң өтірік пе?

Бақат. Неге үлемесіні?

Сапар. Үндегенде не дейін? Колхозга көмектес деңгендегүл шындаған айтқан жоқ маган.

Бақат (*сықылықтан күліп*). Еще шындаған айту керек еken ғой бұған?.. (*Ашулы.*) Дардай мұғалімсің, шындаған айтудың керегі не саған? Өзің неге келмейсің? Балаларды қалай оқытпақсың ертең?

Мелдес (*кекете күліп*). Оның үстіне, уақытша мектеп менгерушісі. Ди-рек-торы

Бақат. Вот, эне, еще мектеп менгерушісі...

Науан (*манадан бері бірдемені жазып отырган еді, енді салмақпен*). Сапар шырак, сен ренжіме, бәрі де ел, колхоз қамы. Соғыс біткенмен етск-женімізді әлі жия алмай жатырмыз. Сан-салалы шаруашылық бар. Бөле келгенде соның көбіне адам мен көлік жетісе бермейді. Жайымыз сондай қыын қазір, жан мұрынның ұшында. Пішen шабудан соңғы орындарымыз. Қауырт бір каркын туғызбасақ, келер қыста малды қырып алатын түріміз бар. Қолда бар адам күшін де, көлік күшін де осы пішen науқанына салайық деп едік. Оқушыларыңды алыш, біраз күн егіннің арам шөбін жұлдырып қайтсаң деген тілек білдіргелі отырмыз...

Сапар. Мұның жөн ғой, Науан аға. Осылай де жайлап түсіндірсе де жеткілікті. Шығамыз жұмысқа.

Науан. Сенімен бірге жұмысқа Қарғаш та шықсын. Баланың аты бала ғой. Ексулең ис болыңдар.

Мелдес. Қарғаш бара алмайды. Отчет.

Науан. Отчетты өзің де бірдеме етерсің!

М елдес. Менде он қол жоқ. Оның үстіне мына білгіш маган жұмыс тауып беріп қойды. Ана Сара екеуі ревизия жасамақ.

Науан. Мына қарбалаң кезеңде ме?

Бақат (*сыздап*). Директор жолдас, осы сен кеше қайда болдың?

Сапар. Оны негыласыз?

Мелдес. Сенен өкіл сұрап отыр, дұрыстап жауап бер.

Сапар. Тогайда болдым. Тогайға барып үйге тал әкелдім.

Бақат. Онда сені кім жіберді?

Сапар. Ешкім жіберген жоқ, өзім бардым.

Бақат. Ешкім жібермесе, өзің неге баrasын?

Сапар. Өзім бармаганда қайтем, абақтыда отырган адам емеспін ғой, соншама?!

Бақат. Жоғарғы басшылар, айталақ, мына біздер күні-түні кірпік ілмей, сенің бақытыңды ойлап отырмыз. Ал сен болсаң, тогайға барып, бас қамыңмен жүрсің. Коммунистік сана деген қайда, шырағым-ау?

Сапар. Қайда болсын! Орнында.

Бақат. Олай болса, бұл не істегенің?

Мелдес (*кекете*). «Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар» деген осы.

Бақат (*бастырмалатып*). Үндемейсің, ә?

Сапар. Үндегенде не дейін?

Мелдес. Мойындағаны ғой. Ненің етін жегенін мысықтың іші біледі.

Сапар. Мелдекс, сіз абайлап сөйлеңіз!

Бақат. Үлкен кісінін бетінен алма, жолдас! Колхоздың қандай халде екенін білесің бе, өзің?

Сапар. Білгенде қандай! Колхоз халі мүлде ауыр казір. Пішен шабу науқанын артта қалып қойып отырмыз.

Бақат (*ыршип*). Оны сағап кім айтты?

Сапар. Кім айтқаны қалай?

Бақат. Колхоз шөп науқанын орыпдай алмай отырса, ол мына сен сияқтылардың қырсыбы! Білгіш екенсін, соны білесің бе?

Сапар. Қырсықтың қайдан, қалай келетінінің берін білемін.

Мелдес. Өкіл жолдас, айттып едім гой, бұл бала тілін тартпайды деп.

Сапар. Осы «бала, бала» дегеніңізді қоясыз ба, жок па?

Мелдес. Немене, Қарғаштың көзінше «бала» деген сөз жакпай қалды ма? Әлде бала екенің өтірік пе?

Сапар. Қарғашта шаруаңыз болмасын!

Мелдес (*мазақтан*). О-май-ай, ә?

Бакат (*кеқетін*). Бәрін біледі. Біле тұра бас қамын ойлап, өз шаруасын күйттеп кетеді. Осы сен халық жауы емессін бе?

Сапар. Жоқ, мен халық жауы емеспін, сен халық жауы!

Қарғаш (*айқайлап*). Сапар, саған не болған?

Сапар. Айтқаным айтқан.

Қарғаш. Жасы үлкен агалардың бетінен алып... Сүмдүк қой мұнын?

Бакат (*бәріне*). Бәрің де күә боласындар. Қөрейік халық жауы екенімді қалай дәлелдер екен.

Мелдес. Қарғаш та, Науан да, мен де — бәріміз де күә боламыз.

Сапар. Сіз өз басыңызға жауап беріңіз.

Мелдес. Онымды өзім білем.

Қарғаш (*әр қылыш мәнмен*). Сапар деймін!..

Колхоз кеңесі қарандылықта жоғалады.

Сапар. Осы оқиғадан кейін опалаң-топалаң болды да кетті. Милицияға да шақырылдым. Аудандық оқу бөлімінен кісі келіп, мектептің жайын тексерді. Жайшылықта бар-жоғын сездірмейтін аудандық комсомол комитеті де шабуылдаумен болды. «Ауған хан мен Қалған ханды» қалай ойнадындар? Неге сен дәл осы ойынды ұсындың? Қөзделген мақсатың не? Ойын үстінде тағы қандай сөз айтылды?— деген сияқты толып кеткен сұраптар жауды. «Сұлуқия» бастауыш мектебінің қысқа әзірлігі нашар. Колхозбен байланысы жоқ деген қорытынды да шығып үлгірді. Қойши, әйтеуір, қатаң сөгіс дегенінді арқалап зорға дегенде күтылдым-ау, бұл қырсықтан...

Осыдан кейін менде бір батылдық пайда болды. Қайтсе де Қарғаштың түпкі ойын білмекпін...

Қарғаш (*ишке кірін*). Мені шақырдың ба?

Сапар. Иә.

Қарғаш (*салқын*). Айта бер.

Сапар. Қарғаш, неге өкпелейсің маган? Жақында ревизия бітеді. Кімнің кім екенін сонсоң көресін.

Қарғаш (*күрсініп*). Ол бітеді дегеніше, сен де бір жайлы боларсың.

Сапар. Мен бе?

Қарғаш. Енді кім деп едің? Қазірдің өзінде-ақ ба-сынды әнкі-тәнкі етіп жіберген жок па?

Сапар. Мені ондайдаң корқады дейсін бе? Болмай бара жатса, қайтадан оқуға кетем.

Қарғаш (*күрсініп*). Мен де кейде оқуды неге тас-тадым деп өкінемін.

Сапар (*жалын ата*). Онда бәрімен де кош айтысып, кол ұстасып оқуға аттанайықшы.

Қарғаш. Эй, Сапар-ай, қайтейін сені?..

Сапар. Рас, айтам, Қарғаш. Бар пейілім осы.

Қарғаш (*паузадан соң*). Жок, Сапар, бәрі де кеш енді мен үшін... Ал сенің оқи беруіце болады. Келешегің алда...

Сапар. Дүннеге келмей жатып, келешектен үміт үз-ген сені ғана көрдім.

Қарғаш (*кеекесінді, үмітсіздікпен күрсініп*). Келе-шек?..

Сапар. Қарғаш!

Қарғаш. Эу!

Сапар. Еекеуміз бала кезімізден көрші түрдүк, Ен-ді, міне, есейдік... Ел сапатына қосылдық!

Қарғаш. Ие, сосын?

Сапар. Менде әке, ал сенде аға жок. (*Пауза*.) Екеу-міз де жартымыз... (*Тағы да пауза*). Бір бүтін болайықшы, Қарғаш!..

Қарғаш. Сонын!

Сапар. Сонын бақытты семья құрамыз.

Қарғаш (*паузадан соң*). Жок, Сапар, саған оқу ке-рек әлі.

Сапар (*жалына сөйлем*). Содан кейін де оқи бере-міз ғой, Қарғаш?

Қарғаш (*қатқыл үнмен*). Жок, алдымен оқуды бі-тіріп аласың!

Сапар. Неге?.. Неге?!

Қарғаш. Ал, оқу іздеп кеттік. Не ішеміз, не жей-міз? Менің әкем, сенің шешен не күн көреді?.. Алмасты қайда тастаймын?

Сапар. Ел іші... Бір реті табылады да.

Қарғаш. Қысқа жіп күрмеуге келмей жатканда ре-ті қайдан табылсын.

Сапар. Жіптің ұзын-қысқа болуы өз қолымында.

Қарғаш. Ойбай, әне, Мелдес аға мен Өкіл келе жатыр. Ұят болады, мен көздеріне түспей-ақ қояйын.

Ол шыға жөнелмекші еді, Сапар оны ұстай алады.
Қарғаш әрең тоқтайды.

Сапар. Қарғаш, тоқташи!

Қарғаш. Бол тезірек айт. Қазір кеңсеге бара салып бірден мені іздейді.

Сапар. Қарғаш, осы сен жайдан-жай жүріп, Арам сары десе көлеңкесінен неге корқасың?

Қарғаш (*тіксіне*). Мен бе корқатын?

Сапар. Сен.

Қарғаш. Мен сені сыйлаймын деп... басыма шығарып алған екенмін. Мұндай әңгіме айтатын болсан, бұдан былай аулак жүр! (*Ол шыға жөнеледі.*)

Сапар (*айқайлап*). Қарғаш!..

Ол Қарғаштың соңынан тұра жүгірген еді,
қарсы алдынан Тынышгүл шығады.

Тынышгүл. Балам, даусың қатты шықты, не болды?

Сапар. Сұрама, апа, сұрама... (*Ол анасының көкірегінсі басын қойды да, өксіп жылап жіберді.*)

Тынышгүл. Бұл сенің есейгендігіңің белгісі, балам... Жылағың келген екен, қымсынба, жылап ал. Жылап ал да, көзіңнің жасын әбден сарқып тауысатын бол. Содан кейін жылағаныңды көрмейтін болайын, мен бейбак.

Сапар. Аспан да, жер де сондай тарылып барады. Тыныс алар ауа жоқ. Не істедім енді? Қаңғырып кетсем қайтеді, апашиб. (*Жүгіре басып шығып кетеді.*)

Тынышгүл ойда. Өтеген көрінеді.

Тынышгүл. Э, «Алты күн» қайнаға, бері таман кел. Айтатын сөзім бар. Бас, бассаңшы аяғынды. Қарғашың қызметке іліккен соң көзіңнің еті өсейін деген-ау, деймін. Қөрмеген болып сырттай бересің, әманда.

Өтеген (*аңқаусып*). Құлағым сенде, Тынышгүл.

Тынышгүл. Осы сенің не ойлағаның бар?

Өтеген (*аңқаусып*). Не ойласын демек едің көршиңде. Күн үясынан шығып, үясына батады. Ай да өзінің баяғы қалпында.

Тынышгүл (*сыбырлап*). Қарғаш десе, біздің бала-

ның енірегенде етегі толады. Құда болайық, көк соққыр.

Өтеген. Е, мен бір мәнді сөз айтады еken десем... Қазіргі баланың жайын кім біліпті? Ана Мелдеспен сөйлесіндер. Бір нәрестені адам жерге де қияды. Қарғаштың билігін сол Мелдеске берген.

Тыныш гүл. Өй, төбенді көрмегір көк соққыр. Жетісken екенсің олай болса...

Сахна қараңғыланады. Музыка гулеп кетеді.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Таң алды. Элде, ымырт шағы. Бірінші бөлімнің сонындағы Сапар қөніліне әуендескен шартты авансцена. Бір шеттеп Сапар шығады, қапалы.

Сапар:

Құлайын деп бара жатсам құлдырап,
Қөнілім жудеп, көзім алды ғұлдырап.
Сондай кезде естімін мен бір әнді,
Аққан ғұлак секілденген сылдырап.

Есті жиып, өз бойымды тік ұстап,
Тіршіліктің әуенімен тынысталап.
Сергімін де, сезім гүлін құлпыртам,
Кел дегендей болады бір күміс бак.

Біттім-ау деп, енді айтарым жоқ-ау деп,
Өз-өзімнен іштей қапа болам көп.
Сондай кезде ғұлттан шыққан күндей бол,
Салған әнің жүргігіме жетер кеп.

Қуанамын, шаттанамын содан соң,
Жарқылдаймын жүргімді жылатпай.
Мүмкін сениң асқақ әнің шығар ғұл,
Мені сүйеп келе жатқан құлатпай.

Осы кезде бір әдемі сыршыл ән естіледі. Сапар елең етіп елегізіп, әлгі әнге құлақ түреді.

Сапар (*сыбырлап*). Қарғаш... Алыстан танимын. Ғұл — сениң әнің фой!.. (*Тақпақтан*.)

Ұмыта алмас осы әнді,
Ұмытқым да келмейді.
Ән өледі дегенге
Жүргігім әсте сенбейді...

Пистолет жарығы бір бүйірдегі Қарғашка түседі.

Қарғаш. Қайтейін, алдайын деп алдадым ба мен сени. Адам кейде дарияға тастаған борық секілді. Бат-

пайсың, жағаға шығып та жатпайсың. Аға бересін. Аға бересін. Мен бір сондай салынды секілдімін, Сапар. Қай жерден барып шығатынымды өзім де білмеймін. (*Ол кетүге ыңғайланады.*)

Сапар (ышқына). Токташы, Қарғаш! Рас, сен маған қуаныш берген жоқсың. Бірақ алдадың деп те айта алмаймын. Сөйтсе де, осы дүниеде жер басып тірі жүргегінің өзі қуаныштың үлкені сол мен үшін. Сен маған әсем ән секілдісін. Тындаймын да елтимін!

Қарғаш. Ұмыртта салған әннің келер күні ыстығы қайтады. Қешір мені, Сапар!

Сапар. Токташы, сәл токташы, Қарғаш! Сен мені емес, өзінді-өзін алдап жүрсің! Тұнгі дауыс алысқа кептеді! Құлақ салшы өз даусыңа!

Қарғаш. Білмедім, Сапар. Білмедім... (*Кетеді.*)

Сапар (тұра жүгіріп). Қарғаш... (*Кілт тоқтап.*) Қайырылмады... Бұрылмады... Қош, Қарғаш! Мұмкін, соңынан қалмай жүгіріп, мезі еткен де болармын! Қош, Қарғаш! (*Тағы да әлгі бір сыршил да мұңлы ән естіледі.* Сапар есекіреп, елегізіп тұр. Сахна шарттылығы жоғалаады. Сапар үйінің алды. *Өтеген көрінеді.*) Ассалау мағалейкүм!

Өтеген. Уәлік... Сапармысың?

Сапар. Иә, Өтеке.

Өтеген. Калай, мал-жан аман ба? Шешен қуатты ма?

Сапар (сәл жымышип). Үнемі сұрайтыныңыз мал мен жан, Өтеке. Жоқ малым да аман. Шешем де қуатты... Осы әлгінде ғана қақпа алдында сөйлесіп тұр едініздер гой?

Өтеген. Солай ма? Осы күні ұмытшақ боп бара-мын. Есімде жоқ... Ал енді малың жоқ болса, басың жас. Мал басқа жиналады... (*Жан-жағына қарал.*) Эне, тақтай түсіріпсің. Азамат болғаныңың белгісі бұл. Дария тамшыдан құралады. Таси бер өстіп.

Сапар. Бұл тақтайды түсірген мен емес.

Өтеген. Енді кім?

Сапар. Оны апам білмесе...

Өтеген. Уақасы жоқ. Кім түсірсе ол түсірсін. Эй-теуір үйіңе келе берсе болды. Жұмыс қалай?

Сапар. Ептел...

Өтеген. Мұғалімдерге қап-қап акша береді деп естімін, рас па?

Сапар (жынысып). Ол айлық кой.

Өтеген. Қазір құр ақшага не аласын? Қәпірәтібін де, базарың да жылан жалағандай тып-типыл. Баяғыда айттым, пермеге ушетшік бол деп... Қөндің бе оған?! Әй, сен бе, сен! Әкеден бала бір сүйем кейін туады деуші еді, сол рас екен.

Сапар. Неге олай дейсіз, Өтекс?

Өтеген. Экеңе тартсан ғой, бұлай болмас ең. Қісінің сабакты инесіне тимейтін, ешкімге залалы жок ақ көңіл адам еді жарықтық.

Сапар. Ал, мен ше ?

Өтеген. Жоқ, сен оған ұқсамадың, Сапар шырак, ұқсамадың. Мен бәрін естіп жүрмін, осы ауылдағы өсек-аяңға араласатын көрінесің. Оның не? Істеген жұмысыңды біліп, анау шешең байғұстың көз қуанышы болып жүре бермейсің бе?

Сапар. Сонда мен не істеппін?

Өтеген. Мелдес деген кісі — алтын адам. Басқарма деген келеді, кетеді. Ал, біздің Мелдес болса ошақтың үш бұты секілді, шотын қағып отыра береді. Осы колхоздың тірері сол. Ал, сен болсаң, кім көрінгеннің сөзіне еріп, анау-мынау дейтін көрінесің.

Сапар. Ревкомиссия жұмысына қатысқаным болмаса, не істеппін мен оған?

Өтеген. Қатыспа! Неге қатысасың? Ойнақтаган лақ от басады, шырак.

Сапар. Өтеке, менде басқа піғыл жоқ.

Өтеген. Піғыл-сифылыңды білмеймін мен. Жайыңа жүр деген соң жайыңа жүр. Ана Сара деген елден шыққан әйел. Ерме сөзіне.

Сапар. Кім елден шыққан, кім слден шықпаған — ол әлі белгісіз.

Өтеген. Айтқанды тыңдамайды екенсін, өз обалың өзіңе. (*Кетеді.*)

Сапар (жалғыз). Аз-кем қарны тойса, соған мәз, қайран Өтеке, не дауа бар сендейге! Арам сарыны кез келген жерде қызығыштай қорып, шаң жуытқың келмейді. Қарғаштың да құлағына күн сайын құя беретінің осы ғой.

Асыга басып Сара келеді де, Сапарға тесіле қарайды.

Сара. Оңашасың ба? Ә, жақсы болды-ау.

Сапар. Қеліңіз.

Сара. Кәне, маған қарашы, тура қарашы! Сен ба-
ла, осы істеп жүргенің не?

Сапар. Не істеппін?.. Білмеймін.

Сара. Өйтіп тақтай ұрлағанша қаңғырып кеткенің-
шің өзі жақсы еді ғой?

Сапар (*шошып*). Тақтай ұрлағаны несі?

Сара. Осы әлгінде қос басында тамам жүрттың ке-
зінше Арам сары өкілге айтты. «Кеше кешке колхоздың
тақтайы жоғалған еді, іздестіре келсек, әлгі облыстан
оқып келген мұғаліміздің қорасынан таптық»— деді.

Сапар. Қой, бекер шығар, апа!

Сара. Мынау не дейді? Міне, он құлағыммен естідім
де, анығын білейін деп әдейі шауып осында келдім.
Өкілдің беті жаман, шырағым.

Сапар (*айқайлап*). Апа! Апа!

Тынышгүл келеді.

Тынышгүл. Эу, қарағым!

Сапар. Мына тақтайларды кім әкелді, апа?

Тынышгүл. Білмеймін... Эйтеуір, біреулер әкеліп
түсіріп жатқан... «Кімсіндер?»— деп едім, «Есепші айт-
касын түсірдік»,— деді...

Сапар. Тұр-түсін байқаған жоксың ба? Кімдер
екен?

Тынышгүл. Білмедім... Ана Арам сары жібергөн
шығар деп, тіпті кімдер екенін аңғарған жоқпын.

Сапар. Ойбай, бишара апам-ай, балаңды су түбіне
өз қолыңмен батырыпсың ғой?!

Тынышгүл (*шошып*). Не дейді, бәтір-ау? Не бол
калды, балам?

Сапар. Арам сары ондырмай түздады бізді...

Тынышгүл. Арам сары?!

Сара. Қой, Сапар, отырма. Кенсеге бар. Арам са-
рымен сейлесіп, ак-караңды аш.

Сапар. Сөйтейін.

Тынышгүл. Не болды, балам-ау, түсіндірсейші.

Сапар (*кете беріп*.) Қейін... кейін айтам, апа.
(*Шам сөніп, қайта жанғанда колхоз кеңесін көреміз.*
Сапар. Сара кіреді.) Мелдеке, мен сіз түсіртіп бер-
ген тақтайдың ақшасын төлегелі келдім.

Мелдес. Қандай тақтай? Өзің не айтып тұрсың?
Есің дұрыс па?

Сапар. Апама уәде беріпсіз ғой...

Мелдес. Шешен сонау бір кезде тақтай сұраганы

рас. «Көрерміз» дегенім де өтірік емес. Бірақ сол «көрермізді» пайдаланып, ешкімнен сұрамастан, бас жоқ, көз жоқ қофам мүлкін сүйрей жөнелуді қайдан шығардыңдар?

Сапар. Мен сүйредім бе? Түсіріп берді ғой.

Мелдес. Кім түсіріп берді? Қәне, айтшы соны? Жерге қағып жіберейін әулие болса да... Ә-ә, үндемейсін бе? Үндейтін бет жоқ кой сенде.

Сапар. Мен үйде жоқ болатынмын. Апам сіз жиберген кіслер шығар деп мән бермепті.

Мелдес. Өлсендер біреуге қандарынды жақпай өліндер!

Сапар (*қатты*). Бұл шын сөзініз ғой?

Мелдес. Енді не деп ең?

Сапар. Жарайды, ендеше! Кім үры, кім қары екені ашылар әлі. Эне, Науан ағай келе жатыр. Сол кісіге түсіндіремін! (*Ішке Науан кіреді.*) Науан аға!.. Науан аға!..

Мелдес. Мына бала, тіпті, жұмыс істеуді қойды.

Науан. Сабыр, сабыр, Сапар, асықпай сөйле.

Сапар. Иланыңыз, Науан аға, тактайды мен үрлаган жоқпышын. Имандай сырым, адалмын. Өзім жоқта біреулер әкеп түсіріп кетіпті. Апам байғұс қартайған адам, кім екенін байқамай қалыпты.

Мелдес (*мазақтан*). Ойпырым-ай, ә?..

Науан. Жарайды, жарайды, Сапар. Бір жөні болар, қорықпай-ақ кой.

Сапар. Үры деген атағы өлтіріп барады, Науан аға... Мұғалім басыммен тақтай үрлаганша, без теріп жегенім жақсы емес пе?

Науан. Жарайды. Сен абыржи берме. Тап қазір болмаса да, күндердің күнінде ақ-қарасы ашылады мұнын.

Сапар. Оған дейін «үры» деген атақты арқалап жүрмекпін бе?.. (*Жыламсырап.*) Науан аға... Өмір-бақи кетпейтін қара күье жағылды ғой маған...

Науан. Жылама! Оның не? Дардай жігіт емессін бе?.. Эне, өкіл келе жатыр. Жасынды сүрт.

Бакат (*кіре бере*). Э, бала, бұрынғы кінәларың аздай, енді үрлық жасауға кірістің бе? Тұра тұр.

Сапар. Мен үрлық жасағаным жоқ.

Бакат (*қатты*). Енді кім? Сен болмағанда мен бе енді?! Тактайды қайдан алдын?

Сапар. Мелдес ағай түсіртіп беріпті... Олла-
билла!..

Бакат. Эд, сенің «олла-биллаң» не, а? Сен өзің бі-
реке «хан» ойнайсың, біреке аллаға сиынасың... Ишь
какой?!

Сапар. Аузынан байқамай шығып кетіпті. Қеші-
рініз.

Бакат. Сен үрлыхты да байқамай істеп жүрген
боларсың?

Науан. Өкіл жолдас, менде бір ауыз сөз бар... Се-
ні тақтай үрлады деп жазғыра алмаймын, Сапар. Сен-
беймін ондай сөзге. Сондай-ақ Мелдесті де жазғыра ал-
маймын. Оған да көзім жетпейді...

Бакат. Мениң де... Балалы-шағалы адам...

Науан. Тактайды біз алыстан тасып әкеп жатыр-
мыз. Колхоздың өз жыртығын бүтіндемей тұрып, Мел-
дестің маған түк деместен шешене кездескенде «көрер-
міз» деп мырзалақ жасауы мүмкін емес.

Мелдес. Е, бәсе, солай деші...

Сапар. Нәуке, бірақ солай болғаны рас, рас!

Науан (*тыңдамай*). Мениңше, мұнда бір жаңсақ-
тық бар ма деймін: колхоз мұлкіне арам қолын шын
сүкқан біреулер сенің үйінің қасынан өте бергенде, әл-
денеден қысылған да, аудара салған. Эйтпесе, ұзыннан
өші, қысқадан кегі жоқ Мелдес ағаң не себепті ондай
іске барады? Сені жыққанда не мұратқа жетеді? Ойлан-
шы өзің? Мүмкін емес.

Сапар. Мүмкін, солай болса, солай шығар... Қім
біледі.

Мелдес. Солай да, олай да емес.

Науан. Енді қалай?

Мелдес. Сапар тұра үрлап алып отыр тақтайды.

Сапар (*ышқынып*). Мен бе?

Мелдес. Тап сен!

Сапар. Оны кім көріпті?

Мелдес. Өзінің көршілерің көрген. Өтеген, Қар-
ғаш...

Сапар. Қарғаш қазір мектепте рептиция жасап
жатыр. Алып келіп беттестірсем, ұялмайсыз ба?

Мелдес. Мен ұялмаймын. Бірақ өзің қарабет бо-
лып қалып жүрме.

Сапар: «Қарғаш! Қарғаш!»— деп жүгіре шығады.

Шам сөніп, қайта жанғанда мектеп класының бір
бүрышы көрінеді. Мектеп күтүші әйел класты сыпырып жатыр.

Сапар. Шеше, басқалар қайда?

Әйел. Отырып-отырып, тарап кетті.

Сапар. Қарғаш келді ме?

Әйел. Келмей қалған сол Қарғаш болды ғой деймін.

Сапар. Оған не болды екен? Хабар алған жоқ па?

Әйел (*дұдәмал*). Алды ғой деймін.

Сапар (*паузадан соң*). Сіз бір нәрсені менен жасырып тұrsыз... Айта беріңіз.

Әйел. Қарғаш келмеген соң, үйіне адам барған еді... (*Ар жағын айта алмай бөгеледі*).

Сапар (*сәл үрейлі*). Ие, ие...

Әйел. Ұры мұғалім басқарған үйірмеге қатынаспаймын депті.

Сапар. Не дейді?..

Әйел жоғалып кетеді. Қайғылы музыка. Музыка соны әйел күлкісіне, еркек күлкісіне айналып кетеді. Сахна ала көлеңке. Өң мен тұс арасы секілді. Есептірекен Сапар көңілінің көрінісі іспетті. Сапар төменде, Мелдес жоғары ат үстінде тұргандай. Қолында қамшы. Сапар ұмтылмақ болады.

Сапар. Не сен, не мен тұрамын бұл жерде.

Мелдес. Жоқ, сен емес, мен тұратын шығармын бұл жерде. Ұры мұғалім!

Қамшыны үйіре беріп Сапарды тартып жібереді де, жоғалып кетеді.

Сапар құлап барып туゼледі. Тынышгүл көрінеді. Музыка.

Тынышгүл. Балам, саған не болған? Түсің бұзылып тұр ғой. Бір жерің ауырды ма?

Сапар. Жоқ, апа, саумын.

Тынышгүл. Үйге кір, бұл не жүрісің?

Сапар. Апа, жүктерді бу!

Тынышгүл. Неге, бәтір-ау?

Сапар. Кетеміз, көшеміз. Мұлдем көшеміз.

Тынышгүл. Қайда?

Сапар. Оны сұрама, апа. Әйтеуір, Мелдес пен Қарғаш тұрган ауылдан кетсек болды.

Тынышгүл (*бұрқылдан*). Осы ма, осы қыздан күдіктенуші едім, ақыры айтқаным келді. Мелдеспен ауыз жаласып кеткен түрі жаман еді. Анау көксау әкесі де «алпыс күн атан болғанша» деп жүріп, аузы топайдай боларын сезбейді...

Сапар (*ышқына*). Апа, айтпаши!

Тынышгүл (*шишинып*). Шырағым-ау, бетіне жара түсіпті ғой.

Сапар ұндемейді. Басын анасының төсіне салады.

(*Ашинып*.) Өй, шірік, көз жасынды көрсетпе деп едім ғой мен саған! Қарғаштан басқа қызыңып қалып па!
(*Төрғи жақтан Қарғаш үйінің терезесі көрінеді. Терезеде Өтеген.*)

Өтеген. Мұнай, Қарғаш, Қарғаш деп... мазаны алдыңдар ғой, әрірек барып үрсисындар!

Тынышгүл. Өй, тесік өкпе көксау неме, жұн-жұр-капың арасында ыңырысып жатушы едің. Ана Мелдес штке арқа тіреп, тірілейін деген екенсіндер.

Өтеген. Әй, қатын, шаптықпа өйтіп, Мелдес ел адамы. Тиіспе оған.

Тынышгүл. Мелдес! Мелдес! Мелдес емес, Арам сары ол иттің аты. Ел білмей атамайды. Сен болсаң, соның артына кіріп кеткелі жүрсің, кәрі қойдың жасындағы жасың қалды. Не жетпейді, сен қақпасқа!

Өтеген. Әй, қатын, қан жоса қылам, тарт тілінді!

Тынышгүл (*ерегісін*). Мен тартқанмен жүрттың аузына қақпақ қоя алмайсың. Дуние қоңыз Өтеген жалғыз қызын Арам сарының астына салып берді деп дүйім ел шулап жүр. Ал, кес барып солардың тілін.

Сапар (*ырышып*). Апа, айтпа дедім ғой мұндай сөзді, Қарғашта түк жазық жок.

Тынышгүл. Әрі кет әрі, ынжық неме, біз жүрген жерге тары ексе, көрейін мен бұларды.

Катты басып шыға жөнеледі. Терезедегі Өтеген де олай-бұлай карманып тәбелескес дайындалған адамның кейпін танытып кейін кетеді.

Сапар. Жок, сенбеймін! Қимаймын Қарғашты жамандыққа. Өсек! Өсек сөз мұның бәрі.

Осы кезде асыға басып Қарғаш келеді де, үйіне кіруге бет алады. Сапар ышқына барып, оны ұстап қалады.

Сапар. Жүр, Қарғаш, мен десен! Кетеміз!
Қарғаш (*үрейлі*). Қайда?

Сапар. Жүресің, Қарғаш, менімсен!

Қарғаш. Қой деймін, Сапар. Тұн ішінде. Ұят болады.

Сапар (қатты). Кімнен? Мелдестен бе?

Қарғаш. Ау, денің дұрыс па өзінің?

Сапар. Дұп-дұрыс, сап-саумын.

Қарғаш. Сапар, жіберші қолымды. Ауырттың.

Сапар. Қарғаш, мына айдай әлемге айқайлап айтам: жақсы көрем сен! Өмірлік жарым деп қараймын саған! Иланшы осыған! Иланбасан, шарттың ең ауырын қойшы. Орындай алмасам, жолда қалайын! Мен десен, жүресің қазір, кетеміз бұл ауылдан!

Қарғаш. Жоқ, жоқ, атама ондай сүмдүкты. Ешқайда да бармаймын.

Сапар. Рас айтасың ба?

Қарғаш. Рас айтам, Сапар!

Қарғаш қолын жұлқа суырып алды да, ішке кіріп кетті. Сапардың салы суға кетіп, есекіреп тұр. Не істерін білмей дағдарған ол, терезенің алдына барды, жарыққа сығалады. Осы кезде Мелдес келеді.

Мелдес (қорқытып). Һайт!

Сапар (сөлк етіп, бұрыла қашып). Ойбай!

Мелдес. Оу, сен өзің қорқақ екенсің фой.

Сапар. Иә, тағы не айтайын деп едің?

Мелдес. Үрлікты тындырып, енді әр үйдің терезесін сығалауға шықтың ба?

Сапар. Қарғаштың үйі мен үшін «әр үй» емес.

Мелдес (мырс етіп). Дастанқанға кеш келдің, шырақ. Бұл үйде саған қалған сыбаға жоқ. Жолама Қарғашқа!

Сапар (төніп). Дастанқан, сыбаға деген не сөзің?

Мелдес. Сөзім сол. Қалай түсінсөң солай түсін.

Сапар (ышқына). Ағаларым әскерге кеткенде, осы ауылда жалғыз қалып... есірген екенсін!

Мелдес (қатты). Эй, бала!

Сапар. «Бала» деме мені! Сендей шал болмасам да істемеймін иттікті!

Мелдес. Кім шал, а? Кім?

Сапар. Сен!

Мелдес. Мен кім екем, шал ма екем? Сұра ана Қарғаштан!

Бұл сөзді естіген Сапар, біреу үстінен суық су құйып жібергендей біраға дейіп сілейіп тұрып қалады да, содан соң тұра үмтыйлып,

Мелдесті жағадан ала кетті.

Сапар. Не дедің, ә? Не дедің? Қайта айтшы!
Мелдес (жүлқынып). Эй, өзін... Кет былай!.. Өй...
өй... Мынау қайтеді-ей! Сабай ма?..

Сапар. Өлтіремін!

Мелдес (айқайлап). Аттан! Аттан!

Сапар (жағаласа жүріп.) Қәне, қайта айтшы!
Қайта айтшы!.. Қарғаш кім, а? А?! Қарғаш кім?.. Мәсаған! Мә!..

Мелдес. Өй, мынау қайтеді-ей?! Өлтіре ме?.. Уа,
жұрт, аттан! Аттан!

Колина бақан ұстаган Өтеген жүгіре шығып, екпінімен келе Мелдес-
ті салып өтеді.

Өтеген. Бұл қайсың жеті түнде?.. Қане, жау қайды?
Жау қайда?

Мелдес. Оу, оу... Өтеке, бұл — мен ғой.

Өтеген. «Менің» кім?

Мелдес. Мелдеспін.

Өтеген. Солай ма?! Мен басқа бір ит екен десем.
(Ол енді Сапарға ұмтылып, оны да бір салып өтеді).

Сапар. Оу, әке, бұл — мен!.. Мен... (Басын қорға-
лады).

Өтеген. «Менің» кім?

Сапар. Сапармын... Менде тіпті кінә жоқ.

Өтеген. А-а, солай ма?! Мен сені басқа бір ит екен
десем... Ал, кәне, кім бұлік салып жүрген мына жеті
түнде?

Ол екеуіне кезек-көзек ұмтылып жүргенде Қарғаш шығады.

Қарғаш (жан үширып). Қөке!.. Қөке! Мұның не?

Өтеген. А!.. А!.. Жетітүнде мына біреулер... Басқа
жер таппағандай, осында кеп тәбелесіп...

Мелдес. Өтеке! мен емес! Мынау ит! Жағамды
жыртқаның қараши!

Өтеген. Дардай адамның жағасын жыртып...
Оның не?

Сапар. Дардай адамның айтқан сөзін естісөніз...

Мелдес. Э, бала... өзің бір...

Қарғаш. Сапар, үйіңе бар!.. Мелдес ағада шаруаң
болмасын. Үят болады.

Мелдес (арқа сүйеп). Мен мұны аяп журсем...
Осыдан құдайдың таңы атсын, өз қолыммен абақтыға
тығайын.

Сапар оған кайтадан ұмтылған еді, Қарғаш жібермейді.

Қарғаш. Сапар!.. Ақымак болма дедім ғой мен саған.

Сапар. Сен жайлы не айтып жүргенін білесің бе? Егер білсөң... бүйтіп қорғамас едің...

Мелдес. Не айтыпбын?

Өтеген. Мелдес ештең де айтпайды. Бәрін бұл-діріп жүрген өзің. Қарағым Мелдес, жүр үйге. Мына бала жазым қылар. Қалалы жерде шайка болады дейтін. Бұл содан да сау емес.

Қарғаш. Жүріңіз, Мелдес аға!

Мелдес (үйге беттей берे). Құданың құдіретін, мына баланың қылығын-ай, ә? Сендер болдындар, әйтпесе, жерге қағып жіберетін едім!

Сапар. Қарғаш!

Қарғаш сөл бөгеледі де, басқалар ішке кіріп кетеді, осы кездे жылап-еніреп Алмас шығады.

Алмас. Апа!.. Тәте!.. Арам сары тағы келді! Қудеймін оны!.. Қуып жіберші!

Қарғаш. Алмас! Жүр үйге!

Алмас. Бармаймын!.. Арам сары тұрған жерге бармаймын! (Алмас енді ғана Сапарды көріп). Жүрші, Сапар аға! Ол тағы келді... Жүрші, Сапар аға... Жүрші... Қуып шығайықшы екеулеп ана Арам сарыны.

Қарғаш. Сен қоясың ба, жоқ па? Әлде, бір нәрсе көргің келіп түр ма?

Алмас. Қоймаймын! Келмесін ол! Неге келеді?! Келмесін! Керегі жоқ ондай жезденін... Керегі жоқ, керегі жоқ.

Қарғаш. Жүр үйге, жүгірмек!

Сапар. Алмас...

Қарғаш (зекіп). Сөйлеме оған!.. (Алмасқа.) Жүр деген сон, жур! Тапқан екенсің! Қара мынаны!

Алмас. Бармаймын!.. Сапар аға, ұрысшы Қарғаш-қал Неге келтіреді Арам сарыны? Келтірмесін... Ұрысшы! (Қарғаш оны жүлқылап сүйрей жөндейді.) Бармаймын! А-а-а!..

Сапар (ұмтылғысы кеп). Қарғаш!

Алмас. А-а-а... Сапар аға... а-а-а...

Қарғаш оны жүлқылап алып кетеді. Сапар қайғылы тұрып қалады.

Сапар. Қарғаш! Тұған аулым «Сұлуқияға» сен деп көлмене не едім. Бірақ келгениен кейіп сен деп қана тірлік кештім. Сен деп қырларды кездім. Сен деп Есіл-

дің тогайын араладым. Сен деп қуандым да, сен деп қамықтым. Мына жайнаған дүниенің сенсіз сәні жоқ болды. Сен болмасаң, мен үшін жарқырап күн де шықпайтын секілді. Жайқалыш гүл де шешегін жармайтын секілді. Сылдырап акқан өзенде де түк мағына жоқ еді. Карғашкан, соны сен түсіне алмадың. Бағалай алмадың. Қашанга дейін шыдаймын, жеткен жерім осы болды. Түк өкпем жоқ. Кінә кияға көтеріле алмаган өзімде. Қайда бармайын, қай жерлерде жүрмейін, әманда бақытты болуыңды тілермін. Қош, Қарғаш!

Осы кезде арқалаган жүгі бар Тынышгұл шығады.

Тыныш гүл. Жүр, балам... Өз үйінен айдал шықты деген осы да.

Сапар (*паузадан соң*). Жүр, апа!

Екеуі де қайғылы пішінмен қол ұстасып шығып кетеді.

Сәл паузадан соң шырылдан жылап Алмас шығады.

Алмас. Қалмаймын дедім, қалмаймын мен бұл үйде. Сапар аға-а-а! Қайдасың, Сапар аға?!

Жүгіріп Өтеген өтеді.

Өтеген. Өй, жүгірмек, қайт дедім ғой мен саған!
(*Біраздан кейін асығыс Қарғаш шығады.*)

Қарғаш (*алқына*). Сапар!.. (Олай-бұлай жүгіріп.)
Гағдыр осылай болды! Не істейін! Не дейіч саған?
(*Жылап түрган Қарғашты үйден шыққан Мелдес қолынан жұлқи тартып, ішке алып кетеді. Музыка. Пауза.*)

Диктор. Осы оқиғадан соң көп жыл өтті. Есіл талай тасыды, талай сабасына түсті. Өстіп елінен кеткен Сапар егдейіп барып он сегіз жыл өткен соң тағы да аулына оралды.

Шам қайта жанғанда сол баяғы Қарғаш үйінің сыртын көреміз. Бірак, үй бұрынғыдай емес, уақыт ізі түскен, көнерген. Сахнага біз бірінші бөлімде көрген егде Сапар шығады.

Сапар (*музыка фонында*). Сұлуқия! Неткен сұлу жер едің! Сенің күнің басқаша шығып, басқаша бататын еді. Самалың да басқаша желліп, бораның да басқаша соғатын. Тоғайларың да басқаша бүрлеп, басқаша көгеретін. Қекегің де басқаша шақыратын. Осы бір тұста Есіл де өзгеше кемел толқып, бүйралана ағушы еді.

Көшедегі қияң да басқаша, ешбір жерге ұқсамайтын. Мен саған сәби құлкім мен көз жасымды қалдырыған едім. Куанышымды, күйінішімді қалдырыған едім. Тау өзеніндегі дүрліге тұтанып, өзегімді өртеген алғашқы махабbat, сәтсіз махаббатымды қалдырыған едім. Қайдасың, Қарғаш?

Мен мұндамын дегендей Нұргұл көрінеді.

Ә, сен Нұргұл екенсің ғой! Қеле ғой! Қел бері! (*Құшақтан*.) Сен маған сондай ыстықсын. Өйткені, сен бұдан он сегіз жыл бұрынғы аумай қалған Қарғаш секілдісің. Сондықтан да ынтықпын.

Құшагын жайып Алмас келеді. Оның енді соқталдай жігіт болған шағы.

Алмас. Сапар аға! Аман-сау оралдыңыз ба туған жерге?

Сапар (*үңіліп*). Сен кімсің? Алмаспсысың? О, кел бермен, Алмас болсаң! (*Құшақтасады. Сапар қарманың қалтасынан конфет алып Алмасқа ұсынады.*)

Алмас. Бұл не, Сапар аға?

Сапар. Конфет.

Алмас (*куліп*). Сапар аға, сіз тіпті, немене, мені бокмұрын бір бала көргеніңіз бе?

Сапар. Азамат болғаныңды естігем. Бірақ менің көңілімде сен баяғы бала қалпында қала бермексін.

Конфетті не істерін білмеген Алмас Сапардың екінші жағында тұрған Нұргұлға ұсынады.

Ә, мұның реті жаңа табылды.

Нұргұл. Рақмет, Сапар аға!

Сапар. Рақметті берген кісіге айту керек.

Нұргұл. Сіз болмасаңыз бұл кісі конфет беріп мені жаман үйретпеген.

Алмас қызылыңырап қалады. Нұргұл шығып кетеді.

Сапар. Нұргұлде жазық жоқ, Алмас. (*Алмас бір-деме демек болып еді, сөзін бөліп*.) Кінәлі болсам, мен болармын, биікке көтеріле алмаған. Кінәлі болса, Қарғаш болар тәменге түсе алмаған, кінәлі болса Арам сарай...

Алмас (*сөзін бөліп*). Құдай ақы, атамаңызы.

Сапар. Ал Нұргұлде түк күнә жоқ. Жетім етпе, қанатыңың астына ал туған жиенінді. Естідің бе!

Алмас. Естідім, Сапар аға! Айтқаныңыз екі болмайды.

(Сыртта Нұргұл даусы.)

Нұргұл. Мама, Сапар аға келді! Сапар аға... Мама! Мама!

Осы кезде екінші жақтан сәл жүдеу, картайған Қарғаш көрінеді. Алмас жоғалып кетеді.

Қарғаш (өзі ойда, даусы). Қөрсем деуші едім сізді көптен бері. Алдыңыздан өтіп, кешірім сұрасам деуші едім. Адам жас кезінде, албырт кезінде ненің қадірін білген?! Ой-акыл көзін жіберіп, не нәрсені түсінген? Сайтан көбелекше жылтырағанның бәрін от деп санап-пыз да, теренде жатқан шын асылды танымай, шын сезімді елемей теріс жолмен кетіппіз... Адамдар неге туңбейді еken осы бірін-бірі? Жүрек түбіне тереңірек неге бойламайды еken осы? Қөнілдің қандай еkenін танып, жүрек сырларын білуге тырысса, адалдық та, арамдық та жарық күнге шыға келген болар еді. Сонда арамды адал деп, ал шын асылды жылбысы деп кор санап, адаспаған да болар едік қой. (Кете бастайды.)

Сапар. Тоқташи, Қарғаш! Бұл өмірдегі әнім сен едін! Ұзбеші оны! Таусылмасын ән! Сөнбесін күн!

Қарғаш. Қош бол, Сапар!.. Сен де менің әнімсің! Айтылмай қалған әнімсің!

Қарғаш кетіп, Сапар кайғырып тұрып калады...
Осы кезде сахна сыртынан жастаңдың шатты даусы, көңілді күлкісі естіледі. Сапар селк етті. Осы бір бақытты дауыстарға қызыға құлак түрді...

Сапар (өзі үнсіз, ойлы. Даусы естіледі). Бір кезде мен де сендер секілді жас болғанмын. Қеудемде шалқып алғашқы махаббаттың оты да жанған. Бірақ аялар шын иесі табылмады. Соған мен де өкінем. Қарғаш апаларың да өкінеді. (Пауза). Сыйласа қөріндерші, шырактарым! Біріңің бірің жан дүниелеріңе тереңірек үніліп, ұғыныса біліндерші! Жер қазасындар ма, мал бағасындар ма, болмаса, әлемнің кең қиырларына жол салып, жаңалықтар ашасындар ма, ол өз алдына, жүректеріңді шын тулатқан асыл махаббаттың болса, жас нәрестедей әлпештеп, аялай қөріндерші! Адам әманда жоқты іздейді. Барды «бар еken», «молды мол еken»— деп ойламайды. Іздемейді. Сендер де сондай-сындар. Бойларында шып-шып шүпілдеп тұрган мөлдір сезім бар. Мол сезім. Соны абайсызда білместіктен төгіп ала көрмендерші! Ен табиғаттың ішінде махаббат адамға гана берілген. Ұлы жүректен ғана орын тапқан

ол. Жүрек біткеннің бәрінде сол асыл махаббаттың отылаулаш тұрса, жарқырап күн де шығады, жасаның көктем де келеді. Жылатып ала көрмендерші сол асыл нәрестені!

Ал мас пен Нұрғұл катар шығып Сапардың колтығынай аллады. Олардың соңынан картайған, үсті алба-жұлба Арам сары шығып баспалап қарайды.

Шымылдық.

ҚЫР ГҮЛІ

ЕКІ ПЕРДЕЛІ ДРАМА

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Сағындық — революция жолындағы жас азамат
Нарша — Сағындықтың қалындығы
Гарпед (Карпов) — Сағындықтың досы
Әубекір — Сағындықтың әкесі
Әлти — бай
Күләйма — Әлтидің кызы
Дайша — Әлтидің әйелі
Әлғали — Сағындықтың жамағайыны
Боярский — казак-орыс байы
Омар — Әлтидің жандайшабы
Хабар — гимназия шәкірті.

Ауыл адамдары. Трактористер.

Окиға 20 жылдарда Қазақстанның солтүстігінде өтеді.

Жаз айының ашық күні. Егін арасындағы бұралан жолдың шаңын шұбалтып жеңіл машина келіп тоқтады. Ішінен ыргалаңқырап барып бір кісі шықты. Ол облыстық партия комитетінің жаңа секретары Николай Васильевич Карпов. Жер ортасынан асып, сарықіздір тартқан шағы.

Николай Васильевич машинадан үзанқырап барды да, төңірекке көз салды. Айнала көз жетер жердің бәрі көгерген егін. Қен сахараны қуалай сокқан ыстық леппен баюу толқып тербеледі. Обком секретары еңбек алақанынан жарабланған осы бір сұлу көріністі тамашалай ма, әлде өткен күннің басқа бір күнгірт елесін қуалай ма, томаға-түйік үзак тұрды. Машинадан тағы біреу шықты. Әлғали Төпенов — совхоз директоры. Оның да самай шашы ағарған. Бетінде өжімнің қалың ізі бар.

Әлғали жаій басып Карповтың қасына келді. Ол да шалғай қайқацға көзін қадады: Бір бетте ай-

далған ақыз. Жабынқы жалғыз мола. Басына койылған белгі кисайып қирап қалған. Сол молага тұмсығын тіреп трактор түр. Бірі малшы, бірі тракторист қыл-қызыл дау үстінде. Дауыстары еміс-еміс талып естіледі.

Малшы. Кой дедім гой мен саған!

Тракторист. Ал, мен саған былай түр дедім гой.

Малшы. Былай тұрмаймын мен.

Тракторист. Онда маған өкпелеме.

Малшы. Өкпелегенде не істейсін?

Тракторист. Бұрылмаймын. Қиратып, басып кетем...

Малшы. Ал, кәне, баса гой.

Тракторист. Басам дедім, басам. Басып кету түк те емес маған.

Ушу. «Баса алмайсың!» «Басам!» Карпов пен Элғали осылай карай беттеді.

Карпов. Бұл не шу?

Малшы. Е, мынау сәупік өзеуреп болмайды.

Элғали. Жөндерінді айтындар. Бұл кісі Николай Васильевич Карпов — Обкомның бірінші хатшысы.

Малшы. Мен бұл жерде мола бар, айналып өт деймін. Ал мына ант атқан көнбейді. Моланы да, сені де тапташ кетем дейді.

Карпов. Мола таптағаны қалай?

Тракторист. Мола болғанда... Бұл мола... Бұл моланы осы жердің адамдары бай баласының моласы деген.

Карпов (елеңден). Кім деген байдың баласы екен?

Элғали. Руы Самай, Әубекір деген бай болған, Николай Васильевич...

Карпов (ойланып). Э... Э... Құркенің Әубекірі ме?

Элғали. Иә тап өзі...

Карпов (ойланып). Құркенің Әубекірі... Сонда бұл жерде жатқан Сағындық болды-ау?

Элғали (таңырқап). Біледі екенсіз гой, Николай Васильевич.

Карпов. Білгенде қандай! Бұдан қырық жыл бұрын осы жерде болғаным бар... (Трактористі қасына шақырады.) Сөйтіп, моланы айналып өтуге болмайды дейсін?

Тракторист. Болмайды дегендес...

Карпов. Жо... Жо... Құмілжіме...

Тракторист. Иә, рас еді.

Карпов. Айналып өтуге болмайтыны — бұл жерде жатқан бай баласы? Солай ма?

Тракторист. Со-со-лай...

Карпов. Қай жақтан келген едіңіз мұнда?

Тракторист. Одессадан...

Карпов. Э, Одессадан?.. (*Салмақтан*.) Одессадан келген екенсіз ғой? Ал Одессадан келген жігіт, сіздің есіміңіз кім сонда?

Тракторист. Николай.

Карпов Николай? О, аттас болдық онда. Сіз де Николай, біз де Николай. (*Қарқылдан күледі*.) Екі Николай кездесіпіз ретіменен. Сонда сіз моланы таптап кетесіз? Ана малшыны да таптап кетесіз?

Николай. Кешіріңіз. Қателік болды.

Карпов. Ал, сіз бұл жерде қандай байдың баласы жатқанын білесіз бе?

Николай. Жоқ, білген емеспін.

Карпов. Ендеше тыңдай бер. Бұл бұдан кырық жыл бұрын болған оқиға...

ШЕГІНІС

БІРІНШІ БӨЛІМ

Әлти—осы өңірдің үлкен байы. Сағындықтың экесі Әубекірмен құда болып, көнілді жүрген шагы. Қызы Күләйманы гимназия шәкірті Сағындыққа косса, орыс, казақ арасында өрісі кенеяді, мәртебесі өседі. Қазір Әлти өз үйінде, өз жақыны Омар пысық екеуі осы жайды әңгіме етіп отыр.

Әлти. Күйеу баланы осында келеді дедің бе? Оны саған кім айтты?

Омар. Тәйкеттің Сүлеймені. Макөшінге барған екен, Сағындықты вокзалда көріпті...

Әлти. Қо-ош!

Омар. Қасында бір орысы бар дейді.

Әлти. Қо-ош?

Омар. Беті осы ауыл дейді.

Әлти (*ойланып*). Ой, Омар...

Омар. Ләббай, Әлеке?

Әлти. Сол Сағындық баланы қайда оқиды деді осы?

Омар. Кетрампор шаһарында. Қасым баласы Хабар барғой, сонымен бірге кемназияда.

Әлти. Ана өзіміздің дөндегі шоғадағы бай Қасымның Хабары ма?

Омар. Дәп солай. Екеуі бір бөлмеде жатып оқиды.

Әлти. Сонда күйеу бала кім болып шығады екен?

Омар. Анада Әубәкір осында құдалыққа келгенде бір сөзінде: балам кемназияда, аман болса, ақ патшаның көмекшісі болады демеді ме?

Әлти. Ақ патшаң құлаған жоқ па еді?

Омар. Жай қауесет пе деймін. Әзірше тыныштың ғой.

Әлти (*ойланып*). Эу, сонда күйеу бала ақ патшаның көмекшісі болса, мына мен — Әлти бай ақ патша көмекшісінің қайын атасы болам-ау, сонда.

Омар. Әлбетте, Әлеке. Енші алласы ішінде, болып тұрсын.

Әлти. Қатен... Әй, Қатен...

Дайша кіреді.

Дайша. Мені шақырдың ба?

Әлти. Сен мына жаман шалыңың кім болайын деп тұрганын білдің бе?

Дайша. Түсімде ақ боз атқа мініп жүр екенсіц. Тәүікке жорытсам, сіздің үйдегі кісінің мәртебесі өседі, ақ патшаның оң тізесінде отырады деді.

Әлти. Міне, міне... Қатын, дәп өзі. (*Күледі*.) Ал, Құләйма кайда?

Дайша. Құләйма осында, біздің үйдің кісісі.

Әлти. Дайында ендеше. Қүйеу балаң келе жатыр.

Дайша. Жақсы... Дайындаіын.

Шыға бастайды.

Әлти. Жоқ, тұра тұр, қатын... Әлгі күйеу бала келеді ғой... Сонда Құләймага айтып қой, бетімен сөйлеп қойып жүрмесін. Қөп күлмесін.

Дайша (*курсініп*). Айтудан кінә жоқ-ау, біздің үйдің кісісі. Құдай тағала (*басын көрсетіп*) мына жерге бірдеме бермеген соң, не амал бар.

Әлти. Жә, жә, өз қызын туралы өзің сөйдейсін, басқаларға не жорық. Бар айтқанды істе.

Дайша шығып кетеді.

Омар?

Омар. Ләббай, Әлеке?

Әлти. Қонаққа қой сойғанымыз жөн болмас... Ана тор дөнен дұрыс шығар?..

Омар. Ана таңын қасқыр тартқан дөнен бе? Жок, ақ шаша көмекшісінің қайын атасы болайын деп отырып... таңын қасқыр тартқан... жо... үят болады, байекесі. Ана ту жүрген көк бие дұрыс...

Әлти (*ойланып*). О да жөн екен-ау... Ай, Омарымай, сені осы ақылың үшін ұнатам ғой...

Омар. Е, әрине, естіген елден үят қой. Таңын қасқыр тартқан байтал сойып...

Әлти (*Омарды сөйлетпей*). Жә, жә... Ал енді күйеу баланың алдынаш кім шығады?

Омар (*ойланып*). Күйеу баланың алдынаш ба? Күйеу баланың алдынаш... Күйеу ба... Эңа, күйеу баланың алдынаш Бірімжан шықсын...

Әлти. Таптың, Омар. Күйеу баланың алдынаш Бірімжан шығады. Ал, келіп есік алдына тоқтағанда аттың басын Қасым ұстасын.

Омар. Жөн, Әлеке, Қасым ұстайды...

Әлти. Ал, арбадан қолтықтап, арбадан қолтықтап бар ғой өзің түсіресін.

Омар. Жөн, Әлеке, өзім түсірем.

Әлти. Ал, үйдің есігін Шәбден ашады.

Омар. Жөн, Әлеке, есікті Шәбден ашады.

Әлти. Тоқта, Омар... Ойбай-ау. Паянтозды кім төсейді? Паянтозды ұмытып барады екенбіз ғой...

Омар. Құдай-ау, естен шығып кетіпті ғой паянтоз дегенің, әрине, Әлти бай күйеу баласын паянтоз тәсеп қарсы алмаса... Сүмдыш қой... Сонда паянтозды ма? Паянтозды... Мына мен өзім төсейін...

Әлти. Ә?!

Омар. Иә, иә, ең алдымен паянтозды тәсеп жіберіп, сосын күйеу баланы былай қолтықтап...

Әлти. Ә, дұрыс енше... Таптың, Омарым, he, hіm. Ең алдымен қайын ата болып алайын... былайры жүртпен қалай сөйлесуді білеміз ғой сосын.

Омар. Әлбетте, Әлеке.

Әлти. Қымызды өзім сапырам...

Омар. Әлбетте, қымызды өзің сапырасың.

Әлти. Аяқты сен әпересің...

Омар. Ә?

Әлти. Аяқты сен әпересің деймін.

Омар. Әлеке, сен қымыз сапыр, мен аяқ тасын, сонда күніміз не болады? Күйеу бала түгіл, құдай бол-

са да, жұрт артын ашып күлмей ме? Жок, қымызды мен сапырам. Аякты балалардың біріне тасытамыз.

Әлти. О да жөн екен-ау. Эй, Омарым-ай, тауып кетесің осындайда. Ал, жүр онда дайындала берейік.

Омар. Ә жүр, жүр, Әлеке.

Екеуде шығып кетеді. Құләйманы жстелеп,
Дайша келеді.

Дайша. Ал, олай дейтін болсан, әкеңдің өз аузынан естіші не дегенін. Жүр былай қарай.

Құләйма шегіншектей береді.

Әй, біздің үйдегі кісі, мына қызына бірдене десеші. (Аңырып.) Қотек, біздің үйдің кісісі жоқ па? (Құләймаға.) Ойбай-ау, мына сорлыға не болған, жүр дейміч. Қүйеу баланы кім деп ойлайсың өзің?.. Кетрампорда оқып жатқан төре.

Құләйма. Төре болса қайтейін. Қүйеуге тимеймін дедім, тимеймін.

Дайша. Неге тимейсің? Сонда не, кәрі қыз атап, осы үйдің босағасын құшақтап өтесің бе?

Құләйма. Еркектердің бәрі ит, алдайды.

Дайша. Өй, жап аузынды.

Құләйма. Жаппаймын. Өтірік пе? Тұнде қасыңа келіп, қол салғанда айтпайтыны жоқ. Ал, ертеңіне... Ал, ертеңіне түк көрмегенсіп шайын іshedі де аттанып отырады.

Дайша. Қой деймін, қызыым, мына сөзді әкең ести көрмесін.

Құләйма. Естісе қайтейін, қонақ түсірмендер онда.

Дайша (аярланып). Айналайын, ақылды өзі. Өстіп турасын айтады... Төре болғанда, басқа еркектің біріне де үқсамайтын төре. Сен білесің бе оның кім екенин?

Құләйма (жуасыңқырап). Жок.

Дайша. Білмесен, ана Самай ішіндегі Құркенің Әубәкірі барғой... Соның баласы.

Құләйма (өзгеріп). Әлгі өткен қыста біздікіне келген жігіт пе?

Дайша. Иә, сол. Дөндегі Шоғадағы Қасымның Хабарымен бірге келіп еді ғой!?

Құләйма (өзгеріп). Хабар жаман.

Дайша. Хабар жаман болса, жаман бола берсін. Ал, Сағындық оқыған, ақылды бала.

Құләйма. Сағындық!.. (*Күледі.*) Апа, мен онда киінейін.

Дайша. Бар киін, жаным. Бәрін де дайындал койғам...

Құләйма кете бастайды.

Ау, балам, Құләймажан?.. Сағындық келгенде, әрине, екеуіншің бір онаша қалатын кезің болады. Сонда бай-каулы бол. Бетімен сөйлем қойып жүрме.

Құләйма. Апа...

Дайша. Эу, құлымын?

Құләйма. Экеммен ең алғаш кездескенде не дедің сонда? Айтшы?

Дайша (*куліп*). Не дейін, түк үндемей жүзімді төмен салып, тұра бердім. Жоғары қарауға дәтім шыдамаған. Ұялғам сондай. (*Күләйма сықылықтан күледі.*)

Бар, Құләймажан. Қиімінді киіп, әзірлене бер.

Құләйма шығып кетеді. Омар келеді.

Қайын інім, ал не болып жатыр?

Омар. Бәрі әзір, женеше. Қүйеу баланы қарсы алу жабдығы түгел ойластырылды. Жылқыға кісі кетті.

Дайша. Қонақ келгені осы емес қой. Ас табылады ғой бұл үйден. Мен мына өз баламның жайын ойлап, қамығам.

Омар. Қырық жетіні байлап матап алып отырғаның мынау, не қамығатыны бар? Әубәкір ақылсыз адам емес. Қіммен құда болғанын біледі.

Дайша. Қайдам, қайным. Жүргегім сонда да төп. Ел-жүрттың алдында масқара болмасак...

Омар. Қам жеме деймін, женеше. Екі баланы жағыстыру жағын маған тапсыр.

Дайша. Олай ете алсан, қалағаның болар еді ғой.

Омар. Бір айғырдың үйірі...

Дайша. Болады, қайным. Біздің үйдің кісісінің берері өз алдына. Қызынан малын аямайды.

Омар. Үәде құдай аты...

Дайша. Үәде құдай аты, қайным...

Әлти келеді.

Әлти. Құн екінді болды. Қүйеу баланың келер шағы да жақындал қалды-ау, ә, Омар?

Омар. Иә, Әлеке, құдай біледі, дәл қазір Қөсеней қыстауынан бері асты.

Әлти. Ал ендеше, Омар, күйеу бала келмей тұрып,

екінді намазын оқып алайық. Катын, жайнамаз қайда?

Дайша су өзірлейді, жайнамазды дайындайды. Екеуі алда. Дайша кейінрек намаз оқи бастайды. Осы кезде сырттан жүгіріп бір малшы келеді.

Малшы. Сағындық тоқтамады. Өтіп кетті...

Әлти (*намазды бұзып*). Не дейді? Оны саған кім айтты?

Малшы. Өзім көрдім. Сиыр жайып жүр едім. Жекені қос ат. Қөшірде бір жігіт. Ал қасында бір орысы бар. Қара жолмен құйғытып былай өте шықты. Біздің ауылға көз де салған жоқ.

Әлти. Не деп тұр мына сорлы? Өз көзіңмен көрдің бе? Сағындықты танушы ма едің?

Малшы. Танымаганда ше?

Әлти. Сенің де танымайтының болсайшы бір.

Омар (*екі жағына кезек қарап*). Ассалау мағалейкүм, Рахметолла. Ассалау мағалейкүм, Рахметолла! Әлеke, саждаға басынды сал. Намазың бұзылды.

Әлти. Мынау ит емес пе, намаз үстінде кеп айтып...

Малшы: «Мен білмедім ғой, байеке, мен білмедім ғой, байеке», — деп шегіншектей шығып кетеді. Ушеуі тағы намазға бас қояды.

Дайша. Жол ауыл іргесінен өтеді. Таққа тастам жерге келіп, қалайша ат басын бүрмайды?

Әлти. Әшадан лә иләһе еллалла. Мен де соған қайранмын.

Омар. Элеke, намаз бұзылды.

Әлти (*ашууланып*). Бүйткен намазы құрысын!

Омар. Құнә, Элеke, құнә.

Әлти. Эй, сен осы қашанин бері сұфы бола қалғансың?

Омар. Бәрі де құдай ісі.

Әлти. Э, құдай ісі болса, кейін дұрыстап оқып, күнәмізді жуармыз. Ал, сен қазір Әубекірдің аулына аттан. Қүйеу бала не хабармен келді екен? Ау-жайы қалай екен? Соны біл.

Омар. Женешем айтқаны болады ғой?

Дайша. Болады делінді болады. Біздің үйдің кісісі баласынан мал аямайды дедім ғой.

Әлти. Мал аямауды аямаймыз-ау, бірақ сен ауызды молырақ ашқан екенсін.

Омар. Олай болса, өздерің біліндер. Көлденең іске күйініп отқа түсер жайым жоқ.

Дайша. Эй, біздің үйдің кісісі-ай. Жоқ жерде тарыла қалатын әдеттің бар-ау. Қызыңың қызығынан аяғанынды ертең көрге әкетпексің бе?

Әлти. Аяп отырмын ба, сөздің сірәғысы ғой...

Дайша. Сірәғысы болса, қайнамның қалауды орындалады.

Омар. Ал ендеше, мен отырмайын.

Әлти (*зорланыңқырап*). Ал жарайды, Омар, жолың болсын!

Омар кетеді. Сахна қараңғыланады.

2

Әубәкір байдың арнап тіктірген отау үйі. Есік алдында Әубәкірдің өзі. Қөзін қалқалап, алысқа қарайды. Қасында бір топ ауыл адамдары.

Әубәкір. Апыр-ау, рас Сағындық па келе жаткан?

Ауыл адамдары. Рас, Әуке, дәл өзі.

Әубәкір. Жолда атасына барыш сәлем беруге тиісті еді. Мұнысы қалай болды екен?

Ауыл адамы. Білмеген шығар...

Әубәкір. Қайтып білмейді?..

Шапқын келеді.

Шапқын. Жолаушылар жақындаш қалды. Алдын шығындар.

Ауыл адамы. Алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы шал алдынан шығар деген. Әуке, балаң келе жатыр, ал, кәне, баста.

Әубәкір бастаған топ сыртқа ойыса береді. Сахна босаған кезде екінші жақтан Сағындық пен Гарпед шығады.

Сағындық. Ал, Гарпед мырза, келістік қой? Бір оқ шығармайтын боламыз.

Гарпед. Келіскенде қандай, Сағындық Аубакиро-вич, ең аяғы ит тұмсығы да қанамайды. (*Алты атарын алып, қайта қабына салады.*)

Сағындық. Е, жөні осы... (*Ekeyi де қарқылдай күледі. Сағындық келген бетте жапырлап әлгі топ келеді.*)

А уыл адамы. Сағындықжан-ау, біз сені ана жақтан іздеп жүрсек, мына жақтан шығыпсың ғой.

Сағындық. Әкем қайда?

Әубәкір келеді.

Әубәкір. Е, жаратқан ием, бергенінен айналайын!.. (Сағындықтың құшақтап, маңдайынан сүйеді. Амандық сұрасады. Оқыстан.) Сен осы жолда Әлти аулына соқпай өткенің рас па?

Сағындық. Әке, мен бұл жолы дем алайын деп келгенім жоқ. Тығыз шаруа бар.

Әубәкір (кейінкіреп). Не шаруа соншама, әкетіп бара жатқан! Анада әдейі хабар салдым, Әлти секілді бай ауылдың үстінен ат ойнатып өте шығура бола мекен, балам?! Үят жасағансың.

Сағындық. Үят болса, бірер күннен кейін әдейі барып ат басын тіреп, кешірім сұрармыз. Шаруа тығыз болған соң үйге жетуге асықтым.

Әубәкір (разы болып). Е, бәсе, Әубәкір нәсілі осылай болса керек еді.

Сағындық. Әке, сасқандықтан таныстыруды да ұмытып кетіппін. Бұл кісі Гарпед деген кісі. Морозовтың сізге жіберген арнайы делдалы.

Әубәкір. Ә, Мороз бай ма, Мороз байды білем. Бір жылы Қоянды жәрмеңкесінде табақтас та болғанмын.

Жұрт шуласып кетеді: Байекесі Мороздың өзімен де табақтас болған. Біздің байекен қайда бармады. Қорғанға да барған!

Әубәкір. Табақтас болғанда, тіпті қызық.

Дауыстар. Ие, ие, сондағыңызды айтыңызшы.

Әубәкір. Шәуешектен бір дұңған сәудегері шай әкепті. Алам деген ойымда жоқ, жай былай жөнін біле-йін деп барсам үстінде жанат ішік, басында құндыз бөрік, бір орыстың дәуі түр. Байқаймын, саудасы ұсақ. Шай жәшігіне дұңған бес сом сұрайды, орыстың дәуі үш сом береді. (Күлкі.) Сонымен жыным келіп кетті де: Әй, дұңған, неше жәшік шайың бар? «Жұз жәшік». Бары сол ма? «Мә ендеше бес жұз сомың»,— деп ақшаны сұрып тастадым да, жұз жәшікті арттырып алып жүре бердім. Сөйтсем әлгі дәуі Мороз байдың өзі екен.

Жұрт шуылы: Екі жұз қойдың құны-ау сонда? Біздің Әукең сөйтеді?!

Әубәкір. Содан Мороз бай екі жыл менімен араз

болып жүрді. Шөп шабатын машина, сайман әкел деп жіберген деддалымды катарынан екі жыл қайтарып жіберді. Ақыры үшінші жылда татуластық, әйтеур.

Гарпед. Ие, мен сонда Морозовтың қасында тұрғам. Сіз келдініз де, ай-түйге қарамастан кис жөнелдіңіз гой. (Күледі. Әубәкір де қүледі.)

Әубәкір. Ие, ие, сол жағында орта бойлы бір бала тұрып еді. Жөн-жөн, жаңа есіме түсті.

Гарпед. Ие, сондағы бала менмін.

Сағындық. Морозов Гарпедті сол бала кезінен бастап баулыған.

Әубәкір. Э, Мороз бай кісі тани біледі. Обалы нешік менің де көкжалдың ішіндегі осалы емес екенімді бірден таныды ғой. Соның арқасында арадан қыл өтпейтін дос бол кеттік.

Гарпед. Александр Иванович сол достығын салық етіп жіберіп отыр мені.

Әубәкір. Құлағым сізде. Мороз бай салық етсе, көтереміз.

Гарпед. Александр Ивановичтің салығы — мың лау астық.

Әубәкір. Мұның қарымы не сонда?

Гарпед. Астық тапсырғандар үшін үй басы бір-бір шөп машинасы, бір-бір ат тырнауышы, мың кез кездеме, қалғаны ақшадай. Ал осы істі үйымдастырғаныңыз үшін Александр Ивановичтің сізге арнайы сыйлығы тағы бар.

Әубәкір. Мороз бай бұл жолы шын көсілген екен.

Сағындық. Жұмысшылары ашыға бастапты. Морозов астыққа мұқтаж.

1-ші қара сақал. Біздің үйде былтырдан қалған бір қапшық бидай бар еді, бір шөп машинасын алғы қалар ма екем, байеке, соны бір жеріне тыға салышы.

2-ші қара сақал. Маған да бір шөп машинасы керек еді?

Гарпед. Астығының бар ма?

2-ші қара сақал. Жинаған тері-терсегім бар еді, соны алмас па екен Мороз бай?

Сағындық. Морозов байлармен ғана сөйлеседі. Орта шаруалармен сөйлеспейді.

2-ші қара сақал. Сағындықжан-ау, тіл білесін ғой, түсіндірсейші ана Қарпетіңе, тері-терсегі бар деп, шөп машинаға мұқтаж деп...

Әубәкір (2-ші қара сақалға ашуулана қарап). Өс-

тіп қосарланып отыратын әдетің сенің. Тері-терсекті қайтеді Мороз бай? Бар, итке таста тері-терсегінді.

Жұрт үндемей қалады. Соны сезген Әубәкір тез көнілденіп

Гарпед мырза, Мороз бай делдалын кісі таппай жібермеген болар. Мың арба деген не, тәйірі.

Жұрт та тез өзгеріп көнілденеді.

Гарпед. Морозов та «Аубакир Қуркинычка мың арба деген не, тәйірі»,— деп қалды.

Әубәкір (*Сағындыққа*). Балам, қағаз ал! (*Сағындық қағаз, қарындаш алады.*)

Бояр байға елу лау... Қебештегі Иван досқа қырық бес лау... жаздың ба?

Омар кіреді.

Омар. Элти байды қайда қалдырдың? Жаз оған да бір елу лауды.

Әубәкір. Е, Омармысың? Төрлет, Омеке? Төрлет! (*Сағындыққа.*) Иә, Омекен дұрыс айтады. Элти құдаға да елу арба деп қой.

Омар. Бірақ бір ғана шарты бар: Сағындық өзі келіп әкетеді.

Әубәкір (*куліп*). Элбетте, Омар, әлбетте.

Сағындық. Барған сайын елу лау шығарсаңыздар, Әлекенің босағасын тоздыратын боламыз әлі...

Ду күлкі.

Омар (*куліп*). Оқыған балалар, міне, осылай сөйлейді.

Гарпед. Морозовқа астық керек, астық шығатын жерге барудан біз жалықпаймыз.

Әубәкір. Ал, не жаздың, оқышы, Сағындық?

Сағындық. Боярский Никонор Слыч... елу лау... Қебештегі...

Әубәкір (*Сағындықтың сөзін бөліп*). Тоқта, балам... жоқ. Бояр байға елу аз болады, жетпіс лау деп қой.

Дауыстар. Ой, одан жұз лау шығады. Қаптесер емес пе?

Әубәкір. Жұз десең, жұз де ендеше. (*Гарпедке.*)

Гарпед мырза, ол өзі осы өлкенің шіріп жатқан шонжары. Эдсі апарып таныстырысам қалай болады?

Сағындық. Эбден дұрыс. Шаруаны сол Боярскийден бастайык.

Гарпед. Сағындық не айтса, сол болады. Мен карсы емеспін.

Жүрт копарыла береді.

Әріректе астық кабылдау пункті. Астық тасыған жүрт ерсілі-карсылы өтіп жатады. Гимназия шәкірттерінше киінген Сағындық өзінің сүйген қызы Наршамен кездеседі.

Сағындық. Амансың ба, Наршажан? Бүгін мен келгелі табаны күректей бір апта. Бір рет кісі жіберіп ем. Келмедің. Енді алып үшқан қөніл сап басылып, жүдеп қалған жайым бар еді. Тіпті көре алмай кетем бе деп те корқып ем...

Нарша көпке дейін үндемейді. Беті ашылмаған уыз ұяң қызың мінез-ибалағын танытып, жүзін тәмен салып тұрады.

Неге үндемейсін, Нарша?

Нарша. Үндегенде не айтайын, Сағындық. Көре алмай қалам ба деп мен де қорықтым... Қеледі ғой деп күтумен болдым...

Сағындық. Оның рас, Наршажан. Мен бірақ бұл жолы ауылға дем алайын, тынығайын деп келгем жок. Мойнымда үлкен жүк бар.

Нарша. Түсінбесем де, ет жүрегім сезген секілді соны. Шақыртып жатыр деген соң әдептен озып келіп тұрмын.

Сағындық (*tебіреніп*). Оқудың бітуіне бір-ак жыл қалды енді. Бірақ бір күн сенсіз тұруға халім жок, Нарша.

Сағындым сондай. Откен жылғы жазды есіме жі ала берем. Алты ай қыс армандаумен болдым. Жыл құсы қашан келер екен? Мен ауылға қашан барап екем деп армандап ем. Сол күнге жеттім, міне.

Нарша (*нұрланып*). Осы жуырда тұс көріп едім. Түсімде бір кең дарияның үстінде екенбіз деймін. Құдай-ау, кәдімгі өңімдегідей. «Сағындық, біз қайда бара жатырмыз»,— деп сұраймын. Сіз сонда: «Әне, алыс қырқаны көресің бе? Сонда жердің жаннаты иран бақ бар. Соған барамыз»,— дейсіз. Қөзім талғанша қараймын.

Бірақ шалқыған көк теңізден басқа ештеңені көре алмаймын.

Сағындық. Шалқыған теңіз — ол біздің болашак ұмырымыз фой, Наршатай.

Нарша (*мұқайып*). Корқам сондай, Сағындық. Сағындық. Неден?

Нарша. Сіз мен үшін аспандағы жүлдізбен тең секілдісіз. Қолымды бекерге созам ба деп корқам.

Сағындық (*куліп*). «Сен бай баласысың. Ал мен кедей қызымын. Сен қалада оқисың, ал мен ауылда тірлік кешкен, аздап мұсылманша ғана сауатым бар адамын...» Осы фой қорқатының?

Нарша. Рас, былтыр мұндай сөзді айтпа деп өтініп едіңіз. Сонда да ойыма орала береді.

Сағындық. Баяғы бір ескі әуен, бос күдік, Нарша. Махаббатта «бай», «кедей» деген ұғым болмайды. Махаббаттың өз байлығы бар. Онысы — шалқыған сезімі. Жүрек лүпілі. Байлық?.. Бар тірлігі мал түяғына бағынған мына кең сахарарада байлық деген не, тәйірі. Бір жылғы жұтқа төтеп бере алмайтын байлық. Оның үстіне заман да қазір басқа. Асан қайғы армандаған жер үйінде бет алып келеміз. Сонда көздің құрты — байлық та, ку сіңір кедейлік те жойылады.

Нарша (*оқыстан*). Біздің ауылдарды аралап жүрген ана орыс қонақ кім осы?

Сағындық. Әлгі маған еріп келген Гарпедті айттың ба?

Нарша. Ие, сол Гарпед.

Сағындық (*ыңғайсызданыңқырап*). Оны неге сұрадың?

Нарша (*ол да ыңғайсызданып*). Жай... Былай, жай сұрағаным фой...

Сағындық. Э, ол ма? Ол ана Екатеринбург қаласындағы бір алпауыт байдың делдалы. Орысша маклер. Қыр байларынан қожасына астық сатып алып жүр.

Нарша (*ойланып*). Саудагерге тіпті де ұксамайды өзі. Ондай саудагерлер осында келсе, сіздің үйге түсіп, Дмитриевкаға барса, орыс байларының үйіне түсіп, карта соғып, ішіп-жегеннен басқа түк бітірмеуші еді. Ал мына Гарпед болса, ылғи...

(Сағындық бір нәрсе айтқысы келіп оңтайланып түріп қалады. Соны Нарша сезе қояды.) Бірдеме айтқыныз келді фой деймін?..

Сағындық. Жок, жай. (Зорланып күледі.) Сау-

дагерлердің бәрі бірдей ме? Олардың ішінде мына Гарпед секілді парасаттылары да болады.

Колында телеграмма, Гарпед кіреді. Наршаны байқамайды.

Гарпед. Телеграмма, Сағындық Аубакирович. Телеграмма. Ондағы жағдай түзелейін деген.

Сағындық. Жағдай түзеледі екен деп жайбарақат болмайық, Гарпед мырза.

Гарпед (*шошынып*). Немене, сыйыс бар ма?

Сағындық. Орыс байлары тым самарқау. Аяғын басқысы келмейді.

Гарпед. Онда қалай болды?

Сағындық. Сіз Морозовтың деддалы болсаныз, әкем маған деддал. Қайтсөң де, орыс байларының қыбын өзін табасың деп елші етіп жібердім. Не шара, бұгінгі таңда бұдан басқа айла жок.

Гарпед (*куліп*). Деддал біткенге жарыдық кой. (*Ойланып.*) «Қунәні» тарих шіркін кешеді де. (*Наршаны байқап, сескеніп қалады.*)

Сағындық (*куліп*). Гарпед мырза, бұл Нарша гой.

Гарпед. О, Нарша ма? (*Жақынданап келіп, қолынан сүйеді.*) Нарша Гулхайыровна... Мына Сағындық Аубакировичті ертелі-кеш зарлатып қойған Нарша сіз екенсіз гой?

Нарша төмен қараған бойы, тағзым етеді.

Сағындық (*куліп*). Дәл сонын өзі.

Гарпед. Наршатай, Сағындық Аубакировичті енді зарықтыра көрмеңіз. Биыл, қалай болса да, Сағындық Аубакировичпен бірге қалаға келіңіз.

Нарша. Оны Сағындық біледі ғой...

Гарпед. Сағындық білсе, сол жаңағы мен айтқан. Ал, достар, сендерге кедергі жасамайың, кетейін...

Жүгіріп Әлғали келеді. Жас жігіт. Сағындықтың жамағайыны.

Әлғали. Әу, Сағындық деймін... Қайдасың, Сағындық?

Сағындық. Ие, Әлғали, не болды? Тыныштық па?

Әлғали. Әлти бай...

Сағындық. Не қылды дейді екен Әлти бай?

Әлғали. Сағындық келмесе, астық жоқ деп барған адамды қайтарып жіберіпті.

Сағындық. Элти байдың ол бір кұлығы да.
Гарпед. Енді қайттік?

Сағындық. Қайткені несі? Барамыз. «Астық шығатын жер болса барудан біз жалықпаймыз»,— деп айтқан кім еді осы?

Гарпед (*куліп*). Оны айтқан кісі осы төңіректен ұзап кетпеді ме деймін.

Нарша (*қолайсызданып*). Рұқсат етсеңіздер мен кетейін.

Сағындық. Жок, рұқсат жок, Наршатай. Кетпейсін.

Әлғали. Сағындық, әне, әкеннің өзі осылай қарай беттеп келеді.

Нарша мен Әлғали кете береді. Сағындық «Наршалап» Наршаның соңынан жүре түсіп барып қалады. Әубекір көрінеді.

Әубекір (*ұнатыңқырамай*). Гарпед мырза, айтыңызшы осы баланың не ойлағаны бар?

Гарпед. Ойы көп қой балаңыздың жете алатын болса, Аубакир Куркиныч.

Сағындық (*сасып*). Іс жаман басталған жок, әке.

Әубекір. Әкең кіріссе, іс жаман аяқталмайды да, балам. Ал, өз жайынды айтшы, не ойлағаның бар?

Сағындық. Не ойлайын, әке. Биыл оқуды бітірем, сонан соңғысын көре жатармыз.

Әубекір. Жок, көре жатқанды қой, балам. Жасың болса, міне, жиырмадан асты. Ата-анаң қызығынды көргісі келеді.

Гарпед. Аубакир Куркиныч, дұрыс айтасыз. Сағындық Аубакировичтің үйленетін уақыты жетті. Үйленде, қатыныңды қалаға алып бар, оқыт деп ылғи айтасын бұл жігітке. Заман талабы осы.

Әубекір. Деп айтасыз, Гарпед мырза. Осы өнірде өзімізбен босағасы тен Әлти деген бай бар. Құда болып отырмыз. Қелінімізде мін жок. Қөргенді жердің баласы жаман бола ма?

Сағындық (*шошынып*). Әке, о не дегеніңіз?

Әубекір. Дегенім деген.

Гарпед. Ұнатқаны бар ғой, Аубакир Куркиныч.

Әубекір. Ұнатқаны кім сонда? Орыс па, әлде ноғай ма?

Сағындық. Орыс та, ноғай да емес. Осы жердің қызы.

Әубәкір. Келген сайын әлгі қу сінір Жақыбайдың аулына барғыштай береді деп естуші ем. Таңба түсірме сүйегіме. Теніне бар.

Сағындық. Таңба түспейді сүйегіце, Бардың жоқ болуы, жоқтың бар болуы оп-оңай бұл заманда. Аласа босаға биіктеп, биік босаға аласара береді, әке.

Әубәкір. Астағыпрыалла, мына бала не деп кетті, Гарпед мырза?

Гарпед. Сағындық Аубакировичтің айтқанында жан бар. Қоңе заманның бар ғұлама философтары дүниесің баяныздығын айтып кеткен...

Әубәкір (*тіксініп*). Гарпед мырза, сіз осы Мороз байдың делдалысыз ба, болмаса мына қазақ сахараасына келген әзәзілсіз бе? Қімсіз?

Сағындық. Әке, бұл не дегеніңіз? Гарпед мырза бар болғаны шындықты ғана айтты ғой.

Әубәкір. Шындық-мындығыңызды білмеймін мен, Гарпед мырза. Балаға өйтіп жел берменің.

Сағындық. Өз жүргімің қалауы сол болса, қайтесің. Босқа жазғырма Гарпед мырзаны.

Әубәкір (*ойланып*). Олай болса, Мороз байға сәлем айтыңыз. Гарпед мырза, тілегін орындаі алмаймын.

Гарпед. Тым шүғыл кеттіңіз ғой. Біз райдан қайтық, Аубакир Куркиныч.

Әубәкір (*күліп*). Ә, мен де райымнан қайттым.

Сагындық (*қынжылып*). Дүниенің бәрі «мә саған, мә маған» сауда болып кетті ғой...

Гарпед. Саудасыз тірлік жоқ, жігітім. «Сен маған балта берсен, мен саған пышақ берем»,— түүтүү заманнан келе жатқан қағида.

Әубәкір. Делдалдығыңызды жаңа таныдым ғой, Гарпед мырза. (*Күлкі*.)

Дауыстар. Сықырлаған арба дыбысы. Өз нөкерімен Боярский келеді.

Боярский (*әртінірек таразы басындағы біреуге*). Әділ есеп адамды жақын етеді. Дұрыстап адап өлше астықты.

Әубәкір. О, Бояр баймысың, жақсы келдің.

Боярский (*қалжыңдан*). Жаңа үлкен үйіце түсіп, Аубакир Куркиныч қайда деп сұрасам, бәйбішенің отау үйде деп жауап береді. Мұныңыз қалай, Аубакир Куркиныч, Сағындық Аубакировичпен жарыстыра отау тігудің қай жағындасың, ә?

Бәрі де күліседі.

Әубәкір (*күліп*). Мынадай бір аңыз бар екен: қайтсе де ана сүтін өтеймін деп бір ер азамат шешесін арқалап Мекеге бара жатыпты. Талай жыл арып-ашып, жолаушылап кеп бір жерге дем алып отырса, бір жүргінші жолығысады. Жай-күйін сұрасып біліскеннен кейін әлгі жүргінші: «Е, бейшара ана, арып-ашып Мекеге барғанша, бір шал тауып алып үйінде жатпайсың ба?»— депті. Сонда әлгі әйел: «Ондай атты күн қайда? Оны білер үл қайда?»— деген екен. (*Күліседі.*) Сол айтқандай-ақ баламен жарыстыра отау тігетін баяғы заман қайда?!

Боярский. Ие, заман бұзылды ғой. Өтірік-шынын кім білсін. Қызылжарга да қызылдар келіп кіріпті деген қауесет бар.

Сағындық (*шошиңған болып*). Қой, бекер болар.

Гарпед. Бізге жеткен хабарға қарағанда Қызылжар қамалы берік.

Боярский. Э, маклер мырза, сіз де осында екенсіз ғой.

Гарпед. Мен енді қайда болуға тиісті едім?

Боярский. Маклер мырзаның жүріс-тұрысы маклерге үқсамайды деген де хабар бар. Жаңағы хабар се-кілді, лайым теріс бола көрсін.

Гарпед. Шүбәланбауыңызға болады.

Боярский. Шүбәсіз болса жүріңіз, осымен бүгін елуінші лау келді. Таразы басына барайық, көзіңізben көрініз.

Гарпед. Құп болады.

Гарпед жол бастайды. Боярский артыша қайырылып.

Боярский. Байқа, Сағындық Аубакирович. Түбінде біз сені ғана білеміз. Айтпады деме.

Сағындық. Бұрынғыдай емес, жоқ нәрседен се-кем алып жұқарайын дегенсіз бе деймін, Никонор Си-лыч.

Боярский. О да мүмкін. Заман солай. (*Кетеді.*)

Әубәкір. Балам, осы мені буынсыз жерге жұмсан жүрген жоқсың ба?

Сағындық. О не дегенің, әке?

Әубәкір. Заман болса мынау. Сол Кетрампорың да қағынып тұрған секілді көрінеді ғой. Түбінде осы астық баар жеріне жетпей қолды болса, орыс, қазақтың ақсақал, қара сақалына не бетімізді айтамыз?

Сағындық. Жол жайы күн ілгері ойластырылған.

Астықты станция басына жеткізіп берсендер болды. Ар жағын олардың өздері біледі.

(*Гарпед Боярскиймен алденеге таласып қалған секілді.*)

«Сағындық, бері кел!»— деген дауыс. *Сағындық кетеді).*

Әубекір. Осы Гарпед дегеннен қорқам. Саудагер адамға мұлде үқсамайды. Түбі балам орға жығылмаса жарап еді.

Омар келеді.

Омар. Айтқаныңың бәрі орындалды, Әуке. Әлекең аулы құтініп дайын отыр.

Әубекір. Мен де мұнда қарап жатқам жоқ. Балаға тақым бұрау салып жіберіп едім, бірден көнді.

Омар. Бала көнуін көнеді-ау. Бар бәле ана қасындағысында ма деп қорқам.

Әлғали көріне беріп, әңгіменің төркіні бөтен болған соң тұрып қалады.

Әубекір. Осы бәледен құтылудың қандай жолы бар, Омар?

Омар. Омардың қалағанын орындасан құтылудың жолы табылады.

Әубекір. Орындалады, Омар, орындалады.

Омар. Бір айғырдың үйірі.

Әубекір (*қолын ұсынып*). Келістік, жалғыз-ақ бір гана шарты бар.

Омар. Құлағым сенде.

Әубекір. Сағындық тұқ сезбейтін болсын.

Омар. Сағындық тұқ те сезбейді, Әуке.

3

Әлти аулының көрінісі. Омар жол қарап тұр. Қейінректе Әлти, Дайша, ауыл адамдары. Құләйма.

Омар. Құдай жазса, екі айғырдың үйірі қалтада. Ретін тауып екі дәуді тағы бір-екі айғырдың үйіріне то-титсам... Төрт айғырдың үйірі... (*Күліп.*) Сонда Өмекен-нің мұртын балта кеспейді-ау...

(Шаң көрінеді. «Келе жатыр, күйеу бала келе жатыр!»— деген дауыстар. Гарпед, Әлғали келеді. Амандық-саулықтан кейін қонақтар үйге кіріп жайласады. Омар қымыз сапырады.)

Ал, Омеке, іске сәт!

Әлти. Ал, Сағындық шырақ, ана Кетірампорында не жаналық бар, айта отыр.

Сағындық. Жаңалықтың үлкені — астық жок. Мороз бай аштан өлейін деп жатыр.

Әлти. Астағыпрыалла-ай, Мороз бай ашыкса, зауал да бір орысқа келген. Сағындықжан, мына қатын екеуміз ойлап-ойлап шеше алмай жүрген бір сауалымыз бар. Соны айтши.

Сағындық. Шамам келсе, айтайын. Сұраңыз.

Әлти. Сен ғой, Сағындықжан, Кетірампорда оқып жатырсың ғой. Сонда қандай оқу?

Дайша. Иа, Сағынтай, қандай оқу, соны айтши.

Сағындық (*куліп*). Гимназия деген оқу.

Әлти. Хо... ош... Құлағым сізде.

Сағындық. Бары сол... Гимназия.

Әлти. Әлгі дөндегі Шоға Қасымның Хабары да сол кемназада ма?

Сағындық. Иә, кемназда. Менімен бірге оқиды.

Әлти. Сонда Қасымның Хабары кемназды бітірген соң ақ патшага көмекші болады деген сөз рас па? Соны айтши.

Сағындық. Болса болар. Хабар пысық жігіт.

Әлти (*қынжылыңқырап*). Ақ патшаның көмекшісі біз өзің болатын шығар деп жүрсек...

Гарпед пен Сағындық құледі.

Гарпед. Ақ патша құлағалы үшінші жыл, міне.

Әлти. Не дейді? Ақ патша құласа, жүрт қалай тірлік етіп жүр?

Гарпед. Морозовтың аштан өлейін деп жатқаны содан ғой.

Әлти. О жасаған ием, тәуба.

Сағындық. Мороз бай бірақ құлаған патшаны кайта тұрғызам деп бар қаражатын соған жұмсап жатыр. Ендігі дәмесі — сіздер, қыр байлары. Қемектесетін шығар деп әдейі деддалын жіберіп отыр.

Әлти (*әлгі бір ойдан шыға алмай*). Апыр-ау, ақ патшаның көмекшісі деген бекер болды-ау сонда.

Омар кесеге қымыз құйып, қасында отырған Әлтиге ұсынады. Сол кезде Сағындық Әлғалиға ым қарады. Әлғали ұшып тұрып кесе толы қымызды алып көтеріле берген Омарға жармасады.

Әлғали. Омеке, мен әперем ғой кеселерді.

Омар. Жок, сен қонақсың, өзім әперем отыра бер.
Әлғали. Жок, қонақ болсам да жасым кіші, мен
әперем.

Әлти (*ұнаптай*). Қонақ болса да, ат қосшы емес
пе, несіне таластың, Омар, әперсін дағы.

Омар. Ал, ендеше мына кесені Сагындықжанга
ұсын.

(*Кесе Сағындыққа ұсынылады.*)

Ал, енді мына кесені Гарпед мырзага.

(*Әлғали кесені шайқалақтатып әкеле жатып, жарқ
еткізіп төгіп алады. Кесе қақ айырылады.*)

Әлти (*ақырып*). Ой, өзін бір аланғасар неме екен-
сін гой, көзіңе қарамайсың ба?

Әлғали. Байқамай қалғаным... Былай келе жатып,
мына бір кілемі түскірдің түййығына сүрініп кетіп...

Омар. Әлекен үйінде ақ төгілді деген не сұмдық!
Обал болды гой, обал.

Сағындық. Бұйырмаса, бір айғырдың үйірі де жо-
ғалып кетеді, Омеке. Опана берменіз.

(*Алдында тұрған кесені Гарпедке ұсынады.*)

Ал, маған басқа ыдысқа құйып беріңіздер.

Сасып қалбалақтаған Омар біресе ана кесені,
біресе мына кесені алып, көп әуреленеді.

Дайша. Мына қайнайма не болған! Былай отырши
өзің. Өзім сапырам қымызды.

Сағындық. Е, жеңеше. Соныңыз дұрыс. Керек ке-
сесі сынған соң Омекенің берекесі кетіп қалды.

Омар (*естімеген болып*). Мен, Әлеке, ас жағына
барайын.

Дайша. Ие, қайнайм, сен сүйт.

Омар шығып кетеді. Дайша сапырып қымыз құйып
бере бастайды.

Әлти (*төс қалтасынан добалдай сағатын алып*).
Намаз оқитын уақыт болып қалыпты-ау, қатын.

Әлти шығады. Дайша, Дайшаның сонынан Күләйма да
шыға бастайды.

Дайша (*кейін қайырылып*). Күләймажан, сен
осында ана Сағынтай ағанының қасында бол.

Күләйма екі колымен бетін басып орныша кеп отырады. Саусақта-
рының арасынан Сағындыққа сығалап қараумен болады.

Сағындық. Е, Құләйма қарындас, сіз екенсіз ғой? Құләйма (*сықылықтап құліп*). Сағындық...

Гарпед пен Әтғали ақырын басып олар да шығып кетеді.

Сағындық. Ие, Құләйма қарындас, аман-сау, барсыз ба?

(*Құләйма үндеңейді. Пауза.*)

Қарындас-ау, аман-сау барсыз ба деймін?..

Хат танисыз ба, Құләйма? Молда бетін көрген шыгарсыз?

(*Құләймада әлі үн жоқ. Колайсызданған Сағындық жақынданап келеді.*)

Құләйма, неге үндеңейсіз? Әлде тіліңіз жоқ па?

Пауза.

Е, осы үйде тілі жоқ бір бала бар деуші еді. Сол осы Құләйма болып шықты-ау тегі?

Құләйма. Иә, тілім деген, бар менің. (*Салаң еткізіп тілін көрсетеді.*)

Сағындық. Ендеше негс үндеңейсіз? (*Құләйма тағы да үндеңейді.*)

Тілің болғанмен сөйлей алмайтын болып шықтыңыз ғой.

Құләйма. Иә, деген, сөйлей де алам.

Сағындық. Ал сонда үндеңеуінізге жол болсын?

Құләйма (*тез-тез*). Сағындықпен оңаша қалған кезінде үндеңе, аузыңа берік бол деген апам.

Сағындық. Ым... солай де, неге үндеңе дейді сонда?

Құләйма. Баяғыда өстіп әкем үрын барғанда апам да үндеңей қойыпты.

Сағындық. Е, түсінікті ендеше...

Құләйма. Қөп сөйлесең, ақылыңың жоқтығын сезіп қояды дейді апам.

Сағындық. Жөн-жөн, апаң жөн айтқан.

Құләйма. Сағындық — оқымысты бала, тіпті қүйтыхандай да шалыс сөйледің бар ғой, бірден сезе қалауды деген тағы да апам.

Сағындық (*куледі*). Иә, тағы не деп еді?

Құләйма. Апам тағы да айтқан, оқыған адам зағым болады дейді.

Сағындық (*құліп*). Мен сондай залыммын ба сонда?

Құләйма. Жок, сіз залым емессіз. Сіз қайта соңдай жақсы адамсыз.

Сағындық (*куліп*). Оны қайдан білдіңіз?

Құләйма. Сіз былтыр келдіңіз ғой, сонда білдім.
Сағындық. Қайтіп?

Құләйма (*сәл толқыңқырап*). Сіз былтыр келдіңіз ғой, сонда...

Сағындық. Қысылмаңыз, айта беріңіз.

Құләйма. Сіз сонда бар ғой, түнде кеп маған қол салған жоқсыз. Ал, басқа қонақтардың бәрі де жаман, ылғи кеп оятады. Оянбайын десен де қоймайды...

(*Сағындық сұрланып сала береді. Сырттан Дайшаның «Құләйма» деген даусы шығады. Құләйма шығып кетеді.*)

Сағындық (*басын ұстап*). Қандай надандық десеңізші. Омардың түрі анау, бір айғырдың үйіріне әкесі мен шешесін де сатып кеткелі тұрган. Жер дүниеге аты шыққан Әлти бай мынау, көр соқыр.

Гарпед келді.

Гарпед. Әлти баймен сөзді мықтап байластық. Елу арба...

Сағындық. Елу арбасы түссін. Қетейікші, Гарпед, бұл жерден.

Гарпед. Е, не болды?

Сағындық. Әлғали-ау, Әлғали?..

Жүгіріп Әлғали келеді.

Әлғали, аттарды жек, қазір аттануымыз керек.

Әлғали жүгіріп сыртқа кетеді.

Гарпед. Не болды, Сағындық Аубакирович?

Сағындық. Әлгінде Әлғали қымызды неге төкті?
Білдің бе?

Гарпед. Жок.

Сағындық. Ендеше, не болды деп сұрама.

(*Асып-сасып Әлти, Дайша, Омар келеді.*)

Әлти. Сағындықжан, бұл не? Кеткені несі?

Сағындық. Кеткеніміз кеткен. Ал, сау тұрыңыздар.

Ширақ басып Гарпед екеуі шығып кетеді. Әлти мен Омар аңырап қалған. Дайша боздал жылай бастайды. «Әй, ет-жүрек бір жаманшылықты сезіп еді?»

Құләйманы шақырып алады.

Дайша. Сен қатың, әлгі Сагындыққа не деп қойын?

Күләйма. Түк тे дегем жоқ.

(Дайша ұрмақ болып ұмтыла түседі.)

Дайша. Түк демесең неге кетіп қалды Сагындық? Түк демедің, ә? Түк деген жоқсын, ә?

(Күләйма бақырып әкесіне тығылады.)

Әлти. Жә, болды енді...

Дайша. Қалай болады? Өй, сен һарға үндеңе деңгейім қайда?

Күләйма. Үндеңеп едім, Сағындық: «Неге үндеңейсің?»— деп қоймады. «Тілің жоқ»,— деп мазақтаған соң тілімді көрсеттім. «Енді неге үндеңейсің?»— деп сонда да қоймады. Сосын «апам үндеңе» деп айтқан деп шынымды айттым.

Дайша. О, қу қатын...

Әлти. Бәрін бүлдірген өзің екенсің ғой. Үндеңе деп нең бар. Балалар өзінше шүйіркелесіп бір сөйлеспеуші ме еді оңаша қалған соң. Тұрған жерінде қамшының астына алайын ба осы!

Дайша. Эне, бұл қит етсе мені бас салады. Құләймаға айтып қой, бетімен сөйлеп қойып жүрмесін деп өзің едің ғой қоймаған.

Әлти. О, ит сенен-ақ көрдім ғой көресіні! (Ұмтыла береді. У-шу. Дайша дауыс көтеріп сыртқа қашады. Соңынан бақырып Күләйма кетеді.)

Омар. Әлеке, ашу алды, ақыл соңы. Ашуынды бас, қатын сабағанмен іс бітпейді. Басқа бір амалын ойлайық.

Әлти. Иә, Омар, сонынды айтшы.

Омар. Мен айтсам, Сағындықты өлтіру керек!

Әлти. Астағыныралла. Кісі өлтірген деген не сүмдик!

Омар. Ойбай-ау, Әубәкірдің орыс баласы не істеп кетті, түсінесің бе өзің? Бүкіл бір тайпа елдің сүйегіне таңба салып, өлтіріп кетті ғой. Ойбай-ау, Әлти байдың үйіне ұрын келіп, қызын алмақ түгіл, көтерген дәміне қарамай кетіпті, берген асын төгіп, кесесін қиратып кетіпти...

Әлти. Жә, жә... болды енді...

Омар. Әлде, құр сұлдерін, тірі қалғанынды шүкіршілік дейсің бе?

Әлти. Ал, қалай өлтіресін? Ош-оңай ма кісі өлтіру? Арты не болады?

Омар. Ош-оңай. Ол үшін осылардың не жұмысмен жүрген адамдар екенін білу керек.

Әлти. Оны қалай білесің?

Омар. Дөндегі Шоғадағы Қасымның Хабарына ба-рам...

Әлти. Е, мұның табылған ақыл. Ай, Омарым-ай! Қапиядан жолды осылай табасың-ау! Ал, жолың болсын онда! Әумин!

Омар. Әумин.

4

Қекорай шалғын көл басы. Алыста ауыл нобайы. Қараша жүдеу үй. Нарша үйі. Сағындық. Нарша одаша.

Сағындық. Наршатай, түк те қындығы жоқ. Міне, арбаның арысы секілді екі сзық тартасың. Сосын шашылып қалмасын деп бел ортасынан көлденең бір сзық тартып қосып қоясың. Мұны «ән» әрпі дейді.

Нарша. Ны...

Сағындық. Иә, «ны» десең де болады. Бірак «ән» деп оқылады.

Нарша күледі.

Нарша. «Ен». Үйге ен деген секілді екен.

Сағындық. Тап солай. Ал мынау сондай бүйірлі, мынадай шүмегі бар әріпті «а» дейді.

Нарша. «А». (Күледі.) Шайнекке үқсайды ғой өзі.

Сағындық. Иә, тұтқасы жоқ шайнекке үқсайды. Ал мынау «р» әрпі, содан кейін мынадай етіп шарбак саласың, ол «ш» әрпі. Сосынғысы жаңағы құман. Сонда «Нарша» болып шығады.

Нарша. Ғажап! Қағаз бетіне әлдебір жұмбақ сзықтармен аты-жөнінді, айтқаныңды айнытпай түсіріп, сосын бұлжытпай қайталап беру — ғажап қой!

Сағындық. Нарша! Бар дүниенің кереметі мен ғажабы сзықтарда емес. «Нарша» деген сиқырлы есімде түр ғой.

Нарша (күрсініп). Айға талпынған бала секілді-мін ғой мен.

Сағындық. Наршатай, түсінсеңші менің жан сымды. (Ойланып.) Былай қарағанда маған ис жетпей-

ді? Не ішейін, не кисайін демеймін. Бірақ саналы адам дүниеге келгеннен кейін бар мақсаты ішіп-жеумен, киінумен ғана шектеле мә? Бай баласы болсам да, осы бір теңсіздікті, аштық-жалаңаштықты көргенде өзегім өртепетін еді. Сен түске дейін ұйықтайсын. Содан кейін тұрасын да сары қымызды сапырып ішесің. Тұннен қалған жал-жаяны кертіп жейсің. Ал ертеден қара кешке дейін салпақтап жүріп, сен ішіп отырған қымызды дайындаған, сен ішіп отырған тамақты әзірлеген күң-жалшы балалары — менің құрбыларым бір түйір бауырсақты қашан ұсынар екен деп көзін сатып есікте тұрады. Менің сонда бұлардан нем артық. Олар неліктен осылай? Бұл мені көптен бері жегідей жеп жүрген сұрау. Шынымды айтсам, кедейшілік бар жерде байлық маған арам ас сияқты...

Нарша. Ақылдысыз фой, Сағындық. Жатсам-тұрсам да атыңызды дүғама қосып, амандығыңызды тілеп жүрем, әманда. Жалғыз-ақ... Жалғыз-ақ сахараға үйренип қалған басым, тынысы тар, қалаға көндіге алмаймын ба деп қорқам.

Сағындық. Сахара маған да бір қым-қиғаш әсер салады. Наршатай. Шынымды айтсам, мен сахараны соншалық жек көрем. Өйткені сахара адамды енжарлық, жалқаулыққа үйретеді. Шабандыққа үйретеді. Сахара да сені санадан жырақ, жайбарақат тірлік баурайды. Ал қалаға барсам, сол жек көрген сахараны көргенше асығам. Сағынамын соншалық. Аңсап, асығып келем де көпке дейін мауқымды баса алмай жүрем.

Екі ынтық жаиниң сөзін баспалап келіп тыңдаған
Әлғали оқыс көрінеді.

Әлғали. Бәле, жек көрген нәрсесін де аңсайды екен адам деген.

Сағындық. Оу, сен Әлғалимысың. Қайдан сая бола қалдың?

Әлғали (*Наршага*). Жек көре тұрып Сағындықтың сахараны неге сағынатынын білем мен.

Нарша. Неге өйтеді, айтшы, Әлғали?

Әлғали. Өйткені... онда... сахарарада Нарша бар.

Сағындық пен Әлғали қосыла құледі.

Нарша (*куліп*). Е, мен басқа бір шын себебі бар скен десем...

Оқыстан Омар көрінеді. Ушеуі де қулкіден кепет тыйылады.
Омардың қолында ортеке.

Омар. Мен сені өз аулынан іздеп жүрсем, осында скенсің фой, Сағындық. (*Ортекені ойнатып қояды.*)

Сағындық. Иә, Омеке, осында мыз.

Әлғали. Омеке, мына ортекеніз не, бала болайын дегенсіз бе?

Омар. Ортекем — менің ортеке. Қөлденең келген адамды Омекен ортекеше ойнатады.

Сағындық. Е, Омеке, мұның керемет екен.

Омар. Әлти байды мен он жыл осылай ойнатып келдім. Сенің әкең Әубәкір де менің қолымда. Оқымыстымын деп көкімей-ақ қой. Керек болса, Омекеннің қолында сен де осылай ойнап кетесің, Сағындық.

Сағындық. Иә, Омеке, мұның бір жаңалық екен.

Омар. Мен сенің қандай шұбар жылан скенінді жақсы білем, Сағындық.

Сағындық (*шошинып*). Түсінбедім гой мұныңды.

Омар. Шошинба, Сагындық. Ана, Гарпедің де мениң алаканымда.

Сағындық (*өзіне-өзі келіп*). Жүрттың бәрін қашаннан бері алаканыңа салып жүретін болғансын, Омеке?

Омар. Қашанин деп сен сұрама! Қашан деп мыла мен сұрайын. Қалыңдығыңды қашан әкетесің? Соны айтшы?

Сағындық. Ол болмайтын шаруа, Омеке.

Омар. Басың екеу емес, отпен ойнама, Сағындық.

Сағындық. Ауыл арасындағы ондай кокан-лоқыңың талайын естігенбіз, Омеке. Естігенбіз де құлғенбіз талай-талай. Е, бар жаңалықтан жырақ, бейкам жатқан аңқау ел, аңқаулықтан арылмай арамза молдалардан құтыла алмайсың гой...

Омар. Аңқау елдің арамза молдасы біз емес, сіз боларсыз ба деймін. Хабар! Ә, Хабар! Бері кел.

(*Гимназия шәкірттерінше киінген Хабар кіріп тағзым етеді.*)

Хабар. Мороз бай мың да бір алғысымен сәлемін айтты сіздерге. «Аштан өлуге қалыш едім, астықтың алды жетін жақсы болды», — деді. Қарқындарың жақсы, кимылдай беріндер. Маклер Гарпедке дүғай сәлем.

(*Омар екеуді кете береді.*)

Сағындық. Омеке, тоқтаңыз.

Омар (*қайырылып*). Омекеннің уақыты жоқ, аялдайтын. Не басынды тігесін, не қалындығынды кеп әкесің. Екінің бірі. Ал жүр, Хабар.

Хабар. Ал, Омеке бастаңыз.

Хабар мен Омар шығып кетеді. Сағындық сұлқ отырып қалады.

Нарша. Сағындық, сізге не болды?

Сағындық (*сейіліп*). Э, Гарпед мырза қайда болды екен?

Әлғали. Әлгінде ғана астық қабылдайтын жерде көргем.

Сағындық. Білмедің бе, бүгін қанша лау жөнелтілді?

Әлғали. Жетпіс лау.

Сағындық. Сонда ұзын-ұрғасы жеті жүзге жетіп қалды-ау.

Әлғали (*қалтасынан кітапшасын сұрып*). Алты жүз токсан үш.

Сағындық. Бұл бір біткен іс болды.

Нарша. Сағындық, жаңағы кісі не деп кетті? Соған қайранмын.

Сағындық. Жаңағы Хабарды айтасың ба? Е, ол бір жүрген есуас. Гимназиядан екі рет шығып, екі рет ақшаның күшімен алларап қайта кірген.

Нарша. Сонда да, сөзі бұзық сондай. Түріңіз бұзылып кетті тіпті.

Сағындық (*куліп*). Ал Омар болса, Әлтидің на-мысын жыртып жүр. Саспай-ақ кой оған бола.

Нарша. Олай болса, Гарпедте не шаруасы бар Омардың?

Сағындық. Гарпед жөнінде де бірдеме деді ме?

Нарша. Айтты ғой жаңа «ана Гарпедіннің де кім екенін жақсы білем, о да менің алақанымда» деп...

Сағындық (*куліп*). Есуастар не демейді, Наршатай.

Нарша (*қамығып*). Осы сіз бірдемені жасыратын секілдісіз менен.

Сағындық (*Наршаны құшақтап*). Жасыратынның көп сенен, Наршатай.

Әлғали (*жөтөліп*). Қекек. Мен қайда тығылып түрмyn, табындаршы, кәне?

(*Нарша ұялып бетін басады.*)

Сағындық. Сен әлі осында ма едің, Әлғали?

Әлғали. Жок, мұнда емеспін. Тығылып тұрмын, табындар.

Куашып Гарпед келеді.

Гарпед (*шек-сілесі қатып*). Сенің әкенді айтам, жарайсың, Аубакир Куркиныч. Ана Дмитриевканың бір байының жағасынан алып: «Қайтсан де жиырма бес лау астық арттырасың. Олай болмаған күнде ана Кетрампор байына не бетімізді айтамыз. Қазақ сахаrasында жүргенімен құр жанды қуыршақ екен демей ме?» Сөз осы.

Әлғали. Ағатайым шынында да қатты кеткен екен..

Сагындық. Иә, әкемізді де алдауға тұра келді. Нарша (*шошынып*). Алдағаны несі?

Сагындық (*өзгеріп*). Ә, Наршатай, қонаққа қымыз бермейтін бе едін?

Гарпед. Сондай қatalап келіп едім, Нарша Гулхайыровна!

Нарша «қазір» деп шығып кетеді.

Сагындық. Әлғали, сен ат дайында. Гарпед мырза бәріміз жайлай аралап, бой жазып қайтайык.

Әлғали. Жақсы, мен ат дайындайын. (Кетеді.)

Сагындық. Гарпед мырза, бұл жерде енді қалуға болмайды саған.

Гарпед. Себеп?

Сагындық. Қасымов Хабар жаңа осы үйден кетті.

Гарпед (*шошынып*). Қасымов Хабар?.. Ол қайдан жүр екен?

Қымыз алып Нарша келеді.

Нарша. Гарпед мырза, алыңыз.

Гарпед (*кесені алып, қағып салады*). Басында ұнатпаған едім осы ішімдікті. Өңшең жасық пен жылбысқыға үйреніп қалғандықтан ба, тым қышқылтым сияқтанып тұратын-ды. Қазір тіпті мүлде басқаша. Барған сайын тілді үйіріп бара ма қалай? Іздейтін секілдісің. Ішпей қалсаң, бір нәрсенің жетпей тұрғандай болып көрінеді екен.

Сагындық (*куліп*). Табиғаттың заны солай, Гарпед мырза. Жат нәрсенің жақсы екенін енді-енді түсініп, тұшынып келе жатқан кезде уақыттың бітіп қалатын әдеті бар.

Нарша. Гарпед мырза аттанғалы отыр ма?

Гарпед. Иә, Нарша сұлу, аттанатып болып отырмыз.

Нарша. Жүрем деген ойыңызда жоқ секілді еді, шүғыл шешіпсіз ғой...

Сағындық. Мороз байдан хабар келді. Әйтпесе, жүре тұрганын мен де қалаған болар едім.

Нарша. Асықпаңыз, Гарпед мырза, қыдырыңыз, жатып демалыңыз. «Астық, астық»,— деп уақыттарыңыз шабуылдаумен өтті ғой.

Гарпед. Осы бір аз күннің ішінде даламен әбден туыстасып кеткендеймін. Артымда қимасым қалып бара жатқандай. Амал не, күтіп тұрған іс бар, ажырасуға тұра келеді. Оқасы жоқ, Наршатай, әлі дүние бір орнығып, заман шарасына түскен соң, жазғы демалысты осы қырларда өткізетіп боламыз.

Сағындық. Қазақ халқының пейілі өзінің саха расындай кең. Сен секілді асыл достарына қашанда есігі ашық.

Гарпед. Оны көзбен көрдік. Сағындық Аубакиро вич. Бұл істі атаусыз қалады деп ойлама.

Әлғали келеді.

Әлғали. Аттар дайын болды.

Гарпед. Бақытты адамдар уақыттың қалай өткенин аңғармайды деген осы-ау, қымыз ішіп, әңгімемен отырып, түстің болғанын байқамаппyz ғой. Ал, жүрейік онда.

Сағындық. Сапар он болсын, Гарпед мырза. (Әлғалиға.) Ал, Әлғали, саған тығыз тапсырма бар.

Әлғали. Шамамнан келсе, мен дайын.

Сағындық. Мына Гарпед мырзаны қазір стан цияға алып жүресің.

Әлғали (*сасқалақтан*). Ойбай-ау, әлгінде гана се руенге шығамыз демеп пе едіңдер?

Сағындық. Сен сұрамайсың, біз айтпаймыз се бебін. Гарпед мырзаны станция басына жеткізіп сала сың да тұнделетіп қайтып ораласың. Түсіндің бе?

Әлғали. Түсіндім, Сағындық.

Сағындық. Түсінсең сол. Жолда барынша сақ болған жөн.

Гарпед. Қалған астық жиналса, өзің де жатып ал массың...

Сағындық. Элбетте, Морозовка даланың сөлемін

жеткізе бар. Ықылас-нистің көрдің ғой...

Гарпед. Қалай да болса айтам ғой сәлемінді. Қөріскенше, Сағындық Аубакирович!

Сағындық. Қөріскенше, Гарпед мырза.

Әлғали мен Гарпед шығып кетеді. Нарша Сағындық-ка урейлене қарайды.

Наршажан, басымыз кесіледі, бірақ біз Гарпед мырзаны кешелі-бүгін көрген жоқпыз.

Нарша. Сағындық, дүние неге екені белгісіз тарылыш бара жатқан секілді. (*Жыламсырап, Сағындықтың мойнына асылады.*)

Сағындық (*қайталап*). Біз Гарпед мырзаны көрғен жоқпыз.

ЕҚІНШІ БӨЛІМ

1

Түн. Сахпа алды. Жарық Карповтың басына түседі.

Карпов. Гарпед сөйтіп аттанып кетті. Сағындық сахарада жалғыз қалды.

(*Карповтың басын кексе Әлғалидың басы алмастырады.*)

Әлғали. Сөйтіп, мен Гарпед мырзаны станцияға апарып салып қайттым. Сағындық сахарада жалғыз қалды. Сағындық, ә, Сағындық?

Жарық өшеді. Жүгіріп Әлғали шығады.

Сағындық көрінеді.

Сағындық (*шошынып*). Не болды, Әлғали?

Әлғали. Күфын. Әлти байдың аулының тұсында соңымнан бір қуфын түсті. Мен қалай жүрсем де, қалмай қойды.

Сағындық. Гарпед мырза аман-сау барды ма?

Әлғали. Аман-сау. Сол тегі Омар бастаған біреулер ме дейім әдейі менің жолымды тосқан.

Сағындық. Аман-сау барса, жарады. Ал, сніді Наршага жетейік. Мен де жүретін болдым.

Дабырласып Әубәкір, Әлти, Омар келеді.

Дайша мен Құләйма артта, оңашалау. Сағындық, Әлғали баспалап шығып кетеді.

Дайша (*Күләймаға*). Бас деймін аяғыңды, бассаңшы.

Күләйма (*кейін шегініп*). Ал, баспаймын, басымды кессең де баспаймын.

Дайша. Қесірлісін-ай мына катынның.

Әлти. Балаңа сөзің өтпейді екен, неге бізді әуре еттің, Әубекір?

Омар. Әуре еткені өз алдына, сүйегімізге таңба салды гой.

Әубекір. Бұл түйіктан шыгар жол жок деп мен ойламаймын. Сағындық ақылсыз бала емес.

Омар. Қуні-түні әлгі Жақыбайдың үйінен шықпайды дейді. Ақылдысы сол ма!

Әлти. Бүйтіп тірі өлік болып отыра алмаймын, Әубекір. Мені ашуландырма. Мен ашуландым бар гой...

Дайша (*Күләймаға*). Әкен, әне, қатты кетті. Бәрі сенің қамың.

Күләйма. Менің қамым... (*Күледі.*)

Әубекір. Заман болса мынадай. Бұрынғының баласы қайда, әке ойындағысын қабагынан түсінетін.

Омар. Әлекен ашуланды бар гой, Әубекір, байқа...

Әлти. Омар рас айтады. Мен ашуланбайын. Мен ашуландым бар гой...

Әубекір. Сонда не қыл дейсің, Әлти?

Әлти. Не қыл дейсің! Қара мұны! Не қыл демеймін мен саған соншама шығынға белшемнен батып отырып. Қыз бала Әлтидікі, барада жері Әубекір бай деп мыналар қоймаған соң қайда ат сабылтпадым. Түү-түү Самарханнан жүзік алдырдым ба? Алдырдым. Түү-түү Түрікленіңнен қалы кілем алдырдым ба? Алдырдым. Ит арқасы қиян Ірбітті қайта-қайта шапқыздым ба? Шапқыздым. Ендеше, соның бәрі баланы жасаулап аттанадыру камы.

Әубекір. Қайдан не алдырғаныңды несін айта бересің, Әлти. Қырық жетіні матап беріп, мен де үндеңей отырмын гой.

Әлти. Үндеңегенде ше? Мал даулайын деп пе едің менен.

Әубекір. Бала көнбесе, не істеймін, даулаймын.

Омар. Әлекенді ашуландырма дедім гой, Әубекір. Әлекен ашуланса...

Әубекір. Не істейсің сонда, қырасың ба?

Омар. Шаңырағыңды ортаға түсіреді Әлекен.

Әлти. Иә, Омар дұрыс айтады. Ашулансан шаңырағынды ортага түсірем.

Әубәкір. Байқа, Әлти. Біз де бір жылы шектің иесіміз гой, қарап қалмаспзы.

Омар (*аярланып*). Шынынды айтшы, Әубәкір. Гарпед мырзаны қайда кашырып жібердің?

Әубәкір (*шошынып*). Қайда кашырыптын? Гарпед мырза осында.

Омар. Ә, солай ма! Ал Әлекен екеуміз Бояр байға барамыз. Бояр байды ертіп қайтып келеміз. Гарпед мырза мен Сағындық балаңыздың не істеп жүргенін сонда сөйлесеміз.

Әлти. Иә, сөйлесеміз.

Әубәкірдес басқалардың бәрі де шыға бастайды.

Дайша мен Күләйма соңында.

Дайша (*Күләймаға*). Өй, түр.

Күләйма. Енді қайда барамыз?

Дайша. Бояр байдың аулына.

Күләйма. Бармаймын.

Дайша. Өй, түр деймін, бармағаны несі?

Күләйма. Бояр байға барып, Сағындықты жамандайсындар. Бармаймын.

Дайша жекелеп қызын алып шығады.

Әубәкір. Құләйжан?.. Ау, Дайша құдағи? (*Ere туғын барып тоқтайды*.) Апырмау, мыналар не деп кетті? Сағындық, ә, Сағындық!

Дауыска Әлғали келеді.

Әлғали. Ағатай, не?

Әубәкір (*тез өзгеріп Әлғалидың алқымынан алады*). Жаңың барында айт. Гарпед мырза қайда?

Әлғали. Білмеймін, ағатай.

Әубәкір. Жоқ, білесің, айт, деген соң, айт. Әйтпесе буындырып өлтірем.

Әлғали. Өлдім, ағатай, айтайын, қоя беріңізші.

Әубәкір Әлғалиды босатады.

Әубәкір. Ал, кәне.

Әлғали. Гарпед мырза станцияда. Сағындық айтты, Гарпед мырзаны апарып саласың деді, сосын апарып салып қелдім.

Әубәкір. Мен неге білмейміп. Маган неге қонтастың кетеді? Ойында түк жоқ еді гой кетем деген.

Әлғали. Білмеймін, ағатай.

Сағындық келеді.

Әубәкір. Балам, осы сен не істеп жүрсін?

Сағындық. Не істейін, әке, жүрмін.

Әубәкір. Гарпед мырза қайда?

Сағындық. Гарпед мырза жүрген осында.

Әубәкір (*оқыстан*). Маған ақылда спасстан Гарпед мырзаны неліктен қашырып жібердің? Соны айтшы?

Сағындық. Қашырып жібергені несі. Гарпед мырза осы кеше ғана осында...

Әубәкір. Өтірік айтпа, балам. Шыныңды айт. Мен бәрін білем.

Сағындық (*Әлғалиға қарап, жайды түсінеді де*). Бәрін білсең, несін айтам, әке?

Әубәкір. Неге кетті? Соны айт.

Сағындық. Морозовтан төтенше хабар келді.

Әубәкір. Оны мен неге білмсімін?

Сағындық. Хабардың тұтқыылдығы сондай, Гарпед мырзаның ай-түйге қарауға шамасы келмеді.

Әубәкір. Ол не хабар сондайлық?

Сағындық. Жөнелтілген астықтың қолды болар қаупі бар екен. Сол себепті Морозов астық тиелген вагондарды қарулы жасақпен Гарпед мырзаның өзі бастап келуін макұл көрген.

Әубәкір. Ал, осы астық қолды болса, біздің күнің міз нешік?

Сағындық. Қолды болмас үшін кетті ғой Гарпед мырза.

Әубәкір. Жамаң айтпай жақсы жоқ, қолды болды делік? (*Сағындық көпке дейін үндемейді*)

Үндемейсін, ә? Қолды болса, ана Бояр бай бізді үйтіп жейді, білдің бе? (*Сағындық үндемейді*.)

Оған енді сенің қырсығынан Әлти барып қосылғалы отыр. (*Пауза*.) Сен, балам, райдан қайт. Әлти әлі де біздің уыста.

Сағындық. Сүйгенім бар ғой, әке.

Әубәкір. Сүйген-күйген!.. Ол еріккеннің ісі. «Сүйген-күйгенді» жағдай көтермейді қазір. Әлгінде осында Құләйма: «Бояр байға барып, Сағындықты жамандайсындар, бармаймын!»— деп отырып алды. Сүйген деген, әне, сол емес пе.— Өзің сүйгеніді алма, өзінді сүйгеніді ал!— деген атам қазақ.

Сағындық. Балаңа есі ауыскан қыз алып беріп

жүрт табасына қалмайсың ба, әке, соны неге ойламадын?

Әубәкір. Балам, әлі бала екенсің ғой. Қатын алма, қайын ал. Әлти екеуміз құда боп, тізе қоссак, бұл өлкеде кімнің азы батады біз екеумізге. Басқаны былай қойғанда, сонда Бояр байындың өзі де бізбен байқап-байқап сөйлесетін болады. Мен аргы түбін ойлаймын, балам.

Сағындық. Мен аргы түбі, бергі түбі дегенді білмеймін. Таңдағаным біреу-ақ. Ол — Жақыбайдың қызы. Ақ батанды бермесен... Онда бәрібір, алып кетем.

Әубәкір (*ойланып*). Жарайды, рұқсатымды берейін. Бірақ бір тілеуім бар.

Әлғали (*қуанып*). Алакай, ағатайым батасын берді.

Сағындық. Қай тілегіңізді болса да орындаіыш, әке, айта беріңіз.

Әубәкір. Қызылжарға барып қайтатын шұғыл бір шаруа болып тұр. Сен болмасаң, басқа адам тындыра алмай ма деп қорқам.

Сағындық. О не қылған шаруа?

Әубәкір (*әлгі ойын жалғап*). Қайтып келген соң тойынды жасап, батамды беріп, аттандырып салам.

Сағындық. Онда Екатеринбург сапарын кейінге қалдыратын боламыз ба?

Әубәкір. Иә, иә. Кетрампор сапарын кейінге қалдыра тұрасың.

Сағындық. Сонда Қызылжар сапарының мәні не?

Әубәкір. Мен бір орыс байымен бірлесіп дүкен салдырып жатыр едім, қандай халде? Бітті ме? Біткен жоқ па? Түгінен хабарым жоқ, ана бай бар болғаны акша сұрата береді. Бергенім шарттағы мөлшерден асып кетті. Соны барып, өтірігін тексеріп қайтасын.

Сағындық. Жақсы, әке.

Караңғы туседі. Сахна алды, Үйден шыққан Сағындыққа Нарша үмтүла береді.

Нарша. Шыдамым таусылды, жан исем, неге шакыртылты? Аманшылық па?

Сағындық. Атан рұқсатын беретін болды.

(*Буыны дірілдеген Нарша отыра кетеді.*)

Не болды, Наршатай? (*Көтеріп тұргызып алады.*)

Нарша. Ел кісісі ғой, түсінетін шыгар деп ойлаушы едім. Енді өлсем де арманым жоқ, Сағындық.

Сағындық. Өлгені несі, дүниенің бар қызығы енді ашылып, көктемнің бар гүлі шешек жаргалы тұрғанда өлім жайлы ойлай ма екен адам деген.

Нарша. Ата рұқсат берссе, болды. Менің бар қызығым атанаң сол батасында ғана. Әйтпесе, көзге шықкан сүйелдей болып, ата пиғылыша көлденең тұрғаныма қамығушы едім. Екі кісі бас қосса, мені әңгімелейтін секілді, өз-өзімнен қуыстанып жүруші ем. Енді неге болсын ризамын, Сағындық.

Сағындық. Жалғыз-ақ бір он күнге шыдау кепрек, Наршатай? (*Нарша тесіле сұраумен қарайды.*)

Себебі Қызылжарға шұғыл барып қайтуға тұра келіп тұр. (*Нарша мұқайып қалады.*)

Сенші, жаным, сен жоқ жердің бәрі де көшкен елдің жұрты секілді, құлазып қаңырап тұрады, Наршатай. Бір он күнге шыдаймыз, бірақ. Атаң той жасап, ақ батасын беріп аттандырып салмақшы.

Нарша. Сарғайтпаңызышы, жан ием, жалбарына-мын, тезірек орала көріңіші.

Сағындық. Өлермін, бірақ оралармын қайтсем де. Наршатай, тез оралам. (*Сағындық кете береді. Нарша соңынан ұзақ қарап тұрып қалады.*)

2

Сахна түпкірі қара көлецке. Біраз адам жиналған секілді. Гөй-гөй сөз. Сахна алдына Әубекір шығады. Сонында Омар.

Әубекір. Ал, мынаны ала тұр. Салмақтысы кейін болады. (*Ақша ұсынады.*)

Омар. Салмақтысын не деп түсінеміз сонда?

Әубекір. Анадағы уәде, уәде. Бір айғырдың үйірі.

Омар. Жоқ. Омар ол лиғылдан қайтқан. Заман казір басқа. Омар да басқа.

Әубекір. Қысылма, Омар. Осы құдалық жолында аянайын деп тұрған мен жоқ. Бәрі де бала үшін.

Омар (*ойланған болып*). Он қадақ алтын.

Әубекір (*шошынып*). Ол байлықты мен қайдан таппақны?

Омар. Жылама. Әубекір, жылама.

Әубекір. Жылаганым емес, шыны сол.

Омар. Ал, ендеше өз мөлшерінді айтши.

Әубәкір. Жаңағының тәң жартысы болсын. Қайтейш, балам үшін.

Омар. Ә, жарайды. Омар саудаласып жатпайды.

Әубәкір. Әуелі жауабын өзім беріп жатам ғой.

(Екеудің қол алысады.)

Сен байқап отырып, үрымтал жерден басып қалатын бол. Сонда бәріміздің де есебіміз түгелденеді.

Омар. Уәде құдай аты.

Әубәкір. Уәде құдай аты, Омеке. (Әубәкір мен Омар жоғалып кетеді. Шам жанады. Казак-орыс бағының кәдүілгі бай бөлмесі. Боярский бастаған бір тоң казак-орыс байлары. Ортасында Әубәкір, Әлти, Омар.) Бояр бай, асылық айтасың, Бұл іске түккательсы жоқ баламның.

Боярский. Сонда Сағындық Гарпедтің кім екенин білмеді демексін бе, Әубәкір?

Әубәкір. Құран көтерем.

Боярский. Құраның өзіне. Сағындық Гарпедтің большевик екенін жақсы біледі. Біле тұра әдейі алып келді.

Әлти. Астагыпрыалла. Құран көтерем десе де, сенбейді гой мына дүлей!

Әубәкір. Білмейді, Бояр бай, білмейді.

Әлти. Бояр бай, Сағындықтың білмейтіні рас.

Боярский. Оны немен дәлелдемексіндер?

Әубәкір. Балам мені алдамайды. Кісі өлтірсе де, маған айтуға тиісті.

Боярский. Баланды онда білмегенің. Біздің қолымызда қазір ақпар бар. Гарпед пен Сағындықты бұл өлкеге қызылдар жіберген.

Әубәкір. Иланбаймын, Бояр бай. Сен мұны ашу үстінде долбармен айтып тұрсың. Бар пәле ана Гарпед дегенде. Сағындықты да, бізді де алда соғып отыр.

Боярский. Жақсы, Сағындық Гарпедтің кім екенин білмеді дейік. Бірақ мен алтынға шаққанда мың теңге шығынға ұшырадым. Бұған кім кінәлі?

Әубәкір. Оған Сағындық кінәлі емес, мен кінәлі.

Боярский (кекетін). Мүмкін онда шығынды орнына салатын шығарсың?

Әубәкір. Орнына қазір салуға дайынмын. Тек бізге тыныштық бер, Бояр бай.

Әлти. Мен де аздал үлес қоса алам құда үшін.

Боярский. Бір тыныды екі тыын етіп балалатып

жататын саудагер Әубәкір едің. Қашаннан бері мырза болып кеткенсін? (Зілмен.) Жоқ, Әубәкір, біздің шығынымыз тиынмен толмайды. Ең қыны Сағындық біздің сендерге деген сенімізді үрлап кетті. Оны ештеңемен толтыра алмайсың енді.

Әубәкір. Сонда не істе дейсің?

Боярский. Біз саған ештеңе де істе демейміз. Жалғыз-ақ Сағындық қайда, соны айтсаң болды. Жұзбек-жұз кездесіп, бір-екі ауыз сөйлесеміз де, әңгімені тамамдайыз. Иә, сөйтеміз біз.

Әубәкір. Сағындық осыдан екі күн бұрын аттанып кеткен.

Боярский. Онымен бізді алдай алмайсың, Әубәкір Куркиныч. Ойлан.

Әубәкір. Ойланғаным осы.

Әлти. Иә, Әубәкірдің бұл ойланып айтқаны.

Боярский (*Омарға*). Сенің де айтарың осы ма? Омар. Жоқ, мен Әубәкірдің айтқанына да, Әлтидің айтқанына да қосыла алмаймын.

Боярский. Иә, иә, Омарчик, сөз сенікі.

Омар. Әубәкір жауапты ойланып айтып отырган жоқ.

Боярский (*мәз болып*). Е, міне, әділ адам осылай болады. Жарайсың, Омар. Ал, сосын?

Омар. Әубәкір, сен, анау деп, мынау деп бұлталактатпа. Сағындық қайда, турасын айт. Қателік жасаған екен, мойнымен көтерсін.

Әубәкір. Сағындық Қетірампорға жүріп кеткен дедім ғой.

Боярский. Әубәкір, сенің осы сөзден басқа білетінің бар ма?

Омар. Бояр бай, олай болса, былай жасау керек.

Боярский. Ал, иә?

Омар. Сағындықтың осында сүйгені бар. Жақыбай дегеннің қызы. Сол қызды аманатқа алдыр да қамап таста. Сағындық бір соқпай қоймайды.

Даустар. Міне, табылған ақыл!

Омар. Ал, Сағындық оралмады бар ғой, онда Жақыбай қызын құрбан етіп жіберу керек.

Боярский (*ойланып*). Бұл айтқаның теріс болмасқа керек. (Әубәкірге.) Ал, жақсы. Сағындық бізben сөйлеспейтін болса, онда Нарша сұлу жоқ дей беріңдер.

Әубәкір. Бояр бай, құдайдан қорықсаңыш!

Боярский (*кесіп*). Сөз бітті. Ал жолдарың болсын!

Шам сөнеді. Сахна алды. Омар өтеді.

Омар. Омардың есебі түгел. Енді Әлтиді айналдырайын.

Әлти өтеді.

Әлти. Мынау бір әділ шешім болды-ау. Жақыбай қызының қарасы өшсе, Әлти қызының бағы жанды дей бер.

Әубекір көрінеді.

Әубекір. Апрыай, мыналардың әлпеті тым жаман екен. Енді қайттім? Бұл пәле бір шүйкебаспен кете қалса жақсы ғой. Кетпейді-ау, бірақ кетпейді. Жазған балам-ай, окуынды оқып, тек жүретін-ақ жөнің бар еді. Мынадай теріс жолға түсуге не мұқтаждық итермеледі, балам-ау, Сағындықжан, ә, Сағындық. (*Кеңкілден жылайды.*)

Әлғали келеді.

Әлғали. Ағатай, не болды сізге? Іс немен тынады?

Әубекір. Истің беті жақсы емес, балам. Жоқ, жақсы емес дедім бе? Жоқ, жаман емес, деймін. Истің беті жақсы. Бірақ истің беті... Әлғали, сен қалаға шап. Истің беті... истің беті болғанда былай...

Әлғалига сүйеніп Әубекір де сахнадан шыға береді.

3

Нарша әбдіре сандығына төсек-орын, нәрселерін салып дайындық үстінде.

Нарша (*саусағымен санап*). Сәрсенбіден сәрсенбі жеті күн... бейсенбі сегіз, жұма тоғыз, сенбі он, жексенбі он бір, бүгінмен он екі. Қешікті-ау. Ит-құстан, тілкөзден аман болсаң жарап едің. (*Ойланған күліп*.) Өзі жоқ жерде тіл үшіна мын түрлі сөз кеп оралады. Айтағын дегенім соншалық көп секілді. Іздеймін. Әманда қасымда болса екен, кетпесе екен деймін. Сөйтіп отырганда келе қалса, не дерімді білмей абдырап қалам. Қызық тіпті.

Өңі сұсты, Әлғали келеді.

Нарша. Сағындық кайда? Әлгали, неге үндемей-сің? Амансыңдар ма, айтсайшы тезірек?

Әлғали. Істің беті жаман, Нарша.

Нарша. Не дейді?

Әлғали. Әлгі анадағы Гарпед мырза деддал емес, камөнес болып шығыпты. Астықты түгелімен Марғая өткізіп жіберген.

Нарша. Сұбықан-алла-ай, арты не болар екен енді? Өй, саудагерге үқсамаған еді өзі де.

Әлғали. Арты не боларын кім білсін. Дмитриев-каның Боярский бастаған байлары Сағындықты аласұрып іздел жатқан көрінеді.

Нарша. Енді не істедік? Сағындық біле ме мұны?

Әлғали. Сағындық білмейді тегі. Білмегені жақсы ғой деймін.

Нарша. Неге?

Әлғали. Жарлық солай. Сағындыққа тағы бір тапсырма бар экесінен. Мен сол жарлықпен қалаға жүріп барамын. «Мұндағы жайды айтпайсың»,— деп менен ант алды. Ал, Нарша, сак бола көр.

Кетеді. Сыртта ат дүбірі.

Нарша. Келді ғой?

Боярский бастаған төрт-бес казак-орыс сау етіп кіріп келеді. Бәрі де қарулы.

Боярский. Э, жас қалыңдық, Нарша сұлу екен-сің ғой? Қүйеу бала кайда?

Нарша (*тез өзгеріп*). Ат сабылтын іздейтіндей неге керек болып қалды? Құлагым сізде, айта беріңіз.

Боярский. Қарай көр мынаны! Қалай-қалай сөйлейді?! (*Күліседі. Нығыздан.*) Жалғыз кулақпен бітпейді біздің шаруамыз. Сіздің құлағыңыз керек емес, қүйеу баланың өзі керек бізге.

Нарша. Онда Кетрампор барыңыз. Бүгін он бірінші күн, Сағындық аттанып кеткен.

Боярский. Ал сіз ше, қалыңдық, не бітімге қалып қойдыңыз? Бірге кетеді деп естіп едік кой.

Нарша. Дәм тартпаганы шығар, дәм тартқан күні мен де қалмаспын, аттанатын болармын.

1 - ші казак-орыс. Сіздің дәміңіз басқа бір жерден тартып түрған секілді, бикеш.

Боярский. Тәлкектің бізге керегі жок, кәне, шындықты айт. Қайда Сағындық? Әйтпесе, найзаның ұшына іліп кетеміз.

Нарша. Шындықты айтты деп ілесіздер ме?

2-ші казак-орыс. Осы қатын жолға дайындалғанға үқсайды. Көрмейсің бе, буынып-түйініп отырганын?!

3-ші казак-орыс. Сағындық осы төңіректе болмасын?!

2-ші казак-орыс. Осы төңіректе болса, соқпай кетпейді мұнда.

Боярский (*күліп*). Эй, көксілдерім-ай, қапияда тауыш кететіндерің бар-ау! Ал онда мына қатынның аяқ-қолын байлан тастаңдар. Аттар қамыс арасына апарылсын. (I – II казак-орысқа.) Сен, сен үйді аңди-сындар. Мерзім — таң атқанша. Сағындық келмесе мына қатынды алып деревняға келіндер.

Бәрі де. Айтқанды бұлжытпай орындаймыз!

Нарша. Бәрібір атсандар да шыны сол. Сағындық кетіп қалған.

У-шу, шыңғырғаш әйел даусы.

Түн ортасы ауган шақ. Жиырмасыншы жылдардағы

Қызылжар қаласындағы бір көше көрінісі. Бұрыштағы үй номері айқын. Омар, Әлти, Құләйма шыгады,

Омар. Міне, тап осы үй. Шамы бар, әлі жатпанты.

Әлти. Иә, осы үй секілді.

Омар. Осы үй секілді емес. Сол үйдің нағыз өзі.

Әлти. Мен ендеше кете берейін.

Омар. Кете бергенде шаруаны пысықтаң алайық, Әлеке. Есепті ағайын айырылмайды.

Әлти. Уәде-уәде ғой.

Омар. Жоқ, ол уәденің күні өткен.

Әлти. Бір айғырдың үйірі...

Омар. Жоқ, Әлеке, заман болса мынадай, Омекең жылқы бағып жүре алмайды.

Әлти. Сонда не, ақшадай ма?

Омар. Ақша да емес. Тазасы.

Әлти. Мөлшерін білуге бола ма екен сонда?

Омар. Омар ауызды кең ашпайды, он қадақ!

Әлти. Өй, мына ант атқан не деп түр. Он қадақ та- заны мен қайдан таппакын?

Омар. Ендеше өзің сөйлес. Мен кірмейміш. (Кете бастайды.)

Әлти. Эй, эй, батыр-екесі, тоқта.

Омар (*тоқтап*). Құлағым сенде.

Әлти. Төрт қадақ, қазіргі бары сол мендегі.

Омар. Омар саудаласуды білмейді. Болса болсын.
Әлти. Үәде құдай аты. Орындаш шығасын.
Омар. Үәде құдай аты.

Әлти бір жаққа, Омар Құләйманы жетелеп бір жаққа кетеді. Перде көтеріледі. Жарық үй ішіне түседі. Жырмасының жылғы жұпымны қала тұрғындарының үйі. Сағындық солдат киімін киген біреуге тапсырма беріп отыр.

Сағындық. Мұрат диірменінің қасына күзетті күшайту керек. Қарімге соны жеткіз.

Солдат киімді. Құп болады. Бір сауалым бар саған, Сағындық.

Сағындық. Мархабат. Сұрай бер.

Солдат киімді. Гарпед мырза хақында не біледі екен, біз хабар ала алмай отырмыз деп еді Қарім.

Сағындық. Ә, Гарпед мырза қазір Екатеринбургта. Ел ішінен жиналған астық тиісті жеріне жөнелтілген.

Әлгали келеді.

Ау, сен Әлгалимысың? Түн қатын, сұыт жүріш не? Ел аман ба?

Әлғали (*тұттығып*). Д...дін аман.

Сағындық. Нарша қайда?

Әлғали. Нарша да д...дін аман.

Сағындық. Ал өзің неге келдің?

Әлғали. Әкеңнен тагы бір тапсырма...

Сағындық. Тапсырма?! (*Солдат киімдіге бұрылып*) Ал, жақсы онда, Қарімге жаңағыны айтарсың. Сақтықта қорлық жок. (*Солдат киімді кетеді. Әлғалиға*) Ал, о не қылған тапсырма?

Әлғали. Жазғытуры байекең Іrbіт шапты гой. Сонда Іrbіттің Құртенау деген байымен компан болып Қытайдың бір саудагерімен контрасия жасаған екен.

Сағындық. Контрактация.

Әлғали. Иә, контрасия.

Сағындық (*куліп*). Иә, айта бер.

Әлғали. Сол Құртенау байекеңе хат жазып, тез жетсін депті. Хаты мінекей.

Сағындық (*хатты құбірлеп оқып*). Иә, шақырғана рас екен.

Әлғали. Соған қайтсе де барып қайтындар деп мені жіберді. (*Пауза. Сағындық ойда*) Және айтты:

асықпаңдар деді. Ел көріп, жер көріп, күзге қарай кайтасындар деді.

Сағындық даусы. «Өлермін, бірақ оралармын қайтесем де».

Сағындық. Күзге қарай?..

Наршаның даусы. Сарғайтпаңызы, жан исем, жалбарынамын, тезірек орала көрінізші!

Сағындық. Күзге қарай дей ме?

Гарпедтің даусы. Қалған астық жиналса, өзің де жатын алмассың.

Сағындық. Күзге қарай...

Әлғалидың даусы. Жек көре тұрып, Сағындықтың сахараны неге сағынатынын білем гой мен. Өйткені онда... сахарарада Нарша бар.

Сағындық. Әлғали, әкенің бұл тапсырмасын орындай алмаймын гой деймін.

Әлғали. Эке бүйрығы қатаң, Сағындық. Тілін алмасаң теріс батасын береді.

Сағындық. Қай ата түсініп еді өзінен кейінгі үрпақ сырын? Ата үшін бар жақсылық артта, Әлғали. Ал, біз болсақ жақсылықты алдан, болашақтан іздейміз. Түсін, Әлғали, бұл айтқанды.

Әлғали. Түсінем гой, Сағындық.

Сағындық. Түсінсөн, әке, ата деп далақтай берме. Сенің ендігі орның — біздің сапта.

Әлғали. Сағындық, өзіңмен бірге алып кетші. Мен де барын оқыын. Азамат болайын. Үй ішіне айтсам. «Қаражат қайда?»— деп жібермейді.

Сағындық. Шын жыласа соқыр көзден жас шыгады деген. Қаражат деген сөз болып па! Талап керек, талаптана білу керек.

Әлғали. Бұрын айта алмаушы едім, өлсем де сеппің қасында болам енді, Сағындық. (*Ekeyi төс тақасып құшақтасады.*)

Сағындық. Ал, Әлғали шынынды айтши, Гарпед жайында ел ішінде не сыйбыс бар?

Әлғали. Ойбай! Сағындық, ел іші бүлініп жатыр.

Сағындық (*шошынып*). Иә, не болды?

Әлғали. Сен сұрама, мен айтпайын. Әйтеуір, дәп казір ел бетін көруге болмайды саған. Эке жарлығы да мына оқиғаның ыстық-суығы басылғанша сені алыста жүре тұрсын дегенді әңғартатын секілді. Өйткені: «Тілімді алмаса теріс батамды берем!:»— деп үш қайтара айтты.

Сағындық (*дағдарып*). Наршатайдың халі не болар екен десейші енді?

Наршаның даусы. Саргайтпаңызы, жап нем, жалбарынамын, тезірек орала көріңізші.

Сағындық даусы. Өлермін, бірақ оралармын қайтсем де.

Есік тықылдайды.

Сағындық (*шиошинып*). Бұл қайссың? (*Бесата-рын суырып есікке жақындейды*.)

Әйел даусы. Есігінді аш, Сағындық.

Сағындық. Сіз кімсіз?

Әлғали. Мынау Құләйманың даусы гой?

Сағындық. Құләйма?.. (*Есікке бұрылып*.) Қайдан жүрсің, Құләйма? (*Жауап орнына есік тықылдайды*.) Жалғызың ба, Құләйма?

(*Жауап орнына есік тықылдайды*.)

Әлғали. Қасында кім бар, Құләйма?

Тагы да есік тықылдайды.

Ар жағында андыған біреулер болмасын. Боярский-дің беті жаман.

Сағындық есік ашпақ болады. Әлғали көлденендей береді.

Құдай біледі, құгыншылар бар.

Әйел даусы. Сағындық, есік аш.

(*Сағындық болмайды, есік ашады. Шашын жалбыратып жіберген Құләйма көрінеді*.)

Сағындық. Құләйма, қайдан жүрсің, Құләйма? (*Құләйма үндемейді*.)

Әлғали. Жалғыз келдің бе, әлде қасында біреу бар ма? (*Құләймада үн жоқ*.)

Сағындық. Бұл үйді қайдан тауып келдің? (*Құләйма үндемейді*.)

Әлғали. Әлде біреу көрсетіп жіберді ме? (*Құләймада үн жоқ*.)

Сағындық. Құләйма, мен Сағындық қой. Неге үндемейсің?

Құләйма. Са...ғын...дық. (*Паузада*.) Омар ағам үндең деген маған.

Оқыстан Омар көрінеді.

Омар. Сағындық, мен сенің құдай қоскан қалыңдығынды алып келдім.

Сағындық. Е, бәсе, Омар екенсің ғой. Сенің ісің шығар деп едім өзім де.

Омар. Енді тырп ете алмайсың, Сағындық. Қалыңдығың қасында қалады.

Сағындық. Қалыңдығым ауылда менің.

Омар. Жоқ, ол қалыңдықты іздемей-ақ қой, Сағындық. Жақыбай қызының алдынан жарылқасын. (Омар алақанын қайырады да кете бастайды. Құләйма соңынан ереді.) Сен осында қаласың, Құләйма?

Сағындық (Әлғалиға). Мына Омар не айтып түр, Әлғали?

Әлғали (жыламсырап). Әлти бай, мына Омар, ағатай үшеуі бірігіп Наршаны Боярскийге ұстап берген.

Сағындық. Осы Омар ма?

(Бес атарын кезеп үмтывлады. Омар қашады. Омардың соңынан бақырып Құләйма кетеді.)

Сағындық. Өлі-тірісін білесің бе?

Әлғали. Тірі ме деймін. Тамыр Мекеттің үйінде деп естігем.

Сағындық (қуанып). Өзіміздің дос Никита ма? Олай болса, қайтсе де біз Наршаны ажалдан құтқаруымыз керек.

Әлғали. Өз басынды ойла, Сағындық. Боярский Дмитриевканы түгел қаруландырыпты деп естігем.

Сағындық. Біз де бір, екі солдат алып барамыз. Бірақ олармен бетпе-бет кездеспеуге тырысамыз. Шама келсе, қараңғы түнді жамылын ұрлап әкеткенге не жетсін.

Әлғали. Тәуекел, Сағындық. Үйді айналып шықтым. Тыныштық.

Тұн. Терезе алдынан қараңдалап бір-екі солдат өтеді.

Сағындық, Әлғали.

Сағындық. Сен аттарды алып ойда тұрасын. Солдаттар үй төңірегінде болады. Жақсылықтың бірінші белгісі ыскырық.

Әлғали. Түсіндім, Сағындық.

Әлғали қараңғылыққа батып кетеді. Ақырын ғана терезе қагылады.

Дауыс. Эй, бұл қайсың?

Сағындық. Бұл бір жолаушы.

Нарша Сағындықтың даусын бірден таниды.

Нарша. Жалынамын жан ием, көріне көрме. Бояр байдың беті жаман. Жазым етеді. Жолына құрылған тұзақ бар.

Сағындық. Наршатай?..

Никита. О, Сағындық Аубакировичпісің? Кел, кел.

Есік ашылады.

Нарша. Мекет аға, шам жаға көрмеші. Торушылар бар.

Никита. Е, тірі болсақ өлмейміз.

Шам жағылады.

Нарша. Ағатай-ай, торға түсесіз ғой енді. Үй айнала жау, бәрінің де аузы алышып қойылған. Аялдамаңызышы, аттана көрініші енді. Сіздің жолыңызда құрбан болсам, арманым жоқ бұл дүниеде. Аз күнде мол бақытты көрдім. Өнім түгіл, түсіме сиғен нәрсе ме еді. РАЗЫМЫН мен тағдырға.

Сағындық. Наршатай, жүзің сынық, аз ғана күннің ішінде сондайлық жүдел қалыпсың ғой, жаным-ау.

Никита. Іш құса, ауру бұл бала. Күні-түні дала бетін көрмейді. Бұк түсіп жатады да кояды. Әйтпесе, біз жер айдатқанымыз жоқ. (*Катынына.*) Ей, қатын тұр. Қадірлі қонақ келді. Самогонды әкел.

Сағындық. Самогон ішіп отырап уақыт жоқ. Никита тамыр. Ал, Нарша, киін. Сені алыш кетуге келдім мен. (*Нарша киіне бастайды. Кенет далада у-шу. Мылтық атыла бастайды. Сағындық бес атарын ұстап есік қайырмасына ұмтылады.*)

Не болса да жастығымды ала өлейін.

(*Сол кездे Боярский бастаған қарулы топ кіре бастайды. Никита солардың жолын бөгеген болып, «Мұнда ешкім де жоқ, ағайындар!»— деп айғай салып жақындағы береді де, Сағындыққа жармаса түседі.*)

Боярский. Э, большевик Аубакирович, біз сізді көп күннен бері ат сабылтып басқа жақтан іздел жүрсек, мында екенсіз ғой?

Сағындық. Ия, мен осындамын, Боярский мырза. Керек болсам, міне, алдында тұрмын.

Боярский. Бізбен бірге жүресің, олай болса.

(Сағындық «Қайдада?»— деп сұрамайды. Қозғала бас-тайды. Нарша жылайды.) Жылама, бикеш. Бекерге жылайсың. Мына Сағындық Аубакирович екеуіздің әнеугіден қалған есебіміз бар. Сол есепті айырысамыз осы түнде. Сосын қайтарып жібереміз.

Екінші казак-орыс. Біздің үйде үлкен той бар еді. Сағындық бізбен бірге сол тойда болады... Ертең қайтады сосын.

Сағындық. Жылама, Наршатай, келем ғой мен. Қайтып келем. Бұл бір жаңсақтық қана болуға керек.

(Олар Сағындықты алып кете береді. Нарша «жан бауырымдан» боздан қала береді.)

СӨЗ СОНЫ

Карпов (оіланып). Міне, мен білетін, мына Элғали білетін Сағындық осындай жігіт еді...

Элғали (Карповтың сөзін бөліп). Сондағы делдал Гарпед осы Николай Васильевичтің өзі болатын.

Карпов. Ия, мен едім. Біз Сағындық екеуіміз Орал өнірінің Реввоенсоветінің жарлығымен ашыққан Питер жұмысшыларына астық ала келгенбіз.

Элғали. Ия, дәп солай. Біз оны кейін білдік, бірақ.

Карпов. Сағындық осындай жігіт еді... ал сендер оған бір жарым метр жерді де қимайсындар.

Қойшы (масайрап). Ал, әне, естідің бе, енді не дейсін?

Тракторист (желкесін қасиды). Бай баласы деп осындағылар ғой...

Карпов. Француздың бір мақалы бар: «Өлгенді қадірлемеген тіріні жақсы көрмейді». Бай ма, кедей ме, бәрібір, өлген моланы бұзы әдепсіздік болады. Мәдениеті жоғары елдің бәрі де өлгенді сыйлауды, басына әр қылыш белгі қоюды өнер санайды. Надандығымызды занытпайық, жолдастар! (Бір кесімге шұғыл келіп.) Элғали, сіз басқа жұмыстық қоя тұрыңыз да, совхоз жұмысшыларын аланға жинаңыз. Сағындық бай баласы болғанымен қиян-қыстау кезеңде жас Совет үкіметі үшін күрескен шын революционер. Соны баршага жеткізгеніміз жөн.

Әлғали. Жақсы, Николай Васильевич. (Кетеді.)

Карпов (алысқа қарап). Досым, Сағындық. Сен әділдік үшін күресіп ен. Таң шапағын көре алмай кеттің. Сен асыл махаббатты аңсап ен, жар қасиетін сезе алмай кеттің... Ерте сокпадын деп өкпелеме. Тірі жүргеніммен мен де қылы-қылы тағдыр тоспаларынан өтіп келем. Оралғаным осы болды. Ұмыт қалмайсың енді. Сүйегінді мына жасанған совхоз орталығындағы алаңға әкеп, өзіннің таза көңіліндей ак мәрмәр таспен орайтын боламыз. Рухынды әр азаматтың көңіліне жеткізетін боламыз. Сен гүлді жақсы көруші едің, Сағындық. Өзің де — бір қырдың қызыл гүлі секілді едің, мезгіліңен ерте солдың. Жоқ, солған жоқсың. Күн нұрын төгіп, жылы жаңбыр жауса, дүниенің қайта жаңғырып, кураған тамырларға қайта нәр жүгірер салты бар.

Әрқашан арайлы күн шығады. Әрқашан жас сәбілдер қабіріңнің басына келеді. Желкектеп өскен қызыл гүлді мәпелейді.

Күн бар жерде, гүл солмайды, Сағындық!

Шымылдық.

ТӨРТ БОЙДАҚ, БІР ҚЫЗ

ТӨРТ ҚӨРІНІСТІ КОМЕДИЯ

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Сұлұжан — бойжеткен қыз
Ержігіт — қаладан келген өнерлі жігіт
Махмет — совхоздың бөлімшесі бастығы. Бойдақтардың дейі.
Мактай — шопан, 3-ші бойдақ
Темір — шопан, 4-ші бойдақ
Бибі — клуб менгерушісі

Оқиға осы күнгі

БІРІНШІ ҚӨРІНІС

Авансценада қолында қолшатыры бар сәнді киінген
Сұлұжан. Машина тосқан сыңайы бар.

Сұлұжан. Қап, кешігіңкіреп қалғанымды қара-
шы.

Чемоданы, гитарасы бар Ержігіт жүгіріп шыгады.

Ержігіт. Қарындас, билеп жіберуге қалай қа-
райсыз?

Сұлұжан (*күліп*). Не үшін? Ненің ақысы деп?..

Ержігіт. Тіпті де білмеймін. Әйтеуір билегім ке-
леді де тұрады.

Сұлұжан. Әсіресе қызды көрсөніз?..

Ержігіт. Оныңыз рас. Бағым ба, сорым ба, тәуір
қызды көрсем-ақ болды, айықпас бір дерт секілді. Ұс-
тайды да қалады.

Сұлұжан. О, жігітті ауруға шалдықтырып жыны-
мыз бар ма?!.. Билесек, билейік онда. (*Ekeuі билей жө-
неледі.*)

Ер жігіт. Маржантауға баратын автобус аялда-
масы осы ара ма?

Сұлужан. Осы ара.

Ер жігіт. Өзіңіз қай жаққа бара жатырсыз?

Сұлужан. Е, таныстық басы осы бір сұрактан
басталмаушы ма еді? Ай-шай жоқ, билеп жіберейік дегенің қызық болды гой, тіпті.

Ер жігіт. Мен биші, әнші қыздарды іздең жүрген
адаммын. «Алло, ищем таланта» деген бар емес пе? Дәп
соның өзі.

Сұлужан. Талантты сонда Маржантаудан тап-
пақсыз ба?

Ер жігіт. Кім біледі?! Тапсақ тауып та қалар-
мыз...

Сұлужан. Бәрібір талант іздең жүрсіз ғой, ал
мен қалай билейді екенмін?

Ер жігіт. Тамаша!.. Айтары жоқ тіпті.

Сұлужан. Олай болса, бір талантты таптым деп
есентей беріңіз...

Ер жігіт (*құлана күліп*). Жолым болды деген
осы. Адаса қоймаспын енді...

Сұлужан. Тал түстө адасып бірдеме көрінді ме?

Ер жігіт. Қайдам?! Қөрмеген жердің ой-шұқыры
көп дегендей...

Сұлужан. Бел байлан жолға шығуын шықсаныз
да, жүрексінетін секілдісіз ғой...

Ер жігіт. Аттап басып қаладан шығып көрмесе-
ніз, сіз де жүрексінген болар едіңіз-ау?!

Сұлужан (*күліп*). Тәлкек еткіңіз келе ме, қалай?

Ер жігіт. Тәлкек емес, расым.

Сұлужан. Ендеше, шашын өсіріп, сақалын қоя
берген қала нәуеттерінің бірімін десенізші.

Ер жігіт. Қарындас, мұныңыз тым ауырлау сияқ-
ты...

Сұлужан (*ойнақы*). Ал жақсы. Осы жасқа дейін
дала бетін қөрмеген болсаңыз, Маржантауға сүйреп ба-
ра жатқан енді ненің екпіні? Соны айтыңызшы.

Ер жігіт. Культпрос техникумының...

Сұлужан (*қуақы*). Oho! Артист?!.. Режиссер?!

Ер жігіт (*қуақы*). Ұқсаймын ба?

Сұлужан. Қатып тұрсыз. Тек ұзағынан сүйіндір-
сін.

Екесі де билеп кетеді.

Ер жігіт. Ұзағынан сүйіндірсініңді қалай түсін-сек екен, қарында? Әлде, мені бір тұрлаусыздардың бірі деп ойламақсыз ба?

Сұлужан. Олай деуге дәлелім жоқ.

Ер жігіт. Себеп не сонда?

Сұлужан. Себеп Маржантауда.

Ер жігіт. Немене, кісі тосырқайтын әдеттеріңіз бе еді?

Сұлужан. Тосырқамаймыз. Бірақ жағдайымыз солай.

Ер жігіт. Оныңызды қалай түсіндік?

Сұлужан. Маржантауды қала екен деп қалып жүрменіз? Маржантау ауыл.

Ер жігіт. Білем.

Сұлужан. Отынды өзіңіз жағып, күлді өзіңіз шыгарасыз.

Ер жігіт (*куліп*). Суды да өзің тасисың?..

Сұлужан. Дәп солай. Культпрос техникумын бітіргендердің талайы бізге келген-ді. Бірақ келуінен кетуі жылдам болған-ды. Солардың кебін сіз де киіл жүрмейіз.

Ер жігіт. Мен жағдай ізден бара жатқан жоқпын.

Сұлужан (*қуақы*). Айтса да, сізге ұнайтын бір жағдайымыз бар екен-ау...

Ер жігіт (*елеңдел*). Иә, қандай жағдай? Айтыңызшы?

Сұлужан. Ол жағдай шаштаразымыздың жоқтығында.

Ер жігіт. Түсінбедім.

Сұлужан. Түсінбейтін түгі жоқ (*Ержігіттің шашын қобыратып*). Шашынды қысқартып, сақал-мұртыңды басып бере қояйын деп, ұстарасын жалаңдатып ешкім соңынан жүгірмейді... Шашынды, тіпті шашамайызызға дейін өсіруінізге де бізде жағдай толық бар.

Ер жігіт. Шаш проблемасы оңай ғой. Аулыңызда өнерлі жастар бар ма? Соны айтыңызшы.

Сұлужан. Бар.

Ер жігіт (*қиялдан*). Мен тәрбиелеген Маржантау әнші-бишілері Алматы, Москва сахналарынан...

Сұлужан (*сөзін бөліп*). Қиялдан кеттіңіз... «Маржантау» совхозына жетпей жатып Алматы, Москва сахналарынан бір-ақ шықтыңыз ғой тіпті!

Ер жігіт (*желкесін қасып*). Солай екен-ау. (*Жауын жауады. Сұлужан қолшатырын ашады.*) Мына

аялдамаға жауын-шашыннаң қорғанатын бір баспана да салмаған екен.

Сұлужан (*күліп*). Қаладан шықпай жатып талап коя бастадыңыз ба? Құлағым сізде, тағы не тілегіңіз бар?

Ержігіт (*өзгеріп*). Жауын дегеніңіз не тәйір! Қөктемгі жауын қайта денсаулыққа пайдалы. Біз жауында «мәу» демейміз.

Сұлужан (*қуақыланып*). «Маржантау» совхозына су-су болып барғаныңыз жарамас. Қаласаңыз, мына қолшатыр астына келіңіз.

Ержігіт. Рақмет, қарындас. (*Кол шатыр астына тұрады*.) Қандай қайырымды едіңіз! Маржантаудан бірінші танысым сіз болғалы тұрсыз.

Сұлужан. Ендеше танысың қоймаймыз ба?

Ержігіт. Ержігіт.

Сұлужан. Сұлужан.

Ержігіт. Сұлужан?.. (*Әдемі, сазды ән әуені естіледі*). Онда мен сізді білем ғой.

Сұлужан. Қайдан білесіз?

Ержігіт. Сіз онда жетінші класта оқығансыз. Әкеңіз сізді хореография училищесіне алып келді...

Сұлужан. Рас, әкелді...

Ержігіт. Сіз биледіңіз.

Сұлужан. Билегенім де өтірік емес.

Ержігіт. Ал, мен болсам, сонда аузымды ашып карап отырғанмын.

Сұлужан. Ол арасы есімде жок. (*Күліп*.)

Ержігіт. Есінізде бар, жоғы есеп емес. «Қайда барасың?»— дегендеге «Маржантауга!» дегенім де содан ғой...

Сұлужан (*күліп*). Сөзіңіз жағып барады. Ал сосын?..

Ержігіт. Қез алдында билеп жүрген сіз тұрдыңыз.

Сұлужан (*күліп*). Маржантауга, сөйтіп мен үшін келе жатырмын десеңізші?..

Ержігіт. Құдай ақы, сіз үшін...

Сұлужан. Менің Маржантауда болмауым да ғажап емес еді ғой. Онда екенімді қайдан білдіңіз?

Ержігіт. Білдім...

Сұлужан (*күліп*). Манадан бергіңізге сенуге болатын еді. Ал енді қосынқырай бастадыңыз.

Ержігіт. Құдай ақы, түк қоспасы жоқ.

Сұлужан. Сенбеймін.

Ержігіт. Сіз училищеде бір-ақ жыл оқыдыңыз...

Сұлужан. Рас, бір-ақ жыл...

Ержігіт. Содан кейін кетіп қалдыңыз.

Сұлужан (*күлкіден тыйылып*). Ал, иә?..

Ержігіт. Не іәсі бар?! Биыл онжылдықты бітірдіңіз. Қазір комсомол қызметіндесіз. Өткен жазда учетчик болғанынызды да білеміз.

Сұлужан. Сіз өзі кімсіз?

Ержігіт. Сұлужан?! Қандай әдемі есім!..

Сұлужан (*өзіне өзі келіп*). Тағы да киялданба-ра жатырысыз.

Ержігіт. Жоқ, тап осы жолы қиялдаған жоқпыш. Шыным. Ал, қазір қиялдайын ба?

Сұлужан (*күліп*). Қиялдаңызышы!

Ержігіт. Шіркін, мына жауын өмір бойы бір то-ластамаса!.. Ал мен болсам, мына кішкентай қолшатыр астында сізben бірге өстіп, өмір бойы тұра берсем?..

Сұлужан. Бұл тілегіңіз орындалмады. Эне, «Маржантау» совхозының бөлімше бастығы Махметтің өзі келе жатыр.

Шымылдық көтеріледі. Алысырақта машинаның тұмсығы көрінеді.

Махмет... Оу, Сұлужан, сені іздең қаланың ішін шарқ үрып жүрсем...

Сұлужан (*құақы*). Ендеше, Маха, ізdegенімізді екеуміз де мына автобус аялдамасынан таптық.

Махмет. Менің ізdegенім қашанда өзіңсің. Ал, сенің ізdegенің кім еді?

Сұлужан. Менің ізdegенім, міне, мына жігіт. (*Ержігітті машинаға қарағай жетелейді.*)

Ендігі әңгіме жүріп келе жатқан машина үстінде өтеді.

Махмет (*қызығанған, ұнатыңқырамаған кейіппен*). Жігіт іздеймін деген ойында жоқ секілді еді. Мұны қайдан тауып алдың?

Ержігіт. Мұны дейтін мен не ойыншықпын ба сізге?..

Махмет. Сақтай көр, мынауың бір қызыл көз гой.

Сұлужан (*күліп*). Мынау да, анау да, тіпті қызыл көз де емес. Бұл жігіттің аты — Ержігіт.

Махмет. Ержігіт?

Ержігіт. Иә, Ержігіт...

Махмет. Ал, Ержігіт, жол болсын?

Сұлужан. Элей болсын. Жолы біздің ауыл дедім рой.

Махмет. Мына Сұлужан не дейді?!

Ержігіт (*Сұлужан мен Махмет қақтығысының астарын түсінбей*). Сұлужан дұрыс айтады. Барап жерім — Маржантау.

Махмет. Маржантауда не алмағың бар еді?

Сұлужан (*Ержігітті сөйлеметпейді. Өзі мәнерлел, жұмбақтан сөйлейді*). Алмағы болмаса, аттана ма?

Махмет (*бар денесімен артқа бұрылып*). Алмағы не сонда? Сенбісің?

Сұлужан. Мен не, татымаймын ба?

Махмет. Сен емес, мына жігіт татымайды.

Ержігіт (*сөз астарына түсінбей, ашууланыңқыран*). Кездеспей жатып, қалайша татымайды дейсіз?.. Татимын.

Сұлужан. Татығанда қандай!

Махмет. Ал, татиды екенсің, қандай өнерің бар сонда?

Ержігіт (*гитарасын қағып қалып*). Домбыра мен гитара тартып, ән салам. Баянда да ойнай білемін. Билеймін де.

Махмет. Ол өнеріңнің маған түкке де керегі жоқ.

Сұлужан. Маха, қалайша?

Ержігіт. Сонда сізге қандай өнер иесі қажет?

Махмет. Мал баға алатын, шопан бола алатын адам қажет маған. Сабаудай етіп мына бірдемесін (*гитараны көрсетіп*) асып алып жүретін жалбыр шаштар қайдан болсын табылады.

Ержігіт. Табылса, табылсын, бірақ Облыстық мәдениет басқармасы маған жолдама бергенде Маржантаудағы клуб менгерушісінің орыны бос екенін айтқан.

Махмет. Маржантаудың жайын мәдениет басқармасы біле ме, әлде, мен білем бе? Завклубымыз бар.

Ержігіт. Олай болса, «Жолдамамен қабылдай алмаймыз»,— деп, белгі соғып беріңіз. Осы арадан түсіп қалайын.

Махмет. Оның болмайды. Құдай айдал Маржантауға өзі келе жатқан жігітті қайтара алмаймыз. Басқа жұмысқа пайдаланамыз.

Ержігіт. Мамандығыма жанасса не жұмыс болса да жарай береді маған. Елге сыймағандай қалага қайтып барудың өзі ыңғайсыз.

Махмет. Міне, ақылды жігіттің сөзі. Тепсе темір

үзетін шағын. Ән салып, домбыра тартып, еріккеннің ер-
мегін жасағанша шопандар бригадасына бар, немесе
сныр бақ. (*Енді шабыттана сойлел.*) Қалада өскен ақ
саусак партия мен үкіметіміздің шақыруына үн қосып
жүрек қалауымен ауыл шаруашылығына келді. Оны
қаланың базарлы, саялы тіршілігі тоқтатқан жоқ... Тұ-
сініп отырсың ғой? Аязға тоқып, ыстыққа күйіп мал со-
ңында жүрді... Міне, солай, шырак.

Ер жігіт (*еңсесі түсін*). Менің қолымнан қой бағу
кеle қояр ма екен? Шынымды айтайын, өмірімде тірі
көйді көрген жан емеспін.

Махмет. Сол да сөз болып па, үйретеміз, үйрене-
сің. Сен өзің газет оқисың ба?

Ер жігіт. Оқимын.

Махмет. Оқысан білуге тиістісің. Қазір қой ша-
руашылығына айрықша көніл бөлініп отыр. Материал-
дық жағдайы да жақсы. Айна кем дегенде 150 сом ақ-
ша табасың — бір де. (*Саусағын бүгіп.*) Ақшалай сый-
лық — екі. Қосымша ақы — үш. Сонда азғана жылда
сенен бай адам жоқ. Қалтаң толы ақша. Астында ма-
шина!

Ер жігіт. Ақша да, машина да қажет емес маған.

Махмет. Кежегесі кейін тартқан не еткен адам-
сың өзің! Ақшаң болмаса, жел обасың ба сонда?!

Ер жігіт. Аштан өлгеннің моласын көрген жоқ-
пын деген атам қазақ.

Махмет. О, шіркін, сөзіңе болайын! Қазақ аштан
өліп көрмеді деп ойлайсың ба сонда? Өлгенде қандай!
Қырылып та қалған кезі болған. Аштан өлген адам ит
жемеде көмусіз қалады. Моласын көрмейтінің де содан,
жігітім. Жоқ моланы қайдан көресің!

Ер жігіт. Ау, сөзді көбейтіп жібердіңіз ғой. Мен
сіңбек етпеймін деп келе жатқаным жоқ қой! Лайықты
жұмыс беріңіз. Бар талап осы.

Махмет. Айтайық, сені завклуб етіп қояйын. Ай-
лығы алпыс-ақ сом. Қайтіп күн көрмек ойың бар?

Ер жігіт. Аш жүрсем де, атақты бір әнші, биші
артистер дайындал шығарсам... Олар Алматы, Москва
сахналарында ән шырқайтын болса...

Махмет (*ыза болып*). Бұлардың айтар сөзі осы.
Романтика деген ауру жабысқан бұларға! Романтика
ас болмайды, інішек. Сұлужан, саған да ас болмайды.
Ішіңнен ғой сен де мұны жақтап келесің.

Сұлужан. Несі бар, жақтаса. Эркімшің өзі сүйген мамандығы болады.

Махмет (*қызыңқырап*). Қызықсын, Сұлужан! Соқтауылдай жігіт сонда айна алыс сом алыш әйелдің жұмысын атқармақ па?

Ержігіт. Әйелдің жұмысы емес, маманның жұмысы. Домбыра тартып, ән сала білу керек. Сахнағашығып секіріп билей білу керек.

Махмет (*ызбарлы*). Болды, болды, жігітім. Сендей мамандардың құны біз үшін бес-ақ тиын. Кетсөң жолың әні. (*Осы кезде машина, сазға батып қалған секілді болады. Махмет газды басып, машинаны ілгерікейінді қозғайды. Ержігіт қарғып түсіп кете бастайды.*)

Сұлужан. Ау, Ержігіт. Шынымен кетіп барасыз ба? (*Ержігіт қайырылмайды. Махметке.*) Сіз қалай, тым қатты кеттім деп ойламайсыз ба?

Махмет (*машинасын изеңдетіп*). Оны ойлауға уақыттым жоқ.

Сұлужан. Ержігіт жолдама алып келе жатқан адам.

Махмет. Онымен не айтпақсың?

Сұлужан. Жұмысқа алмағаныңыз өз алдына. Ал, жолда машинадан түсіріп кеткеніңіз... Сондай үят. Ертең облыс естиді. Жұрт мазақтап күлетін болады.

Махмет. Сонда не қыл дейсің?

Сұлужан. Қайтарып алыңыз.

Махмет. Оған бара алмаспын.

Сұлужан (*еркелеп*). Мен үшін...

Махмет (*жібіңкіреп*). Ау, Ержігіт?!

(*Алыстағы Ержігіт даусы. Жолдарың болсын! Бара беріңіздер.*) Оу, анауың, қайырылмайды ғой.

Сұлужан (*дауыстап*). Ержігіт! Бізді жолда қалдырып, шынымен қайырылмай барасыз ба?

Ержігіт. Кет деген соң кетемін.

Сұлужан. Махметтің бүл қалжың сөзі ғой. Бастығымыз сондай ойыншыл кісі. (*Өзі «мені қоста» дегендей Махметке ымдайды.*)

Махмет (*зорланыңқырап*). Ойнап айтқан сөзді шын көргенің бе? Қайырыл, бермен, батыр-екесі!

Ержігіт қайтып оралады.

Ержігіт. Ал, қайырылдым.

Сұлужан. Ержігіт, сіз сондай тас бауыр екенсіз ғой. Өнер адамына тас бауырлық жараспайды.

Ер жігіт. Неліктен мен тас бауырмын.

Сұлужан. Машина сазға батып қалды. Сіз болсаңыз бізді далага тастап кетіп бара жатырсыз.

Махмет. Ана жерден ең болмаса құм әкеп, көмектеспейсің бе?!

Ер жігіт (*райынан қайтып*). Байқамаппын. Қешірініздер. (*Колына күрек, шелек алып сахнадан шығып кетеді.*)

Сұлужан. Байқадыңыз ғой, жаман жігіт емес.

Махмет. Жаман жігіт болмаса, қойға барсын.

Сұлужан. Клуб бастығы неге болмайды?

Махмет. Клуб бастығы бар.

Сұлужан. Ол кім?

Махмет. Бибі ше?

Сұлужан. Сұлтанның әйелі Бибі ме?

Махмет. Иә, сол...

Сұлужан. Өсек айдағаннан басқа, ау деп аузын ашпайтын Бибі клуб бастығы болып не жарытады.

Махмет. Жарытпаса да, істеп жүр. Қысыр әңгімені қайтесің! Одан да бұл жігіт қойға барсын. Екеулеп соған көндірейік.

Сұлужан. Қайтіп көндіреміз. Қөнбейді Ержігіт.

Махмет. Жоқ, сен айтсаң көнеді. Тек шындалп айт!

Сұлужан (*құлықпен*). Жарайды. Айтып көрейін...

Махмет. Міне, ақылды адам осылай жөніне көшеді.

(*Ержігіт құм әкелін төсейді. Машина жүріп кетеді.*)

Сұлужан. Ержігіт ойланатын бір шаруа болып тұр.

Ер жігіт. Құлағым сізде.

Сұлужан. Мына Махмет екеуміз ақылдасып...

Махмет. Иә, ақылдастық. Ақылдасқанда да тастайын етіп қойдық.

Сұлужан. Иә, ақылдаса отырып, сізге қойға барыңыз дегіміз келіп отыр.

Махмет. Жағдайдың бәрін жасаймыз.

Ер жігіт (*күмілжіңкіреп*). Қойға барғанда...

Сұлужан. Тындал алыңыз.

Махмет. Иә, тындал ал, Ержігіт.

Сұлужан. Тындағанда былай, қойда менімен бірге орта мектеп бітірген Мақтай, Темір деген жігіттер бар.

Махмет. Тамаша жігіттер!

Сұлужан. Өзініз бар, ана жігіттер, бәріміз болып комсомол жастар бригадасын құрамыз.

Махмет. Сұлужан дүрыс айтады. Комсомол-жастар бригадасын құрамыз.

Ержігіт. Қайдам?..

Сұлужан. Қайдам-сайдамды қойыңыз, Ержігіт.
Махмет. Иә, қою керек қайдамды.

Сұлужан. Комсомол-жастар бригадасын құрамыз да, солардың арасынан әнші-бишілерді іріктең аламыз.

Ержігіт. Бұл ақылға қонады. Ал, Сұлужан, сіз өзініз қайда боласыз?

Сұлужан. Қайда болғаны несі? Аудандық комсомол комитетіне барам да...

Махмет (*Сұлужанның сөзін бөліп*). Иә, дейім-ау, қайда болғаны несі?! Сұлужан комсомол комитетіне барады да...

(*Сұлужанға бұрыллып, аңырып қалады.*) Ау, аудандық комсомол комитетіне неге баrasын?

Сұлужан (*Ержігітке*). Аудандық комсомол комитетіне барам да, жолдама алып, сіздерге келемін...

Ержігіт. Ур-ра! Мен көндім онда.

Махмет. Эу, комсомол үйымының жұмысын қайда тастаның?

Сұлужан. Басқа біреуге тапсырам да.

Махмет. Жок, мен көне алмаспыш бұған.

Сұлужан. Оны кезінде көрерміз. Міне, малға да келіп қалдық, Маха.

Ержігіт машинадан қарғып түсіп гитарасын ойнатып, билей жөнеледі. Сұлужан Махметті ерікке қоймай биге алып шығады.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Кең сахна. Клуб менгерушісі Бибі ынылдан ән салып бөлме ішін жыстырып жүр. Асығып, аптығып Ержігіт кіреді.

Ержігіт. Бибі женгей, Сұлужан келді ме?

Бибі (*жақтырмай*). Осы совхозда Сұлужаннан басқа қызы құрып қалған ба? Анасы да Сұлужан, мынасы да Сұлужан. Эдірем қалайын.

Ержігіт (*куліп*). Бүгін репитиция өткізетін едік. Сұлужан соган керек.

Бибі (*ашулы*). Ешқандай репитиция болмайды. Алдыңғы күні ғана емес пе еді репитиция деп шулаған-

дарын, қаптап кеткен неткен репитиция бұл? Онан да
қызы ойнақ, жыны ойнақ десенші.

Ержігіт Бибіні шыр айналдырып билете жөнеледі.

Ержігіт. Айналдым жеңешеден көзі құлғен.

Сұлтан аға бағында өстіп жүрген.

Бибі (*мәз болып*). Қағынды келгір, қой деймін, ба-
сым айналды. Сен, сен бар ғой қара тасты да жібітерсін.

Ержігіт. Е, осылай қабағыңызды жадыратыныз-
шы. Бұлт астынан күн шыққандай болды ғой.

Бибі Әлгі Махмет үрсип жүрмесе?..

Ержігіт. Сол Махметтің өзі рұқсат етті. Міне, ка-
ғазы. (*Бибі қағазды алып айналдырып көреді.*)

Бибі. Қезілдірігім үйде қалған. Өзің оқы!

Ержігіт (*оқып береді*). Мына жастардың ән са-
лып, би билеуіне жағдай жасаңыз...

Бибі. Отірік оқып тұрган жоқсың ба-ей?

Ержігіт (*күліп*). Құдай ақы...

Бибі. Бері әкел. (*Қағазды қалтасына салып ала-
ды.*) Бір-ақ сағатқа рұқсат етемін. Емшекте балам бар.

Ержігіт. Жүре беріңіз. Қілтті өзім апарып бе-
рейін.

Бибі. Топырлатпақсың ғой кілең жын-шайтанды.
Оған көне алмаспсыз, шырак.

Сұлужан келеді.

Сұлужан. Кешігіп қалған жоқпын ба?

Ержігіт. Жоқ, дәл уақытында келдің.

Сұлужан. Басқалары қайда?

Ержігіт. Жігіттер бүгін келе алмайтын болды.
Төл төгіндеп жатыр. Бол, дайындал. Кешегі келтіре ал-
маған жерлерді қайыра қайталайық.

Музыка ойналады. Ержігіт пен Сұлужан сыртқы киімде-
рін шешіп жаттығу жүргізе бастайды. Бибі қолма-қол Мах-
меттің пәтеріне телефон согады. Сахна түпкірінен пистолет жа-
рығында Махмет.

Махмет. Алло, алло, бұл кім?

Бибі. Қайнам-ау, үйықтап қалғаның қалай?

Махмет. Иә, жұмыстан шаршап келіп...

Бибі (*даусы ойнақы*). Қайтейін сені. Сен ғой, қу
тізенді құшақтап үйде жатырсың. Бұл қалпыңмен өмір
бойы сүр бойдақ болып өтесің ғой. Ал, мына жақ шал-
қып жатыр.

Махмет (*елең етіп*). Не болып қалды, женгей?

Бибі. Не болуши еді, үйықтаған үйкі алады, үйықтамаған жылқы алады.

Махмет. Жылқы, қайдағы жылқы? (Осы кездे Ержігіт музыка ыргағымен Сұлужанды көтере жөнеледі.)

Бибі. Эне, әкетті, әкетті.

Махмет. Қайда әкетіп барады? Ұстаңыз. Бұл жүрт енді жылқы ұрлауға көшкен бе?

Бибі. Жылқы емес, қыз.

Махмет. Қайдағы қыз?

Бибі. Қыз болғанда пілдей.

Махмет. Пілдей?! Ал өзің неғып тұрсың?

Бибі. Қарап тұрмын. Ойпырмай, мына жігіттің қарулысын-ай, тура жас баладай секіртеді.

Махмет (айқайлап). Жігітің кім?

Бибі. Әлгі қаладан келген... аты кім еді?

Махмет. Ержігіт пе?

Бибі. Иә, сол... көтеріп барады, көтеріп барады. Шаршамайтын сұмдық мынау.

Махмет (урейлі). Қайда көтеріп барады?

Бибі (оны тыңдамай екі көзі Сұлужан мен Ержігітте). Ал, шалқайтты... Беті бетіне жақындады.

Махмет (жаны шыға айқайлап). Сүйіскен жок на?

Бибі. Бұл жолы аман кетті.

Махмет. Қыз кетті ме, әйтеуір.

Бибі. Қайдағы кеткен? Аты кім дең едің?

Махмет. Ержігіт.

Бибі. Соның құшағында жүр. Құліп қояды өзі. Құлкің көмір болғыр. Үят-ай, жігітке бүкіл денесін ұстатты-ау!

Махмет. Кім?

Бибі. Сұлужан да.

Махмет. Сұлужан?.. Түсім емес пе?!

Бибі. Өңің.

Махмет. Түк түсінсем бүйірмасын.

Бибі. Қөргің келсе құлыбқа кел.

Махмет. Клубқа? Э, репитиция екен ғой...

Бибі. Мұндай репитиция көрсемші.

Махмет. Ал ендеше, қимылдарын қалт жіберме.

Бибі (құланға құліп). Женгесінің еңбегін ескерер, жолынан жығылмайтын шығар деп сенем.

Махмет. Жеңеше-ау, осы тоқсанның қорытындысы бойынша елу сом сыйлық...

Бибі. Бары сол ма? Арамтер болған азабым күрсын онда.

Махмет. Жә, жә, алпыс болсын. Баға түр. (*Телефон трубкасын орнына қояды. Махмет бөлмесіндегі жарық сөнеді.*)

Бибі. Нағыз сарапдал сараңың өзі. Тура өз қалтасынан шығаратындей сыйзықтатып жатқаны. (*Стол сұйрмасынан қалам мен қағаз алып жаза бастайды.*) Үш мәртебе сүйісті. Бір рет «айналайын, күнім» деді. Төрт мәртебе ашасынан көтерді....

Ержігіт. Сөйтіп, батыр сүйіктісімен осылай қоштасады. Мәңгілікке қоштасады. (*Сұлужанды сүймек болады.*)

Сұлужан. Қойыңыз, сүйісу балет биінің шартында жоқ.

Ержігіт (қоймай). Олар мың мәртебе сүйіскен шығар. Ал, біз ең болмаса бір-ак рет...

Сұлужан (жымылып). Бұл ертегі ғой.

Ержігіт. Сүйіскен жүректердің айтар әні біреу-ак.

Бибі (күбірлей қайталап). Қара, қара мына шірікті. «Сүйіскен жүректердің айтар әні біреу-ак»,— дейді. (*Жазып болып.*) Мұны оқығанда өзің де төбенен жай түскендей боларсың, Махмет.

Сұлужан. Неге?

Бибі. Жай, әншейіп. Сұлтан ағаңа ренжіп отырғаным ғой.

Сұлужан. Не дедіңіз, жеңеше?

Бибі. Ағаңмен отасқалы жиырма жыл болды. Он құрсақ көтердім. Бақандай сегіз ұл, екі қыз тауып берсем де, ашамайлап көтермек түгел, арқамнан да сипаған емес.

Сұлужан (шегі қата күліп). Жеңеше-ау, бұл балет қой. Ойын. Телевизордан талайын көрген де шығарсыз.

Бибі. Қөрейін, көрмейін, ана баланың көнілінде өзіңе деген бірденесі болмаса, осыншама қан сорпасы шығып не жыны бар?

Сұлужан (қабағын түйіп). Жеңеше, ойынның да шегі бар ғой.

Бибі (жақтырмай). Осындаі салпы етек әйел қалпында көктен түсе қалды деймісің мені. Біз де қыз бол-

ғанбыз. Талай жігіттер соңымыздан жүгірген. Қебіне кекірейіп қарамаушы едім. Астамшылық екен. Қекке қарамай, алдымға қарасамыш.

Сұлужан (*кулін*). Жеңешем мені құтты жеріме қондырганша асық. (*Күнуге басқа бөлмеге шығып кетеді*).

Бибі. Репитицияларың бітті ғой, әйтеуір.

Ержігіт. Біткен жоқ. Элі де ширата түсуіміз керек.

Бибі. Қайным-ау, мынадай ту қызды күнде көтере берсең нең қалады?

Ержігіт (*толғанын*). Сұлужанды өмір бойы алақаныма қондырып мәпелеп жүруге де әзірмін ғой...

Бибі (*күрсінін*). Қазіргі қыздар бақытты ғой. Менің кебеже қарын күйеуім алақанына салып әлпештемек түгел, жонын беріп жататынды шығарды-ау. (*Сұлужан кіреді*.) Сұлужан-ау, мына жігіттің айтқанын естідің бе?

Сұлужан. Жоқ...

Бибі. Сені өмір бойы алақаныма салып жүрер едім дейді.

Сұлужан (*кулін*). Өмір бойы алақанда жүрген-нің несі қызық! Онан да жүртқа үқсан жерді өз аяғы-мызбен басқанымыз жақсы емес пе?!

Бибі. Астамшылық жасама, Сұлужан. Астамшылық бір жерге апарып жықпай қоймайды.

Ержігіт. Қайтпаймыз ба?

Сұлужан. Қайтсақ қайтайық...

Махмет кіреді. Қөңілсіз.

Махмет. Репитицияларың бітті ме?

Ержігіт. Кеш қалдыңыз.

Махмет. Кеш қалсам, ештеңем кете қоймас. Құрқалмасам болды да.

Сұлужан. Құр қалатындаі бөліс бөлген жоқпыз.

Махмет. Қайдам?!

Бибі (*Махметке*). Қайным, отыр.

Махмет (*отырады*). Осы сендер репитицияны жиі-летіп бара жатырыңдар ма деймін. Оның үстіне оңашалып алып та билейтінді шығарыпсыңдар...

Ержігіт. Жағдай солай. Жігіттер қойдан шыга алмады.

Махмет (*кекеткендей қулін*). Сен үшін біреу қойбағады, ал сен кім үшін сайрандап жүрсін?

Сұлужан. Қайдағы сайран? Репитиция ғой.

Махмет (әлі де ашулы). Репитицияң да сайранның бір түрі.

Бибі. Ержігітті нығырта бермей, қойшы. Жартысағат бойы өзіндегі адамды көтеріп журу онай деймісін. Қан сорпасы шықты бишаараның.

Ержігіт. Өнер жолы қын. Қайтеміз, бұдан да зорғысына көнеміз де.

Махмет. Бүйтіп қиналмай-ақ кой, Ержігіт. Бәрібір балетті түсініп жатқан ешкім жоқ. Онан да бір жақсы пьеса қояйық.

Ержігіт. Қөп нәрсені игеріп қалып едік. Еңбегіміз далаға кетеді ғой?

Махмет. Ақылдаспаған өздерің кінәлісіндер.

Сұлужан. Мұндай айыпты репитицияны көріп барып тағу керек.

Бибі. Қайта бастасандар, ойбай-ау, танды осы арада атырамыз ғой. Балам жылап жатыр ма деймін, емшегім дертіп, сыздап барады.

Махмет. Ендеше бара қойыңыз. Кілтті кейін менен аларсыз.

Бибі. Мың жаса, дегеніңе жет. (*Есікten шыға бер*) Дала тастай қаранғы екен.

Махмет. Ержігіт, женгенде шығарып салсанышы.

Ержігіт. Женгейдің үйі сіз жақта емес пе еді, ерте кетініз.

Махмет (*ашуланып*). Бастық мұны жұмсаса, бұл бастықты жұмсайды.

Ержігіт (*қипақтан*). Жарайды, болашақ нәрестенің тағдыры үшін... (*Бибінің соңынан шығып кетеді.*)

Ұзақ үнсіздік. Сол үнсіздікті Сұлужан бұзады.

Сұлужан. Иә, Маха, үндеңейсіз ғой?..

Махмет. Үндеңенде не демекпін?

Сұлужан. Жерден жеті қоян тапқандай бол неге келдініз, ендеше?

Махмет. Қелгім келді. Қелдім...

Сұлужан. Бірдеме естідіңіз бе?

Махмет. Естідім...

Сұлужан (*ойнақы*). Естісөніз айта отырыңыз...

Махмет. Биді қоясың. Үзілді-кесілді тілек бұл.

Сұлужан. Тағы неніз бар естіп-білген?

Махмет. Комсомол жұмысын тастайсың. Бұрынғы бухгалтерияца қайтып барасың.

Сұлужан (*ойнақы*). Тағы қандай талап?..

Махмет (*жүрелеп отыра қалып*). Сұлужан, мен сені жақсы көрем гой... Қыс түссе шаруашылық бірыңғайланады. Той жасаймыз. Қосыламыз.

Сұлужан. Неге ертерек айтпадыңыз?

Махмет. Өзі де біледі деп жүрдім фой.

Сұлужан. Қеш қалдыңыз. Үәде берген адамым бар.

Махмет. Оның кім? Ержігіт пе?

Сұлужан (*ойнақы*). Ержігіт болса ше? Кем бе?

Махмет. Кем.

Сұлужан. Кімнен кем?

Махмет. Мәселен, мына менен...

Сұлужан. Оны немен дәлелдемексіз?

Махмет. Кем болмаса, бір жерде ел басқарып жүрмес пе еді?

Сұлужан. Ел басқарғаның бәрін ақылды деп ойлайды екенсіз фой?

Махмет. Енді қалай деп едің? Ақымақ адам ел басқара алмайды.

Сұлужан (*күліп*). Бар кемшілік, міне, осы бір менмендік көкіректікте, Махмет. «Мен бөлімше бастығымын. Сол себепті ақыл да менде»,— деп ойлайсыз фой?

Махмет. Маржантау бөлімшесіне бастық болып келгеніме екі жыл. Құдайга шүкір. Жаман атым шырып көрген жоқ әлі.

Сұлужан. Оны жұрт айтсын.

Махмет. Жұрт не, жаман бастық дей ме сонда, құдайлышыңды айтшы!

Сұлужан. Жоқ, жаман бастық дегенді естіген жоқпын.

Махмет (*масайрап*). Эне, өзің де мойындаңың фой.

Сұлужан. Жоқ, сіз түсінбей қалдыңыз. Бұл жерде әңгіме сіздің жаман, жақсы бастық екениңізде емес.

Махмет (*қызызыңқырап*). Енді неде?

Сұлужан. Сол Махмет деген бөлімше бастығы туралы мына отырған Махмет деген жігіт пікірінің тым биіктігінде.

Махмет (*басылып*). Мақтанған, «мен» деп сөйлеғен жерім болған жоқ еді...

Сұлужан. Мақтану үшін «мен» деп сөйлеудің қажеті жоқ, тіпті. Мақтану жолы көп, Маха.

Махмет. Қане, айтшы, жолдары қандай болады скен? Біліп алайык.

Сұлужан. Қөне Грекияда бір сұлу жігіт болыпты. Сол жігіт бір күні суға келіп үңіліпті де, ондағы өз бейнесіне өзі ғашық болыпты. Ғашық болғандығы сондай, күндіз-туні су жағасына келіп жатып алған екен де, акыры сары уайымнан өлген екен.

Махмет. Оның маған қандай қатысы бар?

Сұлужан. Қатысы сол — ол да сіз секілді өзі туралы тым жоғары пікірде болған фой.

Махмет (тулаңқырап). Мұлде олай емес. Ол өз бейнесіне ғашық болса, мен екі жылдан бері өзіңе ынтықлын.

Сұлужан. Таз таранғаша той тарқайды деген. Өзіңіз бен өзіңіз болып жүргенде кеш қалдыңыз дедім фой. Сүйгенім бар?

Махмет. Совхоз жұмысы шырғалаң шығарды ма? Қектемгі егіс бітсе, пішен тұр. Оны тындырсаң, егін орағы...

Сұлужан. Ақталмай-ақ қойыңыз. Мұның бәрі қысыр әңгіме.

Махмет. Ал, сонда сүйгенің кім? Ержігіт пе?

Сұлужан. «Ержігіт болса ше? Кем бе?»— десем, манаңдан бергі әңгіме қайта басталады фой.

Махмет. Жок, шыныңды айтшы?

Сұлужан (салмақпен). Шынымды айтсам, Ержігіт емес.

Махмет (қуанып, билеп кетеді). Ержігіт болмаса түсінікті. Бас қарны «М» фой?

Сұлужан. Иә «М».

Махмет. Екінші әрпі «А».

Сұлужан. Иә «А».

Махмет. Үшінші «Х».

Сұлужан. О да мүмкін.

Махмет (қуана билеп). Мах... мах... па... па! Мах... мет!.. Мах... мет!

Сұлужан. Махмет болмай, Мактай болуы да мүмкін емес пе!

Махмет. Қойши ойынды, Сұлужан. Пілдей бөлімше бастығы Махмет тұрғанда, шитімдей шопан Мактай ненді алған!

Сұлужан. Бойына сеніп, түйе жылдан құр қалған деген бар. Байқаңыз, Маха!

Махмет. Тап бұл жерде құр қалсам, құриын да,
Сұлужан! (Әндөтіп.)

Сен мені ая,
Болсайшы сая.
Өзіңе үмтыйлым
Күшагымды жая.

(Сұлужанды құшақтан билеп кетеді.)

Сұлужан (күліп). Ақын екенсіз ғой.

Махмет. Ақын етпей қоярсың ба? (Ержігіт кіреді.) Жынбысың? Әлде, перімісің? Жылдам келдің ғой, тіпті?

Ержігіт. Бірі де емеспін, Бибі жеңгейді Сұлтан ағайдың қолына аман-есен тапсырдым. Басқа өтінішіңіз жоқ еді ғой?

Ойда жокта кездестің,
Бақыт болып, Сұлужан.
Сендік қана кеудемде,
Ұялаған бір арман.

Қырда өскен қызғалдақ
Секілдісің, Сұлужан.
Осыншама азаптап
Қинадың-ау, Сұлужан.

Аспандағы жүлдышдай,
Алыстама, Сұлужан.
Қолыма қоншы құс болып
Мәпелейін, Сұлужан.

Шеттеп одырайып тұрган Махметті Сұлужан өздеріне тартып, енді олар үшеу болып билейді. Бірақ, Махмет пен Ержігіт бірін-бірі кезек итеріп шеттепек болады. «Олай емес, былай билейді», «Осы да би ме, міне, былай билеу керек». Сұлужан бұл таласты ұнатпайды.

Сұлужан. Бір талай уақыт болды. Қайтайын.
Махмет. Онда өзім шығарып саламын.

Ержігіт. Жоқ, мен шығарып салам.

Махмет. Жол менікі. Сұлужанды мен шығарып саламын.

Ержігіт. Жоқ, мен кісі шығарып салып, машықтанған адаммын. Мен шығарып саламын Сұлужанды!

Сұлужан (күліп). Біріңіз де шығарып салмайсыздар. Біздің үйде қабаган иттер бар.

Махмет. Иә, Сұлужан үйінің иттері сондай қаба-

ған. Бөтен адамды жұлып тастайды. Тура қасқыр дер-
сін.

Ер жігіт. Қасқыр түгіл, арыстан болса да, мейлі.
Сұлужанды қайтсе де мен шығарып саламын.

Махмет. Қой, шырак, көзсіз батырлыкты. Сұлу-
жан үйіндегі иттердің сырын білмейсің. Аяғынды аяқ,
қолынды қол етіп жібереді. Сонда сен үшін жауапкер
мен болып қалам. Білдің бе? Сол себепті өңкей қабаған
ит ортасына сені жібере алмаймын. Не болса да өзім
барамын.

Сұлужан (*Махметке*). Ал, сізді қауып алса, ме-
нің жауап беруіме тура келеді ғой. Сондықтан мен жал-
ғыз кеттім...

Ер жігіт (*қосарланып*). Сұлужан, тұра тұршы!..

Сұлужан. Сау болып тұрындар. (*Шығып кетеді.*)

Махмет (*Ержігітке*). Жігітім, отыршы, кең оты-
рып бір әңгімелесуге тура келді. Сенің алдында мен кі-
шілі адаммын. Мамандығыңа лайық жұмыс тауып бере
алмаған соң жолдамана қол койып қайтарып жіберуім
керек еді. Қала баласына қойшы болу оңай емес. Бай-
қайсың ба, қатты жүдеп кетіпсің. Өзіңде деген қамқор-
лығым болсын, қалаңа қайта ғой.

Ер жігіт. Қайта алмаспын, Маха. Қамқорлығыңа
рахмет.

Махмет. Неге қайта алмайсың?

Ер жігіт. Шопан кәсібі маған сондай үнайды.

Махмет. Қой ондай қылжағынды.

Ер жігіт. Қылжак емес, шыным.

Махмет. Қайт, айналайын. Керек десен, қалаңа
дейін апарғызып салайын.

Ер жігіт. Кеткім келсе жолды өзім де табам.
(*Шығуға ыңғайланады.*)

Махмет. Әй, әй, қайда кетіп барасың?

Ер жігіт. Жаңа ғана кет деген жоқсың ба?

Махмет. Мен саған қазір кет дедім бе?

Ер жігіт. Ал, мен қазір кетем. (*Кетпек болады.*
Махмет ұстап жібермейді.)

Махмет. Жоқ, әуелі клубтан мен шығамын. Содан
кейін жарты сағаттан соң сен...

Ер жігіт (*бұлқынып*). Жібер деймін, қазір кетем...

Махмет. Табан аузында?..

Ер жігіт. Табап аузында.

Махмет. Қалаға кетесің тап қазір?..

Ер жігіт. Қалаға кетем...

Махмет. Жаңа ғана кетпеймін деп едің ғой?

Ержігіт. Енді өзгердім...

Махмет. Ой, қын-ай мынаның... Сұлужанды қуып жетпексің ғой? Тұсінбейді деме мені. Әуелі мен кетем. Содан соң сен...

Ержігіт. Сенің де құлығың белгілі болды. Сақалды басыңмен өзің қуып бармаксың ғой?

Махмет. Сақалға тиіспе, шырак. Ерте қызмет істегенім болмаса, мен сенен төрт-ақ жас үлкемін.

Ержігіт. Онда менің шаруам жок. (*Сытылып шығып, тұра қашады.*)

Махмет. Мына қызыл көз менің сорыма келмесе не қылсын?! Тұра тұр, бастық құрығы ұзын, жігітім. Қөрермін қалай әндектенінді... (*Ержігіттің соңынан жүгіре жөнеледі.*)

ҮШІНШІ ҚӨРІНІС

Жас шоландар жатақханасы. Қоржын үй. Екі беттегі есік мандайшасында «Қыздар бөлмесі», «Жігіттер бөлмесі» деген жазулар бар. Темір көңілді. Әндептің жүріп киініп жатыр. Сұлужан кіреді.

Темір (*таң қалғандаі*). Ертелетіп неғып жүрсің, Сұлужан!

Сұлужан. Сұрама, Темір...

Темір. Не болып қалды?

Сұлужан. Ауданнан келе жатырмын. Орталыққа келсем бүкіл жастар Ержігіт пен Мақтайды күтіп отыр. Соңсоң екеуіне ызам келіп аялдамастан осылай қарай өтіп кеттім. Қайда өздері?

Темір. Ертемен қойды жайғастыра салысымен репетицияға барамыз деп орталыққа кеткен.

Сұлужан (*ашулы*). Не дейді? Ендеше жер жұтып қойған шығар өздерінді!

Темір (*Сұлужанның сыртқы күмін шешеді*). Бір нәрсеге тағы да келісе алмай, екеуі екі жаққа тартқан болды-ау онда?..

Сұлужан. Соларға не жетпейді осы?

Темір. Мінездері шәлкес. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймастың кері болып жатады да.

Сұлужан. Меніңше, солар Махметпен жанжалда-сып кетті.

Темір. Махметпен?..

Сұлужан. Иә, Махметпен. Бастық клубты ремонт-ка жапқызын тастанты.

Темір. Осы қыс ішінде?..

Сұлужан. Енді қайтесің. Қолынан келген алышта, шалып та жыгады деген ғой.

Темір. Оған ренжіме, Сұлужан. (*Қасына келіп арқасынан қағады.*) Бастыққа ерегескенде репитицияны осында өткіземіз. (*Пауза*). Сұлужан, біздін онжылдықты бітіргенімізге бүгін тұра сегіз ай болыпты. Өтіп бара жатқан күндер...

Сұлужан (*оіллы*). Иә, уақыт зулап өтіп барады...

Темір. Сұлужан, мен қазір мектептегі сол күнде рімді сағынып журмін. Жігіттерді сағындым, сені сағындым.

Сұлужан (*куліп*). Мен, міне, қасында отырмын ғой.

Темір (*оіллы*). Алыстап кеттің, алыстап кеттің.

(*Темір қалтасынан шылым алыш тартады, Сұлужан күледі.*) Неге күлдің?

Сұлужан. Тоғызыншы класта оқып жүргенде Торғын алай қалтаңдан шылым тауып алыш, қатты үрысқаны әлі есімде.

Темір (*оіллы*). Онда мен сендердің алдарында ересек көріну үшін тартқам. Әсіреле, сенің алдында.

Сұлужан (*куліп*). Ал, қазір ше?

Темір. Сарыуайым тартқызады.

Сұлужан Темірдің қасына келіп басынан силайды.

Сұлужан. Сен, Темір, жақсы жігітсін.

Темір (*күйініп*). Осылай мұсіркеушілігінді қойши, Сұлужан.

Сұлужан. Бұл мұсіркеушілік емес, шындық.

Темір (*қызыбаланып*). Енді осы не? Әуреге салып қойғаның.

Сұлужан. Әуреге түспе деп баяғыда айттым ғой. (*Пауза*) Жүрекке әмір жүрмейді, Темір.

Темір. Қайтейін, былтыр сені айналшақтап институтқа да бара алмадым.

Сұлужан. Келесі жылы бәріміз де сырттай институтқа түсеміз.

Темір. Бәріміз кім осы? Анау Мақтай болса, өзімді жарып өлтіремін.

Сұлужан. Мақтай, сен, мен.

Темір. Ой, Сұлужан-ай, қыз емес нағыз дипломатсың. Мақтайыңды білмеймін. Оқуға екеуміз барамыз. Осы Ержігіт келгеннен бері менде билеуге деген құмарлық пайда болды. Келші, билейік. (*Екеуді билейді*.) Темірдің әні.

Көкейімде бір ғана
Саған арнар жыр бар.
Сұлу еркем, құшақ аш
Жүрек сырып тында да.

Ақ гүлімсің бұр жарған
Самалы өскен қырлардан.
Сенсіз маған өмір жоқ
Сенсін, жаным, нұрлы арман.
Сұлу еркем, кел бері
Аппақ арман мендегі
Үқшы, жаным, мүң мен зар
Жүргімді кернеді.

Сұлужан. Сен ғой жайлымға бармайсың ба?

Темір. Пәлі, ұмытып кетілпін ғой.

Сұлужан. Мен жалғыз отырамын ба? Бірге барайын. Жас қошақандарды көрейін. (*Екеуді шығып кете-ді. Пауза. Ержігіт кіреді*.)

Ержігіт (*ойланып*). Осы бастық дүрінің не ойлағаны бар? Бір де бие, бір де түйе. Анадағы жанжалдан кейін шақырып алып газетке мақала жаздырыды. «Жоғары міндеттемелер ал, атың шығатын болады»,— деді. Міне, енді клубты жаптырып таstadtы. Қай қылышына түсінсем еken? (*Ойланып*.) Таптым! «Оқуды биыл бітірген жас қыздың сонынан жүгіргенде не табам! Ержігіт-ке-ақ қидым!»— дегені ғой. Міне, кеменгерлік! Жауапкершілікті мемлекеттік түрғыдан түсіну дегенің осы! Жаса, Махмет! Бүйтпесең ортан қолдай бір шаруашылықтың басшысы бола аларсың ба? Тен-тенімен деген. Күте тұрсаң, тап Сұлужандай болмаса да, өзің тенді біреуге жолығасың. Сөйтіп, советтік бақытты семья құрасың. Оған мен кәміл сенемін. Ал, мен болсам... ең алдымен Сұлужанды биге үйретемін. Сұлужан нағыз профессионал балеринаша мінсіз билей алатын болады. Оған астана жұртшылығы алаканының ауырғанына қарамастан қол соғады. Сұлужан аты газетінді кәдімгідей ерттеп мінеді әлі. Алматы барсаң — Сұлужан! Москва барсаң — Сұлужан?.. А, сосын? Ал, сосын... Содан кейін Сұлужан екеуміз қосыламыз!..

Жұғіріп Мактай кіреді. Қолында газет.

Мактай. Сұлужан?! Сұлужан?!

Ержігіт (абдырап). Естіген шығарсың? Клуб жа-былды, Мактай. Репетиция өтпейтін болды.

Мактай (ашулы). Репетициямен бірге өзің де күры.

Ержігіт. Эй, шырағым-ау, жазығым не?

Мактай. Оқы мынаны (Ержігіттің алдына газетті тастайды.)

Ержігіт (құанып). Е, бұл менің мақалам ғой. Басамыз деп алып кетіп еді. О, уәдесінде түрған екен гой сабаздарың. Мактай, бұл менің газет бетіне тұңғыш рост шыгуым. Атауға да болады.

Мактай. Самозванец!

Ержігіт (ашуланып). Қайдағы самозванец? Онда сенің де атыңды атағанмын. Бәрің де барсындар.

Мактай. Бүйтіп ат шығарғаның құрысын. Өйткен-ше, бар да жер өрте. Герострат!..

Ержігіт (ашуланып). Мактай, жетеді енді. Бәрі-мізде де нерві бар.

Мактай. Сенде ұят жоқ.

Ержігіт. Оны тексеретін сен емес.

Мактай. Бүгіннен бастап осы арадан табаныңды жалтыратсаң деймін.

Ержігіт (мысқылдаі күліп). Ойбай-ау, мынаның мықтысын қара? Сен түгіл бүкіл совхозды уысында ұстап отырған Махмет те кетіре алмаған. Айттар ақылым — артыңды қыс.

Мактай. Ой, найсан, айтып отырған сөзін қарашы! Отырған жерінде жіліктей шағайын ба осы?

Ержігіт. Оны іс жүзінде дәлелдеу керек. Құні бұрын айтып қояйын. Самбодан бірінші разрядым бар.

Мактай. Чемпион болсаң да көрейін, келші (Ержігіттің жағасынан ала түседі. Осы кезде бөлмеге Сұлу-жан кіріп келеді.)

Сұлужан. Бұларың не?

(Мактай Ержігітті қоя береді де, басқа бөлмеге кіріп кетеді.)

Сұлужан. Бала болып кеткенсіндер ме?

Ержігіт. Жай, қазақша күрестен тренировка жасап жатқанымыз ғой.

Сұлужан. Өтірік айтпа, мұндай тренировка болмайды.

Мактай кірген бөлменің есігінен тартады. Ол ішінен бекітіп алған.

Ержігіт. Әлгінде ғана совхоз орталығынан келді. Кешкі күзет кезегі сонікі. Мазалама.

Сұлужан (*мұқайып*). Сендерді түсініп болмайды.

Ержігіт. Онан да отыр да, шыныңды айт, неғып асығып жүрсін, ауданға кетті деп еді ғой?!..

Сұлужан (*ашулы*). Ерігіп жүрмін.

Ержігіт (*таусылып*). Апымай, ә? Бәріце бірдей не болған осы сендерге?

Сұлужан. Бұл сұрақты саған қояйын деп едім. Алды-артыңа қарамай ер тоқымды бауырыңа алып жәнеліпсің ғой. Репетицияға жиналған қыз-жігіттер келетін шығар деумен әлі отырған шығар.

Ержігіт. Оны ана бастыққа айт. Ол заман да, бұл заман, қыс ішінде клуб ремонттала ма екен?

Сұлужан. Ерекескенде репетицияны тұра Махметтің кабинетінде өткізуіміз керек еді. Ал, сен болсан, ашудың дегенін жасап тайып отырыпсың.

Ержігіт (*күмілжіп*). Не қыл дейсін? Махметтей терім кең емес менің.

Сұлужан. Махметтің қандай қатысы бар бұл жерде?

Ержігіт. Қатысы болмаса, айтам ба?.. Сұлужан, қашанғы мені ішкүса ете бересін? Не бүгесін, не шігесін айтсаңшы! (*Сұлужан жақындан келіп, Ержігіттің басынан сипайды.*)

Сұлужан. Сен жақсы жігітсің, Ержігіт. Аққөніл, адалсың.

Ержігіт. Эрине, жақсымын. Арақ та ішпеймін ғой, мен сорлы.

Сұлужан. Оның да рас. Іshedі дегенді естіген емес-пін.

Ержігіт. Өтірік айтып көргем жоқ.

Сұлужан. Рас, рас, өтірік те айтпайсың.

Ержігіт. Мен жігіттің төресімін ғой!

Сұлужан. Жөн... жөн.

Ержігіт. Енді не қыл дейсін, Сұлужан!

Сұлужан (*Ержігітты тыңдамай*). Ол, ол ма, бір басыңа таланттың да жеткілікті.

Ержігіт. (*көңілі босап*). Осы қасиеттерімді өзің-нен басқа бір адам айтып көрген жоқ қой, Сұлужан?!

Сұлужан (*ойлы*). Басқа айтпаса айтпасын, мен айтып отырмын, мінс.

Ержігіт. Енді не жетпейді, Сұлужан? Неге бұл-
талаңдата бересін?

Сұлужан (*Ержігіттің шашынан сипап*). Мен сені
жақсы көрем, Ержігіт.

Ержігіт. Мен де. Жақсы көрем емес-ау, сүйемін,
жанымдай сүйемін. Жас өміріме балап сүйемін ғой. (*Құ-
шақтамақ болады.*)

Сұлужан (*сусын*). Әттең, менің сүйген, сөз бай-
ласқан жігітім бар.

Ержігіт (*тыңдаңқырамай*). Құндіз ойымнан, тұн-
де түсімнен шықпайсың, Сұлужан.

Сұлужан. Анау айтқан өнерлі болмаса да, ол да
сендей ақкөziл, адал жігіт.

Ержігіт (*тыңдаңқырамай, құшақтамақ болып*).
Иә, мен анау айтқан өнерлі болмасам да, ақкөziл, адал
жігітпін ғой, Сұлужан.

Сұлужан (*сусыңқырап*). Қелер жазда той жасап,
қосыламыз.

Ержігіт. Иә, сөйтейікші, тезірек той жасап, қосы-
лайықшы.

Сұлужан. Жоқ, сен емессің...

Ержігіт (*сөз байыбына енді барып*). Не дейді?
Кіммен?

Сұлужан. Кіммен болсың, жаңағы сүйген жігітім-
мен.

Ержігіт (*есін жиып*). Жігітің кім сонда? Махмет
не?

Сұлужан (*ойнақы*). Махмет болса ше? Қем бе?

Ержігіт. Ал, мен қайда қалдым сонда? Ойнама-
шы, Сұлужан! (*Сұлужанның қолынан ұстап өзіне тар-
тады*). Қелші, күнім!

Мактай (*бөлмеден атып шығып*). Тарт қолынды.
Сұлужанның сүйген жігіті менмін. Не қыласың, шауып
аласың ба?

Ержігіт. Ойынды қойшы, Мактай. Ойнағым келіп
тұрған жоқ қой менің.

Мактай. Менің де ойынның емес, шының. Ойын екен
деп қапы қалма!

Сұлужан. Саган не болған, Мактай?

Мактай (*ашулы*). Маған ба, маған не болғаның
мына сүйгіш, күйгіш жігіттен сұра.

Сұлужан сұракты жүзбен Ержігітке қарайды.

Ер жігіт. Қайдан білейін, мұның неменеге құтырып жүргенін.

Мақтай (*өршеленіп*). Білмейсің, ә? Судан таза, сүттен ақ. (*Сұлужанға*.) Бұл жігіт бәрімізді тақырға отырғызыды.

Сұлужан. Қалайша?

Мақтай. Әрбір жұз қойдан 200 қозы аламыз деп облыстық газетке мақала жазыпты.

Ер жігіт. Жаздым.

Сұлужан. Ақылдаспастан?

Мақтай. Мұның ойынша қой тауық болып кеткен. Жұмыртқаларын инкубаторға сал да балапанды ала бер. Қаланың ақсаусағын-ай, дайын тәсек, жаюлы дастарқанға үйренген.

Ер жігіт (*тіксініп*). Жетті, Мақтай. Мен мұнда қой басын көбейту үшін келгенім жоқ. Мен биши, әнші аристердің басын көбейту үшін келгенмін! Қойыңа маган десе топалаң тисін! Басымды қатырма.

Сұлужан күліп, Мақтайға көзің қысады.

Сұлужан (*Мақтайға*). Бүгінгі кезек сенікі деп еді ғой. Бар, жұмысынан қалма!

Мақтай (*өзіне-өзі*). Өнер адамдары осындай дұуана, қызба болады деуші еді. Рас екен-ау, әйтпесе, біреудің қосылайын деп жүрген қызына жармаса ма? Жарымес... Ал, мен кеттім. (*Күніп сыртқа беттейді.*)

Ер жігіт. Айналайын, Сұлужан. Әуелінде осында әкелген сенің күшің еді ғой. Енді құтқаруыш да өзің. Мына екі алақанымды көрші. Айыр, күрек ұстаудан саутамтығы қалмады. Мына бетті биылғы қыста бес рет үсіттім. Жетеді осы азаптағаның. Бүгін сенен қалмаймын.

Сұлужан (*күліп*). Қалмағанда қайда барасың?

Ер жігіт. Сенің үйіңнің отын жағып, күлін шығарам.

Сұлужан (*күліп*). Азамат басыңа лайық болмайтын шығар.

Ер жігіт. Ол жағын ойлап жатқан мен жоқ.

Сұлужан. Қой бағу нервінді жүқартқан екен.

Ер жігіт. Қой емес, сенсің ғой. Қашанғы осылай діңкелете бересің!

Сұлужан (*күліп*). Қойға келгеніңе жарты-ақ жыл. Сәбіздің біткені.

Ер жігіт. Сәбізі бітер ме екен, бітпес пе екен?—
деп сынауга әкелген екенсің ғой.

Сұлужан (*ойнақы*). О да мүмкін...

Ер жігіт. Қашанға дейін сынай бермексің?

Сұлужан. Ол арасы жұмбақ.

Ер жігіт. Қандай қатігездік!

Сұлужан (*жайраңдал*). Қыз қатігез болса махаб-
баты берік дей бер.

Ер жігіт (*еңсесі түсін*). Әбден шаршадым...

Сұлужан (*оинақы*). Жігіт шаршаса, махаббаты-
ның әлсіздігі дағы...

Бөлмеге Махмет кіреді.

Махмет (*Сұлужанға*). Түү, келіп үлгергенсің бе?

Ер жігіт (*ұнатпай*). Тура бір Сұлужанның көлең-
кесі. Соңынан қалмайды.

Сұлужан. Жұмыс бабы қайда жетектесе, сонда
жүреміз де.

Махмет. Қашанғы жұмыс-жұмыс дей бермексің?
Бір мезгіл өз жағдайында да ойласаңбы.

Ер жігіт (*залға*). Қамқорсуын әзәзілдің!

Сұлужан. Рақмет.

Махмет. Ауданда қандай жаңалық бар екен?

Сұлужан. Атап айтарлық ештеңе жок, (*пауза*).
Комсомол комитетінде болдым. Комсомол-жастар бри-
гадасына жолдама алдым.

Махмет. Не дейді?

Ер жігіт. Ура жаса, Сұлужан! Айтқан сөзінде тұр-
дың. Жарайсың, Сұлуым.

Махмет (*күйін-nicin*). Олардің әбден басынған-
дық. Қөзге ілмегендік. Қалайша бізбен ақылдаспайды?
Қалайша пікірлеспейді, сұрамайды.

Сұлужан.— Комсомол-жастар бригадасына ба-
рам,— деп өзім өтінсем, қайтіп ақылдасады?

Махмет. Онда өзің неге ақылдаспайсың?

Сұлужан. Ақылдаспағанымды қайдан білесіз?
Мүмкін ақылдасқан да шығармын.

Махмет. Кіммен?

Сұлужан. Кіммен?! Кіммен ақылдасқым келсе,
сонымен дағы.

Ер жігіт (*желпінін*). Эрине, ақылдасты...

Осы кезде терезеден Мактайдың басы көрінеді.

Мактай. Аналар таласа тұрсын, бері шығып кет-
ши, Сұлужан.

Сұлужан. Қазір! (*Жүгіре шығады.*)

Махмет. Кіммен? Сенімен бе?

Ержігіт. Менімен болса ше? Ал менімен.

Махмет. Пішту. (*Қолын шығарады.*)

Ержігіт. Жолдас бастық, үлкен басыңа мұның мүлде жараспайды.

Махмет. Жараса ма, жоқ па, оны орталыққа барған соң көресін.

Ержігіт. Орталықта нем бар менің? Онда ештеңемді де қалдырган жоқпын.

Махмет. Қалдырмасаң да барасың.

Ержігіт. Бара алмаспаз.

Махмет. Барғанда да, жүгіріп кетесің.

Ержігіт. Жүгіре алмаспаз. Шопан жүгіре берсе, қойды кім бағады?

Махмет. Қазірден бастап шопан емессің, жігітім.

Ержігіт (*кекете құліп*). Енді кіммін?

Махмет. Құрылышылар бригадасының мүшесісің.

Ержігіт. Бұл кімнің үйгарымы?

Махмет. Бөлімше бастығының.

Ержігіт. Ал, менің пікірімнің қандай екенін бастық жолдас біле ме екен?

Махмет. Білгенде қандай?! «Орталыққа ауыстыры»,— деп құлақтың етін жеп жүрген өзің едің фой. Керек болса, міне, арызың.

Ержігіт. Олрайымнан қайттым енді.

Махмет (*құлана құліп*). Сұлужан «мұнда келем» деген соң енді басқаша салдым де. Оның бола қоймас!

Ержігіт (*бәсексін*). Қой бағу ең рахат жұмыс екен. Бауыр басып қалыптын. Жылы орнымнан қозғамай-ақ қой.

Махмет (*екіленіп*). Қозғаганда қандай! Бармасаң трактормен сүйретемін. (*Пауза.*) Қой бағуға емес, әнші-биші артистер дайындауга келген жоқ на едің?

Ержігіт (*басылып қалған*). Клубты жаптырып тастаған жоқсың ба? Репетицияны қай жерде өткіземіз?

Махмет. Менің кабинетімде дедім фой.

Ержігіт. Қабинетінде айналар жер жоқ.

Махмет. Неге жоқ? Қырық-отыз адам сиятын кабинет тақияна тар келіп түр ма?

Ержігіт. Балет, балетті білесіз бе? Балетке қандай кабинет болса да тарлық жасайды. Зал керек, зал!

Махмет. Балетті ұмыт деп баяғыда-ақ айтқанмын

саған. Не деген тілазар адамсың! Әуелі пьесадан баста! Мәселен, Шекспирдің «Отеллосы»...

Ержігіт (*құланда қарап*). Отелло роліне кімді лайық көрер едін сонда?

Махмет (*оқыс күмілжіңкіреп*). Мектепте жүргендеге Отеллоның талай рет түбін түсірген жігітің, міне, қасында тұр.

Ержігіт (*жадырай құліп*). Ал, Дездемона?

Махмет. Сұлужанға кимай отырсың ба?

Ержігіт. Отелло секілді қын образды жасау үшін талант керек, талант!

Махмет. Менде талант жоқ деп саған кім айтты? Әй, мен жиырма екі жасымда осы бөлімшеге бастық болып келдім. Ол талант емес пе? Мен саған ашығып айттайын. Талант сенде жоқ. Жиырма екіден ассанд да, әлі күнге қой баға алмайсың!

Ержігіт. Қой баға алмауым мүмкін. Бірақ бастық креслосына отырғызыса, істеп кетуім анық.

Сұлужан келеді.

Махмет. Пәлі, мынаның дәмесін қара! Бастық болуда ойы бар өзінің.

Сұлужан (*құліп*). «Генерал болуды армандаған солдат, солдат емес»,— деп өзінің айтушы едіңіз. Несі бар?!

Ержігіт. Дәмем болса да, қорықпай-ақ қой, Совхоз жалғыз «Маржантау» емес...

Махмет. Бұл солдат та, шопан да емес қой, Сұлужан.

Ержігіт. Махметті де «мықты шопан еді» дегенді ести алған жоқпыш.

Сұлужан (*құліп*). Маха, Ержігіт қатырды сізді.

Махмет. Ержігіт қатырғанымен қатып кала салмаспыш. Мұнда келгенде не бітірмексің? Соныңды айтышы одан да.

Сұлужан. Сақманшы болам...

Махмет (*ренжіп*). Па! Тапқан екенсің!

Сұлужан. Немене, сақманшы бола алмайды деп ойлайсыз ба?

Махмет. Жоқ, бола алмайды демеймін. Әрине, адамға өзіне лайық жұмыс бар. Мысалы, мына Ержігіт өнер адамы. Мен Ержігіт болсам қалада тұрыш, театрға немесе филармонияға жұмысқа орналасар едім. Сонда гана еңбегім жанар еді. Ал Ержігіт болса уақытын бос-

қа өткізіп мұнда жүр. Сұлужан, сен де Ержігіттің кебін киесің әлі.

Сұлужан. Ержігіт мұнда да аз шаруа бітіріп жүрмеген шығар.

Ержігіт (*қызыулана*). Махметше, талант тамызыры жақсы болса, дүр етіп тұтанып кететін отын тәрізді. Мұлде олай емес. Талант бір нәрсеге құмарлық, Махмет. Мен айттар едім, талант пен құмарлықтың арасында қандастық, туысқандық бар. Сол құмарлық мені күлтпросвет техникумына апарды. «Маржантау» совхозына, жас шопандар бригадасына алып келген де, міне, сол құмарлық. Қөзделегеніме қайтсем де жетемін мен.

Сұлужан. Оның рас.

Ержігіт. Соны айтқан аузыңдан айналайын.

Махмет (*шоқ басқандай*). Эй, бала, тарт тілінді!

Ержігіт (*ашуланып*). Неге ақырасың?! Жаман сөз айтқан жоқпын фой.

Махмет. Айтпасаң да құлқының жаман. Тура бір меншіктеп алғандай сөйлейсің.

Сұлужан (*куліп*). Оған мен Ержігіттің меншігіне айналып кетпесспін. Бірақ жігіттердің осылай сөйлегенін ұнатам.

Махмет (*ызалаңып*). Ендеше, айнам, күнім, жаным, сәулем, бақытым!..

Сұлужан (*шек сілесі қатып*). Болды, Мақа, болды, Ризамын, асып түстіңіз.

Мактай келеді.

Мактай. Сіз мына жігіттің газетке жазған мақаласын оқыдыңыз ба?

Махмет. Жоқ, оқыған жоқпын. Кешеден бері газетке қарауға мұршам болмады.

Мактай. Сюрприз. Оқыңыз. (*Кекетін*.) Біздің бригаданың атағы енді бүкіл облысқа жайылатын болды.

Махмет (*оқиды*). Бәрі дұрыс сиякты. Бірақ әр жүзінен екі жұз қозы аламыз дегені томпактау ма қалай?

Мактай. Томпактау емес, нағыз томпақтың өзі. Мынадай ақ боран зымыстан жылы, жұз түгіл, екі жүзден екі жұз қозы алсақ та жаман болмас.

Махмет (*Ержігітке қарап кеңк-кеңк күліп*). Эй, сілтейсің, жігітім, сілтейсің!

Ержігіт. Сілтесем, сілтедім. Қайтесіңдер?

Мақтай. Шімірікпейді. Сен кім екеніңді білемісің өзі?

Ержігіт. Қойшымын.

Мақтай. Қойшыдан садаға кет. Сен женілдің асты, ауырдың үстімен жұрген ақ саусақсың. Бір айыр шөпті дұрыстап айырлай алмайсың. Неменеге қойшымын дей-сін.

Ержігіт. Айырлай алмасам, күзде айырлай алмағанмын. Қазір үйрендім.

Мақтай. Түк те үйренген жоқсың. Темір екеуміздің арқамызда күн көріп жұрген арамтамақсың.

Ержігіт. Жетті, Мақтай! Ақыры осылай сөйлеуге көштіңдер ме? Рақмет сендерге. Улестеріне ортақ, масыл болып жүрсем, кешіріңдер. Кеттім онда. (*Қас пен көздің арасында чемоданын алып шыгады.*)

Сұлұжан. Ержігіт?

Мақтай. Токтатпа, Сұлұжан. (*Бәрі үнсіз. Ержігіт есікке барып артына бұрылады.*)

Ержігіт. Маха, неге үндемейсің. Сол мақаланың жазылуына мұрындық болған өзін едің фой.

Махмет. Иә, себепкер болғаным рас, бірақ өтірік жаз деп айтпаған секілді едім фой.

Ержігіт. Сонда екі жұз деген цифрды мен көктен алдым ба?

Махмет. Қөктен бе, жерден бе, қайдан алғанынды қайдан білейін.

Ержігіт. Солай де. Эуен өзгерді. (*Шығып кетеді.*)

Сұлұжан. Осы сенің қызбалығың-ай, Мақтай. Шакырсайышы, мына боранда қайда барады ол?

Махмет. Жоқ, барсын. Жаңа дұрыс болды. Мен енді оны жақсылап тұрып құрылышқа саламын. Қөнбесе, қаласына жүре берсін.

Сұлұжан. Мына сұықта үсіп өледі фой.

Мақтай (*үнсіздікten кейін*). Жаңа Ержігіт екі жұз деген цифрды көктен алғаным жоқ деді фой?

Махмет. Сен, Мақтай, енді мені кінәлағалы отырсың ба?

Мақтай (*қипақтан*). Жоқ. Бірақ «екі жұз қозы аламыз» дегенді қайдан шығарды? Соған қайранмын. Жалпы, ол нәуетекке мақаланы босқа жаздырғансыз.

Махмет. Сендер мені дұрыс түсініңдер. Мақтай, Сұлұжан. Қаладан келген жігіт арқылы басқа қыз-жігіттерді осы қой шаруашылығына тартпакшы едім фой. Бас-

қаша айтқанда, реклама... Бұл жақсы ниетімді ол өзінің атын шығаруға пайдаланып кеткен.

Мактай. Макаланы оқыған адамдар бізді көзге шүкітын болады. Үят-ай.

Махмет. Қайтесің. Ана қудың... Қөрмейсің бе?

Сұлужан. Күйнәз Ержігіт пе? Ержігіт ку жігіт емес, Маха.

Махмет. Ку болмаса, неге өйтеді?

Сұлужан. Ақылды өзіңіз берген жоқсыз ба? Реклама жасағым келді деп отырған мен емес, сіз фой.

Темір келеді.

Темір. Боран көтерілді-ау деймін. Құн сұыта бастады. (Көңілсіз отырған жұрттың ау-жайын бағып.) Ау, сендерге не болған?..

Махмет (өзгеріп). Э, боран дедің бе, малға байқаулы болу керек онда. Шөпті көбірек салыңдар.

Мактай. Оны қатырамыз фой.

Темір. Ержігітке не болған? Шақырсам да қайырылмайды. Қолында чемодан, шеткі қорадан асып кетті.

Сұлужан. Мына жігіттер түртпектеп, кетірді әйтеуір.

Махмет. Ешкім кетірген жоқ. Өзі кетті. Үйде, көлеңкеде өскен өсімдік құнгеге шығарсан солып қалады.

Сұлужан. Ержігіттің көңілі таза. Арманы көп те, кулығы жоқ.

Темір. Қарбалас жұмыс үстінде: «ән сал»,— деп соңымнан қалмаушы еді. Менен қандай әнші шығады дейді екен.

Сұлужан. Кім біледі. Шықса шығып та қалар? «Артист боламыз»— деп, бала кезінде театрға келген Горькийдің даусын мақтап қызметке алғып, Шаляпинді: «Сенен ештене де шықпайды»,— деп қайтарып жіберген екен. Танылмай жүрген Шаляпин шығарсың, кім біледі?

Темір (күліп). Танылған Ермек болсам да жаман болмас еді-ау!

Сұлужан (күліп). Мен қарсы емеспін.

Мактай. Мен аяқ-қолымды бірдей көтеремін.

Махмет. Екеуің де сөз куалап отырсындар, біздің Темір түбінде герой болып шығады.

Темір. Маха, әзірге геройлықты коя тұрыңыз. Қелесі жылды оқуға тұсу ойда бар.

Махмет (күдікпен). Ал, сенің не жоспарың бар, Мактай?

Мактай. Бас екеуі болмай мал екеуі болмайды деген казак. Үйлесем бе деймін.

Махмет. Біз бұған жұз процент қосыламыз. Солай смес пе, Сұлужан.

Сұлужан (құланан). Эрине, Маха.

Мактай (қысылып). Маха, Сұлужанға макұлдатпай-ақ койсацыз.

Махмет. Неге, комсомол үйымының хатшысы бұған белсене қатысуға тиісті.

Мактай (құланып). Біздің Сұлужан мұнда жай келіп жүр дейсіз бе?

Махмет (Сұлужанға). Комсомол тойын үйымдастырмақсың ба? Бәсе, ауданға жиі шақырылуши едін. Той жайын сөйлесіп жүр екенсің ғой. Маған неге айтпайсың?

Сұлужан (құланып). Кезі келгенде айтылады да, Маха. Асықпацыз.

Махмет. Комсомол тойын өткізу оңай емес. Он жерден комсомол хатшысы болсаң да, бір сенің қолыннан келмейді. Оған менің ақылым, менің көмегім керек.

Сұлужан. Оны мен жақсы білемін.

Мактай. Мен Сұлужанға: «Махаңа хабарлаңық»,— деп баяғыда айтып едім...

Махмет. Баяғыда айт, қазір айт. Қалыңдық қайда? Жөнін сілтеңдерші.

Темір. Иә, қалыңдық кім? Соны айтындаршы.

Сұлужан. Ол әзірге жұмбақ.

Махмет. Неге жұмбақ? Әлде, көнбей жүр ме? Қөнбей жүрсе бар ғой, айтындаршы. Табан аузында көндіріп берейін.

Мактай. Оу, жарандар! Қөнбей жүр деп қалай айтам! Өзі асықтырып жүр емес пе? (*Қалжыңдал.*)

Сұлужан (ұялыңқырап). Соқпа өтірікті...

Махмет. Сұлужан, сен өзің көрдің бе қалыңдықты?

Сұлужан. Қөргенде қандай!

Темір. Ал, қандай екен?

Махмет. Жаксы ма?

Сұлужан (құланан). Оны Мактайдың өзі айтсын.

Мактай. Қордың қызындей.

Махмет. Олай болса, бұл тойды нағыз комсомол-жастар тойы етіп өткіземіз. Ауданға өзім барам. Комсомол комитетіне де, партия комитетіне де өзім хабарлаймын. Жолдастар деймін. Маңдай алды шопан, маңдай

алды? Ау, қалыңдық қайда істеуші еді? Айтсайшы, Мақтай?

Темір. Иә, қалыңдық қайда істейді? Айтсаншы, Мақтай.

Мақтай (*күмілжіп*). Сақманшы.

Махмет. Сақманшы? Сақманшы болғанда әлгі Байдәүллеттің қызы Алтыншаш емес пе?.. О... Ол болса, жақсы бала. Тойды дүрілдетеміз онда.

Темір. Қап, той бастаттыру керек еді... Ержігіттің кетіп қалғанын қарашы.

Сырттан даусыс. Мақтай, Темір, қойды кораға енгізіндер... боран көтеріліп кетті.

Мақтай (*терезеден қарап*). Ойбай-ау, ақ қоймалжың болып, күнің құтырып алыпты ғой тіпті! (*Ekeyi de далаға жүгіреді*.)

Сұлужан (*куліп*). Мақтайға тұра жұмақ орнатыңыз-ау, Маха.

Махмет. Орнатсам, немене, Мақтай жұмақ орнатуға тұратын еңбеккер жігіт.

Сұлужан. Үәдеге келгенде жүйріксіз, әйтеуір.

Махмет. Үәде беріп орындаған жерім жоқ.

Сұлужан. Кайдам? Ертең: «Мақтай, сені қайда көрдім», — деп жүрмессеніз болды.

Махмет. Неге олай демекпін? Алтыншаш жақсы... еңбекқор бала. Экесі, Байдәulet те адал кісі. Ал, Мақтай болса...

Сұлужан (*сөзін бөліп*). Мақтайдың көніл қосқаны Алтыншаш емес қой, Маха!

Жел үдей түседі.

Махмет. Енді кім?..

Жүгіріп Мақтай кіреді. Қолында шляпа.

Мақтай. Мынау Ержігіттің шляпасы. Өзі жоқ.

Сұлужан (*үрейлі*). Не дейді?

Махмет (*сабырмен*). Қоңырсыта бермей, тоқта, Мақтай, Ержігіттің шляпасы екенін қайдан білдін?

Мақтай. Ойбай-ау, мынадай зымыстан қыс ішінде шляпа киіп жүретін одан басқа кім бар еді бұл өлкеде? Сол ақымақтың шляпасы.

Сұлужан (*айналдырып қарап*). Иә, Ержігіттің шляпасы. Өзі қайды?

Мақтай. Өзі үшті-күйлі...

М а х м е т (*қыттымырланып*). Ал, шляпаны сен қайдан таптың?

М а қ т а й. Қойға шөп салайын деп шеткі қораға барсам... Үіктасын қуыста жатыр.

М а х м е т. Өзі де сол жерде тығылып жатқан шығар?

С ұ л у ж а н. Маха, сіз оны кілең бір жаманшылық жағынан ойлайды екенсіз. Не қыл деп тыгылады? Ержігіт ондай жігіт емес.

М а қ т а й. Тығылса қарда ізі қалар еді ғой. Шляпа маңайында құс жорғаламаған.

С ұ л у ж а н. Маха, не ғып отырсыз? Ержігіт адасты.

М а қ т а й. Мен де солай ма деп ойлаймын.

С ұ л у ж а н. Үстіндегі киімі де жүқа секілді еді, үсіп өледі-ау жазған.

М а қ т а й. Жалаңқабат шалбар. Аяғында бәтеңке...

М а х м е т (*кекетін*). Шалбар?! Бәтеңке?! Ержігіттің кетуіне сен кінәлісің, Мактай.

М а қ т а й (*ерегічин*). Мен емес, өзің кінәлі, Махмет. Тірі адамды рекламаға айналдырып...

С ұ л у ж а н. Таласты қояйық, жігіттер. Іздеу сала-йық.

М а х м е т (*байсалды қалыппен*). Орталықта кімдерге барушы еді?

М а қ т а й. Домбырашы Әутәліп пен сырнашы Сиық соқырдың үйінен жиі көретінбіз. (*Махмет, телефон трубкасын көтереді*).

М а х м е т. Алло, ә, Бибімісің? Сұлтан қайда? Есік алдында. Онда былай... Ана Сұлтанға айт, мен айтты де. Домбырашы Әутәліп пен сырнашы Сиық соқырдың үйінен барсын.

Б и б і н ің д а у с ы. Ал, барсын дейін.

М а х м е т. Бибі, сөз тында.

Б и б і н ің д а у с ы. Ал, тыңдадым.

М а х м е т. Тыңдасаң былай: «Сұлтан қазір барсын да, әлгі қаладан келген Ержігіт деген бар еді ғой. Иә, иә, сол... соның өзі деп отырмын ғой. Иә, Сұлужанды көтеріп кеткен... Сол жігіт барды ма екен? Тез білсін де, сол бойда маған хабарласын. Алло, ало... Сұлтанға қатты тапсыр. Өзің де есінде үста.

«Ержігітті іздеп жүрміз»,— деп дабырламандар ешкімге. Тістеріңнен шықпасын. Білдің бе? Білсең сол... (*Трубканы қояды*.)

М а қ т а й. Ала көлеңке бола бастады.. Мен далага шығайын да айғайлап көрейінші. Боранда адасқан адам

бір жерде айнала береді деуші еді. Кім біледі, сыбыс берер...

Сұлу жан. Бар, бар, бірақ өзің адасып кетіп жүрме?

Махмет (*шығып бара жатқан Мақтай соңынан*). Өңешің жыртылғанша барынша айқайлап шақыр, Мақтай.

Мактай (*барынша айғайлап*). Ержігіт, э, Ержігіт! (*Дауыс ұзай береді.*)

Махмет. Мынау өзі бізге пәле болып жабысып жүрмесін.

Сырттан Мактайдың «Ержігіт, Ержігіт» деп шақырған даусы естіліп тұрады.

Сұлу жан. Совхоз активтеріне хабарласақ қайтеді? Трактор, әлгі аэрошана бар ғой. Соларды шыгарсын.

Махмет. Сәл сабыр ет, Сұлужан. Жұртты дүрліктіріп ұят болып қалып жүрер. Бибинің хабарын күтейік.

Сұлу жан. Пілдей бір адам адасып кетсе, қол құсырып отыра беруіміз қылмыс болады ғой.

Махмет. Қорықпа, әзірге бізді қылмысқа тартып отырған ешкім жок.

Сұлу жан. Арымыздың алдында қылмыс жасап отырмыз.

Махмет (*ызалаңып*). Бұл тек әдемі сөз ғана. Біз жұртты аяғынан тік тұргызып дүрліктіріп жатқанда, ол иә әлгі соқыр сырнайшының үйінде шай ішіп отырса, қызықтың көкесі сонда болады.

Сұлу жан (*ызалы*). Құлқі боламыз деп отырып өлтіріп алып жүрмейік.

Махмет. Қуып жіберген біз емес; өзі кетті ғой. Арымыз таза, Сұлужан.

Сұлу жан (*ашулы*). Сендер отырындар. Онда өзім іздеймін.

Махмет. Бұл барып тұрган көсіз батырлық. Адасың да кетесің. (*Сұлужаның палъtosын қолынан алады.*)

Жүгіріп Темір келеді. Қолында шарф.

Темір. Жол жиегіндегі бір топ қурай ұстап қалыпты.

Сұлу жан (*абыржып*). Мына қызыл шарф та Ержігіттікі. Енді не істедім? Қарап отырып кісі өлтірдік-ау.

Махмет (*урейлі*). Ау, мына Ержігітті жын ұрган шығар?..

Темір (*абдыраңқырап*). Іс шатаққа айналды. Құн құтырынып алды.

Бәрі үнсіз. Қасқырдың ұлығаны естіледі.

Сұлужан (*үрэйленіп*). Ойпырмай-ай, қасқыр ғой!

Темір. Кеше отарды дағаға шығарғанымда тапа-тал түстің өзінде бір ұя қасқыр торуылдап кетпей қойып еді. Мылтық атсам да өзеуреп болмаған.

Жүгіріп Мактай келеді.

Мактай (*жыларман болып*). Өзі бір алды-арты жоқ, аңқылдаған сорлы еді... Бағана мен қатты кеттім-ату.

Телефон шылдырлайды. Трубканы Махмет көтереді.

Махмет. Алло-алло... келген жоқ?.. Ал, жақсы,.. Бибі. Тісіннен шықпасын...

Сұлужан (*таусылып*). Жасыратын не қалды? Жүртты аяғынан тік тұрғызыбайсын ба, Маха?

Мактай. Біз қатты кеттік. Қатты кеттік.

Махмет (*зекіріңкіреп*). Бізінді қой, қатты кеткен сен, Ержігіттің адасуына себепкер алам сенсін.

Мактай (*жыларман болып*). Иә, мен... мен...

Махмет. Ержігіт олай-бұлай болып кетсе, біз емес сен жауап бересің, Мактай.

Мактай (*жыларман болып*). Иә, Маха, мен жауап берем... мен.

Сұлужан (*ызалы*). Мен... сен деп ерте күнді кеш қылдыңдар гой. Не отырыс бұл?

Махмет (*салмақпен*). Отырмау үшін ең алдымен келісіп алайық. Ертең әр қайсымыз әр түрлі оттап жүрсек...

Сұлужан (*шыдамсызданып*). Маха, не айтып кеттіңіз?

Махмет. Не айтатынымды білетін адаммын мен. Қайтсе істі жеңілдетуге болады? «Мен! Мен»— деп, міне, Мактай отыр. Оны қалай арашалаймыз? Комсомол комитетінің хатшысы сені қалай арашалаймыз? Совхоз бөлімшесінің бастығы мен қалай құтыла алам? Міне, өнгіме кайда? Сол себепті ауыз бірлік...

Сұлужан (*ашуланып*). Ау, өзініз бір қызық адам екенсіз. Арашалау... арашалау... Ержігітті қайтсек ізден табуымыз керек. Араша сол.

Мактай (*кілігіп*). Маха, бәріне кінәлі мына Темір екеуміз.

Темір (*жұлып алғандай*). Ау, агайын, жайыңа отыр. Карадан қарап мен неге кінәлі болам? Мен емес, өзің

кінәлісін. «Мақала жаздың»,— деп несіне дікендей қалдың? Жазса... жазды, онда тұрган не бар?

Махмет (қолдалап). Тіпті таусылудың реті жоқ.

Темір. Иә, деймін-ау. (*Кектегеніп*). Екі жүз қозы? Ал, екі жүз қозы ала алмадық. Сонда немене, біреу басымызды кесетін бе еді?

Махмет. Эй, Мақтай-ай, қызбасың-ау, соған бола шатақтасып.

Сұлужан (шаршағандай). Бұл не кикілжің осы? Іздейік те Ержігітті.

Мақтай. Рас, шатақтасудың реті жоқ еді тіпті. Ержігіт мақаланы білместіктен жазды. Есінде ме, Темір, анада Ержігіт бізден: «Қой осы жылына неше рет қоздайды?»— деп сұрап еді фой.

Темір (қипақтан). Иә, сұраған...

Мақтай. Сонда сен оған, үш айда бір рет қоздайды,— дедің. Ол осыған нанып: «Аман болса, биыл отарымыз қораға сыймай кетеді екен фой»,— деп таңданған. Екеуміз онысына шек-сілеміз қатып құлгенбіз.

Темір. Байқамай, мені өзіңе қосақтағың келеді-ау деймін осы. Онда не тұр? Ойнап айтқанмын. Бұлай болатынын қайдан білейін.

Сұлужан (ашулы). Ал, мен кеттім... Ержігітті іздеуге.

Мақтай. Мен де.

Темір. Мен не деп қалам? Мен де...

(*Ysheuі де қамдана бастайды.*)

Махмет. Сәл сабыр етіндер. Қөзсіз ерлік жарға жығады. Бір жігітті іздейміз деп екі жігіт, бір қыздан айрылар жайым жоқ. Ақыл қосу керек.

Сұлужан. Не ақыл сонда? Орталыққа телефон соғып, неге хабарламайсың? Эйтпесе, мен хабарлаймын... (*Телефонға ұмтылады. Махмет трубканы жұлдып алады қолынан.*)

Махмет. Шошандамай сабыр ет дедім фой мен саған.

Сұлужан. Сабыр ететін жер бұл емес...

Махмет (даусы қатқыл). Телефонды не Мақтай, не Темір соғады...

Сұлужан (жадырап). Мен-ақ соғайын дедім фой.

Махмет (қатқыл). Жоқ, Сұлужан, сен соқпайсын. Сен мұнда болмасаң қайтіп соғасың?

Сұлужан. Болмаганы қалай?

М а х м е т. Сұлужан, сен аудан орталығындасың. Мұнда әлі келген жоқсың... Мен де мұнда жоқпын. Қелмегемін.

Сұлужан (таң-тамаша). Маха, деніңіз сау ма?

М а х м е т (қатқыл). Телефонды не Мақтай не Темір соғады.

М а қ т а й. Жақсы. Мен соғайын телефонды.

Т е м і р (қипақтан). Тіпті, мен соқсам да болады.

М а х м е т. Сұлужан, сен таңданба! Бұл бригада да сен де, мен де екеуміз де жоқпыз. Қелмесек, қайдан боламыз?

Сұлужан. Қелмегені не? (*Махметті нұсқап*.) Мынау тұрған кім сонда? Мен кіммін?

М а х м е т. Сен — сенсің. Мен — менмін. Бірақ екеуміз де жоқпыз.

Сұлужан (таңдана, шегі қата күліп). Эй, жігіттер, мен жынданым ғой деймін. Мені тезірек жындыханаға апарып салындаршы.

М а қ т а й (шошып). Қойшы, жоқты айтпай.

Т е м і р. Иә, деймін-ау.

М а х м е т. Таңданатын түгі жоқ, Сұлужан. Екеуміз жауапқа тартылсақ, мыналар бізді арашалай алмайды. Ал, бұлар сотталса, жердің түбінде болса да біз сурып ала аламыз.

Сұлужан. Е, тұтініңіз мына жақта екен ғой. Түсінсемші, сорлы басым! Ал, мен Ержігітті іздеуге кеттім. Еретін қайсың барсындар? (*Жүгіріп шығады*. «Мен бармын. Мен бармын!»— деп Мақтай мен Темір соңынан кетеді.)

ТӨРТІНШІ ҚӨРІНІС

М а х м е т (пауза). Ақылды қыз ба десем, бұл да шөп желкенің бірі болды ғой. Ойлаған жерден табылар қатын қайда, құдай-ау?! (*Салмақпен басып телефонға барады*).

Алло... Бибісің бе? (*Сахна түпкірінде пистолет жарығы Бибіге түседі*.) Сұраймын деп үнемі ұмытып жүрем... Анадағы тынын-тебенінді алдың ба осы?

Б и б і. Алдым ғой. Бірақ алақаның ашыла ма сенің, қайнам-ау. «Анадағы» деп әлдеқандай етіп тұрғаның алпыс-ақ сом.

М а х м е т. Өнешің кең-ау, женеше. Нысал керек, нысан!

Бибі. Сұраған соң айтып жатырмын дағы. Қанағат етпеген жерім жоқ еді гой. Эйтиссес.

Махмет (*күліп*). Е, бәсе. (Жас баланың даусы шығады.) Мынау әлгі соңғыларың ба?

Бибі. Иә, сол мықтының өзі. Екі айдан жаңа ғана асты.

Махмет. Атын кім қойып едіңдер?

Бибі. Анада айтып едік қой. Ұмытып қалдың ба? Аты — Махмет. Аттассың.

Махмет. Иә, солай екен-ау. Ал сол аттасым үшін дәп тағы бірдене ескерермін.

Бибі. Рақмет, қайнам.

Махмет. Ал былай, женеше: мен бүгінгі кеште, дәп қазір мына сіздің үйде отырмын... Ау, Бибі, неге үндемей-сің. Мен сіздің үйде отырмын деймін.

Бибі (*түсінбей*). Мына телефонмен сөйлескенінді айтасың ба, қайнам?

Махмет. Жоқ... сендер мені, айталақ, қонаққа шақырдыңдар...

Бибі. Иә, иә, шақырамыз ғой, қайнам. Мына кішкене Махмет аздал өссін. Сонын шақырамыз. Сені шақырмағанда, кіміміз бар біздің?

Махмет (*ашуланыңқырап*). Сөз тындармайтын болып кеткенсің бе өзің?! Мен бүгін дәп қазір Сұлтан мен Бибінің үйінде отырмын. Қонақ болып отырмын... (Жылаған бала даусы.) Ау, Бибі, үндемейсің ғой?

Бибі. Қайнам-ау, кейін шақырамыз дедім ғой.

Махмет (*өктем*). Ой, шақырғаның құрысын. Түккеде керек емес шақырғаның. Шақырту ізделп отырған жоқ-пын. Шақырсын демеймін. Түсіндің бе?

Бибі (*сеніміздеу*). Иә, түсіндім ғой деймін.

Махмет. Деймінді қой. Түсіндім де!

Бибі. Иә, түсіндім.

Махмет. Олай болса мен не айтсам, соны қайталай бер.

Бибі. Иә, ал қайталай берейін...

Махмет. Мен, сөйтіп, сіздің үйде қонақта отырмын.

Бибі. Мен, сөйтіп, сіздің үйде қонақта отырмын.

Махмет (*ашуланып*). Мынау құлықай ғой өзі. Сен емес, мен отырмын.

Бибі (*әбден шатасып*). Иә, сен емес, мен отырмын...

Махмет. Кім отыр?

Бибі. Иә, кім отыр?

Махмет. Кім отыр емес, мен отырмын.

Бибі. Иә, мен отырмын.

Махмет (*ашуланып*). Мен отырған жоқыны!

Бибі (*дағдарып*). Ойбай-ау, Махметжан-ау, енді не қыл дейсің? Ойыныңды қойшы. Жаным, шаруам қалып барады.

Махмет (*жұмсарып*). Жо.. тыңдашы, түсініп алыш.

Бибі. Ал, тыңдаپ, түсініп алайын.

Махмет. Мен қазір сіздікінде қонақта отырмын...

Бибі. Ал жақсы... (*Жылаған бала даусы*.)

Махмет. Қонақта... айтталық ана жылап жатқан кішкене Махметті қолыма ұстап жұбатып отырмын...

Бибі. Жазғаның іші ауырады білем, жұбатқанмен жылай береді. Эсіресе, түн баласы тыным жок.

Махмет (*қайта ашуланып*). Түү, қулықай, жыламақ түгіл, шегі неге қатпайды балаңның!

Бибі (*жалынып*). Айналайын, Махмет, өзің ішіп алғансың ғой деймін. Не істе десең де істейін, ертең мастығың тарқаған соң хабарласшы. Балам жылап қалды. (*Бибі жоғалып кетеді*.)

Махмет. Мына макұлық құртты-ау мені.

Сыртта шу, құлқі:— Ой, көксілім-ай, қорқытқанда да мық-тап қорқыттың! Есіміз шықты, тіпті!— деген дауыстар.

Сұлужан, Мактай, Темір Ержігітті алып үйге кіреді.

Мактай. Маха, мына сабазға қара.

Махмет. Не қарайтыны бар. Қайтып келерін мен баяғыда-ақ білгенмін.

Сұлужан. Содан екен ғой, «мен жоқпын, сен жоқсың» деп тығылмақ ойнап жатқанымыз...

Махмет (*күліп*).— Сұлужан ашуланбайды. Сұлужан міnezге бай,— деп жатады жұрт. Сынағаным емес пе? Соны да аңғармадыңдар ма?

Темір. Ал, Маха, Сұлужан міnezі қандай екен, айтып жіберіңіз.

Махмет. Нағыз тызбалак, ал кеттімнің өзі.

Сұлужан. Сіздің де кім екеніңіз белгілі болды. Мактанбай-ақ қойыңыз деймін.

Ержігіт. Қарап жатпай, кімнің кім екенін анықтап берген екенмін ғой.

Махмет (*түсін суытыңқырап*). Шырағым-ау, сенікі не шантаж осы?

Ержігіт. Қайдагы шантаж? Мына Мактай күн көрсетпейді. Қорқытпақ болдым сосын. Жылы қораның іші-

не кірдім де, тығылдым қалдым. Қалпақ пен шарф — із тастау.

Темір. Дегенмен тоңа бастаса керек батырың. Корадан өзі шықты фой.

Мактай. Мені қорқытам деп жүріп, Маханың зәресін кетірдің фой.

Мұхамет. Менің бе? Айтыпсың. Зәресі кеткен адам мінекей. (*Сұлужанды нұсқайды*.)

Сұлужан. Рас, қорықтым.

Темір. Мен де...

Сұлужан. Жоқ жерде кісі өлімі оңай шаруа ма?

Мактай. Ал, Темір, күзет қайда?

Темір. Бүгін қатты шаршап тұрмын. Өзің баршы.

Мактай (*күдіктене*). Жоқ екеуміз де барамыз. Бүгін боран. Және қой қоздап жатыр.

Темір. Күнде бәрін жалғыз өзің-ақ тындыруши едін фой. Бүгін не болды саған?

Мактай (*сасып қалып*). Бүгін бе, бүгін. Сенімен бірге барғым келеді.

Мұхамет. Дұрыс, дұрыс. Мына Ержігітті де ала кетіндер.

Ержігіт (*ырышып*). Жоқ, мен бармаймын. Қешеғана күзетте болғам.

Мактай (*күліп*). Осы қызыл көзге тиіспей-ақ қояйықшы.

Ержігіт. Міне, Мактай дұрысын айтты.

Мактай мен Темір күліп сыртқа беттейді.

Сұлужан. Мактай, байқа, адасып кетіп жүрмендер.

Мактай (*күліп*). Қаланың нәуегінде адаспағанда бізге не көрініпті.

Ержігіт. Осы сенің тілің жаман.

Мұхамет (*Ержігітке*). Нервіні жеп болсан, енді маза бер. Жатайық.

Сұлужан. Тұн ортасы болыпты фой. Шаршағанымды енді білдім. Дем алайық. (*Қыздар бөлмесіне кетеді*.)

Мұхамет. Әй, Ержігіт, сен мына бөлмеге жатасын. (*Еркектер бөлмесін көрсетеді*.)

Ержігіт. Жақсы, ал, өзіңіз ше?

Мұхамет. Мен мына осы бөлмеге... Қорылдайтын жаман әдетім бар еді. Үйқы бермей жүрермін...

Ержігіт. Онда мен де осында жатамын.

Мұхамет. Қорылдаймын деп тұрмын фой.

Ержігіт. Қорылдың мен де түбін түсіремін ендеше.

М а х м е т. Онда маған үйқы бермейсің ғой. Бар ана бөлмеге. Бұғінгі лаңың да жетеді.

Е р ж і г і т. Ендеше мен алыстау мына жерге жатайын. (*Сұлужан жатқан бөлменің есігіне төсегін жақын-датып, салады.*)

М а х м е т. Ендеше мен мына жерге жатам. (*Ол тәсегін тұра есіктің көзіне әкеп салады.*)

Е р ж і г і т. Мен де.

М а х м е т (*ашуланып*). Кең дүниені тарылтып... (*Ержігіттің төсегін басқа бөлмеге лақтырады. Ержігіт Махметтің төсегіне жармасады.*)

Е р ж і г і т. Төсектен төсектің артықтығы жоқ.

М а х м е т. Артығы бар. Бұл — бөлімше бастығының төсегі!

С ұ л у ж а н (*өз бөлмесінен басын қылтитып*). Бала болып кеткенсіздер ме? Үйқы бермедіңіздер ғой.

Екеуі де аяқтарын ұшынан басып, төсектерін құшақтап ерлер бөлмесінде кіреді. Залда қараңғылық. Пауза. Музыка.

— Ой, көзім-ай, көзімді шығарды-ау мынау.

— Шекем, шекем жарылды...

Бөлмеге бозғылт сәуле түседі. Ержігіт пен Махмет

Сұлужан жатқан бөлменің табалдырығында бас сүзістіріп тұрады.

М а х м е т. Қөзің жоқ па әй сенін?

Е р ж і г і т. Қайдағы көз қараңғыда.

М а х м е т. Жатқаның жаңа ғана. Неғып сандалып жүрсін?

Е р ж і г і т. Шөлдеп, су ішкелі... (*Mahmetti esik kөzi-nen ығыстыра бастайды.*)

М а х м е т. Эй, әй, байқа, шырак, может быть мен де су ішкелі жүрген шығармын. Қайдан білесің?

Е р ж і г і т. Бұл жерде су жоқ. Су ана жақта.

М а х м е т. Оны мен айтуды керек өді саған. Қайқай, жігітім!

Е р ж і г і т. Қайқайсан, өзің қайқай.

М а х м е т. Менің жасым үлкен.

Е р ж і г і т. Сондағы бір жарым жас па?! Бүккенім бар оны.

М а х м е т. Эй, байқа, бала. Мен бөлімше бастығымын. Быт-шытынды шығарам... Білдің бе?!

Е р ж і г і т. Қара Қара... біреудің есігін күзетіп жүрсе де, бастықтығын ұмытпайды өзі. Бұл жерде правомыз бірдей, Махмет.

Махмет. Мына боранда сенің адасып өлгенің жақсы еді.

Ержігіт. Онда сотталатын едін...

Махмет. Қой... қой... тәжікелеспе, бала, ойнайтын адамың мен емес Ойнаймын деп келген жоқпын мен мұнда.

Ержігіт. Мен де...

Махмет. Жігітім, мына қылышың бар ғой, біреудің алдындағы адал дәмге сұраусыз қол салғанмен тең.

Ержігіт. Сен, немене, Сұлужанды меншіктеп алмақсың ба сонда?

Махмет. Неге меншіктемеймін! Сұлужан менің не-келі әйелім.

Осы кезде Сұлужан өз бөлмесінен атын шыгады да

Махметті шапалақтап тартып жібереді.

Сұлужан. Қашан некелеп алып едің? Қашан мен уәде беріп едім саған. Бастықпын деп семірейін деген екенсін, ә?

Махмет. Ойбай-ау, ойын ғой, Сұлужан. Мынау ит кой маза бермейді тіпті кісіге.

Ержігіт. Мен емес, өзі маза бермейтін.

Сұлужан. Бұл не сонда? Ай қарап жүрсіндер ме? Неге жатпайсындар?

Махмет (сасқалақтап). Ана жақ тіpten ыстық екен. Жата алмадым. Салқындаіын деп осы жаққа келсем, мынау оىбаган соңымнан қалмайды.

Ержігіт. Ана жақ маған да сондай қапырық. Махмет соны түсінбейді. Өзінің шыққан тауының биік болғанын ғана ойлайды.

Сұлужан. Ыстықтасандар терезені ашып қояйын онда.

Терезені айқара ашады. Таң білініп келеді.

Боран толастаған. Тыста қатты аяз секілді. Ән салған Мактай даусы естіледі. Сұлужан терезе алдына барып сыртқа карайды. Махмет пен Ержігіт тоңа бастайды.

Ержігіт (dірілден). Біз мұндай сұықта мәу демей-міз.

Махмет. Қаланың нәуетегі тоңбағанда маған не көрініпті.

Ержігіт. Мына Мактайдың әншісі-ай! Жазда тура астана сахнасына шығарады екенмін мен мұны.

Сұлужан. Жоқ, Мактайды сен емес, өзім шығарам. Мактай ә, Мактай! Сағындым ғой, бермен келші!

Махмет. Не дейді?

Ержігіт. Эй, бір шикілік бар ма деуші едім. Рас болды-ау.

Мактай. Сұлужан, неғып үйықтамай тұрсың?

Сұлужан. Үйқым қашып кетті.

Мактай. Жүр ендеше, таң шапағын тамашалайық.

Сұлужан (күліп). Оныншы кластағыдай қасқыр келе жатыр деп қорқытпайсың ба?

Мактай. Жалғызыым, жаным деп жүргенде неге қорқытам. Қелешегім енді сенімен ғана...

Сұлужан. Мақтайжан, көтеріп алыш онда терезеден.

Мактай. Кел! (*Сұлужан құшағын жая береді. Ен-дігі сәтте екеуінің қосылып салған әні естіледі.*)

Махмет (аңырып). Құдай ұрды деген осы. Сақманшы дегенде Сұлужан тіпті есіме келсеші.

Ержігіт. Ай, бір шикіліктің барын сезуші едім-ау.

Махмет. Сезсең неге айтпадың?

Ержігіт (салы суға кетіп). Айтты не, айтпады не?!

Махмет (аңырып). Осы махабbat дегенде көз де, ми да жоқ қой, деймін. Көзі болса өзі сұлу, өзі өнерлі мына Ержігітті сүймес пе еді. Ал, егер мыны болса, мына мен... бір бөлімшениң дырдай бастығы... (*Басын шайқап.*) Ақылды деген Сұлужанның өзі ана дәүкес Мактаймен кетті-ау! Бұл не сүмдүк.

Ержігіт. Сүмдүк дейтін түгі де жоқ. Сен болсаң сыздап жатқан бес батпан салмақ. Мен болсам, ұшып қонып жүрген жел... қаңбақ... Эйел заты мұның бірін де жақсы көрмейді.

Махмет. Енді не жақсы көретіні?

Ержігіт. Салмақ пен қаңбақты мылжа-мылжасын шығара араластырып, сосын қаққа бөлсе... сонда...

Махмет (шошып). Тек сайтан, не артист болып, не бастық болып жарытпаймыз гой онда.

Бөлмеге ойбай салып Темір кіреді.

Темір. Бұл итті ме, бұл итті қазір жарып өлтірем! Мені күзетке қалдырып, істеп жүргенін қарашы. (*Улкен ләкет пышақты стол үстінен алып, есікке қарай жүгіреді. Оны Ержігіт үстай алады.*) Жібер деймін, жібер, өлтіремін.

Махмет. Кімді өлтіресің?

Темір. Мақтайды.

Ержігіт. Сотталасың.

Темір. Сұлужан үшін сottалсам, сottаламын.
Махмет (ақырып). Қой ондай көзсіздікті. Міне,
Ержігіт екеуміз де тас мандай болып шыдап отырмыз
Рой...

Темір. Не дедің?

Ержігіт те, Махмет те үндемейді. Даlада Сұлұ-
жан мен Мактайдың косылып салған әні естіледі.

Біз екеуміз бір ағашта,
Қатар қонған бұлбұлмыз.
Біз екеуміз әр уақытта,
Қатар туған жұлдызыбыз.

Біз екеуміз бул дүниеде,
Махаббаттың егізі.
Екеумізге, екеумізге,
Жүректер солай дегізді.

Кел, екеуміз атар таңды,
Бірге қарсы алайык.
Фашықтықтың жансын сәні,
Бірге бір ән салайык.
Біз екеуміз, біз екеуміз,
Екеу емес біреуміз
Өмір бойы құшақ жазбай,
Біреу болып өтеміз.

ӨКІЛ ӘКЕ

САТИРАЛЫҚ ҚОМЕДИЯ

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Рахмет
Сәлімгерей
Сара
Флора
Жатақбай Әріпович — Фылыми-жобалау институтының қызметкерлері
Тілші
Карабаева Фылыми-жобалау институтының қызметкерлері
Роза

Оқиға осы күнгі
Бұл пьеса Қ. Жойқынбековпен бірлесіп жазылған.

БІРІНШІ АКТ

Жобалау институтының жұмыс бөлмелерінің бірі. Бес адамға арналған орын. Қабырғаға әр түрлі зәулім үйлердің үлкейтілген эскиздік жобалары ілінген. Анадай стол үстінде телефон, тантертеңгі сағат тоғызға жуықтап қалған кез. Бөлмеде Сара, телефон шылдырлайды.

Сара. Алло, иә, мен. О, алла-тағаланың әмірі.
(Ашиның.) Койсаңшы енді бір мезгіл. Баланы ағам алып кеткен. Балада жұмысың болмасын. Ой, тәйтік неме, әуелі өз қара басынды сактап ал. Миымды қатырма. Жұмысқа бұдан былай телефон соғушы болма.
(Трубканы орнына қояды. Телефон тағы шылдырлайды. Сара басып тастайды. Есіктен Флора шек-сілесі қатып, күліп келеді. Сара оған таң қала қарайды.)

Ф л о р а. Біздің азбанды айтамын. Енді жүгірумен айналысатын болыпты. Ойнырым-ай, адам да өзгере береді екен. Бақайын қымылдатуға ерінуші еді... Элгінде парк ішімен келе жатсам, балпаң-балпаң етіп жүгіріп барады. Алдында шынашақтай болып тырп-тырп етіп біздің бастық, қарап тұрсаңыз құлқиң келеді. Екеудің қарсақ пен тұлкі тәрізді.

С а р а (немікшрайды). Жүгірсін. Денсаулық қамы да.

Ф л о р а. Ой, Сара-ай, Сәлімгерейдікі қайбір денсаулық қамы дейсіз, бастықтың көзіне тұсу де. Ол баяғы бізге айтатын көп стратегиясының бірі де.

С а р а. Эйткенмен, сол Сәлімгерейдің есебі мықты, пайдасын біледі.

Ф л о р а (куліп.) Иә, иә, есебі бар. Осы жүгірістің өзінде де бір есебі жатыр. (*Енді ғана Сараға назар аударып.*) Өңің қашып кетіпті ғой. Ауырғаннан амансың ба?

С а р а (курсініп). Эйел байғұстың бұл тіршілікте көретін қызығы бар деймісің.

Ф л о р а. Не болды, Сара, жайша ма?

С а р а. Әлгі неме келіп, тұнімен тағы жанжал шығарғаны.

Ф л о р а. Біржола кетсе де, келе бере ме?

С а р а. Сұрама. Тура бұралқы ит сияқты. Жай келсе бір сәрі ғой, ішіп келеді.

Ф л о р а. Өзінде де бар, келмейтіндей етіп жіберу керек қой.

С а р а. Флоражан-ау, болмайды. Сан рет милиция шақырып, машинасына салып бердім. Ертеңіне сүйретіліп тағы келеді. Нервіден нерві қалмады. Бұл еркектер бар ғой, барып тұрған ақымақ, эгонист.

Ф л о р а. Уайымга салына бермесейші. Бәрін де ұмыт.

С а р а. Қанша ұмытайын десем де ұмыта алатын емеспін. Флора ана графиннен су әперіп жіберші, дәрі ішнейін. (*Флора су әпереді, Сара дәрі ішеді.*) Міне, отызға жетпей ауру болып отырғанымыз. Азаппен өткен тіршілік.

Ф л о р а (жарқын). Уайым теңізіне сонша баты... не бұл? Құдайға шүкір, үй-ішің, бір басыңа жетер табысың бар. Тесік моншак жерде қалмақ емес. Жолығасың әлі бір жақсы адамга!

С а р а. Құрығанда еркегі құрысын. Өңім түгіл түсім-

де көрмеймін енді. Бұл еркектер бар ғой, Флоражан, бір қалыптан шыққандай үқсас. Құліп тұзаққа түсіреді де соңан соң күніренеді. (*Телефон безектей жөнеледі.*) Мынау тағы сол. Флоражан, өзін ендігәрі телефон соқпайтындаидай етші.

Ф л о р а. Алло, иә, ол кісінің қолы бос емес. Бір емес, жарты минутқа да уақытым жоқ. Үздікпеніз. Сөзге түсінбейтін болыпсыз ғой. Ал, сөз үқпайтын босланызың басқа шара қолданамыз. Иә, милицияға, мен звондасам он бес тәулік емес, он бес ай отырасыз. Ток етері осы. Енді телефон соққанды қойыныз. (*Трубканы орнына қояды.*) Он бес ай отырғызам дегенде састы білем, тұтығын қалды.

С а р а. Милицияға әбден еті үйреніп алышты. Сауықтыру орнында капитан Миша, лейтенант Саша дейтін жолдастарым бар дең бөсіп отырады.

Ф л о р а. Мынауың суга салса батпайтын, отқа салса құймейтін бір пәле ғой.

С а р а. Сұрама. Ішкиштер аязға қатып, машиналың астына түсіп өліп жатады. Ал, бұған еш пәле жуымайды.

Бөлмеге жүгіре басып Рахмет кіреді. Қолында бір букет гүлі бар.

Р а х м е т. Сәламатсыңдар ма, қыздар! Қелс жатқан мерекелеріңізben. (*Сара үндеңейді.*)

Ф л о р а. Сәлем, сәлем. Немене, командировка бітіп қалды ма?

Р а х м е т. Шаруамды бітірген соң жата берем бе? Қайттым. Жобамды қабылдап алды. Осы келесі жарты жылдықтан бастап менің жобам бойынша жаңа үйлер Ташкенттің өзінде салына бастайды. (*Сырт киімін шешіп, қолында гүлі бар Сарага жақындан келеді.*) Сара Мәмбетовна, мерекелеріңіз құтты болсын, мына гүлді арнайы сіздерге әкелдім.

С а р а. Аулак, аулак. Мен сенен гүл сұрадым ба? Гүлің өзіне, өздерің осы тыныш жүріндерші.

Р а х м е т. Сара Мәмбетовна, жарайды, кінәлі мен. Җұмыс бабымен сөзге келіп қалдық. Аяндай шыным, ар жағымда ештемем жоқ, қызбалықпен шығып кеткен артық бір сөз. Кешіріңіз. Осы бізден бұрын басқа бір ауыз сөз болды ма?

Ф л о р а (*куліп*). Қай жігіт сонау Ташкенттеп гүл алып келеді. Енді райыңнан қайт, Сара.

Рахмет. Сара Мәмбетовна, жүрер алдында әде-
йі бір жолдасымды іздел тауып, соның арқасында қала-
ның оранжериясынан алдым. Индия гладиолусы. (Арқа-
сынан қағып, қолына ғұлді ұстатаады.)

Сара. Рақмет! Рақмет! Әлгінде ғана әлгі өзің көр-
ген ағаң настроениямды бұзып қойып еді. Соның әсері
болар, әйтпесе саған неге өкпе сактаймын. Менің қайты-
мым тез ғой. Оны өзің білесің. Флора, бүгін кешке әйел-
дер мейрамы ғой, бірге тойлайықшы. Анау Сәлімгерей
бар, бәріміз. Осы күрмеуге келмейтін қысқа тіршілікте
ұрыс-керістің қажеті жоқ.

Флора. Сара Мәмбетовна, мұныңызға әбден қосы-
ламын.

Рахмет. Сара Мәмбетовна, өте жақсы идея. Бі-
рак, бүгін мүмкіндік болмай тұрғаны.

Флора. Мүмкіндігіңің жоғы қалай?

Рахмет. Флора, оны кейін айтамын.

Флора. Құпия ма сонда?

Рахмет. Иә, әзірге құпия.

Сара. Раҳмет-ау, айналдырған бесеуміздің арамыз-
да осы уақытқа дейін қандай құпия болып еді?

Рахмет. Сара Мәмбетовна, мені әзірге қинамай-
ақ қойыңыз — құпия сыр ертең-ақ ашылады, сонда біле-
сіз.

Флора. Ойпырым-ай, ә, не құпия екен? Мүмкін үй-
ленетін шығарсың, оның несі құпия?

Рахмет (*кумілжіп, ұялыңқырап*.) Әзірге айтпай-
мын.

Флора. Жұмбақтың шешуі қын болды-ау, Сара.

Сара. Не де болса қуанышты оқиға. Асықпай ар-
тын күтейік.

Рахмет. Иә, артын күтіңіздер.

Сара. Бар, бар. Жолынан қалма, Раҳмет (*Рахмет*
шығып кетеді.) Түк түсінсем бүйірмасын. Ненің қуаны-
шы бұл.

Флора. Мен де қайранмын. Әйтеуір, әбігерге түсіп
жүр.

Маңғаз басып бөлмеге Сәлімгерей кіреді. Қолын-
да дәу қара портфель.

Сәлімгерей. Сәлем, қыздар?

Флора. Сәлем, сәлем.

Сәлімгерей (*ғұлді көріп*). О, ғұл! Наурызда ғұл
әкеліп жүрген қай сері?

Флора. Раҳмет!

Сәлімгерей. Оу, келіп қалған ба? Шаруасы не болыпты?

Флора. Жобасын мактап тұрып қабылдап алышты.

Сәлімгерей. Қабылдаса, қабылдаған шығар. Ал, мактады деген сөзді өз жанынан-ақ қосқан болар ол жиғітіміз.

Флора. Сәлімгерей, осы саған не болған? Жанында жүрген жолдасыңды көре алмау деген жақсы қасиет емес.

Сәлімгерей. Қөре алмағандық емес, шыны сорай. Біздің бұл жігіт кейде асқаңтап сөйлейді.

Сара. Сәлімгерей, осы жүрттың сыртынан өсек айтудың қажеті не? Рахмет — қолынан іс келетін жігіт. Талай конкурста жеңіп шығып жулде алды ғой.

Сәлімгерей. Алса алсын. Біз де аламыз.

Сара. Ал, ал. Қуанбасақ, ренжімейміз. Қасындағы жолдасыңың мәртебесі өсіп жатса, маған да, Флорага да қуаныш.

Флора. Эй, Сәлімгерей-ай, қайтесің сол басы артық сөзді көбейтіп, онаң да бізді мерекемізben неге құттықтамайсың?

Сәлімгерей. Иә, солай де (*күледі*.) Неге асығымыз. Мереке ертең, уақытында құттықтаймыз да. Біз темірді қызған кезде соғамыз.

Сара. Сол қызған кезінде соғамын деп жүріп қартайып қалғаныңды сезбессін.

Сәлімгерей. Оу, Сар-еке, қайдары кәрілік? Биылғана жиырма жетіге шықтым.

Сара (*кеケткендей*). Е, онда сәби екенсің. Баяғының жігіттері он үшінде үйленіп, отау тігуші еді. Ондай еркектер жоқ қой қазір. Қазіргілердің айналдырғаны арақ, қала берді сөз.

Сәлімгерей. Сар-еке, сіз ыңғай осы настроениемен сөйлейсіз, зер салып қараңызшы, баяғының қазағы бір басқа, ал біздер бір басқа. Біз білім қуған адамбыз. Олар ше? Оларда істейтін жұмыс болмаған сон, зеріккеннен үйленетін болған.

(*Бөлмеге тілші кіреді*.)

Тілші. Сәлематсыздар ма? Мен облыстық газет тілшісі боламын. Осылай қарай жол түсіп келе қалғаным. Сіздерден жасыратыны жоқ, редакция атына дөмалаш, арыз түсті... Сіздермен сөйлесіп, әңгімелессем деген ниетім бар еді. Қарсы емессіздер ғой.

Флора, Сәлімгерей. Жоқ қарсы емеспіз. Сұрапызыз, білгенімізді айтамыз.

Тілші. Сара Мәмбетовна кім болады?

Сара (*өңі қашып*). Тағы не сүмдүк?

Тілші. Абыржымаңыз. Арызда сіздің күйеуінізден айрылысқанызы туралы жазылыпты.

Сара (*ашынып*). Бұл жүрт енді ештеңе таба алмаған соң жапсардан сығалайтын болғаны ма? Рас, жасырмаймын, күйеуім ішкіш. Бірге тұруға мүмкіндік болмады.

Тілші. Сара Мәмбетовна, қиналмаңыз. Ондай жағдайларды білеміз. Ақты-қарасын шешуге тырысамыз. Роза Асанова кім болады?

Флора. Ол демалыста.

Тілші. Жұмысқа қашан келеді?

Флора. Бұрсугіні келіп қалады.

Тілші. Ал, Жаңбырбаев Раҳмет кім?

Флора. Әлгінде ғана бір жерге кетті. Қеліп қалар.

Тілші. Сіз Фархудиновнасыз ғой?

Флора. Иә. Менің де атым бар ма арызда?

Тілші. Бар. Соңсоң сұрап отырмын. (*Пауза.*) Ертең үлкен мереке. Тойдың шырқын бұзбайық. Мерекеден кейін төрт көздеріңіз түгел жиналғанда кең отырып әңгімелесерміз. Әзірге сау болыңыздар. (*Шығып кетеді. Бөлме іші тым-тырыс.*)

Сара. Әлгі тілші бәрімізді жіпке тізгендей етіп кегті ғой.

Флора. Қолың сыңғыр кім екен жазып жүрген?

Сәлімгерей. Кім дейтінің бар ма, қазіргі заманда бәрі сауатты, бәрі жазғыш.

Сара. Сәлімгерей, тілші бөлмеде отыратын бәріміздің атымызды атады. Тек сен туралы сұрамады.

Сәлімгерей (*жайбарақат*). Сонда арыз жазған мен деп отырмысың?

Сара. Сырттан біз туралы қалам түрте қоятын ешкім жоқ сияқты еді...

Сәлімгерей. Бұл сөздің де жаны бар. Мүмкін домалақ арыз жазған осы бесеуміздің біріміз шығармыз. Немесе, ашынып жүрген күйеуің шығар.

Сара. Қиялдай берме, Сәлімгерей. Дәуде болса, сен жаздың.

Сәлімгерей. Дәлелің?

Сара. Дәлел сол,— бәріміздің атымыз аталғанда сен жоқсың.

Сәлімгерей (күліп). Жоқ болуы да заңды. Өйгекені, ешқандай қылмысым жоқ. (*Күлт өзгеріп.*) Бұл ойын сөз ғой. Сар-еке, өзіңіз ойлаңызышы, егер арызды мен жазсам, сендерге күдік келтірмеу үшін әуелі тізімге бірінші өзімді қоямын ғой. Оны ойламайтын мен тауықтың миын жеген адам емеспін. Сар-еке-ау, осынша жасқа келіп, қалтамда қарағайдай дипломым бар. Сонда мені мұрынның астынан басканы көрмейтін наданға санағаныңыз ба? (*Пауза.*) Ал, арызды кім жазғанын сол тізімдегі адамдардың арасынан ізде. Сол логикаға жатады.

Флора. Ойпырым-ай, ә, бәріміз кінәліміз. Жұрттың арасында судан таза, сүттен ак, Сәлімгерей, сен болғаның ба?

Сәлімгерей (жақтырмай). Флоражан, мен үрлұқ жасап, ешкіммен тәбелескенім жоқ, айналдырганым тиесілі қызметім. Енді маған қайт дейсің?

Флора. Қылмыс жасау — үрлұқ немесе тәбелес қана емес. Оның сан түрлі жолы бар. Сенінше мынау Рахмет, Сара Мәмбетовна, бірдене бұлдіріп қойып па?

Сәлімгерей. Флора, қойшы, оны тілші анықтар. Дискуссия құруға уақытым жоқ. Қарабаеваға кіріп шығамын. (*Есікке жақындағы беріп кілт тоқтайды.*) Сендер ана жолы кәсіподақ жиналысында Рахмет пен Розаның қалай сөйлегенін ұмытқан жоқ шығарсындар.

Сара. Екеуінің айтқаны шындық.

Сәлімгерей. Е, Сара, Сара. Біреу аяқ астыңнан оп қазса, сен оның шашбауын көтересің. (*Шығып кете-ді.*)

Флора (ойлы). Расында, сол екеуінін бірі шығар. Тусінбеймін. Қалай сонда, өздерін өздері жаза ма? (*Телефон шылдырлайды. Флора трубканы көтереді.*) Иә, иә, сәлем, Клара, той бірге болсын. (*Өңі өзгеріп.*) Қой, мұмкін емес, қашан... Ие, апымай, біз естігеміз жоқ. (*Трубканы орнына қояды.*) Мәссаған, безгелдек. Роза босаныпты.

Сара. Роза босаныпты? Осы өзіміздің Роза Асанова ма?

Флора. Иә.

Сара. Қой, Сәлімгерей тәрізді құрдастарының біреуінің мына 8-ші март күні әдейі шығарған әзілі де.

Флора. Бастықтың қабылдау бөлмесінде отыратын Клара қыздың бір құрбысы босанып, соны құттықтауға

перзентханаға барған екен тізімнен көріпті. Асанова Роза, бесінші налатада ден жазып қойынты.

Сара (сениңкіремей). Перзентханаға звондасам ұят болып жүре ме?

Флора. Звондаңыз. Онда тұрған ештене жоқ. (*Сара звондайды да көзі бақшишп отырып қалады.*)

Сара. Рас болып шықпасын! (*Пауза.*) Әлгі тілшінің келуі де тегін емес. Сірә, бір нәрсенің шет жағасын біліп жүрген болуы керек.

Флора. Ал, білсе бізге неге айтпайды?

Сара. Флоражан-ау, сен қызықсың. Әкесі жоқ бала туралы не айтсын. Әліптің артын күтіп, бізден сыр тартуға келген де.

Флора (ойлы). Мүмкін. (*Салы суға кеткендей көңілсіз Сәлімгерей кіреді.*)

Сәлімгерей. Бұл қырсықты қойыңыз, жобамды конкурсқа жібермей қойыпты. Бар пәле өзіміздің Раҳметтен келді. Оны ішім сезеді.

Флора. Асығыс байлам жасама, Сәлімгерей. Әуелі білейік те.

Сәлімгерей. Білсек білейік. Міне, Раҳметтің өзі де келді.

Рахмет (асығыс). Қыздар, Қарабаевадан рұқсат алдым. Мен бір жерге барып келейін.

Флора. Раҳмет, бір минутке тоқташи.

Рахмет (шыдамсыздана сағатына қарайды). О, не тағы?

Флора. Сәлімгерейдің жобасын рецензиялаған сен бе?

Рахмет. Оны кім айтты?

Сара. Жалтарма, Раҳмет, біз бәрін білеміз.

Флора. Жалтарғанмен жағаңнан шығады.

Рахмет. Міне, көзі отыр ғой, жобасы тым нашар екен.

Сәлімгерей. Қыздар, естіл отырсындар ма? Өзі айтпаса, Раҳмет маған қарсы болды дегенге сенбес едім.

Рахмет. Басқа амалым болмады, қыздар. Сәлімгерейдің жобасын көрдіңдер ғой. Менен басқа да рецензенттер бар. Ертеңгі күні мынаның несін конкурсқа жіберген деп көзге шұқымай ма?

Флора. Ал, Раҳмет, сен осы арада Сәлімгерейді көзге шұқыдың.

Рахмет. Тұсінсейші, Флора. Бұл көзге шұку емес. Ертеңімізді ойлайтын болсақ, біз осы бір бөлмеде, бір

терінің пүшпағын илеп отырып бірімізге-біріміз кемшілігімізді неге айтпаска. Мен Сәлімгерей жобасындағы кемшіліктерді көрсетсем, оным — болыскандық емес пе?

Сәлімгерей. Бұйтіп сылап сипамай-ақ қой.

Рахмет. Сен шын ренжіп тұрсың ба?

Сәлімгерей (*мырс етін*). Енді немене, қуанайын ба?

Рахмет. Менің жолдастық сынымды теріс қабылдасаң, онда қатты өкінемін.

Сәлімгерей. Өкіндің не, өкінбедің не, жасадыңғой, әйтеуір.

Рахмет. Бәрібір айтқанмен сен түсінбейді екенсің. Кең отырып сөйлесерміз кейін. Жобаның кемшілігі қай жерде екенін сонда дәлелдеп беремін. Ал, кеттім.

Сәлімгерей. Міне, қандай адамдар. Қөзіңді бақырайтып қойып маңдайға ұрады.

Флора. Сәлімгерей, сен қойшы. Дүниенің тетігі осы бір конкурста тұрған жоқ. Алда талай конкурс бар. Сен естідің бе, Роза босаныпты.

Сәлімгерей. Роза босаныпты?!

Флора. Әлгі бір әзірде Сара екеуміз перзентханаға звондап білдік.

Сәлімгерей (*куліп*). Ертең 1-ші апрель емес, 8-ші март қой.

Сара (*өрекпін*). Сәлімгерей-ау, қайдағы ойын, жұрт өзін жан алқымға келгендей сезініп отырса.

Сәлімгерей (*қалтасынан бет орамалын алып, маңдайын сүртеді*). Бөлме ысып кетіпті ғой. Терезе жапқышын ашайыншы. (*Пауза*). Ал, баланың әкесі кім екен? Перзентханаға звондап әкесін сұрандаршы.

Сара. Қой, пәледен машайық қашқан, қырсығы тиіп жүреп.

Флора (*ашулы*). Әкесі, әкесі, немене сен, бір наивный адамға үқсай қалғаның. Эрине, әкесі жоқ, шата бала.

Сәлімгерей (*ойлы*). Все же әкесі бар.

Флора. Мүмкін сен шығарсың?

Сәлімгерей (*шошып*). Флора, бұл ойнайтын шаруа емес.

Флора. Ойнап тұрғаным жоқ, шыным.

Сәлімгерей (*есікті тартып жабады*). Тыс-с-с, үй сыртында адам бар.

Сара. Қой, Флора, біреу шын дең ойлап қалар.

Сәлімгерей. Иә, нә. (*Сараның алдындағы ғулғе*

қарайды.) Міне, құлық қайда жатыр. Айтындаршы, Рахмет осы гүлді ненің қуанышына әкелді.

Сара. Мереке құрметіне, бізге тапсырды ғой.

Сәлімгерей. Ай, аңқаусындар, қыздар, аңқаусыңдар.

Флора. Жігітім, өзің гүл әкелмеген соң Рахметті көре алмай тұрсың-ау деймін.

Сәлімгерей. Маскировка дедім ғой, маскировка! Сендерді ауызға алып, өз жағына тарту.

Флора. Түк түсінсем бүйірмасын.

Сәлімгерей. Не түсінетіні бар, бұл бала ойла-маған жерден ет қызымен болып қалған. Енді, міне, қашқақтап жүр. Ертең мұны сендер жактасаңдар болды. (Рахмет түк білмегенсін келеді.)

Сара. Қой, Рахмет ондайға баратын жігіт емес.

Флора. Бізден жасырмаяға тиісті?

Сәлімгерей. Қыздар, мен жай өзімнің көңілге түйген ойымды айтып отырмын. Ол үшін кінәламассыңдар.

Сара. Әйтеуір екеуінікі де қызық. Жасырынбақ ойнаған балалар сияқты. Роза перзентханаға түсті деп айтпай ма? Қейін ашыларын білмегені ме сонда Рахмет?

Флора. Некесіз болған соң үялғаны да. Рахмет айтпаса, айтпасын біз былай жасайық: мына гүл бар, буфеттен бір шампан алып Розаға барайық та, құттықтайық.

Сәлімгерей. Міне, табылған ақыл.

Сара. Жүр, Флора, буфеттен шампан, конфет алып келейік. (Екеуі шығып кетеді.)

Сәлімгерей (оңаша). Сенің құлығың іске аспас, Жаңбырбаев жолдас! Мениң жобамды жамандағанда, бөлім менгерушілігіне жогарылап кетеді деп қызғанғың ғой. Сонда өзің болмақсың ба, бөлім менгерушісі? Отпейді бұл құлығың. Сәлімгерей сенен екі, үш көйлекті бұрын тоздырған.

Белмеге асығып-үсігіп Сара мен Флора кіреді.

Құшақтары толған сыйлықтар.

Сара. Бір қызық болсын, ду етіп барамыз да ес жиғызбай бірден бас саламыз. Сәлімгерей сен неғып отырсың, түр, киін.

Сәлімгерей. Қыздар, мені әурелен қайтесіндер. Өздерің әйел кәдесіп жасап, өздеріп-ақ бара беріңдер.

С а р а. Сенің осындайда бүйрекten сирак шығарып бөлініп қалатының-ай.

С ә л і м г е р е й. Сара, тағы да айтамын, түсін. Бұның өзі шепетильный мәселе. Мен барсам мүмкін Рахметтің көңіліне келіп қалуы да ғажап емес...

С а р а. Сәлімгерей-ау, не айтып кеттің. Мына тұлкі бұлаңың не?

С ә л і м г е р е й. Сар-еке, бұны тұлкі бұлаң деп үқ-паныз, дипломатия.

С а р а. Сонымен, немене, бармайсың ба?

С ә л і м г е р е й. Бара алмаспын.

С а р а. Оnda біз де бармаймыз.

С ә л і м г е р е й (ойлы). Неменесіне асығамыз. Роза аяқ-қолын бауырына алып, өзіне-өзі келсін де.

Ф л о р а. Мына сөзінің жаны бар. Артын бағайық. Әуелі Рахметпен занды түрде ЗАГС-ке отырсын. Содан кейін барып құттықтаймыз. Әйтпесе, қазір әкесі жоқ баланы құттықтаудың жөні келмейді.

С ә л і м г е р е й. Флора, сен дұрыс айгасын. ЗАГС-ке тұрсын ең алдымен. Егер біз нравственный тұрғыдан қарайтын болсақ, бұлардікі үлкен үят, тіпті советтік моральға жатпайтын қылық. Ашығын айтқанда, мұның өзі біздің бетімізге шіркеу, қала берді бүкіл коллектив атына түскен дак, ойпырым-ау, ана перзентхананың дәрігерлері Розаның ЗАГС-те жоқ екенін баяғыда білді гой, сымсыз телефон арқылы жобалау институтының пілдей бір архитекторының бала тауып жатқаны талай жерге жеткен шығар.

С а р а. Бұған алдымен кінәлі Рахмет. Неге ЗАГС-ке бармайды. Ертең сөз келмеу жағын ойлауы керек қой.

С ә л і м г е р е й. Бұл мәселеге институт директоры мен Карабаева қалай қарайды екен, солардың пікірін білу де теріс емес. Жалпы, Рахметтің осы поступкасын ерекіскенде анау тілшінің құлағына салып жіберсек те болады.

Ф л о р а (шошина). Сәлімгерей, сенің есің ауысқан шығар. Соңсоң не болады?

С ә л і м г е р е й. Болары болып жатсын.

Ф л о р а. Сен просто мені, мына Сара Мәмбетовнаны аямайсың.

С ә л і м г е р е й. Мен аямын. Бірақ, мына Рахметке деген ыза бар гой, иттікке иттік жасау керек. Ашығын айтқанда, меңіше, редакцияға хат жазып жүрген де сол.

Сара. Мынандай жағдайда миң бар адам хат жаза ма? Өзіне сөз келеді ғой.

Сәлімгерей. Бола береді. Сасқан үйрек кейін қарай сұнгиді дегендей.

Флора. Раҳмет сасып жүрген адамға ұқсамайды.

Сәлімгерей. Сырттай ғана.

Сара. Енді не істейміз?

Флора. Қаңқу сөздің етек алып кетпеу жағын ой-лап, қайтсек те Раҳмет пен Розаны ЗАГС-тен өткереійік. ЗАГС-те бір танысым бар еді, сонымен ақылдассам баекен?

Сәлімгерей. Не істеу керегін Раҳметтен сұрау қажет.

Сара (*терезеге қарап*). Әне, Раҳметтің өзі де келе жатыр.

Флора. Тез оралды ғой.

Сәлімгерей. Әне, әне, шапқылап келеді. Эке болудың қуанышы да бұл.

Үшегі терезеге қарайды.

Флора. Ал, Сара Мәмбетовна, не тұрыс бар. Шашу рәсімін жасаймыз ба?

Сәлімгерей, Сара. Ал, жасалық.

Раҳмет кіре бергенде Сәлімгерей шампан атады. Сара мен Флора Раҳметтің құлағынан үстап «әке», «әке» деп айқайлайды.

Раҳмет (*аң-таң*). Бұларың не?

Сара. Кішкентайдың бауы берік болсын!

Раҳмет. Қайдағы кішкентай?

Флора. Әлі де жасырады. Ұялмай-ақ қой енді. Қуанышыңа ортақтыз. Розаның аман-есен жаны қалғанының өзі үлкен той.

Сара (*шампан толы стаканды қолына алады*). Розамен екеуіңнің бақытты өмір сүрулерің үшін!

Раҳмет. Ау, Розаларың не, Розаны көрсем көзім шықсын.

Сара. Жарайды, жарайды. Ешкім де сендерді кінәламайды, ондай-ондай бола береді. Сүйіскен адамдар үшін ЗАГС-деген не тәйірі!

Раҳмет. Түк түсінсем бүйірмасын.

Флора. Әуелі мына шампанды ішіп қой. Соңсонаң түсінесін.

Сара. Не болып қалды? Біз жаңа телефондастық қой. Бала да, Роза да аман демеді ме?

Рахмет. Сәлімгерей-ау, мыналар не деп тұр, түсін-дірсейші.

Сәлімгерей. Не түсіндіретіні бар, сәбидің бауы берік болсын.

Рахмет. Ей, сендерді бірдене шалықтап кеткен бе?

Сара. Мынауың не дейді? Рахмет-ау, бұл не жұмбабың? Басқалардан жасырсаң да, бізден несін жасырасың.

Рахмет. Айналайын Сара, Розаны көрмегеніме бір ай. Демалысқа шыққалы кездессем керең болайын!

Сара. Қойши енді, үлкеннің ісін жасайсың да, ба-ланың сезін сөйлейсің. Флоражан-ау, айтпаушы ма едім, бұл еркектерде иман жоқ деп. Қарашы, міне, табан астында, көзін жұмып жібергенін.

Рахмет. Сара, осы уақытқа дейін сыйлағаннан басқа жазығым жоқ. Енді бірдене естігіңіз келмесе, жа-йыңызға отырыңыз.

Сара. Қойдым ендеше.

Флора. Сені қандай шайтан түртті, бағана қуан-ғаннан есің шығып жүр еді, енді мынауың не? Әлде, бі-реуі бірдене деді ме? Жүрттың сезіне нанба. Олар ал-шақтатпаса, жақыннатпайды.

Рахмет. Флора, бос сөздің қажеті қанша.

Флора. Айтшы сонда тоқ етерін, бала сенікі емес пе?

Рахмет. Розаң да, балаң да аулақ.

Флора. Тұк түсінсем бұйырмасын.

Сара. Апырмау, мынау қызық екен. Сол екі арада Рахметтің құлағына біреу-міреу сыбырлай қойғаны ма-сонда?

Флора. Не десендер, о деңдер. Гүл Роза столында тұрады.

(Флора гүлді Розаның столына апарып қояды.)

Рахмет. Мұның қалай? Мен гүлді ертеңгі 8-ші март мейрамының құрметіне сендер үшін әкелдім ғой. Ал, сен болсаң, әй-шай жоқ Розаның столына апарып қоясың. Тіпті осы арада Розаның өзі де, көзі де жоқ қой.

Флора. Көзі жоқ болса да, көңілі бір адамдарсың-дар.

Рахмет. Мен үшін Роза да, сен де, Сара Мәмбетов-на да бәрің де бірдейсіңдер.

Сара. Мынау қалай-қалай сөйлейді өзі. Сен, Рах-мет, басты қатырма.

Рахмет. Катырмасандар, катырмандар.

Флора. Сен өзі қайдаш келдің? Соны айтшы бізге.

Рахмет. Немене, мені тергегілерің келе ме?

Флора. Тергемек түгілі, су түбіне батырамыз.

Рахмет. Эй, өздерің шындалп бара жатқаннан амансындар ма? Маган десе, Роза он бала тапсын. Экесінің кім екенін өзі айттар. Ал, қазір құлағыма тыныштық беріндер. Сіркем су көтермей отыр.

Флора. Сонда не, бала мен Розадан күмәнің бар ма?

Рахмет. Сен түк түсінбейсің, Флора.

Сара. Рахметжан-ау, бағана жайлай жаздай жадырап кетіп едің, еңсең түсін оралдың, не болды саған?

Сәлімгерей. Қыын болмаса, қайдан келдің, айта салмайсың ба?

Рахмет. Мен бе? Мен вокзалдан келдім...

Флора. Вокзалың не?

Рахмет. Бүгін сендерге не болған? Қәдімгі темір жол вокзалынан келдім.

Сара. Иә, сонсоң?

Рахмет. Сонсоң сол. Басқасын айтпаймын. Оны білуге сендер міндettі емессіндер.

Сара. Айналайын, Раҳмет, кісі өлтірсең де айтшы.

Рахмет. Айта алмаймын.

Сара. Мынаған бүгін бірдеце көрінген шығар.

Сәлімгерей. Аман секілді ғой.

Рахмет. Ештең де көрінген жоқ. Аманмын. Сәлімгерей дұрыс айтады.

Сара. Құдай сақтасын. Мұндай да жұмбак адам бола береді екен-ау.

Рахмет. Басымды қатырмандар дедім ғой мен сендерге?

Флора. Шыныңды айтпасаң, басыңды қатыра береміз.

Сәлімгерей. Раҳмет, айтып құтылсайшы, қыын болмаса...

Рахмет. Басқа қалада бір сүйгенім бар еді... Сол келмекші еді...

Сәлімгерей. Ал, роман басталды ендеши. Тындағым келмейді. (*Шығып кетеді.*)

Флора (кеқетін). Иә, сүйгенім бар еді. Сол келмекші еді...

Рахмет. Иә, келмекші еді. Қелмей қалды.

Сара. Қелем деп хабарлап, келмей қалды.

Рахмет. Дұрыс айтасын, Сара. Келем деп келмей қалды. Неге екенін білмеймін.

Флора. Соқ өтірікті. Мұның жай көз байлау.

Рахмет. Не деп қарған дейсің, Флора?

Флора. Сонда сен Розаның перзентханага түскенін естіген жоқпышын?

Рахмет. Естісем құлағым керең болсын.

Флора. Есіктерінің арасында есік жоқ қой тіпті. Қалай қарғансаң да сенбеймін.

Рахмет. Сенбесен, сенбе ендеше. (*Есікті тарс жауып шығып кетеді.*)

Сара. Жаңағың ашуланып кетті. Кім біледі рас та шығар айтқаны.

Флора. Түк те рас емес. Бар саясаты Розадан іргесін аулак салуғана. Басқа ештеңе де жоқ. (*Пауза.*) Қарабаеваның құлағына тисе, құрыдық дей бер.

Сара (оіллы). Рас, рас, Флора, рас айтасың. Ағаш атқа мінгізеді бізді. Ай, ақымақ қыз-ай, ең болмағанда бізben ақылдаспай ма?

Бөлмеге ентігіп, Сәлімгерей кіреді.

Сәлімгерей. Қыздар, қыздар, естідіңдер ме, Розаның жобасы конкурска жіберілетін болыпты.

Флора (елеңдеп). Қай жобасы?

Сәлімгерей. Қаладағы тұрғын үйлер деп аталағын сериялы жобалары бар гой... сол...

Флора (оіллы). Солай де...

Сәлімгерей. Шет жағасын біліп қайттым. Жобаны рецензиялаған (*Рахметтің столын көрсетіп*) мына біздің жігіт көрінеді.

Сара. Бәрі де түсінікті енді.

Сәлімгерей. Міне, көріп отырсыздар, реті келсе білдірмей аяқтан шалады. Қалай күн көріп, өмір сүруге болады.

Бөлмеге Рахмет кіреді, бір сөт ойланып тұрып қалады.

Рахмет. Мына букет Сара Мәмбетованың алдында тұрсын. (*Сараның столына апарып қояды.*)

Сара. Маған гүлдің қажеті жоқ. Гүл менің не тәсім. Оナン да Розаның столында тұрсын. Сол дұрыс. (*Розаның столына қайыра апарып қояды.*)

Рахмет. Жоқ, бұл болмайды. (*Гүлдің қолына алып не істерін білмей тұрып қалады да қоқыс салғышқа апарып тастайды.*) Ал, ендеше...

Ф л о р а. Мынауың сүмдық қой, Раҳмет, гүлді бұлай қорлауға бола ма?

Р а х м е т (*ашулы*). Сен акыл айтпа, Флора. Не істейтінімді өзім білемін. Сендерге гүл әкеп жүрген мен де ақымақпын. Еркек кәдірінің кетуі әйелден басталады деген осы.

С ә л і м г е р е й. Сен философияңды қой !да, гүлді көтер!

Р а х м е т. Тап осы арада сен араласпай-ақ қой, Сәлімгерей.

С ә л і м г е р е й. Гүлдің жазығы не? Сонау Ташкенттен әкелесің де қыздарға өкпелеп қоқысқа тастаның. Сара Мәмбетовна мен Флораның бұған несі кетті.

Р а х м е т (*ойланып*). Бұл сөзіңнің жаны бар еken. Гүлде жазық жок. (*Столына әкеп қояды.*)

Ф л о р а. Розаның жобасын рецензиялаған сен бе?

Р а х м е т (*ашулы*). Иә, мен.

Ф л о р а. Жер көкке сыйғызбай мақтаған да сенсің?

Р а х м е т. Мақтауға тұрарлық болса неге мақтамасқа.

Ф л о р а (*мысқыл күлкімен*). Роза жобасының мақтауға ие болғанын бірінші рет естіп отырмын.

Р а х м е т. Шындықты айтайын ба?

Ф л о р а. Айт, неге айтпайсың? Шындықты айтуға адам қорқа ма еken?

Р а х м е т. Дұрыс айтасың. Шындықты айтуға адам корықпауы керек. Бірақ кейде біз қорқамыз. Өзің тіленіп тұрсың ғой, айтайын. Егер Роза екеуіңнің архитекторлық қабілеттерінді салыстыратын болсақ, ол көш ілгері жатыр. Алайда, Розаның түйедей табысы түймейді етіліп айтылады.

Ф л о р а. Естіп отырсындар ма, бізде әділетсіздік бар еken ғой.

Р а х м е т (*қызыбаланып*). Сол әділетсіздікті жасап отырған сен, мен, Сара Мәмбетовна,. Сәлімгерей, тағы басқалар. Эрқайсымыз оған қарсы күресе білсек әділетсіздікті құртқан болар едік. Бірақ біз қорқақпyz. Өйткені, біріміз дарынсызбыз, біріміз қоян жүрекпіз, енді біріміз өз үлесіміз түгел, басқа жұрт не болса ол болсын деген принципті ұстаймыз.

С ә л і м г е р е й (*мысқылмен*). Ал, өзің қандай принципті ұстайсың.

Р а х м е т. Мен қазір көп қателіктер жібергенімді ацгардым. Мен алғашқы рет институттың есігін үлкен

арманмен, мақсатпен ашып едім. Адал сөбебіммен тыңнан жол салып, ойдағымның бәрін жүзеге асырамын деп ойлағанмын. Уақыт өтіп барады. Мен ылғи өзіме не бітірдім осы мен? — деп сұрақ қоямын. Түк бітіре алмай жүрмін.

Сәлімгерей. Оны өзіңнен көр. Таланттыңды көрсетуге кім қол байлау жасады.

Рахмет. Бір-бірімізге қол байлау жасап жүрміз. Мына Флораны айтамын, Розаның жобасына рецензия бергенімді ұнатпай отыр.

Флора. Роза жобасын қай принциппен мақтағапың белгілі бізге.

Рахмет (*күйініп*). Флора, ар-ұжданмен ант етемін. Мен Розаның жобасына рецензия жазғанымда алдында тек жаңа жоба жатты. Тіпті сол сәтте Розаның өзін де ұмытқанмын.

Сара. Розаны ұмытқың келіп жүргенін біз білеміз.

Рахмет. Сара, қашаннап бері сөзді бүрмалап сөйлейтін болғансың?

Флора. Көп сөз не керек, сонымен Роза жобасы Сәлімгерей жобасынан артық болып шықты ғой?..

Рахмет. Иә, Роза жобасы Сәлімгерей жобасынан артық. Роза жобасында фантазия бар. Сыртқы, ішкі үйлесім бар.

Флора. Сен өзің, Рахмет, көп сөйлеп кеттің.

Рахмет. Ал қойдым, қойдым, ендеше.

Бәрі де үнсіз алдарындағы жобаларына шұқшиып, бір-деңелерді сыйып жатыр.

Сара (*курсініп*). Сорлы қызы есімнен шықпай отырғаны. Қандай күйде жатыр десейші, бейшара?

Сәлімгерей (*жақтырмай*). Осы сіздің сентиментальдығыңыз-ай, жаныңыз ашыса, барып жағдайын біліп қайтпайсыз ба?

Сара. Айтуға оңай, шырағым, сен мені күйеуден шыққан деп кемітетін шығарсың. Міне, ашығын айтамын, құдай алдында арым таза.

Рахмет. Сара Мәмбетовна, сізді күйеуіңізден ажырасты деп ешкім кінәламайды. Бұл арада оны еске алмай-ақ қойыңыз.

Сара. Мені ешкім де кінәлай алмайды. Таңертен бір ізben жұмысқа келемін, кешке бір ізben үйге қайтамын. Бар арманым — жалғыз баламды асырап, адам етсем болғаны.

Сәлімгерей (құліп). Өмір бойы бір ізбен жүрсөніз тіршіліктің не қызығы болады?

Сара (ашулы). Сонда қызық көріп жатқап анау Роза ма?

Флора (жарқын). Жолдастар, менде мынадай ұсыныс бар, осы отырған төртеуміз қазір барып Розаның хал-жағдайын біліп қайтайық. (Бері үнсіз. Флора ұсынысын ақыл безбеніне салып отырғанға үқсайды.) Коллектив атынан Розага келдік дейміз.

Рахмет. Барсак, барып қайтайық. Біздің тонымызды шешіп алмас.

Сәлімгерей. Сендер барып қайтындар.

Рахмет. Сен ше?

Сәлімгерей. Менің бөлім бастығымен кезек күттірмей сейлесетін шаруам бар.

Сара (ашулы). Жоқ, олай болмайды. Бізде де шаруа бар. Барсақ бәріміз бірге барамыз.

Сәлімгерей. Шоғырымызды көбейтіп, бәріміздің сол қызға баруымыз міндettі емес.

Сара. Қашқақтауына қарағанда, осының бір пәллесі бар.

Сәлімгерей (ашулы). Сара Мәмбетовна, жұрт шын деп қалар. Басы артық сөз айтып қажеті қанша.

Сара. Ендеше, осынша ат-тонынды неге ала қашасың?

Сәлімгерей. Алып қашқандық емес, Сара Мәмбетовна, түсін. Шаруам бар деп тұрмын гой. Менің Роза алдында арым таза.

Сара. Қайдам, қайдам. Мына сөзіне қарағанда күмәнданам.

Сәлімгерей. Сіз бар ғой, Сара Мәмбетовна, барып тұрған...

Сара (ашулы). Не барып тұрған, қандай қылмысымның устінен шығып едің?

Сәлімгерей. Айқайламаңыз! Үйдегі күйеуіңзге жасайтыныңызды мұнда жасамаңыз.

Сара (ашулы). Айналып келіп менің күйеуімді бетіме басасың, басқа айтар сөзің болмаған соң.

Сәлімгерей. Айтар сөз көп. Бірақ айтлаймын...

Сара (өршиін). Эй мес қарын, сен немене, мені біреумен ұстап алып па едің? Нені қоздатып отырсың? Ең ақыры, жобаны да жөндеп сыза алмайсың. Жұрт кемшілігін көргіш болғанша онан да жұмысыңды жөндеп істеп алмайсың ба?

Сәлімгерей (қызынып). Ашығын айтса, Розаның осындай күйге ұшырауына сен себепкер болдың.

Сара. Флора, Раҳмет, мынау не деп отыр, айтыңдаршы? Әй, мес қарың, мен Розаның төсегіне жігіт салып берген жок едім гой.

Сәлімгерей. Салып бергенсін.

Сара (ентігін). Мынау не дейді. Жарандар-ау, бірдең десендерші. Сенде өзі ұят деген бар ма, біреуге жала жауып...

Сәлімгерей (салмақты). Ұяттың басын ауыртпайбылай коя тұрайық. Фактіге жүгінейік, Сар-еке. Білесің бе, былтыр сентябрьдің бесі күні кешке жақын сенің үйіне кірдім. Үйде совхоз директоры, әйелі өлген ағаң және Роза отыр екен. Сөз төркіндеріңнен байқадым, Розаны ағаңа икемдейтін түрің бар. Мен көп отырғам жок, кетіп қалдым. Ертеңіне Роза екеуің автобусқа менімен бірге міндіңдер.

Сара. Онда тұрған не бар, қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды?

Сәлімгерей. Қызға да, қымызға да кез келген қазақ құмар. Бұл бала сенің ағандікі.

Сара (жыларман). Дегеніңе жетпе, Сәлімгерей. Өзің айтып отырсың, ағам бесінші сентябрьде қонақ болыпты...

Сәлімгерей. Розаның баласы жеті айлық болып туыпты.

Сара (есі шығып). Менің ажалым мына Сәлімгерейден болар, Флора, Флора су берші... жүрегім... (*жүрек дәрісін іshedі*). Роза мен ағам арасы таза екеніне құдайдай сенемін.

Сәлімгерей. Оны бір құдай және Роза гана біледі.

Флора. Сәлімгерей, болды, жетеді енді!

Сәлімгерей. Осы жерде менен қандай кінә бар? Бәрін жасап отырған өзі ғой.

Сара (қайыра өришеленіп). Барлық кінә сенде. Розаны осындай күйге түсірген сенің кесірің.

Сәлімгерей. Қойши, Сара Мәмбетовна, сөзді көбейтпей.

Сара. Э, қорқасың ба? Мен сенің қай күні қайда болғаныңды есептеп жүргенім жок. Егер бәрін жадыма сақтай берсем осы отырған орнында сеспей қатасың.

Сәлімгерей. Нені айтпақшы едің? Сіз мені өйтіп корқытпаңыз.

Ф л о р а. Қойши сен де... Сара Мәмбетовна...

С а р а (*өршиеленіп*). Неге қоямын, ол барлығын маған аударып, өзі сүттен ак, судан таза болғысы келеді. Бәрін көріп те, біліп те жүрмін. Бірақ, сенің көңілің үшін үндегім келмейді.

Ф л о р а. Осы не біздікі, ертең мерекеміз. Қабақ шытып, айқайласудың тіптен жөні жоқ. Сәлімгерей, сен Сара Мәмбетовнадан кешірім сұра. (*Сараға көрсетпейғана Сәлімгерейге көзін қысады.*)

С ә л і м г е р е й (*орнынан тұрып*). Сара Мәмбетовна, кешіріңіз. Тіршілік болған соң кикілжіңсіз өмір жоқ. Қолыңызды әкеліңізші.

С а р а. Аулак жүр! Айтарын айтып алыш қарашы енді кешірім сұрауын.

С ә л і м г е р е й. Жұз жасаса да, адам өмірі қас-қағым. Соны айқай-шусызы өткізуге тырысу керек. Фалымдар адам ашуланған сайын өмірінің қыскара беретінін дәлелдеп беріп отырғой.

С а р а (*қолын сермен*). Ендеше, менің өмірімнің жартысы қыскарып біткен.

С ә л і м г е р е й (*куліп*). Сол галымдардың тағы бір анықтамасы бар, егер адам ыңғай күліп жүрсе бес минут өміріне бір минут қосылып отырады екен.

С а р а (*тұнжырап*). Ұзақ өмір сұруді де саған бердім.

Ф л о р а. Жолдастар, бағана Сара Мәмбетовна айттығой, жылына бір рет келетін осы мерекені жақсылап өткізейікші. Менде мынадай ұсыныс бар. Папам мен мамам бүгін бір жаққа қонаққа кетеді, қала сыртындағы дачамыз бос. Басқа ешкімнің керегі жоқ, осы отырган төртеуміз құнқілдесін-шұнқілдесін дегендей бір жақсы кеш өткізейікші.

С ә л і м г е р е й (*қуанышты*). О, таза ауа жұтып, қара икра жейміз. Сара Мәмбетовна, өмірді ұзартудың тағы бір жолы таза ауа жұтып, қара икра жеуде жатыр.

Р а х м е т (*столынан бас көтеріп*). Мұны да фалымдар айтқан болар?

С ә л і м г е р е й. Мұны айтқан — мына отырган Сәлімгерей.

Р а х м е т (*куліп*). Жұрттың бәріне қара икра табыла бермейді ғой.

С ә л і м г е р е й. Құрметті Рахмет досым, соны табу керек. Әйтпесе, несіне он бес жыл оку оқыдық.

Рахмет (орынан тұрып). Оқудың мақсаты қара икра жеу үшін емес.

Сәлімгерей. Енді не?

Рахмет. Оқудың, ғылымның мақсаты — адам тіршілігін жақсартып, мазмұнды ету. Адамның өзін жетілдіру.

Сәлімгерей. Оған дауым жоқ. Әуелі өз қамызызды ойлайық та. Барлық идея, көзқарас осыған кеп саяды.

Рахмет. Тек қана күнкөрісті ойлайтын болсак, онда оқудың қажеті қанша?

Сәлімгерей. Оқу керек, ол өмірді женілдетеді.

Рахмет. Дұрыс айтасың. Жалпы, ғылымның қай саласы болмасын адам өмірін гүлдендеріп, оны мазмұнды етеді. Біз жоба сынамыз, онымыз ертенгі күні материалды затқа айналады, қала, фабрика, завод бәрі біздің кабинетімізден шыққан, біздің ақыл-оймыздың жемісі. Егер жасалған үй жобалары тұруға ыңғайлы, сәнді, сәулетті болса адамның ақыл-ойына да әсер етеді. Бір сөзбен айтқанда, біз архитекторлар адам тіршілігін жақсартып қоймаймыз, сонымен қатар эстетикалық тәрбиесіне де ат салысамыз.

Сара (төтеден). Басқага тәлім-тәрбис беру үшін, бұл қасиеттер сол адамның өз басында да болу керек.

Рахмет. Иә, дұрыс айтасың, Сара Мәмбетовна.

Сара. Ендеше, тап мына Сәлімгерей жүртқа тәлім-тәрбие беретін адам деп өз басым айта алмаймын.

Сәлімгерей (қызынып). Сара Мәмбетовна, сізді бүгін қандай шайтан түртіп отыр. Мен багана қойдым гой.

Флора. Жолдастар, қысыр сөздің керегі не? Бірбірімізді түртпектегеннен не шыгады?.. Бәрін қойып ушусыз Розаға барып шығайық.

Сара (ат-тонын ала қашады). Жоқ, мен бармаймын. Мына жігіт жеңгесіне бауы берік болсын айтып барды деп ертең елге жаяды.

Флора. Сара Мәмбетовна, мұның аузын жабуды өз мойныма алайын.

Сара. Флора шырагым, мениң сорлап жүргенім аз емес. Әурелеме.

Флора. Жарайды. Сара Мәмбетовна міселімізді қайтармаңызышы? Ал, жігіттер, сендер қалай қарайсындар?

Сәлімгерей. Карабаеваға жолығатын шаруам бар дедім гой. (*Сыртқа беттейді.*)

Флора. Ол шаруанды қоя тұр.

Сәлімгерей. О, жоқ, бұл кезек күттірмейтін жұмыс. (*Шығып кетеді.*)

Сара. Тыста біраз жүріп қайтпасам болмас. Жүргім бір түрлі өрекпіп тұрғаны.

Флора. Дұрыс, Сара Мәмбетовна, таза ая сергітеді, біраз жүріп қайт. (*Сара шығып кетеді.*)

Рахмет (*сағатына қарайды*). Тұс те болып қалған екен-ау.

Флора. Ана екеуі Розадан ат-тонын ала қашып жүр. Бірақ біз өйтпейік. Қазір тұс кезінде Розага барып қайтайық.

Рахмет (*ойлы*). Жоқ бара алмаймын. Роза төртеумізге бірдей еңбектес жолдас. Барсақ бәріміз бірге баруымыз керек.

Флора. Мен осы уақытқа дейін екеуінді өте жақын адамдар екен деп келген едім. Қателескенім бе?

Рахмет. Қателескені...

Флора. Эй, қайдам... Эйел адамдар көп сырласады. Былтыр бір әңгімесінде идеялының еркек туралы сөз қозғадық. Роза сонда Рахметтей күйесуім болса, мен ешкімді қаламас едім деген.

Рахмет. Флора, шынайы махабbat бір басқа, сезім бір басқа. Сезім дегеніміз бір жауып өткен нөсер тәрізді, кейін бәрі де ұмытылады. Розаныңі де осындай сезімнен туған сөз де. Мен бар болғаны — Розаның іскерлігін ғана ұнатамын.

Флора. Таңертең әуреге түсіп, әбігерленіп жүр едің, ойда жоқта не алапат келді саган олай болса?

Рахмет (*мазасызданып*). Флора, адамға деген сенім бола ма сенде?

Флора. Сәлімгерей сксуіңе сенім жогалған.

Рахмет. Сәлімгерей үшін жауап бермеймін, ал маған сенімінді жоғалтуыңа ешқандай себеп жок.

Флора. Себеп бар. Есінде ме, анада таңертең Розанықіне бардым. Есігін қағып едім, ешкім жауап бермейді. Соңсоң Розаның қайда кеткенін білейін деп сенің есігінді қақтым. Есікті өзің аштың. Қірсем, мен іздеген Роза екеуің рахаттанып шай ішіп отырсындар. Жиналмаған төсек.

Рахмет (*сасқалақтан*). Ол әлгі Розаның еденін сырлап қойған күн гой.

Ф л о р а. Иә, ұмытпапсың. Еденін сырлаған күні ол сенің үйінде қонып шықты.

Р а х м е т (*tұтығып*). Бар болғаны — қонып шықты.

Ф л о р а. Қонып шыққаның мойындайсың ба?

Р а х м е т. Қайдағы жоқты теріп жүреді екенсің. Есімнен тіпті шығып кеткен оқиға.

Ф л о р а. Бекер ұмытқансың. Ұмытпауға тиістісің...

Р а х м е т (*иыдамсызданып*). Сонда не баланы меніңкі демексің бе?

Ф л о р а. Мен әзірге оны айтқам жоқ. Неге сасасың?

Р а х м е т. Мен анығын айттайын саған. Ол ел жатар кезде менің пәтеріме келді де, еденін сырлап қойғанын айтты.

Ф л о р а. Содан соң?

Р а х м е т. Соңсоң, мен айттым... олай болса, түнде қайда барасың, осында қон дедім.

Ф л о р а (*күліп*). Қонақ сыйлагыш скепсің.. Эрі қарай...

Р а х м е т. Эрі қарай, айтсам да өзім өкініп қалдым. Бойдак жігіттің үйінде қыздың қонуы өте ретсіз екен...

Ф л о р а. Ретсіз екен... Иә, сосын...

Р а х м е т. Ретсіз екенін түсіндім де айттым. Роза мен микроаудандары Сәлімгереідікіне барып жатайып дедім.

Ф л о р а. Иә, ол не деді?

Р а х м е т. Ол айтты: «Осы түн ішінде қайда барасың? Мен сенің мәдениетті, сыпайы жігіт екенінді білем, жата бер»,— деді.

Ф л о р а. Соңсоң жаттың?..

Р а х м е т (*сасып*). Жоқ, жоқ жатқам жоқ, кухияға кеттім.

Ф л о р а. Әйтеуір, сол үйде түнеп шықтың ғой?

Р а х м е т (*дегбірсізденіп*). Түнегенде... ұйықташ өліп қалыпты...

Ф л о р а. Ұйықташ өліп, сеспей қалыпсың...

Р а х м е т. Сеспей демеші.

Ф л о р а. Жалған сөйлеуге келгендеге, еркектер осы алдына жап салмайды.

Р а х м е т (*ашулы*). Еркектерді әбден зерттеп, психологиясын біліп алғансың.

Ф л о р а. Иә, біліп алғанмын.

Р а х м е т. Ұят жоқ сенде, Флора.

Ф л о р а (*ашулы*). Менің ұтымды түгендеп беретін сен емес. Байқап сөйле.

Рахмет (*терісіне сыймай*). Тұгендегендес қандай! Білесің бе, былтыр сен әлгі мұртты сауда қызметкерінің машинасымен... Сәлімгерей бар, үшеуің Розанықіне тұнгі сағат бірде келдіндер. Сен мастықтан аяғынды баса алмайсың. Сәлімгерей колтықтап енгізді.

Флора (*жүзіне қорқыныш ұялап*). Роза айтты ғой? Онықі өсек.

Рахмет. Мен өз көзіммен көрдім. Машина гүрлін естіп терезеден қарағамын.

Флора (*күйініп*). О, зәлім.

Рахмет. Ешкімге де зәлімдік жасағам жоқ, шындықты айтып тұрмын. Ал, дача оқиғасын да білем...

Флора. Жетеді, жетеді, тілінді қысқарт! Бала тауып жатқан мен емес, Роза.

Рахмет. Олай болса, соңғы сөзді Розаның өзі айттар...

Шығып кетеді.

Флора (*артынан айқайлап*). Айтса айтсын, көрерміз әлі...

ЕКІНШІ АҚТ

Сахна бірінші актындағыдан. Сәлімгерей мен Флора.

Сәлімгерей. Раҳметтің қабағы түсін кетіпті ғой. Сен бірдене дедің бе?

Флора. Қабағы түснек түгіл, аспан неге құламайды үстіне.

Сәлімгерей. Флора, сен кейде ашық кетесің. Титтей саясат жоқ сенде.

Флора. Оның маған не айтқанын білесің бе?

Сәлімгерей. Білгім келмейді. Тап саған Раҳметтен келер ештеңе жоқ. Ол кім, сен кім? Ондайлар бірдене айтса, естімеген бол жүре бер. Сенің есебін әр уақытта түгел. Папаң тұрғанда ешкімнің де саған тісі батшайды. Ол кісі сен түгіл маған да қытай корғаны емес пе? (*Жадырай сөйлеп.*) Бүгін таңертең жүгіруге паркке барсам, Жатақбай Эріпович директордың өзі жолыға кетті. «Сәлімгерей, сен шаңғыны жақсы тебеді дейді рас па?»— деді.

Флора. Осы біздің Жатақбай Эріпович те кейде

балага үқсан сөйлсейді. Сенің шаңғыны жақсы, жаман
тепкесінде келер-кестер не бар еken оған?

Сәлімгерей. Сұраса, келер кетері болғаны да.

Флора. Басты қатырмашы.

Сәлімгерей. Мән бар онда, Флора.

Флора. Қандай?

Сәлімгерей. Жатақбай Әріпович; «Сен осы Фархутдин Саматовичпен бірге жексенбі күні Жуан төбеге шаңғы тебуге барып жүресің бе?»— деді. Иә, дедім.

Флора. Онда не шаруасы бар?

Сәлімгерей. Шаруасы бар еken. Әрі қарай тыңдай бер, директордың не айтқаны: «Осы демалыста мен де Жуан төбеге барайын деп едім, Фархутдин Саматович келер ме еken»,— деп сұрады.

Флора. Сен не дедің?

Сәлімгерей. Мен не дейін, сұрайын дедім.

Флора. Кімнен?

Сәлімгерей. Кімнен болсын? Эрине, саған жалынам да. Үгітте папаңды. Осы демалыста Жуан төбеге барайық. Мына жақтан Жатақбай Әріповичті алып шығайын.

Флора. Мақсатың не сонда? Керек болса, папамен Жатақбай Әріповичтің өзі де кездесе алады ғой.

Сәлімгерей. Ойбай-ау, өз беттерінше кездескенінің не керегі бар маған. Қастарында сен, мен болуым керек емес пе?

Флора. Түсінбедім...

Сәлімгерей. Қарабаева директор орынбасарлығына жоғарылатады еken.

Флора. Ал, жоғарылатады? Оның қатысы қандай шаңғы тебуге?

Сәлімгерей. Қатысы бар болғанда қандай! Папаңа жақын екенімді білсе, Жатақбай Әріпович бөлім бастығына Рахметті емес, мені тағайындал жіберер еді ғой...

Флора. Ә, енді түсіндім...

Сәлімгерей. Түсінсең сол. Папаңа айт. Жатақбайға телефон соқсын!

Флора. Жоқ. Ол менің қолымнан келмейді. Папам ондай адам емес.

Сәлімгерей. Немене әкеңе де тілінді алғыза алмайсың ба?

Флора. Алғыза алмаймын.

Сәлімгерей (*аярланып*). Тотысы, мен сені жақсы көрем гой... (*Құшақтамақ болады.*)

Флора. Біліп тұрмын, неге жақсы көретінінді. Құлшелі бала сүюге жақсы, ә?!

Сәлімгерей. Рас, құдайлығым осы.

Флора. Шын жақсы көресің бе?

Сәлімгерей. Оллахі-білләһи.

Флора (*терезені ашип*). Шын сүйетініңді білейін. Қарғы ендеше мына үшінші қабаттан.

Сәлімгерей. Ойыныңды қойшы, Флора.

Флора. Ойын емес — шыным.

Сәлімгерей. Мен қарғып кетсем, онда сені кім жақсы көрмек?

Флора. Мен күйеусіз қалмаспын. Ал, мына Қарабаева отырған кресло иесіз қалуы мүмкін.

Сәлімгерей. Флора! Бері қараши.

Флора. Ал, карадық.

Сәлімгерей. Ертең жаз шығады...

Флора. Иә, ертең жаз шығады.

Сәлімгерей. Біз той жасаймыз — қосыламыз.

Флора. Тойды жазға қалдырудың не керегі бар?

Сәлімгерей. Аздап болса да, қорлана тусу керек кой. Бөлім бастығы болсан, жалақы да көбейеді.

Флора. Жоқ, мен жазды күте алмаймын.

Сәлімгерей. Флора, күтпей болмайды, Флора деймін. (*Флора Сәлімгерейден сытылып шығып, есікке қарай беттейді.*)

Флора. Күтпеймін дедім, күтпеймін. Соған ерегісінде кім кездессе, сонымен кетем де қалам.

Сәлімгерей. Флора! ((*Флора шығып кетеді.*) Ох, жезөкше, өзін құндағысы келеді. Бұл тәлкегінді сырыйцілі білмейтін басқага жаса. Экең шығар, әйтпесе, бес тыныдық құшың жоқ. Сыртың жылтыр, ал, ішің Агвийдің ат қорасы. Тфу, қыз емес, бәтіңкенің өкшесі.

Қарабаева кіреді.

Қарабаева. Мыналар қайда кеткен?

Сәлімгерей. Жүр де сол бәтуасыздар.

Қарабаева. Бастық Рахмет жайында өндірістік мінездеме жазып бер дейді. Соған сендермен ақылда сайын, пікірлерінді тындайын деп едім.

Сәлімгерей. Оныңыз дұрыс, бірге еңбек етіп жүрген жігіт қой, жақсы білеміз.

Қарабаева. Флора мен Сараға айтарсын. Түстен кейін кіріп шығамын.

Сәлімгерей (*Қарабаевага*). Тұрсеке, бағана барғанымда кабинетінде кісі көп екен. Соңсоң бере алмадым. (*Сүмқасынан иіс май алып береді*). Мереке күрметіне сыйлығым. Орамал тон болмайды, жол болады дсекші, шын көңілден ұсынып отырмын.

Қарабаева (*қуанып*). Мынау француз дуихы ғой. Рақмет, Сәлімгерей.

Сәлімгерей. Рым болсын, өз қолыммен құяйыншы, (*духиды Қарабаевага себе бастады*.)

Қарабаева (*мәз болып*). Жетеді, жетеді, Сәлімгерей. Қымбат духоды осынша ысырап жасама.

Сәлімгерей. Ой, Тұрсеке-ай, сізге деген көнілімді білсөніз, духоды айтасыз...

Қарабаева. Кой, Сәлімгерей, біз қартайған адамбыз. Апанды мазақ етіп. (*Сәлімгерей шап беріп құшақтап, аузына ауыз жабыстырып сүйеді*. Қарабаева есепгіреп қалғандай сұлық орындыққа отыра кетеді.) Су берші, су. (*Сәлімгерей су береді*.) Сәлімгерей, мұның не? Мен сенен мүшел жасы үлкемін. Балам бар...

Сәлімгерей (*алдына тізерлеп отыра қалып, қолын сүйеді*). Тұрсеке, кешірерсіз, шын тұнығынан шықкан сезім. Сүйіспеншілік деген ықты-жарға қаратпайды ғой. Сен, сен...

Қарабаева. Сәлімгерей, қой. Біреу келіп қалар. (*Қарабаева орнынан тұрып есікке беттейді*.) Әлгілерге менің айтқанымды айтарсын.

Сәлімгерей. Жақсы айтамын. Бірак, Раҳмет басында қиын жағдай болып тұр.

Қарабаева. Ол не жағдай?

Сәлімгерей. Біздің Роза Раҳметтеген бала тауыш, перзентханада жатыр.

Қарабаева (*таңданып*). Не дейді?

Сәлімгерей. Жастықпен екеуі де қызбалак жасап жіберген. Енді Раҳмет бала менікі емес деп аттонын ала қашып жүр.

Қарабаева. Ұят тағы. Жатақбай Эріпович естіді ме екен? Әуелі мен директормен сөйлесейін. (*Асығыс шығып кетеді*.)

Сәлімгерей. Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа деген осы-ау. Қайдан шықса, одан шықсын. (*Флора кіреді*.)

Флора. Жарайды, той жасамай-ақ қояйық. Оны

өзін айтқандай жазға қалдырайык. Бірақ, ЗАГС-ке отыруымыз керек. Қөпке жайғың келмесе, жасырын барап отырамыз.

Сәлімгерей (*куліп*). Ой, онда жүрттан несіне жасырамыз.

Флора. Э, бәссе несіне жасырамыз? Сенің аргы ойың маган белгілі, барлық шаруашылығыңды тындырып алған соң, сені қайдан көрдім демексің ғой. Оны білмейтін Флора есектің миын жеген емес. (*Пауза.*) Ал, бұған көнбесен ғанаңнан бастап маңайымнан жүрме.

Сәлімгерей (*салмақты*). Саудаласпайық та, Флора. Саудаласу махаббатқа жараспайды.

Флора. Махаббаттың басын ауыртпай-ақ қояйык. Махаббат екеуміздің қолымыздан құс болып ұшып кеткен.

Сәлімгерей. Флора, көнілге келетін сөз айтасың. Міне, біздің танысқанымызға екі жыл болды. Аз мерзім емес. Бұл уақыттың ішінде талайлар қосылып, талайлар айрылысып та үлгерді. Ал, менің көнілімнің бөтендігін көрдің бе? (*Бетінен сүйеді.*)

Флора (*мысқыл құлқімен*). Сөзің жатық, тамаша! Бірақ, осы біз ыңғай ит пен мысық тәрізді болып жүрреміз? Неге? Бұған кінәлі мен емес, сен. Қайтсе де ЗАГС-ке барамыз. Әйтпесе, мен де Розаның жолын құшамын.

Жүгіріп Сара келеді.

Сара. Баланың әкесі табылды!

Флора, Сәлімгерей (*жарысып*). Кәне, ол кім?

Сара. Мінекей, Роза мен Сәлімгерейдің құшактастып, сүйіспін түскен сурсті.

Флора. Не дейді?

Сәлімгерей (*тұтығып*). Ау, Сара, нені былжыратып тұрсың?

Сара (*айқайлан*). Біз күн ұзын Рахметті қинаң, босқа қара тер бол жүр екенбіз. Нәрестенің әкесі, міне, мында отыр.

Флора. Мынау сұмдық екен.

Сәлімгерей. Көрсетші, кәне.

Сара (*шаптығып*). Эй, эй, қара мынаны? Жыртпакшы екенсің ғой. Ол болмайды.

Флора. Айт жаңың барында Розамен кай жерде, қашан суретке түсіп жүрсің?

Сәлімгерей (*еңтігіп*). Есімде жоқ.

Флора, Сара (*жарысын*). Қалайша есінде болмайды?

Сәлімгерей (*мұләйімсін*). Арак ішіп жүргенде болмаса, білмеймін.

Флора. Ой, азғын! Мен бұган сеніп жүрсем...

Сәлімгерей (*жыларман*). Өзің айтты, Флора. Менің Розамен ешқандай катынасым жоқ қой. Мен... мен... осында бір-ақ адамның алдында кінәлімін.

Сара. Ол кім?

Сәлімгерей (*кеkeштепін*). Ол... ол мына Флора, менің жан жарым.

Флора (*айқайлап*). Жалған, өтірік.

Сәлімгерей. Қайдағы жалғаң! Қазір мойныңа бәрін қойып берейін. Флора екеуміз былтыр... биыл.

Флора сөйлетпей, Сәлімгерейдің аузын басады. Сәлімгерей қақалып-шашалады.

Флора. Жалған. Осы тұншықтырып өлтірейін бе?

Сәлімгерей (*ентігін*). Айналайын, Флора, мояныңдай ғой... Мені бекерге күйдірме.

Флора. Күймек түгіл, өртеніп кет.

Сәлімгерей. Айтамын, ендеше...

Флора (*шыңғырып*). Жап аузыңды, азғын! (*Сәлімгерей ентігін су ішеді.*)

Сәлімгерей. Жолдастар, мен Флораның бұрынғысының бәрін кешірдім. Мен бір-ақ әйелді білемін. Ол — Флора, ешқандай Розаны білмеймін.

Флора. Жоқ, жоқ, мен ешқашанда Сәлімгерейді сүйген емеспін. Айтқаныңың бәрі жалған. Сенесіндер ме, Розаның обалына қалған осы...

Сәлімгерей. Болды енді, қазір осы тұрған же-рінде жоқ етемін (*тұра ұмтылады.*)

Сара (*ара туғын*). Сәлімгерей, жетеді! Әйелге қол көтергенің қалай?

Флора. Ендігі ісім сенімен болсын. Саған ерегіс-кенде ме, Қарабаеваның орнына Рахметті ұсындырам ғой... саған ерегіскенде... (*жылап сыртқа жүгіреді.*)

Сара (*Сәлімгерейге*). Сен бе, сен баяғыда маған да қол жүгірткенсің. Сәлімгерей, сенен шығады. Тоқтай тұр, сені ме! Сені... (*Флораның соңынан кетеді.*)

Сәлімгерей. Флора, Сара, тоқтаңдаршы. Менен бір қателік болды. Қызып кеттім. Кешіре көріндерші... Қап, сінді қайттім. Адам шатылайын десе, аяқ астынан

шатылады екен фой. Розадан қалай құтылам? Флораның көзін қалай жеткіземін?

Жүгіріп Раҳмет кіреді, Сәлімгерейді байкамайды.

Раҳмет (*өзіне-өзі*). Ун, өнім бе, түсім бе? Мына қатын-қыздардың қара тер еткенін қарашы, тура сүлікше жабысады. «Раҳмет, есің барда елінді тап». Эйелдер жоқ бір мекемеден жұмыс ізде. Ең қызығы құлағың тыныш болады (*Пауза.*) Эй, Сәлімгерей, обал жоқ саған. Осы Роза мен Флораны әуелі шылымға үйреттің, ол аз дегендей аракқа ауыздандырыдың. Сені соттау керек, соттау... (*Пауза.*)

Сәлімгерей. Мені соттағанмен саған келер жеңілдік жоқ. Қыздар мықтап кіріскенге ұқсайды. Мойныңды бүрғызбайтын сияқты. Басқа амалың жоқ...

Раҳмет (*кеkeтін*). Басқа амалың жоқ... Басы ауырмағанның құдаймен ісі жоқтың керін жасамай, бір ақылын айтпайсың ба?

Сәлімгерей. Раҳмет, екеуміз де жігітпіз. Сыр жасырмайық, шыныңды айтшы. Жақындықтарың болып па еді?

Раҳмет. Жақындық болсын, болмасын, бала менікі емес.

Сәлімгерей (*мұсіркегенсін*). Иә, жағдайың қиын... Флора мен Сара білекті сыйбанып алғып кірісіп жүр.

Раҳмет. Сонда бұлар не қыл дейді?

Сәлімгерей. Не қыл деуші еді, бала сенікі, қайтсе де мойыннатамыз дейді. Розаның намысын аяққа бастырмаймыз дейді, сен Раҳметке болысасың деп жаңа менің де ит әлегімді шығарды. Ашуланғаным сондай, Флорага қол жұмсал та қала жаздадым, тіпті.

Раҳмет (*дағдарып*). Жынданған шығар өздері...

Сәлімгерей (*ойланып*). Раҳмет, маған салсаң бар фой, сен Розадан қашпа. Бала менікі де де қосыл.

Раҳмет (*елеңдеп*). Бұл не дегенің?!

Сәлімгерей. Тыңдасайшы әрі қарай.

Раҳмет. Ал, не демексін сонда?

Сәлімгерей. Ал ендеше, не істейсің? Жұмыстан бір қуыласың, бүгін-ертең қоргайын деп отырған кандидаттығыңмен де қоштас. Соңсоң өмір бойы алимент төле. Ал, екінші жолы, Розага үйлеисең бәрі орнында. Тіпті қиналасаң, бір-екі жыл тұрарсың да «қоңіліміз жараспады»,— деп заң жолымен айырылысып жүре бересің, құда да тыныш, құдағи да тыныш.

Рахмет. Ақылыңа болайын!

Сәлімгерей (*ызаланып*). Бас десе — бас бар, қалтаңда қарагайдай диплом. Бірақ сен бар ғой, Рахмет, түбінде арам өлтін адамсың.

Рахмет (*күліп*). Сәлімгерей, мен өлмеймін. Тек деңім сау болсын.

Сәлімгерей. Бұл тек романтикаңың, жастықтың әсері. Алды-артыңды ойлайтын шамаға келдің ғой, Рахмет.

Рахмет. Адам өмір бойы романтик болуы керек. Романтиканан айырылған күні өлдім деп есептей бер, Сәлімгерей.

Сәлімгерей. Былшыл сөз. Қөркем әдебиет кітаптарын көп оқисың. Соның әсері.

Рахмет. Ештеңенің де әсері емес, бұл менің өз ұғымым.

Сәлімгерей. Рахмет, мен сенен үш-төрт көйлекті бұрын тоздырыдым. Романтика дегеннің не екенін айттың мен саған. Қызметің өсіп, дос-жарандарың көбейіп жатса, әнде, романтика деген сонда. Екеумізде қазір не романтика бар? Ойлашы, менің осында жұмысқа келгениме төрт жыл, саған, міне екі жылдан асып барады. Элі қатардағы қызметкерміз. Жан-жағымыздың көз салайықшы қатарымызды көрмейсің бе? Эне, Петров өсіп қалаңың бас архитекторы болып кетті. Мұқышев университетте доцент. Ал, екеуміз болсақ, баяғы бір тепең көк.

Рахмет. Қызмет! Дәреже!.. Қайта, кресло жұмыс істеуіне кедергі жасайды.

Сәлімгерей. Міне, бұл тәжірибесіздіктің салдары. Кресло дегеніміз Архимедтің рычагы. Креслоң биік болса, жер шарың көтеріп тастауға болады, достым.

Рахмет. Осы сенің кресло құмарлығың-ай, Сәке!

Сәлімгерей. Қім құмар емес, айтшы кәне? Дені дұрыс адамдардың бәрі креслоға құмартады. Қешегіден бүгін, бүгінгіден ертең үлкейе түссем екен деп арманадайды кім болса да.

Рахмет (*кекетін*). Содан соң бас білмейтін асауга мінген балаша тақымыңды қысып, қайтсем құлап қалмаймын деп дірілде де отыр. Лауазымы биік креслода отыргандардың күнін басыңа бермесін, Сәлімгерей.

Сәлімгерей. Қойдым-қойдым, Рахмет. Айтқанымның бәрі далаға кетті. Сен бар ғой, өзіңмен қоймай мені де сорлатып жүрсің.

Рахмет. Сорлатқаны несі?

Сәлімгерей. Басыңың қалай жұмыс істейтініне, қандай принцип ұстайтының таңым бар. Бүгін ғана аяғынан шалдыңғой.

Рахмет. Сенің аяғынан шалдым ба? Мен шалдым ба сенің аяғынан?

Сәлімгерей. Иә, иә, тап сен!

Рахмет. Қайтіп?

Сәлімгерей. Турасын айтсам, бөлім менгерушісі болайын деп тұрғанда рецензияң оқ болып тиді маған.

Рахмет. Оқ болып тиді?..

Сәлімгерей. Иә, бастықтармен пікірлескенде кейбіреуі соны желеу ететін тәрізді.

Рахмет. Дүниенің бәрі бір рецензияға қарап тұrsa, мен барып қайтып алайын онда. (*Шыға жөнелді*.)

Сәлімгерей (*өзіне-өзі*). Барсаң бара қой. Истерінді істедің, Рахмет, сенің ендігі сезінді кім тыңдар дейсің, бірақ аңқаусың ба, әлде залымсың ба? Сен осы бір тұста неліктен маған шүйліктің?.. Әлде, жақсы атты көрініп Қарабаеваның орнына өзің барғың келе ме? Жоқ, қайтсе де сені тежең тұру керек. Е, айтпақшы әлгі тілшіге жіптің ұшын ұстасып жіберсем, қызық сонда болып жатады. Эй, бұл көзсіздік болар. Роза дегеніңіз беспардонный қыз. Өзінді ұстап беріп журмесін. Қап, көжеден тіс сынады деген осы. Фархуддинованы алдай тұру керек еді. Ох, Сара, атып өлтіретін әйел. Қарабаева, сол қорғай алады. Алдаң, суласам Қытай қорғаны болады. Қой, дүние ушықпай тұрғанда іске кірсейін. (*Шыға Жатақбайға қарсы жолығады*.) Жоғары шығыныз.

Жатақбай (*сөзіне көңіл аудармай*). Басқалары қайда?

Сәлімгерей. Солардың не істеп жүргенін біле алмадым.

Жатақбай. Осы бөлmede отырган бесеуінді де жұмыстан қуамын.

Сәлімгерей. Жазығым не, Жәке?

Жатақбай. Жазығың сол, домалақ арыз жазасын.

Сәлімгерей. Оллаһи-білләһи, Жәке, арыз жазасам жаңым шықсын.

Жатақбай. Сендерді оқыған, жоғары білімді азаматтар дейді. Қылықтарыңа қарасам қарын ашады. Осы спектакльдерін не?

Сәлімгерей. Спектакль?

Жатақбай. Иә, сиектакъ... Был абыройымыз көтеріліп, бір топ қызметкеріміз Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылайын деп түрғанда домалақ арыз түсіп, тілші келді. Қырсық қылғанда қымыран іріді дегендей, Асанованаң жұмысы мынау. Пәленін бәрі сендерден шығып жатыр. Бұйрық жазып, ертең түгел жұмыстан қуамын!

Сәлімгерей. Жатақбай Эріпович, менің ешқандай кінәм жок. Қандай ант-су іш дейсіз.

Жатақбай. Менің құлағым саңырау, көзім сокыр емес. Турасын айтқанда, бірің өліп, бірің қал. Бірақ институт абыройына кір келтірмендер.

Сәлімгерей. Мен... мен емес, мен білмеймін. Мен домалақ арыз жазған жоқпын... Жатақбай Эріпович...

Жатақбай (ызалаңып). Сен немене, арыз, арыз деп аузыңнан арыз түспейді. Арызды кім жазғанын кейін қайтсем де, анықтаймын. Мына баланы айтамын... Бала! Қай иттің баласы деймін?

Сәлімгерей (сасып). Қайдагы бала?

Жатақбай. Әлгінде ғана сен Қарабаеваға айтыпсың ғой. Асанова босанып жатыр деп. (*Тілші кіреді.*)

Тілші. Жатақбай Эріпович, бірталай қызметкерлелік різбен әнгімелестім. Истің дұрыс-бұрысына көз жеткізу үшін институттың творчестволық қызметкерлерімен жеке-жеке сөйлессем деймін.

Жатақбай. Дұрыс, өте дұрыс.

Тілші (Сәлімгерейге). Сіздерге сол 9-мартта келемін. Сағат 10 шамасында осы арадан табылыңыздар. Айтпақшы, Роза Асановаға солай дерсіз.

Жатақбай. Ол кісіні кеше ғана ұзақ командировкага жіберіп қойып едім.

Тілші. Қап, сол Асановамен арнайы сөйлесу керек еді. Өйткені, арызда көп нәрсенің жағдайын Асанова біледі деген пікір бар. Асанованаң қүйеуі бар ма өзі?

Жатақбай. Қүйеуі? Бар. Мына Сәлімгерей Айтуаров жолдас.

Тілші. Ә, солай ма?

Сәлімгерей (есі шығып). Жата-ақ-бай Эріпович, біз, айрылысып кеткенбіз.

Жатақбай. Айрылысып? (*Тілшіге білдірмей көзін қысады.*) Ау, бөлім бастығы болудан үмітің жоқ па, өзіңнің?

Сәлімгерей. Жоқ, жоқ, сот арқылы емес, жай енеп арыздасып қалып едік. Семья болған соң бала

жыламай, шыны-аяқ сылдырламай тұрмайды ғой. Жай майда-шүйдеден туган қабақ шыту гана.

Жатақбай (*күліп*). Бөссе, осы екеуіңің тойында өкіл әке болған едім ғой.

Сәлімгереи. Жатақбай Эріпович дұрыс айтады. Біз сүйіп қосылған адамдармыз.

Тілші. Сау болып тұрыңыздар. (*Кетеді.*)

Жатақбай. Міне, арандап арам өлді деген осы. Ол құлге аушап жұмыртқалай беретін тауық емес қой.

Сәлімгереи (*сасып*). Тауық емес.

Жатақбай. Мен сенен сұрап тұрмын ғой. Экесі кім? Соны білесің бе?

Сәлімгереи. Білемін.

Жатақбай. Білсең айтпайсың ба?

Сәлімгереи. Баланың әкесі Рахмет.

Жатақбай. Рахмет?

Сәлімгереи. Иә, Рахмет Жаңбырбаев.

Жатақбай. Ал, ол қайда?

Сәлімгереи. Қазір келеді. Қыздар айтты Розаны алмаймын деп ер-тоқымын бауырына алып тулап жүрген көрінеді.

Жатақбай (*ойлы*). Біз, ендеше, оны бөлім меңгерушілігіне жоғарылатамыз деп үйгарсак, мұның жасап жүргенін қара. Жаңбырбаев келсе, маған жібер. (*Шыға беріп Рахметке қарсы жолығады.*) Иә, Жаңбырбаев, бөпенің бауы берік болсын.

Рахмет. Берік болса, болсын. Бірақ, бұл құттықтауды маған емес, заңды әкесіне барып айтыңыз.

Жатақбай. Заңды әкесі кім, сонда?

Рахмет. Оны Асанованаң өзінен барып сұраңыз.

Жатақбай (*салмақты*). Ал, Асанова болса, бала Рахмет Жаңбырбаевтікі деді.

Рахмет (*есі шыға*). Мүмкін емес, Жатақбай Эріпович, Роза олай айтпайды. Мен қазір сөйлесейін онымен. (*Телефон құлағын бұрай бастайды.*) Перзентхана ма? Маған Роза Асанова керек. Шақырыңыз, өте қажет. Қүйеуі, былайша айтқанда заңсыз күйеуі. Сіз, немене, мұнда жұрт жан алқымнан алып жатса. (*Трубканы орнына қояды.*) Мен қазір онымен перзентханаға барып сөйлесемін. (*Шыға береді*).

Жатақбай (*ақырып*). Тоқта, Жаңбырбаев! Айқай-шу аздай тағы көбейтпексің ғой. Роза Асанова ма-

Ган десе байсыз өтсін. Тек сенен сұрайтыным шуды көбейтпе, тыныш отыр.

Рахмет. Тыныш отырғызып тұрсыздар ма?

Жатақбай. Жақсы, жақсы! Сенімен әңгіме біткен. Сен өзін бір нойис неме екенсің фой, Рахмет.

Сәлімгерей (елеңдеп). Иә, Жатақбай Эріпович...

Жатақбай (бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүр). Жана мен тілшіге өкіл әке деген сөзді айттым фой. Марат бол жақсы ой түсті. Сен Розаның баласына өкіл әке бол.

Сәлімгерей. Өкіл әке?

Жатақбай. Иә, сенің өкіл әке екенінді мен, мына Жанбыраев, осы бөлмеде отырған әйелдер біледі. Бі рак, сырт жұрт сезбеуі керек. Олар үшін баланың заңды әкесің. Түсінікті ме?

Жүгіріп Сара келеді.

Сара. Жатақбай Эріпович, мен сізді ізден жүрсем мүнда отыр екенсіз фой.

Жатақбай. Жай ма?

Сара. Жай емес, баланың әкесі табылды.

Жатақбай. Иә, қайда өзі?

Сара. Біз Рахметті босқа жазғырыпсыз.

Жатақбай. Қайда деймін?

Сара. Бала әкесі — міне, алдыңызда отыр. Сәлімгерей. Нанбасаңыз, міне, Розамен құшақтасып отырып түскен суреті, мінекей.

Жатақбай (сүретті айналдыра көріп). Иә, мынау тегін отырыс емес, ал, Сәлімгерей, бұған не дейсің?

Сәлімгерей. Жатақбай Эріпович, жаңағы сіздің айтқаныңыздай болады.

Жатақбай. Дұрыс. Әр уақытта өзінді осылай ұста.

Сара. Бетім-ау, Флораға не айтамыз.

Сәлімгерей. Флораға айтамып, түсіндіремін.

Сара. Ой, екі жұзді, Флораны алдап жүр екенсің фой. Бұл еркектерде ме, еркектерге сенім жоқ.

Жатақбай. Айқай-шуды көбейтпе, Сара. Нагыз сенім мен ерлік еркектерде. Сәлімгерей шындыкты мойындаш тұр. Жаса, Сәлімгерей, нагыз азаматсың.

Сәлімгерей. Эршіне, Жатақбай Эріпович, азамат болған соң, азамат болып қалу керек қої.

Жатақбай. Бұл шаруа реттелді. Элгі мен айтқандай болсын, не тұрыс бар енді? Сара, Розаға барып

шығу керек қой. Сәлем-саукат, баланың приданное де-гендері болмайтын ба еді?

Сара (жұасыңқырап). Оныңыз рас енді. Перзент-ханаға барып шығу жөн.

Жатақбай. Жолдастар, директор фондысынан сәби үшін 100 сом ақша бөлінеді.

Сара (масайрап). Жатақбай Әріпович, мұныңыз үлкен білгірлік.

Жатақбай. Енді қайтеміз, адам қандай қателік жасаса да оған қамқорлық керек. Бұл біздің міндетіміз.

Сара (іліп әкетеді). Дұрыс айтасыз. Дегенмен, әйел қателессе, өлдім-талдым деп жататын мына Сәлімгерейлер кінәлі ғой.

Сәлімгерей (ренжіп). Әй, Сара-ай, қалай түсінуге болады сені. Мойындасан да — жамаң, мойында ма-саң да — жаман.

Сара. Ал, қойдық. Жатақбай Әріпович, бұл іске өзіңіз басшылық жасайсыз ғой деймін?

Жатақбай. Жергілікті комитеттің мүшесі ретінде, Сара Мәмбетовна, бұл сізге жүктелгеп қогамдық тапсырма.

Сара. Жатақбай Әріпович, дұрыс, өте дұрыс. Мұныңыз әйелдерге деген институттың, оның ішінде, өзіңіздің шынайы камқорлығыныңдың белгісі.

Жатақбай (көтеріліңкіреп). Сара, Сәлімгерей, Роза перзентханадан шығарда маған да хабарландар. Коллектив мүшесін, дүниеге жана келген болашақ азаматты бірге барып қарсы аламыз.

Сәлімгерей. Мұныңыз қатып кетті.

Сара. Бұл адамға деген шын қамқорлық!

Сәлімгерей. Қарсы аларда шампан ашылғаны жөн.

Сара. Тіпті оркестр үйымдастыrsa да теріс емес.

Жатақбай. Бәрін де жасаймыз, жолдастар!

Сара. Бәрінен де бұрын Розага жаңа пәтер әперу ескерілсе. Мына үйшіктей кішкентай бөлмесі балалы әйелге тар болады ғой.

Жатақбай. Пәтер мәселесі қындау. Эйткенмен, ескереміз. Осымен болды ма? Ал, болса бәрі жаңағы мениң айтқанымдай, у-шусыз іске кірісіңдер.

Сара. Мен нәрестсің мұқамалын алуға дүкенге барайын. Сәлімгерей, Раҳмет, гүл, машина жағын рет-тендер. (*Сара, Раҳмет шығып кетеді.*)

Жатақбай (шыға беріп, Сәлімгерейге). Тағы да

ескертемін. Бәрі де мен айтқандай, ушусыз болсын.

Сәлімгерей. Бәрі реттелді ғой, Жатақбай Эріпович. Ана Қарабаеваның шаруасы не болар екен?

Жатақбай. Қарабаеваның шаруасы шешілген. Ол маган орынбасар болып келеді.

Сәлімгерей. Ал, оның орнына кім болмақ?

Жатақбай. Оның орнына адамды кейін ойластырамыз. Мына Жаңбырбаев өзіне-өзі қырсық жасады. Адамды сырттан іздемеспі... Айтпакшы, осы Сара калай болар еді? Жұмысқа адал, тыңғылықты, өтірік айтпайды. Тапсырғаныңды жанын салып істейді.

Сәлімгерей. Жатақбай Эріпович, Сараңыз барып түрган қияли адам емес пе? Ол бастық болса бірімізді-бірімізге соғады.

Жатақбай. Ал, ана Флора ше?

Сәлімгерей. Ұшпа мінез, жеңілtek. Бастық бола алмайды Флора.

Жатақбай. Завотделдікке адам табылады.

Сәлімгерей. Жатақбай Эріпович, түise үлкен болса да, жылдан құр қалыпты ғой. Мен дәл сол. Тіпті ауызға алмайсыздар.

Жатақбай. Есте сен де барсың. Бірақ, қызмет деген колға ұстата салатын зат емес. Оны ойластырайық.

Сәлімгерей (*ренжіп*). Жатақбай Эріпович, бұл қалай өзі? Шарадай басымды шапшақтай қылғанда тапқаным не? Жаңа ғана емеуірін білдіріп едіңіз ғой.

Жатақбай. Бұл мәселені жалғыз мен емес, партия, кәсіподак ұйымдарының басшыларымен ақылдасып шешеміз.

Сәлімгерей. Сонда мен ауа қармағаным ба?

Жатақбай. Айттым ғой, ол жағы кейін шешіледі.

Сәлімгерей (*курсініп*). Менікі әурешілік болып жүрмесе.

Жатақбай. Саудаласпайық, Айтуаров.

Сәлімгерей (*ашынып*). Жатақбай Эріпович, сонда мен не үттym?

Жатақбай (*қуақы күлкімен*). Әйелің, балаң бар.

Сәлімгерей. Құрысын ондай әйел мен бала. Мен жаңа айттым ғой. Коллектив үшін құрбандаққа барып отырмын.

Жатақбай. Өтс жақсы.

Сәлімгерей. Бала Рахметтікі, ал мен, сіздің жаңысызды ойлап, сізге сөз келмесін деп өзімді құрбандаққа шалдым.

Жатақбай. Бала Рахметтікі болса, тіпті жақсы. Ол өз баласынан безбейді, бездірмейміз де. Ал, бірақ, сен сөзінде тұр. Жаңағы айтқаным айтқан, сенің де айтқаның айтқан.

Сәлімгерей (*сасып*). Жатақбай Эріпович, қай айтқаныңыз.

Жүгіріп Флора кіреді.

Флора. Жаңа перзентханға телефон соғып едім Розаны шығарамыз деп жатыр екен.

Жатақбай. Ал, онда дайындалындар. Түгел барып қарсы алайық. (*Шығып кетеді.*)

Сәлімгерей. Флора!

Флора. Сөзінді тыңдағым келмейді, (*Шығуға бет алады.*)

Сәлімгерей. Не деп кеттің, Флора, аялдашы аз гана.

Флора. Тіпті даусыңды естудің өзі сондай жеркеңішті.

Сәлімгерей (*басылып*). Флора-ау, тіршілік болған соц... Кешіре гөр. Мен бәрін де ұмыттым. Ашу деген жау, соның дегенін жасап қойыпсын.

Флора. Сенің кіслігің жөнінде күмәнім бар. Жатақбай Эріповичтің алдында жылпостығынды танытқандығынды жаңа фана Сара айтты.

Сәлімгерей. Әлгі Розаның баласына өкіл әке боламын дегенім бе? Онда тұрған не бар? Бұл қайта жолдастық көмек емес пе?

Флора. Жолдастық көмек емес бұл. Мансаптың құлышың сен. Бірақ мен осында істесем бөлім бастығы бола алмайсың. Шамам келмей бара жатса, папамды саламын.

Сәлімгерей (*даусы қатты шығып*). Флора, мұның барып тұрған қатігездік. Маған ашуланғанда өзің айтуши едің гой асылып өлемін деп. Мұны жасасаң мен бар гой шын асылып өлемін.

Флора. Өлмек түгіл, өміре қап.

Сәлімгерей (*жыламсырап*). Бәрі құрысын, ဇав-отделдік те құрысын, маған тек қана сен керексің. Білдің бе?

Флораны құшақтамақ болады, Флора шыға жөнеледі. Сәлімгерей соңынан кетеді. Рахмет кіреді.

Рахмет. Бәссе, бер жағым қорықканымен ар жағым сенімді еді. (*Колындағы қағазға қарайды. Соңсоң сағатына қарайды.*) Қазір төрт. Енді бір жарым сағаттан кейін Мархаба осында болады. Мыналардың ырду-дырдудын тыңдағанша аэрофлот басына барайын. (*Есіктен шыға бере Розамен соқтығысып қалады. Раҳметтаңданып*). Ау, Роза, сен қайдан жүрсің?

Роза (*көңілсіз*). Сол да сұрап болып па? Ауруханадан. Адасып келдім. (*Орындыққа кеп отырады. Раҳметтаң таң-тамаша.*)

Рахмет. Ал, әлгі... қайда? (*Екі қабат, бала дегенді ыммен танытады. Роза оны түсінбейді.*)

Роза. Сақау болғансың ба? Есігіміздің арасында есік жоқ. Ауруханага бір келіп хал-жағдайымды білуге де жарамадың гой.

Рахмет. Сенің хал-жағдайыңды білуге мен міндетті емеспін. Білуге тиісті кісі білер.

Роза (*ренішті*). Сонда кім білуге тиісті?

Рахмет. Оны өзің білесің.

Роза. Жаксы көріп, үміт артып жүрген мынапың сөзін қара. (*Жылайды.*)

Рахмет (*ежіреіп*). Оу, есің дұрыс па өзіңің? Маган неге үміт артасың?

Роза. Енді кімге үміт артамын, кімге өкпелеймін?

Рахмет. Қандай әзәзіл құлағына сыйырлап қойған?..

Роза. Саған қандай әзәзіл сыйырлаған? Ат, тоныңды ала қашасын.

Рахмет. Қашпағанда. Құдай сенімен қабырымды жақын қылмасын.

Роза (*ашулы*). Не деп тұрсың өзің?

Рахмет. Роза, енді мені шектен шыгарма. Эйслекеніце қарамаймын.

Роза. Менің жазығым не?

Рахмет. Сенің жазығың ба? Сенің жазығың... (*Розага төніп келеді.*)

Бөлмелеге сау стіп Жатакбай, Сара, Флора,
Сәлімгерей келеді.

Жатакбай. Жаңбырбаев, мұның не әйелге қол көтеріп? (*Роза солқылдан жылап отыр. Директор, басқалары Розаның бас-аяғын шола тесіле қарайды.*) Роза, кой енді, жылағаннан түк шықпайды.

Роза. Жатақбай Эріпович, мынаның ызасы өтіп барады.

Жатақбай. Оқасы жоқ, біз Жаңбырбаевты моянында тырамыз. Аяғыңа жығылып, кешірім сұрайтын болады ол әлі...

Рахмет. Жатақбай Эріп...

Жатақбай (*ақырып, столды бір қояды*). Қысқарт енді, болды, жетті! Сөзің керек емес.

Рахмет тізәрлеп Розаның алдына отыра қалады.

Рахмет. Роза, нақақтан-нақақ мұның қалай? Сенің алдында кінәлі емес едім ғой.

Роза. Саған не болып кеткен өзі, аулақ жүр.

Жатақбай. Жүріндер, өздері бір мәмлеке келсін.

Роза. Жатақбай Эріпович, бұларыңыз қалай? Мен қалмаймын мұнымен онаша.

Жатақбай. Роза, шырагым-ау, сені қалай түсінуге болады?

Роза. Қалай түсінсеңіздер, олай түсініңіздер. Менен Рахмет аулақ жүрсін.

Жатақбай. Онда кім? Сәлімгерей ме?

Сәлімгерей. Жо, жо... Жатақбай Эріпович, алла сактасын!

Роза. Эй, сенің алла сактасының не?

Сәлімгерей. Мен емес. Өлсем көрім аулақ болсын Розадан.

Роза (*таңырқап*). Жатақбай Эріпович, сонша мен не қылмыс жасаппыш? Мына Сәлімгерейге айтыңызшы.

Жатақбай. Қылмысың не, әркімнің басында бола беретін жай бұл.

Роза. Е, солай деңізші. Рахметке өкпемді айтсам, түсінен шошығандары несі?

Жатақбай. Ештеме етпейді. Ертең татуласасындар.

Роза. Дұрыс айтасыз, Жатақбай Эріпович. Ешқайда кетпейді.

Рахмет (*ашулы*). Қарай гөр өзіп, тапқан май шелспекті...

Сара. Рахмет, болды енді, бәрібір құтыла алмайсын.

Роза (*көніп*). Тарылма, Рахмет.

Рахмет. Құдай сақтасын! Мынау сұмдық екен. Та-па-тал түстен...

Флора (*басын шайқап*). Сені де Рахмет жаңа та-

нығандай бол тұрмын. Сара Мәмбетовнаның: «Барлық еркектер бір қалыптан шыққандай», — деген сөзі рас екен фой.

Рахмет. Осының бәрі сенің жұмысың, Флора...

Флора. Жатақбай Эріпович, осымен қашанғы сез таластыра береміз. Розаны ренжітүге болмайды.

Жатақбай. Ренжітпейміз, әрине.

Роза. Саған да ренжимін, Флора. Жеті күнде бір көрінбедің фой.

Флора. Кешір, кеш естідім.

Жатақбай Қысқа күнді кеш қылмайық. Розаны үйіне апарындар. Той қамын ойластырындар.

Роза. Жатақбай Эріпович, расында үлкен той, өліп қала жаздадым фой.

Жатақбай. Откен іс өтті, ештеңе етпейді, бәрін реттейміз. Денің сау болсын.

Роза. Ракмет, Жатақбай Эріпович!

Сара (Флорага). Осы арада тапсырсақ қайтеді?

Флора. Дұрыс.

Сара. Роза, сіңлім, манадан бері Рахмет көп сойлеп, ырду-дырду етіп жіберді. Айналайын. (Бетінен сүйеді.) Кішкентайдың бауы берік болсын (Артына ұстаган бұманы ұсынды).

Роза (от басқандай). Қайдағы кішкентай! Не айттың тұрсындар өздерің? (Жұрт біріне-бірі қарайды.)

Рахмет. Менен туған бала ше?

Роза. Қайдағы бала? Қім шығарып жүр бұл сөзді?

Сәлімгерей. Ауруханаға барасың, жеті күн жатасың...

Роза. Сәлімгерей-ау, сен аурусың ба? Қөжден тіс сынады деген, тамақтан уланым.

Жатақбай. Қағазың бар ма?

Роза. Жатақбай Эріпович, маған сенбейсіз бе?

Жатақбай (күмілжіп). Сенем гой, бірақ, анықтау керек.

Роза. Мінекей. (Бюллетенъді директорга береді. Директор орындыққа отыра кетеді, басын шайқайды.)

Сара. -Түү, арандап қала жаздадық қой.

Флора. Қайта жақсы болды, кімшің кім екенін біліп қалдық.

Роза. Апым-ау, адамдардың да көзсіз, көкірек-сіздері болады екен фой.

Рахмет. Ештеңе етпейді, Роза, қорықпа. Тіршілік болған соң осылай, аяқтан шаламыз.

Жатакбай. Қой енді философияңды, Жаңбырбаев.
Рахмет. Жатақбай Эріпович, қоямын ғой, коймаданда қайда барамын.

Жатакбай. Иә, мынау естіген құлаққа үят екен.
Тістеріннен шыгара көрмендер. Жұрт күлкі етеді.

Сәлімгерей. Дұрыс. Жабулы қазан жабулы қалсын.

Рахмет. Иә, ұмытайық. Сіздерге менің айтар қуашты хабарым бар. Әлгінде ғана қалыңдығым Мархабадан телеграмма алдым. Шаруасы болып поезда іліге алмапты. Бұғін самолетиен келеді. Бәріңізді тойға шашырамын.

Жатакбай. Міне, жігіт! Дұрыс айтады. Бәрін де ұмытыңдар. Тойға қамдаңыңдар.

Флора гүлді қолына алады.

Флора. Рахмет, осы гүлдің нағызың иссі Мархаба гой деймін. Өз қолыңмен тансыршы.

Рахмет. Қалай соңда, мен...

Флора (сөйлемпей). Жоқ, жоқ бұл гүл Мархабага лайық.

Телефон бесек қагады. Шығуга ыңғайланды жұрт қалшиып тұрып қалады. Трубканы директор көтереді.

Жатакбай. Иә, жобалау институты. (*Пауза.*) Бізден бе, жоқ, мүмкін емес... Сіз байқап сөйлеңіз... Мен институттың адамдарын бес саусактай білемін. Айқайла маңыз... Қіммен сөйлесіп тұрғаныңыз? Білмеймін, білгім де келмейді... Ә, солай ма, кешіріңіз онда... Білмей қалдым. Ә, келіңіз, келіңіз, анықтаймыз. (*Трубканы орнына қояды.*)

Сара. Ол кім, Жатақбай Эріпович?

Жатакбай. Әлгі перзентханада жатқан Роза Асанованаң күйеуі.

Сара. Онда да бір Роза Асанова бар екен гой. Ес жаңа кірді ғой.

Жатакбай. Есіміздің енді шығатын түрі бар. Қазір Асанованаң күйеуі осында келеді. Қаладағы бір үлкен қызыметкер адам. Дәрігерлерге дамылсыз телефон соғып, Асанованаң баласының әкесі кім екен деп маза бермепсіңдер гой. Сау басқа сақина тілеп... Бұл не сүмдик-е?

Директор жүргегін басады. Борі аңырып қалады.

Шымылдық

ШАЙҚАҚ

БІР ПЕРДЕЛІ ДРАМА

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Батырбек
Жаңыл — Батырбектің әйелі
Панар — Жаңылдың сіңгісі
Габдолла
Қайкен
Жамалбай

I

Кала тәртібімен жиналған Батырбек үйінің ас ішетін шагын бөлмесі, Габдолла Батырбектің үлкен портретін қабыргаға ілемін деп әуре. Төменде Батырбек. Біресе алыстан, біресе жақыннан қарайды. «Жогарырак», «тәменірек», «онга қараң», «есолға таман», деп жөн сілтел үтп.

Фабдолла. Міне, үйдің сәні енді кірді. Жап-жақтың бәрі құлпыра салып барады.

Батырбек. Өзі де бір өнерлі неме екен. Айныштапған.

Фабдолла. Кімді қалай шығарарын художнігің де біледі. Бірер жұзді тастап жіберген кездे көзіңнен ұшқындаған бір отты байқашы едім. Міне, сол бір құбылыс айна-категіз түскен де, мәңгі-бақи тоқырап қалған. Елу жыл өтеді. Жұз жыл өтеді. Сонда бейтаныс келлер үрпақ келіп қарайды да, осы отты дәл қазіргі менше дәл басып таниды-ау, ә!

Батырбек масаттанып, портретті әр қырышап бір келіп тесіле қарайды.

Батырбек. Соны ойласаң, көкірегіңе нұр саулап жүре бергендей болады, тіпті.

Габдолла. Бала кезден бірге өсін, өкшесіңді басып келе жатырмын ғой, түсінемін бұл сөзінді. Ау, жеңеше, жеңеше деймін. Қайда жүрсің? Қелсеңші бері, көрсөңші келіп бөлмеңнің құлпырып кеткенін.

Жаңыл кіреді.

Жаңыл. Оның рас, қайнам, құлпырып кетіпті бөлмем.

Габдолла. Анау қабаққа қара, дүниенің бар қайратын бір өзіне сыйғызып тұрган. Анау көзге қара, өткеннің тұңғиғына, болшактың жұмбақ сырларына қадалып қалған.

Жаңыл. Рас айтасың, қайнам.

Габдолла. Шіркін, осыншалықты дана болып адам баласы да жарала береді екен-ау?!

Батырбек. Итің жеткізе біледі.

Габдолла. Жетпей тұрган бір-ақ нәрсе бар.

Жаңыл. Түсінем, қайнам. Қазір үйымдастырып жіберейік.

Габдолла. Жо-жоқ, ол өз алдына бола жататын дүние гой. Жайшылықта қолы ашық жеңгемізге мынадай елеулі оқиға үстінде не күн туыпты. Жетіспей тұрғаны басқа нәрсе.

Жаңыл. Иә, қайнам?

Габдолла. Енді мына қабыргага дәл осындай етіп мына Жаңыл жеңешемнің портретін ілсек. Бұл бөлме бұдан да құлпырып сала берер еді-ау.

Жаңыл. Ойбай, қайнам-ау, көзіміздің тірісінде үйімізді музей етіп жібермекшісің. Осы мына Батырбек өзі үйде, портреті төрде. Бір бөлмеге сол көрік те жететін шығар. Құдай-ау, шеге қағамын деп қабырганы жарапп тастасың гой, қайнам, байқа дегенім қайда?!

Батырбек. Жә, жә, сондай ұсақтық неге керек.

Жаңыл. Қайдады ұсақтық. Анада бір ай әуре болғанымыз қайда. Сылақшы табылса, бояу табылмай, бояу болса, сылақшы қолға тұспей жынданып кете жаздамап па едік. Сол азапты қайта тартар жайым жоқ енді.

Батырбек. Батырбектен қабырга қымбат болғаны ғой саған.

Габдолла.

Ой, жеңеше-ау,
Мінезің сенің өзгеше-ау.

Қолында кітаптары бар Панарап көрінеді.

О, шамшырақтай жарқырап Панаңдың өзі келді гой.
Бері, бері кел, Панаң. Қара мына жездене. Қабагына,
көзіне қара.

Панаң. Көзінің тірісінде бір қабырганы алатын
портрет жаздырып, оны өз үйіне ілгенді мына Батырбек
жездемінен ғана көріп отырмын.

Жаңыл. Жезденің әдеті емес пе, бір нәрсені көңіліне
алса, қисая тартатын. Портрет дегенді ойлады да,
ұйқы-күлкіден қалған жоқ па?!

Батырбек. Осы бір жаман жезден ойда жоқта
өле қалса фой, жақсы жездем, алтын жездем, жақсы күйеуім,
алтын күйеуім деп жылайсындар. Ал, қазіргі айтып тұрғандарың мынау. Көзіңің тірісінде бір жылы сөз
естімеген соң, өлгеннен кейінгі мақтағандарынан не
пайда.

Панаң. Рас, ойда-жоқта өліп қалсаң жылаймыз.
Жақсы жездем еді деп жылаймыз. Ал, мына тірі күніңде
не деп жыламақпыз. Жаман жездем еді, тезірек өлмелі
деп пе?!

Фабдолла. Ха, ха, ха. Шіркін, бұлай демесең Панаң
боласың ба, Панаң болып аспирантурада оқырсың ба!

Панаң. Мақтай берменізші, осы сіз. Сіздің осы бір
мақтау сөзіңізді ести-ести құлагым сарсыды.

Жаңыл. Фабдолла қайнымның тілі жұмсак. Жұмсак
тілдің түрпідей қадалғанын сенен көрдім, сіңлім.

Батырбек. Сендер бірің де мені түсінбейсіңдер.
Мені түсінетін жалғыз Фабдолла ғана.

Сасқалақтаңқырап Қайкең кіреді.

Қайкең. Апырай, әлгі Бекең қайтыс болынты...

Жаңыл. Не дейді? Қай Бекен?

Қайкең. Әлгі өзіміздің бастық Бекең. Бекентай
Байқабылов.

Жаңыл. Алда байғұс-ай, көп ауырды гой өзі де.

Батырбек. М, м... Өлді де...

Фабдолла. Ө-өлді...

Жаңыл. Апырау, селт етпейсіңдер гой, тіпті.

Батырбек. Мал болмайтыны көптен-ақ белгілі
болатын. Ертең бе, бүгін бе деп күтіп отырған хабарда
селт еткізер не жаңалық болушы еді.

Фабдолла. Иә, күткен хабарымыз гой.

Жаңыл. Қайдам. Беке, Беке деп ауыздарынан
тастамайтын едіндер. Қит етсе, Бекенді шақырып жібе-

ре қояйық деп Батырекең де мазалап бағушы еді. Енді үндемей қалғандарыңды айтамын.

Панар. Көзіңнің тірісінде мактаган жөп. Өлгөн соң не десе, о десін.

Жаңыл. Иә, бұл біздің Батырекенпің философиясы. Жүр, Панар, қолымнан талай рет дәм татқан адам еді, барып үй ішіне көніл айтып шығайық. Біздің қолдан одан басқа не келеді.

Жаңыл мен Панар шығады.

Қайкен. Ендігі бір жаңалық, үлкен үй жағында сөз болып жатқанға ұқсайды. Зады, орнына кісі іздейтін болса керек.

Батырбек. Кімдерге құрық салыпты?

Қайкен. Кім білсін, әйтеуір әр түрлі ұсыныстар бар ма қалай?

Фабдолла. Шіркін, бұл орынға лайық бір-ақ адам бар. Бірақ үлкен үй оны біле бере ме?

Батырбек. Иә, оның кім? Өзіміздің Жыландаңба?

Фабдолла. Иә, өзіміздің Жыландаң.

Батырбек. Кім демексін сонда? Мына Қайкен арасулық болса да, етene сырлас болып кеткен жолдастай. Жасырма.

Қайкен. Иә, мен өздеріңмін гой. Қымсынбай-ақ кой, Фабдолла.

Фабдолла. Ол мына дүниенің төрт бұрышына көзін қадап қалған Батырекеннің нақ өзі. Қара келбетіне. Дүниенің бар даналығын да, бар тентектігін де бір басына жинап алғап отырысына қара.

Үшеуді де күледі.

Қайкен. Оның рас. Бір лайықты адам болса, соның өзі гой.

Батырбек. Лайықтысы лайықты-ақ еді-ау. Әттен, не керек, пәле-жалаңың құрбаны болып жүрміз гой. Құландалық біткен түгел жабылып, «жершілсің», «мен-мен», «мақтаншақсың» деп жапқан жоқ па пәлені. Ақтың қарасын тексеріп жатқан кім бар оның.

Фабдолла. Тиісті жеріне айтып жеткізу керек? Батырекеннің от ауызды шешен, майталман көсем, организатор екенін жүрттың бәрі де білмей ме?

Батырбек. Шіркін, алты ай емес, алты-ақ күн сол

араға барып отырсам, дүниені шыр көбелек айландырап едім-ау.

Ғабдолла. Жыландылықтардың мерейі өсіп, күландылықтар жер болып қалар да еді.

Батырбек. Жер болғаның не, күш көре алмай, тозып кетпес пе еді.

Ғабдолла. Өздеріне де сол керек.

Батырбек. Бірақ ондай атты күн қайда? Жоқ қой ондай атты күн. Шіркін, бұл орынға өзімді есептемегендеге бір қолайлы адам бар еді...

Қайкен. О да Жыландыдан ба?

Батырбек. Талант десең талант бар. Сауат десең сауат бар. Организаторлық касиеті дейсің бе, онысы да бар.

Қайкен

Ғабдолла (*қосарланып*). Бұл кім болды екен?

Батырбек Ол мына отырған... Иә, иә, нақ мына отырған Қайкеңнің өзі фой. Амал қаша, мұның да соңында шала бар байланған.

Қайкен. Тілімізден жазып жүрміз гой. Мінді бетке айтпай тұра алмаймыз.

Батырбек. Оның үстіне жұтып қоятыным да бар демейсің бе.

Қайкен. Иә, ептең оның да жаңы жоқ емес.

Ғабдолла. Енді кім бар бұл орынға лайықты?

Қайкен. Ең дұрысы осы отырған Ғабдолланың өзі еді...

Ғабдолла. Иә, біз де көресіні тілден тартып жүрген жоқпаз ба.

Қайкен. Оның рас. Мен көзге жамандаймын деп, ал сен болсаң көзге мактаймын деп опық жедік.

Ғабдолла. Кайтейін. Жақсы көрсем жасыра алмаймын. Жақсы көремін деп айтып саламын. Құдайдың берген мінезін бұл қайтерсің, айтпайын десем де болмайды «айт, айт!» деп ар жақтан үнемі итермелейді де тұрады. Сосын айтасың да саласың. Оныңды түсінсе жақсы-ак қой. Түсінбейтіндер де көп емес пе? Мына марқұм болған бастықпен келісе алмауымның да бір ұшы сонда гой. «Сіз осы, Беке, асыл нәсілден жарапланған көшелі жандардың бірісіз гой»,— деп жақсы көңілінді, жақсы сезімінді айта бастасаң, бет-аузын тыржитып үйлемей қалатып сазарып. Эй, өзі де бір ит еді, айтқанға міз бақпайтын, өліп тынды ақыры.

Батырбек. Эй, жігіттер, мен таптым шын ла-

йыкты адамды бұл орынға. Мына өзіміздің Жамантай барғой, содан дұрысы жоқ.

Габдолла. Ой, ол жарамайды. Жыландыдан деп мактайдар болсаң де, бір жақындығын көрген емен. Эрі ана Құланда жағында достары бар.

Қайкен. Бұл ойланатын идея екен. Жамантай жуас жігіт. Бір қолға қондырып алса, айтқанды орындастырасың да отырасың.

Батырбек. Ой, ол өзіміздің қол бала емес пе. Ағасының айтқанын екі етсе, құртың жібермеймін бе!

Габдолла. Бұл жағынан алғанда келіп те қалатын қандидатура.

Қайкен. Оның үстіне Жамантай жөнішде үлкен үйде де бірер сыйбыстың барын құлағым шалғаш еді. Білім, қабілеті бар жас жігіт, істеп кетеді.

Батырбек. Ақыл-кенесімізді аямаспаз. Баулимым.

Габдолла. Бұл жағынан алыш қарағанда, жақсы жігіт екені жақсы жігіт енді.

Батырбек. Ойлай келгепде жөні осы. Ал, қарап отырып қапы қалмайық. Қазірден бастап іске кіресейік. Тіпті менде мынадай да ой бар. Мен білсем, осы біздің Панар балдызы барғой, дұрыстаң ташыстырып қойса барғой кет эрі демейді. Сол күнді бір ойлашы сонда. Өзі өзіміздің Жыландыдан болса, оның үстіне өзі Батырбек дадаңың балдызына үйленген болса, қайда барады? Ешқайда да бармайды. Мына менің, мына Батырбек көкенің бұзауы болады да шығады. Ал, кәне, отырмайық. Былай болсын. Төрекеңмен мен өзім сөйлесеміш. Тіпті Өсекенді де өз мойныма алайын. Осындайда көтермеген мойынды итке таста. Алда-жалда барғой, жаман айтпай жақсы жоқ, анау айтқандай жан мұрынның үшінен келсе барғой, онда Белекеңнің өзінің де тамырын басып, байқаудаң Батырекен тайынбайды. Ал, сен барғой, Қайкен, ең алдымен өзің осы тоқтамға табаныңды мықтап бас.

Қайкен. Бастымғой, Батырбек-ау.

Батырбек. Жоқ, жоқ. Былай шыға бере бұлтың ете қалатының болатын. Білемғой мен сені.

Қайкен. Бастым деймін.

Батырбек. Бассан, онда осы шешімді ана арасулықтардың беріне де құптаттырасың.

Қайкен. Шамамның келгенінше.

Батырбек. Үшіншіден, ана Тасекенде құлақ қағыс етесің. Жазатайым болып, Тасекен шалқалап қалса,

шаруапың шырқы бұзылады дей бер. Бірақ былай жай-
лап түсіндіресің. Истің жайын, мекемеміздің келешегін
ойлағанда деп...

Қайкен. Эрине, жайлап істің жайын мекемеміздің
келешегін ойлағанда деп...

Ғабдолла. Шіркіп біздің Батырекеңнің басы іс-
тей біледі-ау, ә!

Батырбек. Ал, Ғабдолла, сен бар ғой... сені мен
бар ғой... Болес бір тонкий шаруага жұмсағалы отыр-
мын. Тілің майда. «Сіз», «бізді» білесің, орындал шы-
гарсың деп ойлаймын.

Ғабдолла. Әлбетте, «сіз», «бізге» келсе болды
гой.

Батырбек. Сен онда былай ет, анау менің балды-
зым бар ғой. Өзі бір өзіме тартқан тентек неме. Тентекті
тентек тыңдамай тік келіп қалатыны бар ғой. Ал, сен
болсаң битіп тілін тауып дегендей. Жамантаймен жа-
кындастырып жіберсөң...

Ғабдолла. Айтқаның орындалады, Батырбек.

Батырбек. Ал, онда отырмайық. Жолдарың бол-
сын!

Қайкен мен Ғабдолла кетеді. Батырбек
портретке жақын келіп сұқ саусағын шошайтып сейлайді.

Ғабдолла біліп айтады. Сен иттің, басың істей біледі,
эттең не керек, таудай талабың болғанымен, бармақтай
багың жоқ. Ұрыншақтаусың. Мақтамен білдірмей бау-
ыздан жіберетін жерде, қызыл кенірдекке салып айқай-
лап шыға келесің. Тал бойындағы мінің сол. Әйтпесе,
сен бұл үйде емес, біздің мекеменің төрінде тұрмас па
сің. Ойлан мұны, Батырекесі. (*Телефон шылдырайды.*)

— Алло... алло... ие, иә. Өзіңсің бе? Иә, шаруа не бо-
лып жатыр? Е, оны естідім ғой. Ал өзің не ойлап жүр-
сің? Ә! Ойбай-ау, «таз таранғанша той тарқайды» деген-
дей, сен найқалғаша, ана құлапдылықтар біреуді әкеп
отыргыза салмай ма? Иә, оны кімнен естідің? Үлкен үйде
сондай сөз бар дейді? Aha! Бұл бір жақсы лепес екен.
Ал, онда былай ет. Ана Карекене айтып қой. Ана үлкен
үйдегі Белекене сөйлессін. Жай сөйлеспесін, мықтап
сөйлессін. Әйтпесе болмайды. Құланды дегенің бел алып
кетеді. Өзіңсің жездес әмес пе, батылырақ кетпейсің бе,
битіп. Ұқтың ба? Ұқсаң сол. Ал, жақсы. Қимылда.

(*Трубканы қол берген кезде тағы телефон шылды-
райды.*)

Иә? Ау, жаным-ау, сен қайда жүрсің осы күнге дейін? Ертең Құландаған біреу тұра қалса, тағы да төбенде әнгір таяқ ойнайды ғой. Осы арасын ойладың ба? Жо... жоқ... Сен ойламағансың... Ара түсे бере алмаймын енді саған. Қөзсіз батыр болып болдым. Батырға да жан керек. Сөздің қысқасы, сен былай ет. Коллективтегілердің тамырын баса бер. Мен істесем бірден көзге түсіп қала-мын. Ал, сен болсан елеусізсің ғой. Иә, сөйт. Тамырын бас. Ана Жамантайды мактай бер, не дер екен, білдің бе? Жамантайға жақсы караиды? Бәрі де сол бастық болсын дең отыр? Өй, онда көктен тілегенді жерден берді ғой. Дегенмен құлық болып журмесін. Сен солардың арасында бол. Жиі-жіңі хабарласып тұр. (*Трубканы қояды да, қайта көтереді.*)

Алло. Э, бул Төрекең бе? Э, бұл әлгі тентек інің Батыrbек қой. Хал ма? Халдың несін сурайсын, Төрекс. Хал жаман. Иә, бассыз қалып түрмый. Иә, нә, құланда-лықтар шабуылда сияқты. Қарап отырган біз гана. Енді қайтеміз. Төрекең сияқты мықты ағалар тұрганда, қай-теміз дейміз де. Жамантай ма? Ау, ол өзіміздің жыландалық қой. Иә, иә, табанды жігіт. Жаманаты жоқ. Истегенде қаңдай. Иә, иә оның үстіне ақыл-кенесі-мізді беріп тұрамыз ғой. Ана Қайкең деген жігітті білетін шығарсын. Жоқ, ол арасулық болғанымен өзіміз. Рас, кейде бұлтың ете қалатыны болады. Бірақ негізі біздік. Соны кейін Жамантайға көмекші етіп қойсак, кенсе жұмысын тасқаяқтай қағыстыратын болды. Иә, жөн... Жөн айтасын. Әрине, жаның ашитынын білем ғой. Иә, жақсы. (*Трубканы қояды.*)

Бұл жағы тынды. Енді ме? Э, апырау, осы құланда-лықтар неге үндеңіж жатыр? Жо-жо!.. Мүмкін емес үн-демеулері. Дауыл алдындағы тыныштық секілді. Жо... жо... Алдын алғаш жөн. Әйтпесс, болмайды. Иә, Белекен-нің өзіне де құлақ қағыс етіп қояйын. Айып болмайтын шыгар оным? Егер коллектив Жамантайды қалап отыр десем... Әлде, сөйлеспей-ақ қойсам ба екен? Басқаша түсініп қалса, қын болады-ау, түбі... Жо... жоқ... Бас сауғалауға болмайды. Осы жігітті жіберіңдер дейін. Қалай түсінсе, олай түсінсін. (*Трубканы алады.*)

Жо... жо... Мәжілісте отырганының өзі де жөн болды. Қім біледі, арпаң-тарпаң сөйлеп тұрып, бірдемені бұлді-ріп алсам, сорлағаным ғой сосын. Дегенмен, істің беті дұрысталып келеді. Енді қайтсе де, Папарды шо керек.

Батырбек үйінің алды. Баспалдақта Панар мен
Ғабдолла жолығысады.

Ғабдолла. О, алдым жап-жарық болып жүре бер-
генге жалт қарасам, Панардың өзі келе жатыр екен гой.

Панар. Ғабдолла ага, кісіні көзіне мактауды қа-
шан қоясыз осы?

Ғабдолла. Шын жақсыны жақсы десе, оның несі
айып. Алтынды алтын демей ме өз атымен.

Панар. Алтынды рас алтын дейді. Сол сияқты әр-
кімнің өз аты бар емес пе.

Ғабдолла. Эйтеур көнілім таза, Панар.

Панар. Көнілім таза деп кез келген жерде жайып
салы берсеңіз, кірлең қалуы да оп-оңай.

Ғабдолла. Мінс, айттым гой тұргаш ақыл деп, оны
қалай айтпай тұра аламын.

Панар. Тағы да мақтай бастадыңыз ба? Дауа жоқ
екен.

Ғабдолла. Шіркін, қандай жігіттің маңдайы жар-
қырап тұр екен десеңші!

Панар. Осы қаладағы бір жігіттің маңдайы шығар.

Ғабдолла. Ұзын бойлы ма?

Панар. Иә, ұзын бойлы.

Ғабдолла. Кеудесі былай?

Панар. Иә, кеудесі былай.

Ғабдолла. Мұрны аздап қонқақтау?

Панар. Иә, мұрны аздап қонқақтау.

Ғабдолла. Шашы қап-қара, жатпайды, тікірейіп
тұрады үнемі?

Панар. Шашы қап-қара...

Ғабдолла. Жүргенде бүйтіп адымдай басып жү-
реді?

Панар. Иә, адымдай басып жүреді.

Ғабдолла. Өзі көп сөйлемейді? Арақты аз ішеді?
Өзі ақылды?

Панар. Қөп сөйлейтін, арақты көп ішетін ақылсыз
жігітпен Панар таныс бола ма?

Ғабдолла. Жөн, жөн. Ал, бетінде ептеп қорасан
дағы бар гой?

Панар. Қорасан дағы бар.

Ғабдолла. Қорасан дағы бар?

Панар. Иә, қорасан дағы бар.

Ғабдолла. Ойбай-ау, бұл өзіміздің Жамантай
болды гой.

Пана р. Жамантай дегенініз кім?

Габдолла. Өй, ақылдың, менің. Шіркін, Панардай болып та қыз баласы туа береді екен гой.

Батырбек көріпеді. Пана р үйге кіреді.

Батырбек. Ал, Габдолла, шаруаның барысы қалай?

Габдолла, Шаруаның барысы тамаша.

Батырбек. Немене, былай жағыстыра алдың ба?

Габдолла. Жағыстыра алғаның не, «сүйдім, күйдім» дегізіп те қойдым гой екесін.

Батырбек. Бұл апаң мен жезденің қалауы дедің гой?

Габдолла. Апырау, Габдолладан сөз қалатын ба еді! Талай сөздер айттылды.

Батырбек. Бәсе, өзім де сезгенмін осылай боларын. Апасы Жаңыл, жездесі мен түрғанда қайда барады деп едің. Есті тентек қой. Түсінген ғой жездесінің ау-жағын. Иә, істің беті түзелді, Габдолла. Барған жердің бәріңе де құптатып келемін. Жақын құндердің бірінде әлгі Батырекенің жаман інісі бастық болыпты дегенде естисің. Құландымен біз сонда сөйлесетін боламыз.

Габдолла. Шіркін дессейші?

Өлеңдетіп Қайкен кіреді.

Аспанда ұшып жүрген кара шыбын,
Кай жерде отыр екен қарашағым.

Батырбек. Шаруаның беті қалай, Қайкен?

Қайкен. Шаруаның беті жаман болса, Қайкен бүйтіп өлеңдетпейді ғой.

Габдолла. Шіркін, біздің Қайкендей болып та адам баласы жарала береді екен гой.

Батырбек. Ал сөйле, Қайкен.

Қайкен. Не сөйлейтіні бар. Бүйтіп кіріп бардым да ашық айттым, егерде бұл креслога Жамантай отырмаса, онда біздің мекеме ақ үйлі болып тозып кетеді де дім турасынан.

Батырбек. Расы осы ғой. Иә, сосын?

Қайкен. Сонын не болушы еді, «ойбай-ау, ойлап-ойлас өзіміз де сол Жамантайға тоқтап отырмыз»,— деген жоқ па?

Батырбек. Төрекен де айтып жеткізген екен ғой онда. Сабазым-ай!

Ғабдолла. Шіркін, біздің Төрекендей болып та адал баласы жарага береді екен ғой.

Батырбек. Ал, ендігі сөзді үйде отырып бастайық. (Бай дастарқан басында Батырбек, Қайкен, Ғабдолла. Жаңыл мен Панар кіріп-шығып жүреді.) Не болса, о болсын, айды аспанга бір шыгардық. Жамаңтайды отырғыздық креслоға.

Ғабдолла. Құландықтар енді байқап сөйлесер-ақ бізбен.

Батырбек. Байқап сөйлеспей көрсін. Құліп көкке ұшырайын!

Қайкен. Дегенмен өзі пысық па деймін. Қеше бір қызметкерді шақырып алды, жан алқымынан алмасы бар емес пе, екі рет айттым ғой, неге орындағадының дсп. Шолактықпен қорқытып, келте қайырып жатқан жоқ, зіл, салмақ сезіледі мінезінен.

Батырбек. Батырекең білмей, таңдамайды кісіні. Үндеме, Батырекенің жаман інісі талайды тотитады олі.

Ғабдолла. Соның өзі бізді де ала кетіп жүрмесін. Түрі жаман.

Батырбек. Мен барда тырс етпе. Батырекенен асып қайда барады дейсің. Қол шоқпар етеміз де, талай Құландаға жұмсаймыз әлі.

Жаңыл. Ғабдолла қайным-ау, тез-тез деп асықтырып едің. Қонағың әлі жоқ қой. Қашан келетін еді?

Батырбек. Иә, Жамекен кешікті.

Ғабдолла. Он жерден жыландылық болса да, сол жігітіңнің кей мінездері ұнамаушы еді. Бастиқ болған соң мұрның көтерейін деген шығар.

Қайкен. Қит етсе жаманышылыққа жори берудің керегі ис. Осы мен қазақ тілін білетін болсам, «келемін» дегенін мына құлагыммен естігепмін.

Жаңыл. Біз үшін қонақтың мезгілінде келгені жақсы.

Батырбек. Жә, жә, сөзге араласа бермесеңші сүйрәндеп. Қазір келгенде бірдеме деп айтып қалып жүрме. Аузынды бақ.

Жаңыл. Эне, мұның өститіні бар енді.

Ғабдолла. Ау, жолдастар, менің басыма бір тың идея оралды.

Қайкен. Иә, құлағымыз сенде, Ғабдолла.

Ғабдолла. Осы мен білсем бар ғой, мына жылан-

дыға қарагандар болып, түгел... бәріміз... мына Жаңыл жеңешемнің, алтын жеңешемнің деп саулығы деп бір-бірден қағып жіберген дұрыс болады.

Жаңыл. Мұндай қайын ішінің құлдығы болып кетсең болмай ма! Сырттан жамандаганнан да, көзге мақтаган дұрыс.

Батырбек. Сөз тапқанға қолқа жок. Кеттік онда.

Қайкен. Ау, жыландаудың, жыландаудың деп таңдайың тақ-тақ етеді. Арасулық ара ағайын мен қайда қалдым?

Габдолла. Өй, арасулығың не, жыландаудың де деп баяғыда айтпаң па едім. Жыландаудың түрганда Арасу деген сөз бои па, тәйір! Ал, алтын жеңешем үшін. (Барі де көтереді.)

Батырбек. Ау, жолдастар, менің де басыма тың бір идея оралды.

Қайкен. Иә?

Батырбек. Жаңыл, сен бара түрші. (Жаңыл кетеңі.)

Жамантай келмей түрганда бір нөрсенің басын ашып алайық.

Габдолла. Иә, ашайық басын.

Батырбек. Жамантай ғой мына араға отырады?

Габдолла, Қайкен (қатарласып). Иә, мына араға отырады.

Батырбек. Қатарында Панар болады?

Габдолла. } Иә, Панар болады.

Қайкен. }

Батырбек. Тамадага Қайкенді сайлаймыз?

Габдолла. Ә?.. Иә, тамадага Қайкенді сайлаймыз.

Қайкен. Өмірінде бүт артары болмаған Құлсарт деген бір қу сорлы жолаушының атын суара бара жатып «Құлсарттың атқа осы мінгені мінген-ақ шыгар» деспі ғой. Сол айтқандайын...

Батырбек. Дұрыс айтасың, сенің атқа осы мінгенің мінген. Жамантайдың тәжірибесі аз, түбінде көмекші боласың да, бар шаруашы өз қолыңа аласың.

Қайкен. Сепімдеріце рахмет. Қенсе жұмысы дегенді, құдайға шүкір, білеміз ғой.

Батырбек. Ал, әзірше тамада боласың.

Габдолла. Қайкен тамада болады.

Батырбек. Ал, сонда сен осы-ей, бірінші сөзді кімге бересін?

Фабдолла. Бірінші сөз кезегі маған келеді де.

Қайсан. Жоқ, сагап келмейді.

Батырбек. Дұрыс айтасың. Фабдолла, сагап келмейді сөз кезегі. Келмейді.

Қайсан. Меніңше-е-е... Бірінші сөзді... Бірінші сөзді ме? Бірінші сөзді тәртіп бойынша тамадаңың өзі сөйлейтін шығар?

Батырбек. Қолыңа бірдеме тисе, сенің сөйтіп ала құйрық торғай сияқты құбылып кететінің бар. Батырбек тұрганда бірінші сөзді қалайша тамада сөйлеуге тиісті?

Фабдолла. Иә, соны айтам-ау, Батырекен тұрганда қалайша бұл сөйлейді?

Жаңыл кіреді.

Жаңыл. Жашжалды доғарындар. Қонақтарың келді. (Бері де орындарынан ұша-ұша түрсегеледі. «О, қош келіңсіз», «жоғары шығыңыз», «күтіп отырмыз», — деген дауыстар.)

Жамантаі. Аздан кешігіңкіреп келдім. Жеңгеміз кешіреп деп сенемін.

Дауыстар. Кешіргенде қандай, әбден кешіреді. Кешірмессе женге бола ма.

Жамантаі. «Тяжела шапка Мономаха» деп орысша айтқандай, сау басыма сақина тілеп алғандай болыш жүрмін. Сіңбіруге мұрша болмай кетті.

Батырбек. Е, осындай жас кезде істеп қалғап жөн. Мынадай жаман ағаларыңа арқа тіре де сілтей бер. Ал, көне, отыра қал. Мына орындық манадан бері сені күтіп тұр. Айтнақшы, Панаң қайда кете қалды? Панаң? Панаң? (Панаң келеді.) Ал, балдызым, енді бізден үялмай-ак қой. Ана Жамскеңің қасына барып отыра гой.

Панаң. О не деген сөзіңіз, жездекей?

Батырбек. Жә, жә, қызыымның өзі үйде, қылығы түзде деген. Мен білмейтін нәле жер астында.

Панаң. Түкке түсінбедім.

Жамантаі. Ау, ай-шай жоқ, бұларыңыз қалай? Ең алдымен танысайық та.

Батырбек. Е, бұрын таныс емес не едіңдер?

Панаң. Бірінші рет көріп отырсам, қайда таныс

болайын бұл кісімен. (*Батырбек Габдоллаға қарайды.*)

Габдолла. Ойын осымен бітсін, ал енді іске кірісейік. Панаң, мына Жамантайдың қасынан орын ал, кәне.

Панаր. Осы сіздер иеге соншама қолиаштап кеттіңіздер бүгін мені?

Батырбек. Маңдайга басқан жалғыз балдызымыңды қолиаштамаганда, кімді қолиаштамақпыш.

Панаар. Жоқ, жездекей, ана апамыз екеуміз сан түзеп отырып алатын болсак, онда аш қаласыздар. (*Кетеңі.*)

Батырбек. Балдызым тентек. Есті тентек. Өзіме тартқан.

Жамантай. Көрініп түр.

Қайкен. Ал, жолдастар, мен тамада болатын, болатын болсам...

Батырбек. Тамадалықтан бұрын, жолдастар, мынаны білген жөн. Мына төр алдында қасқайып отырган Жамантай менің талантты, білімді, ақылды інілерімнің бірі. Мына біз сияқты жаман ағаларының арқасында үлкен креслоға нық басып бір отырды. Осы бір нық отырганы үшін бокалды бір аударып тастаймыз.

Габдолла. Ал, бұл тост үшін мен өзім ішпей тұра алмаймын. (*Күліседі.*)

Жамантай. Батырбек аға, тым асырыңқырап алған жоқсыз ба?

Батырбек. Қай жерде асырып, қай жерде жасырарын Батырбек ағаң біледі.

Габдолла. Шіркін, біздің Батырекең де айта біледі енді.

Қайкесін. Ал, жолдастар, мен тамада болатын, болатын болсам...

Батырбек. Аты Жамантай болғанымен бұл өзі Жақсылай. Ал, Жақсылай, шын достық үшін, қатарымыздың сетішемес беріктігі үшін тагы да бір бокалды төңкөреміз. (*Сыңғырлаған рюмка дауыстары.*)

Қайкен. Ал, жолдастар, мен тамада болатын, болатын болсам... онда...

Габдолла. Шіркін, Батырекең сөйлесе алды, артын тақырлап, аламайымен қопара сөйлемей ме. Бұл өзі Жамантай емес, шыныла да, Жақсылай.

Жамантай. Анырмай, тым асыра мақтап бара жатырсыздар, жолдастар. Мен қолайсыздана бастадым. Басқа бір тақырынқа ауыссақ қайтеді?!

Ғабдолла. Жаманды көзіне мақтасаң өзеуреп, есіріп кетеді, жақсыны көзінс мақтасаң ұялын, қысылып қалады деген бар. Жамантай мына мінезімен де өзінің асыл қасиетін танытын отыр.

Жамантай. Сөз тапқанға қолқа жоқ деген. Жеткіздің, Ғабдолла. Жестер енді.

Қайкең. Ал, енді мен тамада болатын болсам...

Ғабдолла. Жаңа Батырекең әдемі бір тост көтерді. Қатарымыздың септінемес беріктігі үшін көтерді. Дұрыс көтерілген тост. Жыландаулықтардың қатары құландаулықтарға қарсы құресте септінемеуге тиісті. Әйтпесе олар бізді құртады.

Жамантай. Жоқ, қателесесіз, Ғабдолла. Сіздерді құртып жүрген бір-ақ нэрсе бар. Ол сен құландаулық, мен жыландаулық деп жікке бөлініш, біріңізді біріңіз гайбаттаң, болмаганды болды деп жала жауын, арыз айдастын, қырық пышақ болысып жататындарыңыз. Бұл шындаң келгенде, ақыл-ойдың мешеулігі. Сананың төмөндігі. Бұл ілгері басқан аяқты кері сүйрер кесірлі жай. Біздің мекемеде біз осы бір жыландаулық-құландаулық дейтін жікшілдермен құресті мықтап тұрып аша-мыз. Аямаймыз да ондайларды.

Ғабдолла. Ау, мынауыңың тутіні басқа гой.

Қайкең. Жамантай жөн айтады. Осы жік құрымай біз оқбаймыз.

Батырбек. Жөн, жөн сөз. Бірақ жыландаулықтардың жазығы жоқ қой.

Жамантай. Жоқ, бар бәлені өрбітетін осы жыландаулықтар. Не шықса да, әуелі солардан шығады.

Батырбек. Сенген қойым сен болсаң дегендей, тоқташи, сен осы жыландауда туып құландаулық болып кетіп жүрген неме емессің бе?

Жамантай. Мені жыландауда туды деп кім айтып еді сізге?

Батырбек. Не дейді?!

Жамантай. Мен құландауда да, жыландауда да туган жоқпын. Мен қазақ жерінде тудым, жолдастар. Бір жаққа бүйірі бұрады екен деп үміттенбей-ақ қоыйндар.

Жаныл. Қайнам, жөн айтасың. Үстаган жолың дұрыс. Аума содан.

Батырбек. Есіл еңбек зая кеткен. Пана, балдызым менің, не болып барады мына дүниес?!

ЛЕП БЕЛГІСІ

БІР АКТЫЛЫ, ҮШ ҚӨРІНІСТІ КОМЕДИЯ

КАТЫНАСАТЫНДАР:

Фалия — артель бастыгының көмекшісі, жиырма бесте, сұлу келіншек

Фалима — институтта әдебиет нәнінен сабак беретін мұғалима, 50 жаста, жуан адам.

Сырмакбай Қармақбаев — газет қызметкері, отыз жаста.

БІРІНШІ ҚӨРІНІС

Шагын бөлме. Оц жакта «Етік тігетін артель бастығы» деген жарнамасы бар есік қөрінеді.

Стол басында Фалия машиника басып отырады. Манкінтошын қарына іліп Сырмакбай Қармақбаев кіреді.

Сырмакбай Қармақбаев. О, қарында! Сәлематсыз ба? Бұл газет қызметкері, кәдуілгі Сырмакбай Қармақбаев.

Фалия (*tүреген*). Сырмакбай Қармақбаев?! Хош келіңсіз. Мынадай кішкене артельде газет қызметкерін де көретін күн болады екен-ау? Қуанышты.

Сырмакбай Қармақбаев. Қуанышты? Ҳм. (*Жұртқа қарап*.) Сыртымнаш ғашық біреу болмасын? Өзі де бұлдіргендей қып-қызыл, сүп-сұлу әйел екен-ай. Үріп ауызға салып жіберер ме еді өзін?! (*Жағасын сипайды. Галстугін түзейді. Фалияға қарайды.*) Мен осы артельдің озат адамдарын жазгалы келдім.

Фалия. Өте жақсы. Қазір мен онда сізді цехқа алып барайып. (*Дайындала бастайды.*)

Сырмакбай Қармақбаев. Саспацыз, қарын-

дас, ең алдымен бастықтарыңызбен танысып, сөйлесуім керек.

Фалия (абыржып). Онда қалай болды, Сырмақбай Қармақбаевич. Бастық әлгі әзірде ғана райкомге кеткен еді? Қап! Тым болмаса, бір секунд ертерек те келмеген екенсіз. Ие, уақытыңыз да жоқ қой. (*Аңырып.*) Не істеге болады? Егер... Сырмақбай Қармақбаевич, егер уақытыңыз болса, (*көпке*) қалай десем екен, ә? (*Сырмақбай Қармақбаевқа.*) Сіз ғафу етіңіз. Егерде... егерде уақытыңыз болса, тоса тұрсаңыз Қазір-ақ келіп қалар.

Сырмақбай Қармақбаев (көпке). Айттым гой ғашық деп...

Фалия. Болмаса, кабинетті ашайын. Сонда күтерсіз?

Сырмақбай Қармақбаев (көпке). Жарыққа ұмтылған сайтан қөбелекше шыр айналуын көрдін бе? (*Фалияға.*) Рахмет, қарындас. Мен мына, осы сіздің қасында-ақ отырайын.

Фалия. Тіпті жақсы. (*Стул әкеп қояды.*)

Сырмақбай Қармақбаев (макинтошиң іліп жатып, көпке). Эйел деген іісі аңқыған гүл гой. Ал, мынау бір жұпар іісі мүцкіп тұрган біреуі екен. Өзіне мен де ғашық болып қалмайын.

Фалия. Ішіңіз пысып кетеді-ау енді. Не істесем екен, ә?

Сырмақбай Қармақбаев (отырып жатып). Сіздей бикештің жанында мынадай жігіттің іші пысама? Ха-ха-ха. (*Күлкісін тез жиып.*) Ал, іш пыспас үшін жұмыс істей отырайық. (*Қалтасынан блокноты мен қаламын алады.*)

Фалия (таңырқап). Анырай, ә? Сіздер гой үйде де, түзде де, отырып та, жүріп те жаза бересіздер ә? Шіркіш-ай, сіздердегі таланттың тым болмаса иненің жасуындаі бірдемесін бізге берсе...

Сырмақбай Қармақбаев (манғазданып, көпке). Түсінді жылытысаң-ақ болды бұларға, гүлге үймелеген арадай айналсоқтай береді. (*Фалияға күліп.*) Ал, енді әңгімені сізден бастайық, қарындас.

Фалия. Менен бастайсыз ба?

Сырмақбай Қармақбаев. Бірінші сұрақ: (*Қаламын сүйрекдете бастайды.*) Халіңіз қалай?

Фалия (аңырып). О не дегенініз?

Сырмақбай Қармақбаев (көпке). Мм... газет оқымайтын болып шыкты ғой. Осындаі сұлудардың

бойын баққашшап басқа сштеңеге көңіл аудармайтын әдетті енді. (*Фалияга.*) Ал, газет алдырыуныз, ондағы мақалаларды жан қиярлықпен аяибай оқып, үйымшылдықпен талқылап тұру жағыныз қалай?

Фалия. Газет алдырамын. Оқып тұрамын.

Сырмақбай Қармақбаев (*бірдемелерді жазады*). Так... так... Ал, артель мәселесіне көшейік. Бірінші сұрақ: пәрменді үгіттің арқасында, зор қарқын туғышып, жаңа табыстарға жеткен адамдар көн пе сіздерде?

Фалия. Озат адамдарды айтасыз гой?

Сырмақбай Қармақбаев. Так точно... «Пәрменді үгіттің арқасында» дегенді қосыңыз.

Фалия. Озаттар көп бізде.

Сырмақбай Қармақбаев. Өздерінің күш-жігеріне кенеліп, және өз күштеріне берік сеніммен қарайтын адамдар гой олар?

Фалия (*түсінбей*). Күш-жігеріне кенеліп?

Сырмақбай Қармақбаев. Так точно.

Фалия. Күш-жігеріне кенелгендер бізде... ондайлар бізде... жоқ.

Сырмақбай Қармақбаев. Жоқ?

Фалия. Жо-жоқ, бар. «Жоқ» деген сөздің сырғасы гой жай.

Сырмақбай Қармақбаев. Өте жақсы. Та... ак. Табыс қалай, ұшаш-теңіз бе?

Фалия (*қиналыш*). Сырмақбай Қармақбаевич, сіз мұны...

Сырмақбай Қармақбаев (*Фалияның сөзін бөліп*). Ол табысты табу жолында мұрындық болған кімдер!

Фалия. Мұрындық болған? Арбаның мұрындығы дегенді білуші едім. Ал, кісінің мұрындық болғанын сізден естіп тұрмын. Асылы, сіз мұны бастығымыздың өзінен сұрасаңыз. Кімнің мұрындық болғанын сол кісінің өзі болмаса...

Сырмақбай Қармақбаев. Бастық демекші, бастықтарыңыздың жанды басшылығы қалай?

Фалия. Бастықтың жанды басшылығы?

Сырмақбай Қармақбаев Так точно. Өзі қалай, қажетті мүмкіндікті түгел пайдалана ала ма?

Фалия. Сіз мұның бәрін сол кісінің өзінен...

Сырмақбай Қармақбаев (*Фалияның сөзін бөліп*). Ал, көтеріңкі міндет алу жағы ше?

Фалия үндемейді. Сағатына қарайды.

Фалия. Бастық кешікті.

Сырмакбай Қармақбаев. Ие, кешікті.

Фалия. Сол кісі мәжіліс бірденеге айналып қалған болар. Сіз бір айналып соқсаныз. Не ертең келсеңіз, қалай болар еді?

Сырмакбай Қармақбаев. Так... так... о да жөн екен-ау. (Блокнотына ұғіліп.) Айтпақшы. Сіз өзіңіз мұнда артель жүктеген тиісті міндетінізді қашаннан бері атқарып келесіз?

Фалия (ұнатыңқырамай). Қөп болды.

Сырмакбай Қармақбаев. Так... так... өте жақсы. Ал, қарында, сіздің артельдің материалдық ынталандыру жағы қалай?

Фалия (куліп жіберді). Бұл бір кең отырып сөйлесетін шаруа ғой. Мен қазір асығыс бір материал басып отыр едім.

Сырмакбай Қармақбаев (көпке). Қайда тартып бара жатқанын көрдің бе? (Фалияга.) Оныңыз да жөн екен, қарында.

Фалия. Келетініңізді бастығымызға да ескертейін

Сырмакбай Қармақбаев. Так... сіздің атыңыз кім болмақ, олай болса, қарында? Мыңың түсін білгенше, бірдің атын... дегендей.

Фалия. Фалия.

Сырмакбай Қармақбаев (Фалияның қолын қысып). Өте жақсы. Ойпыр-ай, қолыңыз неткен жұмсақ еді. Саусақтарыңыз тіпті қамысты көлдің ағаш қоғасындаі екен. (Фалия күліп, ақырын ғана қолын босатып алады.) Ал, қарында, то есть, замандас, сізге қалай звондасам екен. (Фалия бір тілім қағазға телефон номерін жазып, Қармақбаевқа ұсынады.) Өте жақсы, Фалия қарында, то есть, Фалия замандас. Қөп-қөп рақмет.

Телефон шылдырлайды.

Фалия (телефонды тыңдал). Сіз ғафу етіңіз, мен қазір келейін, цехқа шақырып жатыр. (Шығып кетеді.)

Сырмакбай Қармақбаев (жазғанына ұғіліп). Та.. ак. Сонымен артель жайындағы макалапың да құлагы қылтның қалды. Редакцияға бара салысымен өзіме-өзім пәрменді үгіт жүргізіп, жан қиярлықпен еңбек стіп жіберсем, мерзімінен бұрын дайын етіп тастаймын

гой. Мынадай сұлу қыз факт беріп, шабыт беріп тұрғанда үш бет десе, сегіз етіп жібермеймін бе, тәйірі. Сөйтіп, Сырма-екең норманы асыра орындал жібереді. Ал, норма асыра орындалды дегенше, материалдық ынталандыру жағы өсті дей бер. Шіркін, Фалияжан замандас-ай. Мен сізге шексіз борышты болам гой. Өйткені, сіз ғой мақаланың тууына тікелей мұрындық болғалы тұрған адам. Мұрындық демекші. (*Қалталарын қарманады.*) Апыр-ау, қайда салдым жаңағы қағазды? Қап! Қайта жазып бер десем үят болады-ау. Басыңыз орнында ма десе, не айтпаклын? Қап, жоғалып қалып көзім ағармаса жарап еді. Е, таптым, мында жүр екен гой. Эп бәрекелде... Так... Осыны жазған қолыңдан айналайын, қолыңның тырнағынан, тырнағыңның көбесінен, көбесінің бояуынан, бәрінен қоса қабат айналайын. (*Запискаға үңіледі.*) Так-так 00—80 қос! 87. Так-так. Айтпакшы қос? «Қосы» несі мұның? Тіпті «қос» депті де қолақпандай етіп леп белгісін қойыпты. Қос, ә? Қосу... жоқ, қосар.. о да емес. Қосақ. Әха, қосақ... Қосылу. Қосылу керек... Қосылу керек... Қосылатын болсақ... Қосылайық. Е, жазған-ай. Қосыламын дегені екен гой бұл. Бәссе, қолақпандай леп белгісі тегін қойылмаған. Та-ак. Мен саған қосыламын. Әха. Мен сені жақсы көремін. Мен сені сүйемін... Хи-хи-хи. Мен саған тие... қой, тоқта, Сырма-еке. Терендең кеттің, тіпті шыға алмай қалып жүрерсін түге. (*Жоғары қарап.*) Шіркін, Фалияжан-ай. Көзің сенің қандай, шу асаудың көзіндегі шытынап тұрған. Тіпті электр шамындағы десе де болады. Тіктеп қарай да алмадым-ау. Ал, жыныш тұрған құлағың ше, ал дөп-дөңгелек иегін, үлбіреген тамағың... Ал, үш қонырдың жайлауындағы шалқақ жатқан ақ төсің ше? Ал бір уысыңа сыйып кетер қылдырыктай белің ше! Шіркін-ай, битіп, уыстап алғып, мытып жіберер ме еді. Ал, ішің... Жо.. жоқ, тоқта, Сырма-еке. Терендең кеттің. Жазған басым-ай. Бір нәрсені жеңіл-желлі ойлау деген жоқ. Үнемі бір тұңғиыққа тартасың да тұрасың-ау. (*Сағатына қарап.*) Ұақыт өтіп барады. Қой, отыра бермейін. Норманы асыра орындал тастаймын да, мына қағаздағы леп белгісіне тартайын. (*Макинтошын ап, шығып кетеді.*)

Шымылдық

ЕҚІНШІ ҚӨРІНІС

Солді жипалғац бөлме. Терезе алдында үй гүлі. Қолында гүлі бар Сырмакбай Қармақбаев кіреді.

Сырмакбай Қармақбаев. Oho! Мәселе қайда жатыр. Біздің Фалияжан қандай үйде тұрады... Байқайсыңдар ма? (*Екінші есіктен Фалима шығады.*) Сәлематсыз ба, енетай. Қөзіңізге не қылған?

Ғалима. Қөзімे бір теріскен шығып... Сөйтіп емтиханды үйде алуға тұра келіп қалғаны.

Сырмакбай Қармақбаев. Емтиханды?

Ғалима. Ие, ие, жел тиеді деп, дәрігер далага шыгармай койды.

Сырмакбай Қармақбаев. Апыр-ау, осы мен сонда дұрыс келдім бе осы?

Ғалима. Дұрыс келгенде қандай? Отырыңыз. Емтихан алудан бұрын танысып алайық. Сіздің аты-жөніңіз?

Сырмакбай Қармақбаев. Емтихан алмастан бұрын? (*Көпке.*) Э, сиқырлы қыз, менімен жақсылап танысу үшін әуелі шешесін салып отыр екен фой. Алып көрсін емтиханды? (*Фалияға.*) Сырмакбай Қармақбаев.

Ғалима. Қай ауданнан келдіңіз?

Сырмакбай Қармақбаев. Мен осында газетте істеймін.

Ғалима. Эрі газетте істейсіз, әрі сырттан оқисыз? Тіпті жақсы. (*Гүлді көріп.*) Қандай жақсы гүлдер! Маган әкелдіңіз, ә?

Сырмакбай Қармақбаев (*жүртқа қарап қолын жаяды*). Осының берін істеттіріп отырған әлгі қуқыз-ау. Ай, Фалия-ай! (*Фалимаға.*) Ие, ие осы үйге, сіздерге әдейі арнау әкелдім.

Ғалима. Қөп-қөп рахмет сізге. Өзіңіз бір жөн білестін жігіт екенсіз. Қазір мұны мен суға салып қояйын. (*Суға салады.*)

Сырмакбай Қармақбаев. Осынша жасқа келіп жөн білмеудің өзі... то есть осынша жасқа келу емес. Әлі жап-жаспзы гой. Тек көргеніміз көп қой.

Ғалима. Ие, ол жағы көрініп тұр...

Сырмакбай Қармақбаев (*көпке*). Бәрекелдс. қыз шешесіне үнап қалдық. Шаруа бір жайлы дей бер енді, Сырма-еке!

Ғалима. Ал, жақсы. Негізгі мәселеге көшейік. Шыныңызды айтыңыз. Дайындығыңыз қалай?

Сырмакбай Қармақбаев (*көпке*). Болашақ енеміз бірден тойға дайындық жайын сұрай бастадығой. (*Галимаға*) Дайындық зор, бұл бір үлкен сиң гой, бізге емтихан деп сіз дұрыс айттыңыз. Зор қанағаттап-ған сезіммен өткізетіп боламыз бұл емтиханды.

Ғалима. Жақсы екен онда. Ал, енді сіз мына сұраққа жауап берсөніз.

Сырмакбай Қармақбаев. Пожалыста. Зор достық жағдайда жауап беруге әзірмін.

Ғалима. Пушкиниң қазак поэзиясына әсерін айтып жіберсөніз.

Сырмакбай Қармақбаев. Пушкинің? Сіз соны рас сұрағалы отырысyz ба?

Ғалима. Эрине.

Сырмакбай Қармақбаев. Қойыңызшы, тіпті балаға үқсатып... Қунде газетке жазып жататын соидай оңай сұрақты білмейді дейсіз бе? Одан да әңгіменің ана жағын... шаруаның тоқ етерін тындырайық та.

Ғалима. Кім екенізді білмей жатып, ештеңе сұрамай жатып шаруаңыздың тоқ етерін қалай тындырымкын мен. Ол болмайды, жолдас.

Сырмакбай Қармақбаев (*көпке*). Бәле, мына кісі қызына қалың мал сұрайын деді гой. (*Галимаға*) Газетте істеймін дедім гой. Одан артық не білу керек мен жөнінде.

Ғалима. Газетте істеймін деп мұрныңызды шүйіре берменіз. Менің алдымға келгеннен кейін қойшы болыңыз, газетте істеңіз, оның маған бәрі бір. Ештеңе сұрамай, хал-жайыңыздың шамасын байқамай, шаруаңызды тындыра алмаймын.

Сырмакбай Қармақбаев. Ал, жарайды, енді. Сонда сіз не сұрағыңыз келеді? Басын ашып айтыңышы. Ақшадай ма, әлде заттай бірдеме ме дәметеріңіз.

Ғалима (*ашуланып*). Не сөйлеп кеттіңіз. Шетен қалпақ киіп, галстук таққанға көргенді адам ба десем, насық болып шықтыңыз гой.

Сырмакбай Қармақбаев. Тіл тигізбеніз. Қоқан-лоқы жасамаңыз.

Ғалима. Сонда сіз мені пара алады деп ойлайсыз ба? Сөйлеспеймін сізбен.

Сырмакбай Қармақбаев. Жә, татуласайық

енді. Қырги қабак согысты қояйық та.

Ғалима. Қырги қабак согыс? Оның бұл жерге кандай катысы бар. Асылы, сізben сөйлесу күни екен. Эбден дайындалып, келер жылы келіңіз.

Сырмакбай Қармақбаев. Қелер жылға деңін күтіп жүре алмаймын.

Ғалима. Ол өз шаруаңыз.

Сырмакбай Қармақбаев. Сіз мені ерегістірмейціз.

Ғалима (*зілмен құледі*). Газетке жазатып шығарсыз?

Сырмакбай Қармақбаев. Одан да жаманы болады?

Ғалима. Соңда не іstemексіз?

Сырмакбай Қармақбаев. Сізден рұқсат сұраймыз. Той жасаймыз. Қосыламыз. Екеуміздің уәдеміз солай.

Ғалима. Сіз не айтып тұrsыз осы? Тойыңыз не? Қосыламыз не? Қіммен қосыласыз?

Сырмакбай Қармақбаев. Тұрасын айтқанда, сіздің қызыңызбен. Фалиямен.

Ғалима (*күледі*). Ал, егер менде қыз бала болмаса қайтесіз?

Сырмакбай Қармақбаев. Тәлкектемеңіз. Осы әлгінде телефонмен сөйлескенде күтіп отырмын, тез кел демеді ме!

Ғалима. Ол сөйлескен мен болатынмын.

Сырмакбай Қармақбаев. Олай болса, сіздің менде нендей шаруаңыз бар еді?

Ғалима. Мен сізді емтихан тапсыра келген сырттан оқитын студент екен деп қалғанмын.

Сырмакбай Қармақбаев. А, мен ендеше, сізді болашак қайын енем деп келіп отырмын гой. Қате болса, кешіріңіз.

ҮШІНШІ ҚӨРІНІС

Сахна бірінші көріністегідей. Фалия машинка басып отырады. Сырмакбай Қармақбаев кіреді.

Сырмакбай Қармақбаев. О, қарындаст, то есть замандаст, қалай, бұрынғыша жан қиярлықпен еңбек етіп жатырсыз ба?

Ғалия. Устіңен түстіңіз. Бастық өзінде қазір.

Сырмақбай Қармақбаев. Мен бастыққа келген жоқынын, замандас. Менің шаруам сізде ғана.

Ғалия. Менде ғана ма? Ол бір қуаныш екен онда. Айта отырыңыз.

Сырмақбай Қармақбаев. Мен мәлімдеме жасасам, былай. Сіз, осы мені неге алдадыныз?

Ғалия (күліп). Қайтіп мен сізді алдаппын? Қызық екен.

Сырмақбай Қармақбаев. Ие, қызығын көріп келдім, замандас. Құлетін шаруашылық болмады бұл. Әлгі екеуміз осында кездесіп, сіз телефоныңызды бергеннен кейін болды бәрі. Ол бір аса қанағаттанғандық сезіммен өткен кездесу еді гой. Содан кейін үйықтай алсамшы. Несін жасырайын. Өзіме-өзім пәрменді үгіт жүргізсем де болмады. Жүрек шіркін үнемі дәйектілік-пен сіз деп соқты да түрдү. Бойымда бір жаңа қарқын пайда болды. Содан өзіме көтерінкі міндеттер жүктеп, қол жеткен табысты мақтан етермін деген сезімге толы болып, сіз берген телефонға звондасам «күтіп отырмын, тез келе гой» дейді бір эйел даусы. Мен сіз екен деп қалдым. Содан творчестволық күш-жігеріме кенеліп, жетіп барсам, емтихан алам деп студенттерін күтіп отырған Ғалима деген мұғалима болып шықты. Сөйтіп құрттыңыз гой мені, замандас. Айтыңызы, басқа адамның телефонын неге бердіңіз?

Ғалия. Мен беріппін бе? Мүмкін емес. Мен сізге артельдің телефонын ғана жазып бергенмін.

Сырмақбай Қармақбаев. Тана алмайсыз енді, міне, қағазыңыз. 00—80. Қос! 87, «қос» деп тұрып леп белгісін де қойғансыз. Адамның жүрегіне әр түрлі ой салып тіпті.

Ғалия (қарап). Мм... Сізді құртқан мен емес, леп белгісі екен ендеше. Анықтап қарасаңыз не етті? Бұл леп белгісі емес қой мүлде. Бұл бірдің цифры. Сонда сіз айтқандай леп белгісі мен сексен жеті емес, бір де сексен жеті.

Сырмақбай Қармақбаев. Не дейді?

Ғалия. Содан соң (күліп) пәрменді үгітті тым нашар жүргізгенсіз өзіңізге. Мен үйлі-баранды адаммын. Жүрек-жүрек деп жүгіре берсеңіз неңіз қалады?

Шымылдық

ХАЛАЛА

БІР ПЕРДЕЛІ,
ЕКІ ҚӨРІНІСТІ ДРАМА

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Ә б д і б е к — 40 жаста, мұдәріс. Момын шаруа адам.
Г ү л ш ә й р а — 28-де, Әбдібектің әйелі
Е с і м и ш а н — 50-де
С ү л е й м е н — дамолла, 35-те
А г а н а с — Әбдібектің көңілдесі, 35—40-та
Ә б д і б е к т ің б а л а с ы — 5-те
Куәлар, шәкірт балалар

БІРІНШІ ҚӨРІНІС

Құжыра. Кішкене терезеден мешіттің мұнарасы көрінеді. Одан әрі жынғыл, шенгелді жазық. Ә б д і б е к онаша. Қітап оқып отыр. Терезе алдынан шулап шәкірт балалар жүгіріп өтеді.

Дегенгс қызық қайда, қызық қайда,
Қызықтың бәрі-дағы қызыл сайды.
Бұзауын қызыл сайды жамыратып,
Әбдібек отыр үйде таппай айла.

Карға қарқылдайды.

Ә б д і б е к (*толқып*). Тағы да мазалады-ау, мына найсаптар. Бұл не мазақ? Әлде, осы дүниенің қоры мен болдым ба екен?

Ғибадатхананың оң босағасын аттамай жатып не пөлеке тап болдым. Айналам гулеген қаңқу сөз. Естиін деңгім осы ма еді? Ертең ишанға не бетімді айттым? Жүрт бетіне қалай көріне алмақпын? Оншадан мұнша жүріп,

сүрінег жерді тапнагандай, мына қактың үйін мекендей отырып көрмейсің бе жазғанның адал жолдан тайғаны! Ә?... Әлде, бұл әзәзіл өсегі ме екен бір зымияның лаулатып жіберген? Отасқашыма он жыл болды. Содан бері шалыс басқан бір қадамын көрмеп едім. Өлер жерін білетін секілді еді. Мешітке келіп... не бопты жазғанға! Енді қайттім? Әлде, адасқанның алды жөн деп осы бетіммен тарта берсем бе екен аумастан? Әлде, екі құлағымды мақтамен тарс жауып алып отыра берсем бе екен, естімеген болып? Апырау, жөн айттар, жол көрсетер бір пінденің табылмағаны ма, сірә да?

Қара киінген Гүлшәйра көрінеді.

Астапыралда, айдын-күннің аманында қара салынып саған не болды, қатын-ау?

Гүлшәйра. Құдайға ғибадат етеміз, бала оқытамыз дең, болмай алып келіп едің, өмірім қаралы әйелден де жаман болып барады. Құлағы бар құдай болса, қара лашықта отырсаң да естімейтін бе еді дүға-памазыңды?

Ә бідібек. Астапыралда, құдайға тіл тигізе көрме, қатын! (*Ойланып*)... Қатын?! Жо... жоқ. Маган қатын емессің сен енді. Қозінде көлгірсіген жас болғанымен көнілінде шұбар ала жылан бар ұялаған. Жақында маңыма. Лайлама тұнығымды, күнәкәр етпе мына (*өзін көрсетеді*) мүсілім құлын аллашың. Жоғалт қозінде.

Гүлшәйра үш-түнсіз кете береді. Пауза.

Астапыралла-ай, не деп таstadtым? Қысылғанда аузыңа пе түссе соны айта салады екенсің гой. Кет дегенге шын кетіп қалса... құдай-ай, көзім ағарды гой онда. Әділдік, тазалықтың бәрі де Есім ишанның мешіт-медресесінде деп өзім емес пе едім болмай алып келген. Енді жоғалт дедім-ау көзінде бейбакқа. Оған да оңай соғып тұрмаған секілді мына қаңқу сөз.

Балалар қайта жүгіріп өтеді.

Дегенге қызық қайда, қызық қайда,
Қызықтың бәрі-дағы қызыл сайдада...

О? Осы мен не деп кеттім тағы да? Өзімді-өзім жұбатып алдаң тұрғанның қай жағындамын? Жел соқпаса шөптің басы қимылдар ма, бір полесі болғаны гой тегі. Қайран бұрынғының кісілері-ай, «астындағы атыңа, қойныңдағы қатыныңа сенбе!» деп тегіннен-тегін айтқан ба?

Анырау, кет дегенге қайтіп кете қалды, жазған ба-
ла? Гүлшәйра? Эй, Гүлшәйра? Қате...н, ә, қате...ен?
Шығып кетеді. Есім ишан мен Сүлеймен молла кіреді.
Сұлаймен. Эй, қайсысын барсындар! Ишан келе-
ді. Дәрет алатын құмған әзірлендер.

Бір шәкірт бала құман әкеп беріп, шығып кетеді.

Шәкірт балалардың аузынан Әбдібек мұдәріс түс-
пейтін болып алған. Кеше кеште қызыл сайды тағы да
Гүлшәйраны көргендер бар.

Есім ишан. Не дейді?

Сұлаймен. Қынға әбден батып болды жазған-
дар.

Есім ишан. «Хақтың үйінде отырып» төмен етекті
төбенде ойнайтын болса, оның атын сұмдық дейді. Бір
айласын жасау керек.

Гүлшәйралап Әбдібек кіреді де, ишанды көріп тоқтап қалады.

Сұлаймен. Ишеке, осы қөптен бері бір сауал бе-
рейін деп, ретін таптай жүруші едім. Мына Әбдібек мұ-
дәріс те оң келді.

Есім ишан. Ишанның Сүлеймен секілді молласы
болса, ол отырып ишанына сауал қоям дейтін болса,
алда тағаласы оны теріс көрмейтін болады.

Сұлаймен. Бір-бірінің көзіне шөп салған ерлі-
зайыптылар хактың үйінде некелік құрып тұра берсе,
шаригат бойынша не болмақ?

Есім ишан. Бірі-бірінің көзіне шөп салған ерлі-
зайыптылар хактың үйінде некелік құрып тұра берсе,
ондай некелік күнә болады делінген құранда.

Сұлаймен. Күнә болғанда ше?

Есім ишан. Дамоллам, мұндай саулалдың өзі кү-
пірлік делінген құранда. Талақ салған ләзім тағы.

Әбдібек (*толқып*). Ишеке, ләкін, бір-бірінің көзіне
шөп салды деген сөз жалаң өсек, жала болса ше?

Есім ишан. Хақтың кітабында жердегі пендесіне
жала дегенді ойладап, дәлелмен айтқан ләзім делінбек.
Әйтпесе, оның өзі күнә болмақ. Оның үстінен мына гиба-
латханада отырып ишекенниң дамолласы білмеген сөзін
айтпайды деп ойлаймын.

Сұлаймен. Әлбетте. Бәріміздің де қыл көпірден
өтестін жеріміз бар. Еншалла дейін, осы күнге дейін сөй-
лең келгенім хақтын сөзі, ишеке?

Әбдібек. Пендерсінің көзі жетпесе, көңілі дауала-
маса қалай болмак, ишке?

Есім ишан. Құранда пендерсінің көзі жетпесе
жеткізген ләзім, көңілі дауаламаса, дауалатқан ләзім
делінбек, мұдәрісім.

Әбдібек. Ал сонда, дамолланың құранда айтыла-
тын күелары бар ма екен?

Сүлеймен. Әлбетте. Ишекенің дамолласы көзі
жетпеген нәрсені айтпайды. (*Сүлеймен қолын соғады.
Үлкен тұлыпқа оранған бірінші күа кіреді.*)

Есім ишан. Ал, сөйлей бер, түйтебайым, алла-
атымен. Жалған айтсаң, күнә болатынын, о дүниеге бар-
ғанда дозақтың отына жанатыныңды білесің фой.

Бірінші күэ. Білем, тақсыр, құдай сақтай гөр,
хазірет дегенім фой. Мен бір мал қайырайын деп қызыл
сайға бардым. Бара қалсам... құдай-ай, сақтай көр, мына
басы жұмыр пенденді... мына шыққыр көздің шалып қал-
ғаны... кәдімгі Әбдібек мұдәрістің жамағаты Гүлшәйра
бар фой. Тап соның өзі шалжайып тұрып жатыр. Алла
атымен дейінші, өтірік болса, жаным шықсың. Ал, қа-
сындағысы дейсің фой? Қасында, құдай-ау, сізге өтірік,
маған шын, таудай бір, таудай болғанда да сұмдық
тіпті... үйіліп жатқан жусан. Ертемен кетінгі де, үйіп
тастапты таудай ғып.

Сүлеймен. Иә, айттым фой, әне!

Есім ишан. Ал, Әбдібек, жамағатының бұл ісі-
нен не хабар білесің?

Әбдібек. Куәнің айтқаны рас. Отка жағатын жу-
сан шабамын деп сайға кеткені бар болатын әйелімнің.

Сүлеймен. Куәнің сөзін мұдәрістің өзі де раста-
ды.

Есім ишан. Жалғыз ба екен?

Бірінші күэ. Жоқ, жалғыз емес екен, хазірет?

Есім ишан. Өтірік айтсаң тозақтың отына күйе-
сің, білесің фой оны?

Бірінші күэ. Білем, хазірет. Құран көтер десен,
көтерейін жалғыз еместігіне.

Есім ишан. Сонда кім екен қасындағысы?

Бірінші күэ. Қасындағысы ма, қасындағысы...
көптен бері көрмен едім, сойталдай болып қалай өсіп
кеткен десенші?! Кәдімгі өзінің үлкен баласы Сапар-
жан.

Есім ишан. Басқа қосарың бар ма?

Бірінші күэ. Басқа түк қосарым жоқ, тақсыр,

күдай-ай, сақтай гөр мына басы жұмыр пендені, хазірет, дегенім ғой.

Бірінші куә шыгады, екінші куә кіреді.

Есім ишан. Ал, сөйлей бер, түйтебайым.

Екінші куә. Сөйле десең, сөйлей берейін, ишеке. Күн талма түстің шагы болатын. Астымда сынаптай жоргасы бар, үстінде су шайқалмайтын қара есек. Үстімде ине-жіптен жаңа шыққан патшайы шапан. Басымда сусар бөрік. Шыққан жерім Алмасек... Есек басын тірер жерім — Жұністің аулы. Откеп жылы мал құмнан қошкенде сол Жұніс аулындағы ана Иттіқараның Әлінейінде сіргем кеткен болатын. Бір арам қатқыр торнагым, күдай-ай, өзің сақтай көр, мешітте отырып аузыма қайдап түсіп кетті, иә сол арам өлгір енесін емін шыдатнаған соң, алып келе қояйын деп шыққан бастім-тін. Содан астымдағы қара есекті типындағы, желдей үйітқып мына қызыл сайға түсе бердім. Түсе бергенім-ак мүн екен, алдынан көлденеңдеп жаулық салған бір катыш мен бір ерек шыға келгені... Жақын-дасам мына Әбдібек мұдәрістің әйелі Гүлшира. Бірден танып шұрқыраса кеттім. «Мал-жан, бала-шаға аман ба, көңілі-қарның тыныш па, денсаулықтың арқасында шапқылап жүрсіңдер мे?»— деп.

Сүлеймен. Ал, хош, сосын?

Екінші куә. Сонын ба? Сонын... ойпырмай, қара бастырайын десе адамды оп-оңай ғой. Енді қарасам әлгі бір ерек емес, мына Әбдібек мұдәрістің өзі екен. Пәрігөйлерінде дәнеңе жок. Тал түсте бері қарай салып, келе...е жатыр.

Есім ишан. Бары осы ма?

Екінші куә. Иә, хазірет, бары осы.

Екінші куә кетеді, үшінші куә кіреді.

Есім ишан. Иә, түйтебайым, сөйле...

Үшінші куә. Не сөйле дейсің, хазірет?

Есім ишан. Мына Әбдібек мұдәрістің жамағаты жайында.

Үшінші куә. Иә, Әбдібек мұдәрістің Гүлшира дейтін әйелінің бары рас.

Сүлеймен. Хош. Сөйлей бер. Ол әйелді қайда көрдің сен?

Үшінші куә. Қызыл сайдада

Есім ишан. Жалғыз ба?

Үшінші күэ. Жоқ. Жалғыз емес, қасында жаңыл-
масам, біреу бар секілді еді.

Есім ишан. Біреу болғанда кім? Эйел ме, еркек
пен?

Үшінші күэ. Жаңылмасам, еркек секілді еді.

Сұлеймен. Не бітіріп жүр екен?

Үшінші күэ. Зады бір жаққа бара жатты-ау
даймін.

Есім ишан. Бәрі де түсінікті. (*Бара бер деген
ишараг білдіреді. Үшінші күэ шыгады. Төртінші күэ
кіреді.*) Ал сөйле, түйтебайым.

Төртінші күэ. Мен сөйлесем алла атымен сей-
леймін.

Есім ишан. Элбетте, алла десең қателеспейсің.

Төртінші күэ. Әбдібек мұдәрістің әйслінің суық
жүрісі бар скеніне илана беріңіз.

Әбдібек. Астапыралла, мына жазғаш ис дейді?!

Төртінші күэ. Иә- иә, бұл жөніндес күдіктенстін
адам болса, оның өзі құнәлі болғаны.

Әбдібек. Жүрісі бар дегенді кімнен естідің?

Төртінші күэ. Мен құдайдың біреуден естігенді
біреуге айтпайтын құлымын.

Есім ишан. Дұрыс айтады. Естіген қағыс, көзбен
көрген ақихат делінген құранда.

Әбдібек. Біреуден естімесең, көрген боларсың
онда?

Төртінші күэ. Қөргөн де жоқпын.

Сұлеймен. Мынау шатасты.

Есім ишан. Хош, түйтебайым?

Төртінші күэ. Қызыл сай жын-перінің жиналып
түнімен от жағып ойнайтын жері. Ал, Әбдібек мұдәріс-
тің әйелі сол қызыл сайдан шықпайды. Неге шықпайды
қызыл сайдан? Жын-перілермен жын ойнақ құру үшін
шықпайды.

Есім ишан. Бәрі де түсінікті. (*Бара бер деп төр-
тінші күэга ишараг білдіреді, төртінші күэ шыгады.*) Әбдібек, Фибадат үйінде күйеуінің көзіне шөп салған
хор қатынмен неке қысып тұра беруге болмайды делін-
ген құранда. Сөз қысқа. Талақ саласың. (*Көтеріле
береді.*) Ұлы жаракқа шығып, дәрет алып қайтайық.

Қара салынған Гүлшәйра көрінеді.

Есім ишан. Астапыралла, мына бәлекет қайдан
жүр?

Гүлшәйра. Эбдібекті азғырып, мені аластап жа-
тырыңдар гой. Естіп келдім бәрін де. Бірак мына гиба-
датханада отырып айтайын. Мен адалмын. Құдайы
құрғыр шұнақ құдайға естіртіп айтайын. Адалмын.

Есім ишан. Астапыралла, түрі жаман екен. Экет
мына пәлекетінді.

Бір-екі шәкірт Гүлшәйра иш алып шығып кетеді.
Сүлеймен ишаниң кебісін дайындаиды.

Сүлеймен. Эй, қайсың барсыңдар? Ишекең ұлы
жараққа шығады. Құмғанына жылы су әкеп құйындар.
Шәкірт бала су экеледі. Бәрі де сыртқа шығады. Шам қарандыла-
нып жанады. Баяғы құжыра. Эбдібек жалғыз. Терезе алдынан
шуласып балалар өтеді.

Тарқады қызыл сайдан қызық деген,
Бұтақтары состиып қалды-ау емен.

Эбдібек. Есім ишаниң өзі бас болып, талақ сал,
талақ сал, талақ салмасаң күнәнің көтере алмас ауыр
жүгін арқалайсың деп қоймаған соң катыннан да құты-
лып бір тындық. Үн, азаптан арылып арка бір босап
қалды-ау өзі. Мұндайын білгенде әу баста қатын деген-
ге кім жолайтын еді. Шұбар жылан секілді екен
гой, мойныңа бір оралса бітті, өлдім десең босатпайды.
(Омырауының түймесін ағытады.) Ал, Эбдібек мұдәріс,
кан жайлауға шыққандағыдай жаңтайшы бір шал-
калап.

Жылап бес жасар баласы келеді.

Бала. Апамды қайда жіберіп қойдың? Тауып әкел-
ші деймін. Апа-ау, апа! (Жер тенкілен жылай бастайды.)
Эбдібек. Келеді, жашым, ертең қайтып келеді. Жұ-
бана қойшы, балапаным. Келеді дедім ғой кешікісій.
Олди-әлди, бөбекім.

Бала ерекіс-ерекіс жылайды.

Бала. Иә, саған, келмейді, ертең келеді деп алдай-
сың мені, қарным ашты. Молдалармен қосылып сен
апамды қып жібергенсің. Апам кеткелі қарным бір
тойғаш жок. Апа, апа-ау, шай әкеп берші.

Эбдібек от жақпақ болады. Онысынан ештеңе де
шықпайды. Тоңқандап бықсыған отты урлеп әуре-сар-
сан. Сырттан айғай естіледі.

— Эбдібек, уа, Эбдібек. Қызыл сайдада осы үйдің бұ-
зауы енесіне қосылып кетіпти.

Эбдібек (бойын жазып, маңдағының терін сұрте-

di). Түзде бұзауы жамырағаның үйде айраны төгілер деген, міне, осы. Ун. (*Отырады. Пауза.*) Кім білген десенші, катынсыз күн тамұқтың отына жанғанмен бірдей екен ғой. Құдай-ау, бала құнімізде қатынсыз қалай жүрдік десенші өліп қалмай. Әлди, әлди, бөпешім... (*Бала үйиқтай бастайды.*) Әлгі Ағапас сорлы да жогалып кетті.

Ағанас кіреді.

Ағанас. Мен де келдім міне.

Әбдібек. О, Ағанас, келдің бс, шырагым? Неге осыншама кешіктің? Тоса, тоса екі көзім төрт болды ғой.

Ағанас. Кешігетін реті бар ғой. Әуелі Кауен аулына бардық. Жай-күйімізді тыңда болған соң, «жақсы», «Әбдібек бұрын іліс-шатыс адам еді, бір баланы жерге де береді ғой, қиярмыз»— деп келे жатыр еді, бәйбішесі өре түрегелмесі бар емес пе: «Бесік көрген баламызды есік көрген Әбдібекке не деп береміз, жайыца отыр»,— деп. Тіпті бір адудын екел, бетінен тұтіні шығып бет бақтырмайды.

Әбдібек. Хош...

Ағанас. Содан салып отырып Қалмақ аулына бардық. Барсақ Қалмекенің өзі үйінде жоқ екен. Бәйбішесінен шет жағалатып айтып көріп едік, кет әрі секілді емес: «Әбдібекті білемін, баяғыда біздің ауылда бала оқытқан, момын, қақ-соқта жұмысы жоқ адам. Оның үстіне мизам қабығында болса да жакындығы бар. Шешесі Қаят марқұм менің алғашқы түскен жеріме жиенжар болатын»,— деп келе жатыр еді, қырыққандан қымыран іридінің кері болып, әлгі Қалекенің өзі сап ете қалғаны. Содан әңгімені қайта бастадық. Бірақ тыңдаған ол жоқ. «Енді Қайтып ығымшаң да жүрмендер! Қатыннан айрылған Әбдібекке қызыымды беріп құтырды деп пе едіндер. Жогалындар!»— деп тырқыратып қуды да шықты...

Әбдібек. Хош...

Ағанас. Содан жазған құлда шаршau бар ма? Келдібай аулында Кемелбай дегениң бой жетіп отырган қызы бар дегенге салып отырып сонда бардық. Барсақ әлгі Кемелбай дегені сіңірі шыққан сорлы екен. Төрінде сілкіп салар жөпі бүтін бір сырматы болсайшы жазғашың. Содан: «Енді қайттік?» - дей торғызықырап отыр едік, жал-құйрығы күзелген жайдақ шай келді. Карасақ самауыр түбінде әп-әдемі, сыпайы бір кыз ба-

ла отыр. Үріп ауызға салғандай-ау, тіпті, кедейлігінде не бар, тәйірі, қайсымыз қырып жүрміз. Не болса да сөз салайық деген ой келді. Аттанар шакта: «Келмек қөңіл, қайтпак рұксат»,— деп шаруамыздың жай-жапсарын баяндасақ, қоқтен тілегеніміз жерден сан еткені. Әлгі Қемелбай да, опың жамагаты да теріс емес. Содан қөңіліміз шалқын жүре берді. Енді айтылмышты құнді атап: «Уагыда құдай аты»,— деп табалдырықтан аттай бергенімізде баж еткен дауыс шықты. Жалт қарасақ әлгі осы үйдің бой жеткені, екі езуішін ақ көбік ағып құлаап жатыр. Бақсақ, жазған баланың ұстамасы бар екен гой...»

Әбдібек. Хош...

Ағанас. Содан салып отырып Құсеміс аулына бардық. Құсекен жол-жобаны білетін, қөшелі адам гой. Өзімізді кереметтей етіп күтті. Шаруамызды да сабырмен отырып тыңдады. Байқаймын, кет әрі демейтінге үқсайды. Біле-білсе, қызын Әбдібектен артық кімге береді деймін. Бірақ жауапты кешеулете береді. Ертемен тұрып шай үстінде: «Ал, енді, біз жүрерік»,— десем,— «ертең жүресіңдер гой, асығып, не бар?»— дейді. Сөйтіп үш күн жатып қалдық. Ақыры, төртінші күні болмай ат ерттеттім. Аттандыруға Құсекенін өзі шықты. Содан қолтығымнан алып атқа отырғызды да, үш-төрт күн ішкен-жегендерің бойларына құт. Бар, жөнеліндер. Енді қайтып қараны көруші болмандар!— деп қарап тұр. «Ойбай-ау, Құсеке...»— дей беріп едім,—«Әбдібек дегенді біз де білуші едік, әр ауылда тентіреп бала оқытып жан бағып жүрген ку сирактың бірі емес пе еді. Құсеміске кісі салып, «қатын алам» дейтін қаумет қайдан бітті оған?!»— десін ауызға ұрып сөйлеттірмеді. Сонда да: «Құсеке-ау, біз де елміз гой»,— деп жағаласып жатырмын. Бірақ пысқыратын Құсеміс жок. «Ой қырқың жиналышп қыр аса алмайтын елдіктерінің атасының аузын!..»— деп салды. «Құсеміспен үзенгі қагыстырып, босаға тенденсірігілерің келсе, айта бар, қалың малға қалы кілем, кара нар бастатқан қырық тоғызды дайындаі берсін»,— дейді.

Әбдібек. Хош...

Ағанас. Содан екі салымыз суға кетіп, дөкей Шәріптің аулына бет ала бергенімізде...

Осы кезде бала оянып кетеді де, әкесінің екі аяғын бір етікке тығады. «Апам қайда, апама барам!»

Ә б д і б е к (жұбатып). Апаңды келеді деді гой. Келеді. Бар, далаға шығып, ойнай қойшы.

Дорбалардың түбін қағып наң қиқымдарын ұстатады.
Бала жұбанып сыртқа шыгады.

Ә б д і б е к. Ис, Ағанас, қатып алудың жолы қынданап кетті. Міне, үш ай болды, үйқы-күлкі дегенді ұмыттық. Бәрінен бұрын әлгі тентек қажытып барады. Ойнырмай, бұрып байқамайды екенбіз гой, үйге келсөң отың жагулы, қазаның көтерулі, төсегің салулы тұрады. Бәрі де құдды Мұса пайғамбарың асасының құлдіретімен жасалғандай, дап-дайын. Еркек сорлы соны білмейді екен гой. Эйел халқы сол Мұса пайғамбардың асасы секілді екен гой. Жүріп өткен жерінің бәрінде тынып іс қалады. Тазалық қалады. Мен сорлы соны енді байқап отырмын гой. Мен осы күні ала кеулімнен тұрамын. Содан малды өріске айдаймын. Содан су әкелемін. Содан от жағамын. Содан тاماқ пісірем. Содан әлгі тентек жылайды. Соны жұбатам деп биенін бір сауыны әуре болам. Сөйтіп, жүргенде өрістен мал кеп қалады. Медіресен тағы бар. Құдай сактасын. Таусылмайтын бір қиямет-қайым. Айдың күннің аманында жау шашқандай, жаның мұрныңың үшінде. Сөйтіп жүрсең де: Ал, бүгінгі істі бір тыңдырдым-ау»,— деп бел шешер кезің тағы жоқ қой. Ой сұрама, әй, Ағанас-ай, қатынсыз тұргашнан да тамұқтың отына барып күйгеніңің өзі жақсы екен. Нанбайсың ба, нанбасаң бір күн қатынсыз тұрып көрші. Сонда көрейін әуселенді.

Ағанас. Құдай сактасын! Сөзге ерер жайым жоқ.

Ә б д і б е к. Иә, Ағанас, мен сөзге еремін деп құрыдым. (Ойланып.) Эй, Ағанас, сен ит те болса, бір жылғы төл, құрдас едің гой. Кейде, осындай бір қысылған кезде Гүлшәйраға барып: «Ал, кештім, не істесен де үйге жүр!»— дегім келіп кетеді. Сөйтсем, қайтеді? Өзің байқап келдің оңайлықпен тие қоятын қатын қорінбейді гой. Етегіне намаз оқып жүрген кім бар дейсің!

Ағанас. Етегіне намаз оқысын оқымасын, Гүлшәйра сөйтті дегенге өз басым сене де алмаймын.

Ә б д і б е к. Сен бе, мен бе?!

Ағанас. Ендеше, талақ неге салдың зарлатып? Обал жазығы мойныңда гой.

Ә б д і б е к. Ойбай-ау, Есім ишанның өзі бас болып, талақ демесіме қойды ма. Күнә демеді ме?

Ағанас. Қөзің жетпеген нәрсепі істеу, о да күнә.

(Әбдібек ойланып қалады. Сырттан Сүлейменнің даусы: «Әй, қайсың барсыңдар, ишекең ұлы жарақтан келеді. Дәрет алатын құмған әзірлеңдер!»)

Есім ишан мен Сүлеймен кіреді. Бір шәкірт құман әзірлейді.

Әбдібек (оидан серпіліп.) Уай, ишеке, қатынсыз тұру қын болып барады. Бәрін де кешем бе деймін. Гүлшәйраны қайтып алар ойым бар. Бұған не дейсіз?

Есім ишан. Ҳактың кітабында бұрын срлі-зайыпты болған алланың құпәншар пенделері бір-бірінің қунәсін кешер болса, өз ықтиярларымен қайта қосылуларына болады делінген. Бірақ, ол үшін айып, қунәдан тазару тәзім. Алланың төмен етекті құлыша ондай айып қунәдан арылып-тазарылуы үшін халала рәсімін қолданған жөқ, яғни Гүлшәйраны қайтып алам десен, көзіме осы шөп салмайды-ау деген сенімді кісіті үш айға некелеп атастырасың да, мерзімі біткен кезде өз ықтиярларымен қайтарып аласың. Міне, сөйтсөн ғана қунәдан құтылатын боласын.

Әбдібек. Құдай жолы деген соң көлденең келе аламыз ба! Қонеміз де.

Есім ишан. Олай болса, сенімді жан ашыр адамыңды дайында.

Әбдібек (Сүлейменге бір, Ағанасқа бір қараиды, ойланады). Ишеке бұл өлкеде хақ жолын өзіңнен басқа кім бар айнымай ұстаган? Сенімді жан ашыр дегендеге өзіңді айтамын да. Өзіңнен басқа менің кімім бар сенерлік?

Сүлеймен (кеініккіреп қалады). Қім бар деп аузыңды ку шөппен сурте бермесеңші, Әбдібек, көз жүгірттің қарасаң бар гой жан ашырларын айналанда.

Есім ишан. Тәубәңа кел, дамоллам. Айтып отырганың асылық сөз. Пенденсінің аузына нендей сөз салуын бір алланың өзі ғана біледі. Эгәрки Әбдібек мұдәрісі сенімде дегендеге өзіңің ишанын атар болса, бұл әмір оған алладан келіп отыр. Ал енді, ерте күнді кеш қылып отырмаңдар. Барындар. Неке суын дайындандар. Әумин.

Сүлеймен. Эй, қайыссың барсыңдар ишекеңе неке суын даярландар!

Шымылдық

ЕКІНШІ ҚӨРІНІС

Үй алды. Бесін мезгіл. Аспанда жаңа тұған қызың ай.
Әбдібек баласының киім-кешегін жуып жатады.

Бала (өксігін басып). Тагы да күн кешкірді. Апам әлі жоқ.

Әбдібек (айға қарап). Тірі жанға, міне, тағы да жаңа ай туды шалқалай. Гүлшәйраның қайтар кезі де жақын қалды енді.

Бала. Жақындарды, жақындарды? Алдайсың ылғи.

Әбдібек. Алдаганым жоқ, қарғашым, шатастым гоң шешендей күнелі дең.

Бала. Үп-үлкен болып та кісі шатасады екен.

Әбдібек. Адамды кара бастырайын десе аяқ астынан смес пе?

Бала. Ендеше қара бастырмаймын десең аяғыңың астына неге қарап жүрмедің? Қекке қараймыз деп апаман айрылдық та қалдық.

Әбдібек. Енді аяққа қарап сақ жүретін боламыз. (Әріректе балалар шулап өтеді.)

Дегенге қызық қайда, қызық қайда,
Қызықтың бөрі-дағы қызыл сайдада.

Әбдібек (елеңден). Мыналар тағы не пелені бастады? (Жүгіріп Ағанас келеді.)

Ағанас. Әбдібек, уа, Әбдібек! Ойбай-ау, неғып отырсың омалып? Қайдасың деймін?

Әбдібек. Иә мен мұндамын, Ағанас, бір сұмдық бар ма тағы да?

Ағанас (ентігін баса алмай). Ойбай сұмдықтан да жаман.

Әбдібек. Ойпыр-ау, айтсаңшы үзілдірмей. Үй ішің аман ба өзі?

Ағанас. Асқар тау деп жүргеніміз кілең нәжістің үйіндісі болып шықты.

Әбдібек. Мә...

Ағанас. Осы әлгінде аргы беттен қызыл сайға түссе беріп едім, алсып екеу жүр. Ойнап жүрген балалар ма десем, ұксамайды. Улкен көрінеді. Содан бір тасты тасалап жақындал келсем өзіміздің Гүлшәйра.

Әбдібек (өңі бұзылып). Адалмын деді-ау, ол хар!

Ағанас. Тыңдай бер аптықпай.

Әбдібек. А, иә...

Ағанас. Ал алысып жүрген кім дейсің ғой?
Әбдібек. Иә, иә... онысы қай көк сокқыр екен?
Ағанас. Ол көк сокқырың бар ғой... Есім ишаниң тап өзі...

Әбдібек. Не дейді? Сенейін бе, сенбейін бе?

Ағанас. Сондагы айтатыны не дейсің ғой, сақалды басымен ұялмай-қызармай: «Сен менің некелі тоқалымсың!»— дейді. Бірақ көнетін Гүлшәйра жоқ. «Өй, біздің үйдегінің сепіміне садаға кеткір. Сұлейменге өсек таратқызып, дүниені ала тайдай бұлдіріп жүрген өзің скенесін ғой. Сенген қойым сен болсан, күйсегенінді ұра-йын. Аулақ маңымнан!»— деп шыр-шыр етеді байгұс.

Әбдібек. Бәсе, Гүлшәйра солай болса керек еді. Сосын?

Ағанас. Не сосыны бар... Тәйт деп тастың тасасынан шыға келіп едім, ишекең шалқасынан түсті. Бір ай болды күндеңісі осы. Бәйбішесінің көзі тайып кетсе өстіп, бас салады. Бұғін қызыл сайға барып отын шап деп болмап еді, қақbastың ниеті мынау екен. Қашанга дейін төзе бере алам. Керек болсам, келіп алыш кетсін!— деді Гүлшәйра.

Әбдібек. О, сұмдық-ай! Мен қазір жетейіш. (*Шыр-гуга бет алады.*)

Бала: Мен де барам апама,— деп жылай бастайды. Сей-тіп тұрғанда, Гүлшәйраның өзі келеді.

Гүлшәйра. Ойбай-ау, бармысындар? (*Баласын құшақтайды.*)

Әбдібек. Қат...ен, мен қателесіпші. Құрығаңда мешіт, медресесі құрысын. Анада үлкендердің сауатын ашатын мектеп құрылды. Соған мұғалім бол. Дің дегениңді таста!— деп осыншама жалынғанда құлақ аспап едім. Оным да білместік болған. Жүр, бәрі де талақ! Кеттік, еңбекшіл қалың елдің ішіне. Бала оқытартмыз, мал бағармыз. Бір жөні болар, әйтеуір.

Бәрі де шыгады.

Шымылдық

КЕШ ОЯНҒАН МАХАББАТ

ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ ДРАМА

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Жантуар
Шәмшігүл
Дәulet
Ескалин
Ескалиннің әйелі
Төрбиеші әйел
Бибінүр

Базаларды, мебель магазиндерін басқаратын сауда қызметкері Дәuletтің кабинеті. Кабинет иесі жоқ, оны күтіп Жантуар мен Шәмшігүл отыр.

Жантуар. Шәмшігүл-ау, көрсө қызарлық жасап қайтеміз, осы өзіміз қосылған кездегі дүниеміз маган сондай ыстық көрінеді.

Шәмшігүл. Үй шаруасына араласпа, ол әйелдің жұмысы.

Жантуар. Араласпа десең, араласпай-ақ қояйын... Дегенмен, өзімізде жасалатын мебельді де жаман демей жүр ғой. Соны алыш кете берсек қайтеді?!

Шәмшігүл. Жаңа пәтер алыш, жаман мебель қойғанымыз үят, Жантуар, жұрттың бәрінде импорт. Біз не, солардан кембіз бе?

(Осы кезде кабинетке Дәulet кіреді.)

Дәulet. Э, сәләмәтсіздер ме? Кешіріңіздер, бір жұмыстармен ұсталып қалғаным, отырысыздар берірек, төрлетіңіздер...

*(Шәмшігүл мен Жантуар қосарлана амандастып
Дәүлеттің столына таман отырысады.)*

Ал, құлағым сізде!..

Шәмшігүл. Ал, Дәуке, анада: «Қажет бірдемелеп рің болса, хабарласындар»,— деп айтқан едіңіз. Ретін келіп, қаланың нақ ортасынан екі бөлмелі пәтер алдық. Тіпті пәтер емес, жұмак: еден дегеніңіз қызыл паркет, жалтырап жатыр, ванна мен ас бөлменің қабырғасы айна дерсің — ак кафель. Терезелері аттылы кісі өткендей. Ыстық су, сұық су, газ дейсіз бе, бәрі де қол астында. Он екі жыл отын-су тасып, күл шығарған басымыз уй, жеттік пе, жетпедік пе деп журміз.

Дәулет. Э, тамаша болған. Құттықтаймын! Тап өздеріңше қуанып отырмын. Құтты болсын үйлерін!

Шәмшігүл. Шын қуанған адам «құтты болсынды» үйге келіп айтады.

Дәулет. Жөн, жөн айтасың. Шәмшігүл. Оның да ретін келтірерміз бір... Э, келген шаруаларынызды енді түсіндім, жаңа пәтерге үй жиһаздары, жаңа мебель кепек қой, солай емес пе?

Жантуар. Иә, солай еді...

Шәмшігүл. Ұнатқанымыз «Космос».

Жантуар. Білмеймін, Шәкенің ұнатқаны «Космос», ал мен болсам...

Дәулет. Иә, ал сен болсаң?

Жантуар. Мен болсам, ана чех мебелі дұрыс па деп...

Шәмшігүл. Қазіргі жұрт аузында жүргені осы «Космос». Соны аламыз. Біздің Жантуар білмесе де, айта береді.

Дәулет (телефон трубкасын көтеріп бірнеше номер алды да.) Алло... Бұл кім? Э, Бекбатыровсың ба? Өзінде бол, қазір саған Шәмшігүл, Жантуар деген ерлі-зайыпты екі кісі барады.... Ия, Шәмшігүл, Жантуар. Алло... «Космосың» бар ма? Е, болса сол «Космостың» біреуін...

(Жантуарға бір қарап.) Ал, чех мебелі ше?.. Қысқасы, қазір осы кіслер саған барады, қалаған мебелін беретін бол! (Трубканы орнына қойды.)

Бұрын үйленсендер де, жаңа үй болып жатырсындарғой, тағы не кепек? Қысылмандар, айтындар.

Шәмшігүл (батылдана түсін). Екі-үш кілем кепек еді... Екі-үш палас... хрусталь, вазалар, рюмкалар...

Жантуар (ыңғайсызданып). Бір жолға мебелің-
нің езі де аз жүк емес еді гой, Шәке?!

Шәмшігүл. Жоқ, тағы келіп Дәукеңнің мазасын
алғанша, бір жола тындырып кеткеніміз жақсы.

Дәулет (қарқылдаң күліп). Шәкен дұрыс айтады.
Бүгін тындыратын шаруаны ертенге қалдырып керегі
жоқ. Бірақ тағы да айтарым — бәрін бүгін тындырық
деп келмей қойып журмендер. Мынандай жерде отырып
ағайынға колғабыс жасамаудың несі жөн. Қолдан кел-
генде жасаймыз. Жиі-жін хабарласып тұрындар. Маза-
лайды еkenбіз деп қапа болмандар! (*Жантуар мен Шәм-
шігүл қосарлана алғысын айтысты. Дәулет қоштасып,
бұларды есікке дейін ұзатып салды.*)

Көңілді музыка. Экранда бума-бума гүлдер. Бір букетке екінші бу-
кет келіп қосылып жатыр. Сырттан «қоныстарың құтты болсын!»
Шәмшігүл отпен кіріп күлмен шығушы еді. Бір бейнеттің бір
зейнеті бар деген осы. Көзі ашылды енді...» деген сөздер естіледі.
Бір кезде гүлдерге екінші экспозициямен, шампан толы бокалдар
беріледі. Экранда тек қана хрусталь бокалдар... Сырттан бокалдар...
сылдыры, күлкі, құттықтау сөздер.

Дәулеттің даусы. Па, па. «Космос» дегенің
үйді жайнатып жібереді еken-ау.

Бетен даусы. Е, бұл Дәулеттің еңбегі. Дәулет
араласкан шаруа жайнамай қала ма?!

Тағы бір даусы. Жетпей тұрғаны мына бір
жерге пианино керек.

Шәмшігүл даусы. Дәукең аман болса, пианино
да бола жатады.

Мебель магазинінің ішінде еkenін білдіретін шағын ғана задниктің
алдында, егде тартқан әйел болса да, шалбар киген Бибінұр
тұр. Оның қасына Шәмшігүл келеді. Екеуі шүйіркелесіп аман-
дасады. Әрі-бері өтіп жатқан адамдар.

Шәмшігүл. Е, не алмаққа тұрсың?

Бибінұр. Бір мебель түседі деп...

Шәмшігүл. Е, мебелің бар емес пе еді?

Бибінұр. Бар болатын, бірақ мынау айтулы.

Шәмшігүл. Айтулы болғанда не, «Космос» па?

(*Бибінұр мырс етіп күліп жіберді, даусында кекесін
бар.*)

Бибінұр. Арасына ағаш үгіндісін толтырган «Кос-
мос» алып жыным бар ма! «Будапешт» нағыз қызыл
агаштың өзі...

Шәмшігүл Бибінұрдың арғы сөзін естуден қалды, бір түрлі тауы шағылып, қатты өкінді. Экранда ірі планда Шәмшігүл көрініп тұр, ол терең ойда. Бір кезде бір шешімге келіп алға, камераға қарай жүріп кетті.

Дәүлеттің кабинеті.

Шәмшігүл кіріп келіп қысқа ғана амандасты.

Шәмшігүл. Сәлеметсіз бе, Дәуке?!

Дәulet. Ә, Шәке! Сәлеметсіз бе? Төрлетіңіз... Жантуардың хәлі...

Шәмшігүл. Дәуке! Маған мебель керек.

Дәulet. Е, осы жуырда ғана алған едіңіз ғой?

Шәмшігүл. Алғам. Бірақ ұнамайды. Оны мен «Космос» деп дардай етіп жүрсем, арасы үгіндімен толтырылған бірдеме екен. Енді «Будапешт» керек.

Дәulet. Ойбай-ау! «Будапешт» төрт-бес бөлмесі бар пәтерге лайық мебель. Оның үстіне... бағасы да...

Шәмшігүл. Немене, бізді ақшасы жоқ кедей деп естіп пе едін?

Дәulet. Құдай сақтасын, Шәке, ондай ой түсімізге де енген емес. Екеуін де айтулы қызметтесіндер. Жантуар болса анау, жобалау институтында бөлім бастығы, сіз болсаныз, ғылым кандидаты, жоғары оқу орнында сабак бересіз. Табаны куректей он екі жыл әй-шәйісіз өмір сүріп, біріннің көңіліндегіні бірің айттырмай, атаяның дегендерінді қабак қағыстаң дөп басып білетін тату жандарсындар! Ақша сендерде болмағанда кімде болмак?!.. Шынымды айтайын, жалғызы ғана түскен еді, амал жоқ, өзіңіз келіп қалған екенсіз, алыңыз.

Шәмшігүл. Жоқ, өйтіп қиналсаныз алмауыма да болады.

Дәulet. Жо-жоқ! Қиналып отырғаным жоқ, Қазір! (Телефон трубкасын көтереді.)

Алло... Бекбатыровпысың?.. (Оның арғы сөзін музыка басып кетеді. Камера Дәүлеттен жылжып отырып ірі планда телефон аппаратын көрсетіп тұрады. Біраздан соң екінші түрлі музыка беріліп телефонға екінші экспозиция мен будильник беріледі. Экранда будильник. Камера жылжып үй ішін көрсете бастайды. Үй-іші толы мебель. Бөлмеге көп заттар сыймағандықтан жазу столының үстіне түмба, оның үстіне үшінші қабат етіп телевизор қойылған. Орындықтар да бірінің үстіне екіншісі төңкерілген, бір жақта диван, оның үстінде гарнитурдың дәр түрлі бөліктері, олардың үсті жабулы түргандықтан не зат екенін айыру қыын. Екінші жақта пианино, айнасы бар күй іletін шкаф.

Екінші бөлмеге кіретің есік жок, сондықтан ол жақтан кроватың шеті көрініп тұр. Шкафтың үстінде де, пианиноның үстінде де әр түрлі үй жиһаздары. Үй-іші ала көлеңке. Камера осылардың бәрін панорамамен көрсетіп шығып, пианиноның үстіндегі будильникке қайта оралады. Будильниктің шырылдаған даусы естіледі. Екінші бөлмeden Жантуар шығады. Оның орынан жана тұрған беті. Ол үолі тұрған орындықтарды құлатып алады.

Екінші бөлмeden Шамшігүлдің даусы естіледі.

Шәміш гүл. Не болды, жазған?

Жантуар. Мына үйілген орындықтарға сүрініп кетіп, иығымды сүйеулі тұрған кіреует жақтауына соғып алғаным.

Шәмшігүл. Байқамадың ба алдында стулдар барын?

Жантуар. Байқағандығым осы ғой.

Шәмшігүл. Қатты ауырды ма?

Жантуар (*жаярап орына Шәмшігүлге шүйіле түсті*). Ақшамыз бар екен деп күр бекер үй-ішін кәкір-шүкірмен толтыра беріп керегі не еді? Тіпті мына пианиноны ойнайтын ешкім жок, құр сәнгे демесен...

Шәмшігүл (*екінші бөлмeden жүгіріп шығып*). Ешкім жоғы қалай? Қазан аузы жоғары. Отқа қарап отырған жандар емеспіз, қайта тілеу тілеп тұрады. Ана-дағы айтқаным жетпесе, қайталап, анықтап айтайын, баламыз болар ма екен деп ырым етіп алдым!

Жантуар. Жарайды... мұның жөн болсын. Ал, әлгі «Космосың-ак» үйге жетіп жатыр еді ғой... Оны бір айға жеткізбей комиссиянкаға өткіздің де үйді мына бір «Будапешт» деген бәлемен толтырдың да қойдың. Айналатын жер жоқ. Қос-қостан келген сүмдық бір: сырт киім салатын шкаф, іш киім салатын шкаф, ас сервизін салатын сервант, шай сервизін салатын сервант, бөлек-бөлек. Оның үстіне, горка деген пәлесі тағы бар.

Секретер дейсің бе, уш қырлы стол, төрт қырлы стол, шалқақ кресло, еңкек кресло, кітап сөресі, газет-журнал сөресі, жазу столы, сызу столы дейсің бе, тіпті санап тауыса алмайсың. Бұдан он жыл бұрынғы, жалғыз такттай үстіне сыйып кетер шағымыз емес, азда болса екі төсекте кең көсліліп жатып рахаттанып қалып едік, ал мынауыңың екі кіреуеті бірдей сыймағасын біреуін жиһап қабырғаға сүйеп қойдың. Шәмшігүл-ау, бүйтіп қиналғанша, қаланың шет жағынан, жер алып кеңірек етіп үй салып алсақ қайтеді? (*Бұл сөздер айтылып жатқанда*

Шәмшігүл анда-санда экраннан шығып кетіп, жуынып-тараңып, күнін алады.)

Шәмшігүл. Онсоң екі үйі бар деп көрсетіп жүрмей ме?

Жантуар. Мына үйді үкіметке тапсырамыз. (Енді Жантуар жуынып-күнін жүреді.)

Шәмшігүл. Үкіметке тапсырамыз?

Жок, шырағым, айта көрме. От жағып, күл шығарып жүрсін дейсің гой... Бола қоймас оның. Он екі жыл от жағып, су тасығаным да жетеді.

Жантуар. Олай болса, тағы бір ой бар: мына пәтерге жарым жарты мебель қалдырып жасаулап қоямыз да, өзіміз қалған жарым жарты мебельді алыш үй жалдап тұрамыз. «Бөлмемді баласы жоқтарға беремін», — деген хабарландыруды талай жерден көргенім бар.

Шәмшігүл. Жалға бөлме беретіндердің үйі дымдасты болады. Мебеліміз бүлінеді.

Жантуар. Енді не қыл дейсің?

Шәмшігүл. Дал болмай-ақ қой, амалын өзім табам. Бері қара! (*Шәмшігүл Жантуарды қасына отырғызады.*) Ана Есқалин бар фой?..

Жантуар. Қай Есқалин?

Шәмшігүл. Ана музейде істейтін Есқалин Сарыбас ше? Соның жалғыз баласы бар еді гой? Сол үйленіп-ті. Содан көп кешікпей шешесі келінімен сыйыспай, бөлініп кетіпті.

Жантуар. Иә, оның бізге қандай қатысы бар?

Шәмшігүл. Тоқта! Төрт бөлмелі үйде сопайғанина сопайып екеуі-ақ қалса, неге қатысы болмайды! Болады. Үстіне акша қосамыз. Сөйтіп, айырбастау керек үйді.

Жантуар. Айырбастамайтын шығар?..

Шәмшігүл. Өстіп кежегенің тартып тұратыныай! Баспа аяғынды ілгері! Ұңғайлы екі бөлмелі үй болса айырбастар едікті өздері айтыпты. Ал, білгің келсе... (*Жантуар ойланып қалды, Шәмшігүл отқа май құя түсті.*) Музейден алатыны қанша дейсің, қонторғайлау тұрады деп естігем.

(Дәлел орынды болған соң, Жантуардың көнуіне тұра келді.)

Жантуар. Айтқаның болсын...

Шәмшігүл. Тезірек шай ішіп, соларға жетейік!

Мұзыка

Ескалиниң үйі. Ас ішетін бөлме. Ескалин музей экспонаттарының бірін шұқылап отыр. Сырттан есік коцырауы естілді. Ескалин орынан тұрып барып есік асты. Үйге Жантуар мен Шәмшігүл кірді. Ескалин әуелі бұрын келмеген адамдарды көріп талырқапталса да, кешеулеп барып таныды.

Ескалин. Э, Жантуар, екенсің ғой. Жоғары шығындар! Мен қазір!..

(Ескалин экспонатты алып екінші бөлмеге шығып кетті.)

Шәмшігүл (күйеуіне сыйырлап). Мынаның түрі жақсы екен, жолымыз болар!.. (Әр бөлменің есігін бір ашип). Мен тіпті қай мебельді қайда қоюға болатының да шамалап отырмын.

Ескалин келіп, бұларға қарама-қарсы отырды.

Ескалин. Дағарадай, дағарадай төрт бөлмеде жеңгөң екеуміз-ақ қалдық, Жантуар. (Жантуар жөтеліп, Шәмшігүл қозғалып қойды.) Женгелерінің сыпрылып, тазалайтыны болмаса, тіпті әне бір шеткі бөлмеге жұмалап басымды сұқпаймын мен.

Жантуар. Иә, екі бас үшін үйлеріңіз тым үлкен екен. (Телефон звоногі, Ескалин ауыз үйге телефонға кетеді, оның: «Тыңдал тұрмын, жоқ ол кісі үйде жоқ»— деген даусы естіліп тұрады.)

Шәмшігүл (Жантуарға төніп.) Жайыңа отырсай-шы. Өлер жерінді білмейтін әдетін-ау, олар екеу болса, өзің ше? Төртеу ме едің? (Ескалин келеді.)

Ескалин. Айтпақшы, жеңгелерің осы сендерді де үй алды деген секілді еді?.. (Жантуар «алдық» дерін де, «алмадық» дерін де біле алмай әйеліне қарады. Шәмшігүл қысылған жоқ.)

Шәмшігүл. Иә, Сәке, біз де алғанбыз үйді.

Ескалин. Е, оларың жақсы болған екен. Үй так-сыретін біраз тарттындар-ау деймін осы? Женгелерің де: «Апырай, үйді бір алса, солар алуға тиісті еді», — деп жұруші еді.

Жантуар. Оныңыз рас, Сәке, біз көрмеген азап жоқ десе де болады. Қереметі сол азаптан әлі де болса құтыла алмай жүрміз... (Шәмшігүл күйеуіне ала көзімен қарады, Жантуар сасқанынан сөзді басқа жаққа бұрды).

Жантуар. Сәке, женгеміз қайда?

Ескалин. Базарға кетіп еді, қазір келіп калуға тиісті. Айтпақшы, мен шай қоя берейінші, бұрын есік ашип көрмеген балалар едіндер. (Орнынан тұрады.)

Шәмшігүл. Сәке! Әуре болмаңыз, көп ракмет, біз бірер минутка гана кіріп едік, ракмет. Отырыңыз... (*Есқалин қайта отырды, Шәмшігүл манағы бір әңгімені қайта жалғады.*) Келінді болды деп естіп едік, балалар не бөлек шыққан ба?

Есқалин. Үйленген соң бала қызығы өзімен екен ғой. Келіннің төркіні осы жерде еді. Соларға көшіп кеткен. Қыныны мына дағарадай төрт бөлмеде сопайғаннан сонайып екеуден-екеуміз құлазып калғанымыз ғой. Эйтпесе, бала шіркін қашанға дейін қанжығаңда жүреді дейсің! (*Шәмшігүл енді оңтайлы жерден ұрды.*)

Шәмшігүл. Үй ушін киналатын не бар, қала орталығындағы бір-екі бөлмелі пәтерге айырбастаңыз да жіберіңіз.

Есқалин. Тіпті ол да ойымызда жоқ емес. (*Шәмшігүл енді іркілмеді.*)

Шәмшігүл. Айран сұрай келіп шелегінді жасырға деген бар ғой, Сәке, біз сондай бір сөз естіп келіп едік. Жарығы мол екі үлкен бөлме. Балконы да үлкен, әрі көлеңке жағында. Қысқасы, үйіміз жақсы. (*Есқалин үндеңқіремей қалды, Жантуар тап осы жерде батылышақ сөйлемді.*)

Жантуар. Бөтен адамдар емеспіз ғой, шынымызды айтайық, ренжітпейміз.

Шәмшігүл. Қысылмаңыз, Сәке, қосарымыз өз көңіліңіздегідей.

Есқалин. Қысылып отырғаным жоқ, Шәмшігүл шырақ. Женгең қалай қарап екен, соны ойлап отырмын.

Шәмшігүл. Е, өзіңіз тап басып, бел байласаңыз, жеңгеміз қайда кетер дейсіз!.. Міне, ініңіз отыр ғой, шынын айтайын, «қай жағынан шығамыз» деп күні бүгінге дейін қасы мен қабағына қарап жүреміз. (*Жантуар бір көтеріліп, желпініп алды.*)

Есқалин. Жақсы. Женгелерін келсін, тоса тұрындар. Қайда кетер дейсің, айырбастап жіберейікті шығарып жүрген өзі болатын. (*Есіктің звоногі.*) Ә, міне, өзі де келді білем, мен оған оңашада айтып көрейін...

Есқалин ссік ашуға кетеді, әйелі екеуінің сөздері естіліп тұрады.

Жантуар. Қісідегінің кілті аспанда деген емес пе, кешігіп жатқаны құнын қөтерудің амалы шығар...

Шәмшігүл. Мүмкін. Мейлі, тартынба! Біздің үйдің сркегі сен емессің бе? Еркекпен еркек болып сөйлес-дайсің бе бір?

Есқалиннің әйелі шаптыға кіреді.

Есқалиннің әйелі: Қекін деген екен! О не-
сі-ей! Ұялмай ма екен жасы үлкен, жолы үлкен адамға
келіп, сондай сөз айтуға! Жантуар! Сені мен бір инабат-
ты бала деп жүрсем... Кіммін деп, не бетіңмен келдің?
Соны айтшы? (*Жантуар сөз таба алмай құмілжы берді.*)

Шараанаңнан тазармай жатып не бетіңмен келдің
даймін?

Жантуар. Женеше, кешіріңіз, бір ағаттық болды.

Есқалиннің әйелі. Балам кетсе, өз балам, ке-
лінім кетсе, өз келінім. Бүгін болмаса, ертең қайтып ке-
леді. Сонда бұл үйде үбірлі-шұбірлі мен отырмағанда
өкшесі қанамаған Шәмшігүл мен сен қу бас отырмақ-
сындар ма?

Жантуар. Апырай, тым қатты кеттіңіз-ау. Өзгені
айтсаңыз да қу бас демеңізші! Біз де бір жылы ішектің
несіміз ғой!.. (*Жантуардың басқа сөз айтуға дәті шыда-
май орнынан тұрып, есікке бет алды. Оның артынан
Шәмшігүл шыға жөнелді. Есқалин кеткендердің артына
бір, әйеліне бір қарал, мұның не дегендей түрде қалды.
Музыка.*)

Жантуардың үйі. Жантуар мен Шәмшігүл үйге
ашулы кірді.

Шәмшігүл. Әлгі Есқалиннің әйелі нақ көргенсіз-
дің өзі екен. Соншама шаптығатын әкесін біз өлтірген
жоқ едік қой.

Үрлеген қуықтай тырсылдап, ашуға булықкан Жантуар
кінәні әйеліне аударды.

Жантуар. Бәрін шығарған сен осы, ойда жоқта
мебель алам, ойда жоқта үй айырбастаймын деп. (*Енді
Шәмшігүл де шыдай алмады.*)

Шәмшігүл. Мен... мен... мен... кінәлі бәріне де.
Сенің қу бас атануыңа да кінәлі менмін!. Кү бас атан-
саң, оған өзің ғана кінәлісің. Менің денім сап-саяу. (*Шәм-
шігүл солқылдан жылап жіберді. Жантуар тез жады-
рап, өмірі ренжітіп көрмеген әйелінің маңдайынан си-
пады.*)

Жантуар. Жарайды енді. Қоя қой енді. Бадырай-
тып айтпасаң да, түсінem ғой.

Шәмшігүл. Сенің арқанда, әне, «өкшесі қанама-
ған» атандық.

Жантуар. Жә, қи енді ашыныңды бір жолға.

Шәмшігүл. Қимаймын.

Жантуар. Қимағанда не, өл дейсің бе енді. Осы үй де жарайды... (Аз паузадан соң.) Шәмшігүл, әзірше үй кенітеміз деп қайтеміз, осы екі бөлмеде-ак тұра берек кайтеді?

Шәмшігүл. Сыйып отырмыз ба?

Жантуар. Сыяр едік қой. Мына ас ішетін бөлменің жартысында үйшікке де сыйып тұрып едік қой.

Шәмшігүл. Онда дүниеміз, мебеліміз болмаған.

Жантуар. Иә, дүние пәленің бәрі осы мебельде болып тұрғой. (Шәмшігүл тіксініп қалды.)

Шәмшігүл. Неліктен мебельде?

Жантуар. Бұрынғы «Қосмос» болса, үй кенітеміз деп әуреленбей-ак тұра берер едік қой.

Шәмшігүл. Он екі жыл ит болып тұрғаным да жетеді. Енді адамша тұрғым келеді.

Жантуар. Сонда не қыл дейсің?

Шәмшігүл. Ертең тұра горсоветке барып, үш бөлмелі үй сұрайсың. Мынасын қайтарып береміз.

Жантуар. Жарайды, барсам барайын, тек ашуынды басшы өзін. (Жантуар әйелінің маңдайынан шіскеңді, қанша ашуланса да Шәмшігүл жадырайын деді. Мебельдердің арасынан әр нәрсеге бір соқтығып өтіп, гардеробқа келіп шешіне бастады.)

Шәмшігүл. Айттым ғой, ертең қайтсен де горсоветке барасың.

Жантуар. Эрине, барғанда, қандай барам...

Музика.

Тағы да сол Жантуардың үйі. Түс мезгіл. Шәмшігүл күйеуін күтуде. Гүлдерге су күйып радиодан айтылып жатқан көңілді әнге қосыла шыр айналып жүр. Үйге Жантуар кіреді.

Шәмшігүл. Өй, не болды?

Жантуар. Не болғанын қазір айтам, отыршы өзін. Шәмшігүл. Иә, не болды деймін?

Жантуар. Ойбай, сұрама! Отыр деймін!

Шәмшігүл. Айтпасаң отырмаймын!

Жантуар. Айтқанда, былай, басекең айтты: «балаларың болса жоқ, екі басты адамға екі үлкен бөлмегетеді. Ал, бұдан былай бүйтіп жүгіре беретін болсаңдар, екі бөлмені қайтып алып, бір бөлмелі пәтерге жібереміз»,— деді.

Шәмшігүл. Құдай-ау, адамша бір шылым ұсынып...

Жантуар. Ойбай-ау, ұсынбайын дедім бе, кірсем қабырғаға: «бұл бөлмеде шылым шегілмейді»,— деп баттитып тұрып жазып қойыпты. Енді қайтып шылым шегініз дейін.

Шәмшігүл. Мен саған өзінді иғының адамша еркін ұстап, сөзді әріректен, өз мекемен жайлышын жатқан жаңа үйдің сен жасаған проектісі жайлышына баста, шаруаның ретінде сонда ғана келетін болады деп үйретпеп пе едім...

Жантуар. Проект жайын бастай беріп едім, басекен: «Қөлденең сөз тыңдаған отыраар уақытым жоқ, көрдің ғой қабылдау бөлмеде анталап күтіп отыраған жұртты, тоқ етерін айтсан»...— деп қадалып болмады.

Шәмшігүл (зілді үнмен.) Әйтеуір, басқан жеріңнен шөп сынбайды-ау!..

Жантуар. Шәмшігүл, түсінсеңші, ақылды едің ғой

(Шәмшігүл бір шешімге келіп.)

Шәмшігүл. Телефонды ал да, қазір тез такси шакырт!

Жантуар. Е, не болып қалды?

Шәмшігүл. Шаруа бар.

Жантуар. Иә, төтеннен кездескен не шаруа? Аманшылық па?

Шәмшігүл. Шакыр дедім ғой таксиді! (Шәмшігүл киіне бастайды. Жантуар коридорға шығады, оның телефон номерін алғып... такси жіберініз... деген сөздер еміс-еміс естіліп тұрады. Жантуар үйге кіргендеге Шәмшігүл киініп дайын тұрады.) Найкалып тіпті болмай қойдың ғой, жүр!

Жантуар. Құдай-ау, қайда бара жатырмыз, айтығ өлтірмейсің бе, Шәмшігүл-ау?

Шәмшігүл. Бір шаруаға белді бекем байладым Бала асырап алам!

Жантуардың бұл мүлде ойланбаған нәрсесі екен. Шәмшігүлдің сөзі Жантуардың жан-жүйесін тебірентіп кетті. Экранда ірі планда Жантуардың, үлкен үміт күткен, жайнап қуанышқа бөлениген көздері көрініп тұрады. Оның ойы сырттан магнитофон записі арқылы беріледі.

Жантуар (оыйы сырттан)... Бала!..

...Демалыс күні мойның салып алып, паркке барсаң... зоопаркті аралатсан...

...Тіпті басқа қызық-қылығын былай қойғанда. «Папа!»— деген бір ғана бала даусының өзі неге тұрады?!. Дүние жүзінің баласы бір-ақ дауыспен папалайды емес не?!. Ал олай болса, өз нәсілің бе, басқаның нәсілі ме, не тұр онда .. Әңгіме шын аталық махаббатпен тәрбиелей білуде ғой... Өзің біреуді «папа» демесең немесе біреу сені «папа» демесе бұл дүниенің сәні не?!

(Енді камера артқа шегініп Жантуар мен Шәмшігүлді бірге көрсетеді.)

Шәмшігүл, сен керемет ақылдылық жасадын. (Бірнеше рет Шәмшігүлді сүйіп.) Жарайсың, жаным! Жүр! (Екениң жүгіріп шығып кетеді.)

Мұзыка.

Экранда үлкен үйдің сыртқы көрінісі. Оның қабырғасында жазу бар. Екінші камера жазуды ірі планда көрсетеді: «Балалар үйі» деген титр көрсетіледі.

Балалар үйінің кең, жарық коридоры. Шәмшігүл мен Жантуар кіреді. Оларды ақ халат киген, сүйкімді тәрбиеші қарсы алады.

Тәрбиеши. Э, келіңіздер. Сіздерге бала керек қой? Шәмшігүл. Иә.

Тәрбиеши. Онда былай қарай жүрініздер. Эрине, керегі үл бала болар?

Жантуар. Иә, үл бала...

Шәмшігүл. Жоқ үл бала емес, қыз бала. Үл баланың азабы көп болады.

Тәрбиеші қыз келіп есікті ашады.

«Міне, ана бөлмеге қараңыздар!»

Тәрбиеші есікті ашқан кезде бөлмeden балалардың у-шу көнілді дауыстары естіледі, экранда киносъемка жүріп жатады.

Киносъемка. Үлкен жарық бөлме. Балалар әр түрлі ойыншықтармен ойнап жүр. Ортасында тәрбиеші қыз әрбір балаға жақындаған оның ойыншықтарын бүрын беріп тыныш таптай жүр. Бір шетте бір бала, үлкен ойыншық автомашинаны сүйреп келе жатыр. Кинокусокқа есіктен қарал тұрган Шәмшігүл, Жантуар, тәрбиеші қыз да көрсетіліп тұрады.

Жантуар (Шәмшігүлдің қолынан тартып). Мына баланы қарашы!

Машина сүйреп келе жатқан дәңгелек жүзді, көзі қапқара баланы көрсетті. Бұдан соң тек қана студияда құрылған декорация дәліз көрсетіледі.

Шәмшігүл. Үл баланың керегі жоқ дедім ғой мен саған. (*Шәмшігүл ілгері кетті, Жантуар машинасын сүйретіп коридорға шыққан балаға еңкейді.*)

Жантуар. Атың кім?

Бала. Болат.

Жантуар. Болат?!

Тәрбиеші. Иә, бұл баланың аты Болат.

Жантуар. Болат, мамаң қайда?

Болат (*тәрбиесіні көрсетіп*). Міне, тұр ғой.

Тәрбиеші (*Болаттың маңдағынан сүйіп, басын сипады*). Сондай ақылды. Үш-ақ жаста, бірақ елуге деін санай біледі.

Жантуар. Болат, ал папаң ше? Папаң қайда?

Болат. Папам ба?.. Папамды білмеймін. (*Осы кезде екінші бөлмеден Шәмшігүлдің «Ау, Жантуар, жүрсейші», — деген даусы естіледі. Жантуар қозғала беріп артына қарады. Болат Жантуарға тесіліп қалыпты.*)

Болат. Папам бар ғой. Папам ертең келеді. (*Жантуар Болатқа қарай-қарай Шәмшігүл шақырган жаққа кетті. Сырттан балалардың шуымен бірге Жантуардың «ана бала ше, мына бала ше» деген дауыстары естіліп тұрады. Балалардың даусы, күлкісі алдын ала магнитофонға жазылып алушыны керек. Коридорда тәрбиеші қызы мен Болат машинаның дөңгелегін жөндеп екінші бөлмеге кетеді, бұларға бөлмеден шыққан Шәмшігүл мен Жантуар қарсы жолығады. Жантуар Болат кеткен жаққа қарап тұр.*)

Шәмшігүл. Мен ойлаған бала мұнда жоқ болып шықты.

Жантуар. Құдай біледі деін, ана Болат деген бала бар ғой дана болады.

Шәмшігүл (*мырс етіп*). Оны неден білдің?

Жантуар. Сөйлеген сөзінен. Тіпті үлкен кісі се-кілді.

Шәмшігүл (*куліп*). «Данышпандықты бакыргана қарап айыратын болса, онда есек сорлы бәйгенің алдында келген болар еді» деген шығыс макалы бар еді. Соның керін жасадың ғой.

Жантуар. Маған бала ұнады.

Шәмшігүл. Маған ұнамады, ендеше.

Жантуар. Неге ұнамады?

Шәмшігүл. Мұрны...

Жантуар (*куліп*). Өз мұрның бір оңып тұрған-дай...

Шәмшігүл. Оңып тұрмаса, шеге соктықтың? Қүйе-
мін де өлемін деп сонынан қалман едің фой.

Жантуар. Себебі маған осындай таңқы мұрындар
үнайды.

Шәмшігүл. Ал, маған ұнамайды. (Жантуар ақы-
рынғана есікті ашты, балалар шуы естіледі.)

Ал, жүрмейміз бе енді?

Жантуар. Шәке, әдейі келдік қой, ана баланы
алып кетейікші.

Шәмшігүл. Жүр дедім гой мен саған.

Жантуар (*ашуға булығып*). Жоқ, жүрмеймін ен-
деше. Жүре бер өзің...

Шәмшігүл. Болды, жүр! (Жантуарды сүйреп алып
шығып кетеді.)

Музика.

Жантуардың үйі. Таң атып келе жатқан мезгіл.
Екінші бөлмеден Жантуар шықты. Оның түні бойы
үйқытамағаны сезіліп тұр. Шам жақты. Пианиноны
ашты, осы кезде пианино тартып отырган Болат елес-
теді көзіне (бұл қос қатар экспозициямен алдын ала
түсіріп алған фотолар арқылы көрсетіледі). Диванға
отырып еді, қасында Болат отырган елес көрінді.
Сервантқа барып еді, сервант әйнегінен бұған күліп қо-
лын созып тұрган Болат елестеді (мұның бәрі фон-
толар.) Тағы бірнеше түрде көрді Болатты. (Жантуардың
көніл күйіне сай музика аңырап тұр.) Ең соңында колында машинасы бар Болат елестеді де,
(оның пленкаға жазылып алынған «папам бар фой...
папам ертең келеді,— деген даусы естілді. Жантуар
тез пиджагін киді. Шамды сөндірді, таң біліне бастап-
ты. Ішкі үйден Шәмшігүлдін: «Таң сәріден қай-
да тұрып барасың?»— деген даусы естілді. Жантуар
оган жауап қатпай, қолды бір сілкіп шығып кетті.

Музика.

Балалар үйі. Коридор.

Тәрбиеші. Сіз Болатқа келдіңіз бе?

(Жантуар басын изеді.)

Қайтып келетін шығар деп ойлап едім өзім де. Болат
жаңа ғана тұрып тамағын ішіп жатыр. (Тәрбиеші есікті
ашты. Киносъемка.)

Кинокамера есікті бірге ашқандай. Болат кешегідей
шетте емес. Қөп баланың нақ ортасында. Өзге баладан
өзгеше тіпті. Жұп-жұмыр, білеziкtenіп келген сәби қо-
лымен қасық ұстап, аузына апарғаны, сосын бұлтын-

датып шайнағаны тіпті қызық. Коридорда болмашы тірлік азабын ұмытып үлгірген Жантуар бала қылына мүлде тебірене беріліп, күле қарап тұрганы врезкамен көрсетіледі. Болат бір кезде тамагын ішіп болды. Сосын қағаз салфеткамен аузын сұрті. Сосын даяши қызға: «Рақмет!»— деп столдан түсті де, томпандап бері журді. Коридорда (студияда) тұрган тәрбиеші оны шакырыды.

Тәрбиеші. Болат, бері кел! Сен кеше менің папам ертең келеді деп едің фой, міне, папаң. Саған келіп тұр. (*Болат жақындағы беріп сәл аңырып қалады.*)

Болат. Папа?!

Жантуар. Иә, Болатжан, мен сенің папаңмын. Танымай қалдың ба? Келе фой бері. (*Жантуар жүрелеп отыра қалып қолын жайды. Болат ұмтыла берді.*)

Болат. Папа! Сағындым фой сені!

Жантуар. Сағынсаң келдім, міне, құлымын. Бір жола алып кетейін деп келдім. (*Жантуар Болатты жерден көтеріп алып құшырлана сүйді. Оның көз жанары мен нұрындағы шын әкелік мөлдір махаббат бала жүрегіне осы сәтте жетті. Болат та «папалап» Жантуарды құшақтап мойнына асылды.*)

Экранда ірі планда тек Жантуар мен Болат. Осы кезде, сырттан, магнитофонға жазып алынған Жантуардың ойы естіледі.

Жантуар ойы. «Дүниеде құрығанда үйі құрысын, дүниесі құрысын. Он екі жыл тұрган үшігіме қайтып баруға бармын. Тек қасымда Болатым болса жетті!...»

(*Содан фон Жантуар Болатты мойнына мінгізді де, сол бойда далага шығып кетті. Тәрбиеші әйел бұлардың соңынан сүйсіне, ұзақ қарап тұрып қалды.*)

Мұзыка.

Киноусок. Аспан ап-ашық. Кек — жапыракқа малынған айналағанғы самалмен баяу тербеліп, шайқалады.

Шашырап тұған күн үйқысынан енді оянып, дағдылы тірлік қамына кірісе бастаған кең көшениң сонау маңдайына ілігіп көтеріліп барады. Жантуар Болатты мойнына отырғызған бойы сол қасқа күнді бетке алып адымдай басып жүріп келеді. Бұл — қаланың әсем көшелерінің бірі Ленин проспектісі. Жанағана су шашатын машина жуып өткен көшे асфальті күнмен шағылысып айнадай жарқырайды.

ТҮЙЕ КӨТЕРГЕН

РАДИОПЬЕСА

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

Битабар
Балуан-Шолак
Әлім
Бертшек
Сілеусін
Амантай
Ылғаз
Левенштерн
Шофер жігіт
Заманбек
Басқалар

*Оқиға 1918—1930 жылдар аралығын қамтиды
және Караганды шахтерларының өміріне арналады.*

Балуан-Шолақтың «Фалиясын» салған әлдекімнің әсем әні бойды шымырлатып, даланы кернеп барады. Әннің ара-арасында:

- Ой-хой деген!
- Қайтсін-ай, шіркін!
- Ғашықтық не істепейді!
- Шын-ақ, сабаз екен!— деген көтермеші дауыстар естіліп тұр. Ән біте берген кезде, біреудің:
- Мынау кім-ай, соңша омыраулап!— деген ашулы дауыс шығады.
- Танымай тұрсың ба? Битабар ғой...
- Е, бәсе...
- Құшті болсан қүшінді Балуан-Шолаққа көрсетші! Әлім жеттік қыла бермей...

Битабар (*гүж etin*). Қөрсетсем, көрсетем, несі бар! Балуан-Шолақты құдай дейсіндер ме сондай-ак. Мен сияқты ол да адам.

- Мынаны түлен түртіп тұр.

— Бар, ендеше. Шақыр жекпе-жекке!
— Осының ештеңеден хабары жок... Эй, сен, әлгі ән айт-кан адам Балуан-Шолак екенін білесің бе?

Б и т а б а р (таң қалып). Не дейді? Шын ба?

— Өтірік айтып не көрініпті?! Сенбесен, үйге кір. Өз көзімен көресің.

Б и т а б а р. Ау, өздерің неғып тұрсындар?

— Біз сені күтіп тұрмыз. Әуелі сен кіресің, Балуанға сәлем бересің. Сосын біз...

Б и т а б а р. Кірсем, кірем, несі бар?! Мені қорқады дейсіндер ме?

— Кір, кір!..

Есіктің сықыр етіп ашылған дыбысы, жігіттер мен қыз-келіншектердің ойын-күлкісі...

Б и т а б а р. Ассалау мағалейкүм!

Б ал у а н. Ұағалейкүм... кел, кел!.. Бұл қай жігіт?

Б е р т ш е к. Әлгіде сізге айтқан Битабар деген жігіт осы. Біздің ауылдың балуан-сымагы...

(Күлкі.)

Б ал у а н. Құлмендер... Бұл бір өзі қызық ойын үстінде келді. Балуан екені рас болса, мұны да бір сынап көрейік... Солай емес пе, жігіттер?

Д а у ы с т а р:— Дұрыс, дұрыс!

— Ал, **Б и т а б а р**, қапы қалма!

— Ел сағын сындыра көрме!

Б е р т ш е к (сыбырлай сөйлен). Эй, Битабар, мас-кара болма! «Мен жаңылыптын»,— де де, жөніце тай!

Б и т а б а р (гүж етіп). Мен бе? Сен не айтып тұрсың, ей?!.. Балуанға — құлдық, бірақ, мені сынаса сынасын!

Д а у ы с т а р:— Дұрыс, дұрыс!

— Эй, **Б е р т ш е к**, ұстама қолын!

— Сынасын бағын!

Б е р т ш е к (қипақтап). Мейлі... мейлі... Сынаса сынасын... Менікі әншайін туысқандық... Ұялып қалмасын деген ой...

Б ал у а н. Мен сезіп отырмын, атылғалы отырған арыстанның алдын кес-кестейсіндер... Ал, жігітім, менін сыныма шыдасаң, шартым мынау!.

Б и т а б а р. Айтыңыз.

Б ал у а н. Егер қолымның қаруы бар десен, алқы-

мынан ал да қылқындыр. Өле кетсем құдай алдында сұрауым жоқ, аяма, жаным шыққанша қыса бер. Қыса алмасаң, жеңілгенің... Осыған тұрасың ба?

Б и т а б а р (*гүж етіп*). Тұрмай несі бар?! Құдай алдында сұрауым жоқ дейсіз... Келініз, көреійін...

Б е р т ш е к (*ышқына*). Эй, Битабар, ақымақ болма!

Б а л у а н (*ешкімді тыңдамай*). Кәне, кел! Аянба! Не саған серт, арыстан, не маған серт.

Б и т а б а р. Жарайды, балуан, сіздің айтқаныңызға тұрдым.

Б а л у а н. Кел, ендеше!

Д а у ы с т а р:— Ал, шегініңдер!

— Ортаны босат!

— Отырма Балуанның қасына!

Бастаушы. Б и т а б а р «бісміллә» деді де, арбиған сау-сақтарын Балуаның алқымына қадады... Бірақ қос уысы айқаспады. Бар күшін жинап Балуанды алқымдаш жоғары кетере берді. Сол кезде Балуан қойдың жілігін жемсауына салып жіберіп, бытыр еткізе түсетін буркітке үқсан, басын мойнына ала беріп, шұлып қалып еді. Б и т а б а р дың қолы сарт етіп шырып кетті. Мойын емес, темір дерсің, тырнақтың ізі де қал-маған. Б и т а б а р қайта ұмтылмады, жеңілгенін таны-тып, басын шайқады да, орнына барып отыра қалды.

Д а у ы с т а р:— Женілді, жеңілді!

— Эй, Битабар-ай!

— Балуанға кім шақ келсін!

Б е р т ш е к (*ысылдаі сөйлем*). Айттым гой мен саған, ескерттім ғой... Өй, есуас!

Б а л у а н. Оу, жас арыстан, ренжіп қалған жоқ-сың ба?

Б и т а б а р. Балуан, мұның бәрі жақсы ғой. Дегенмен, белдесіп күш сынақсанға не жетсін?

Б е р т ш е к (*ашына*). Эй, Битабар! Не деп былшыл-дап отырсың?!

Б и т а б а р. Е, мен не айтыппын?

Б е р т ш е к. Арыстанмен алысып, мерт болайын деп пе едің? Жайына отыр, Битабар!

Б а л у а н (*жайдары*). Жас арыстан жықса, кәрі батасын береді. Ал, кәрі арыстан жықса, мерт етем деп жықпайды, өйткені шығар биігім, жеткен жерім осы демейді. Десе шын қартайғаны оның. Қайта мен бол, мендей бол!— деп қияға баулиды. Жас арыстанның бетінен қақпа, Бертшек!

Б е р т ш е к. Қойдым, қойдым, Балуан.

Би та б а р. Құлдық, Балуан.

М у з ы к а .

Б а с т а у ш ы . Неге екені белгісіз. Б и т а б а р түнімен үйықтай алмай шықты. Ертеңгі күн сәт сайын құбылып қиян-килы көрініс береді. Әуелі Б а л у а н - Ш о л а к п е н жағаласқан секілді еді. Сол елестің арты алыстап, арыстан, жолбарыс секілді түсі суық мақұлықтарға ауысып кетті.

Осы бір ой азабы, тіпті үзак мазалады. Үсті-басы малшынған қара тер. Б и т а б а р т е р ең бір курсініп, аунап түсті. Түндіктің жабылмай қалған бір саңлауынан қара көк аспанның пүшпағы көрінеді. Содан кос жұлдыз жымындаپ тұр.

М у з ы к а .

Енді жатып үйықтап жарытпайтын болған соң И м а н а қ тауын бетке алып үзак жүрді. Ауылға сәске түстін кезінде оралды. Оңаша үйден оқшауырақ жерге кілем жайылған. Қара-құра халық көп. Со лардың ортасында Б а л у а н - Ш о л а қ, сараңдау домбыра шертіп, әлдебір әнгіме айтып отыр. Б и т а б а р д ың келгенін алдымен Б е р т ш е к біліп, үшып тұра келді.

Б е р т ш е к . Кешегі есуастықты таста. Әкем де естіп, ренжіп жатыр.

Б и т а б а р . Өлсем де, жағаласып өлем.

Б е р т ш е к (ызбарлы). Әй бала, Балуан-Шолақ үш жүзге аты жеткен, аруақты адам. Жағаласпа. Мерт боласын.

Б и т а б а р . Сенің менде нең бар осы...

Б а л у а н (оны енді байқап). Ә, жас арыстанбысың? Кел, кел бері қарай!

Б а с т а у ш ы . Балуанның даусында кешегідей күлық-ажуа жоқ та, құрмет бар. Битабар еңкейіп тағым етіп, кос қолын ұсынды. Жүрегі өрекпіп, буын-буыны қалтырады. Балуан-Шолақ домбыраны былай қойып, жалаңаш етіне жамылған түйе жүн шекпенді сырыйп тастанды — күреске дайындалып келгені көрініп тұр...

Б и т а б а р (даусы дірілдеп). Шәке, мен кеше асылық айтсам керек. Екі кісі белдессе бірі жығары аянғой, не сіз не мен... Қорғалап қорқып тұрғаным ол емес, бірақ. Сіздің қасиетті жағанызға кол апаруды артық деп білем. Қаласаңыз батаңызды былай алым келеді.

Б е р т ш е к (қуанып). Е, мұның ақыл болды... Әй, есуас!

Б а л у а н Өнерің не сонда? Қөрсет көпке өнерінді!

Ш у ы л д а ғ а н ж ұ р т д а у с ы : Битабар түйе көтөреді!

Б а л у а н . Ал, кәне, келтіріндер ендеше түйелерінді!

Бакырган түйе даусы. Жұрт шуылы:— Эне, эне, жануардың төрт аяры салбырап қалды. Айттық қой, Битабар түйе көтереді деп.

Балуан. Ер екенінді емеурініңнен-ақ танығанмын, жас арыстан. Менде не бата болсын?! Саған айттар бір-ақ ауыз ақылым бар. Соны тыңдалап ал да, өмір-бақи үмытпа...

Битабар. Айтаңыз, Балуан, үмытпасқа антетем.

Бершек. Үмытпайды, үмытпайды...

Балуан. Ендеше, айтайын: күрес те өнердің бір төресі. Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрме оны!

Шаттық музыкасы гу етіп, біразға дейін лапылдан кетеді.

Битабар (*музыка фонында*). «Күрес те өнердің бір төресі. Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрме оны...» (*Жалын ата*) Батаңызға құлдық, Балуан аға! Бұл сөзіңізді үмытпаспсын өмірі...

Балуан. Мен сіздермен қош айтықталы түрмyn, елім! Уш жүздің баласында өзіме тартып туған кім бар деуші едім. Асылық екен айтқаным. Бар екен... Эй, жас арыстан! Әлім ақсақал сыйлаған мына текежәумітті мен саған сыйладым...

Бершек (*жарыса*). Оу... оу... құдайға шүкір, Битабар ат мінем десе табылады. Бұл атамның сізге арнаған сыйлығы. Мініп кетесіз.

Балуан. Бершек шырағым, өмір деген қан базар. Жорға мен жүйрікті базардан келе жатқан емес, базарға бара жатқаның мінгені жөн... Жас арыстан, ал тізгінді! Мін игілігіңе!

Битабар (*қобалжи*). Рақмет, Балуан аға...

Балуан. Сіздерге айттар қоштасар сөзім — әнім болсын! Естерінде жүрер ескерткіш бол әнім қалсын!

«Фалия» әні, күшті екпінмен басталып, біртіндеп баяулап кетеді. Бастауышы. Балуан-Шолак осылайша, аттанып кетті. Соның ертеңіне Битабардың үйіне Бершек келді.

Бершек. Битабар, жақынырақ отыр, әңгімем бар.

Битабар. Ия, айта бер.

Бершек (*сәл мұдіріп*). Сен ғой білектің адамысың?! Күш-қайратыңмен күн көріп жүрсің... Саған жорғаның не қажеті бар?

Битабар (*түсінбей*). Не қажеті бары қалай? Мен жорға мінсем, немене, зорығып өле ме?

Бершек. Әкем әнеугі күні бұл жорғаны Балуан-Шолаққа жұрт көзі қылып ұсынған. Ел кезгеннің бәріне

текежәуметті жетектетіп жіберіп бізді жын қағып па?!

Жорғаны қайтып бер. Орнына қалаған атыңды мін.

Б и т а б а р (*енди туғыніп*). Солай ма?.. Мен бұл не айтып отыр десем...

Б е р т ш е к. Солай, Битабар... Сен жорға мініп шайқалақтамай-ақ қой. Өзіңе жарасатын іс істег...

Б и т а б а р. Сонда мен аруакты Балуан-Шолақтың сыйлап мінгізген атын сендерге қайтып бермекпін бе?!

Б е р т ш е к. Неге бермейсін?! Ол біздің жорға.

Б и т а б а р. Жок, Бертушек, оның болмас. Балуанды мен өйтіп қорлай алмаймын. Жорғаны қайырсам тек Балуанға қайырам.

Б е р т ш е к. Бұл сенің үзілді-кесілді жауабың ғой?

Б и т а б а р. Эрине, енді не деп ең?

Б е р т ш е к. Жарайды, ендеше. Сол жорғаны саған бүйиртсам, Бертушек атым құрысы!

Атқа мініп келген адамның дубірі. Б а с т а у ш ы. Осыдан соң көп үзамай қара жорға бір түнде ғайып болды. Құні бойы атын іздеген Б и т а б а р, тек кешке қарай жорғасын талтты. Қара жорға мойның соза құлапты. Ішек-карыны актарылып жатыр. Б и т а б а р еңкейіп қара жорғаңың мандайынан сипады — сүп-сүық. Жас арыстанның көзінен жас моншактары домалап-домалап кетті.

Қайғылы музыка.

Б и т а б а р. Элеке, біреу қара жорғаны пышақтап кетіпті...

Ә л і м. Не дейді?.. Рас па?

Б и т а б а р. Рас.

Ә л і м. Эй, Бертушек, мұны істеген кім?

Б е р т ш е к (*безектеп*). Мен емес, әке, мен маңайынан да жүрген емеспін, әке. Анада өзің айтқаннан бері қара жорғаны мүлдем ұмытқанмын.

Б и т а б а р. Элеке, пышақты қара жорғаға емес, Балуан-Шолаққа салғандай бол түр маған. Жарықтың ескерткішін сақтай алмадым. Бәрінен де осы азары өтіп барады.

Б е р т ш е к. Анада мен: «Жорғаны қайыр»,— дедім. Сенің малға бас-көз бола алмайтыныңды білгенмін. Енді тек өзіңнен көр.

Б и т а б а р (*гүж етіп*). Эй, Бертушек!

Ә л і м. Дауды қойындар, балалар. Түбіміз туыскан. Екеуің қосылып бір құстың қос қанатысындар. Тату жүріндер. Тату жүрсендер, ат та бар, ас та көп...

Б е р т ш е к. Битабар туыс қадірін білуші ме еді...

Б и т а б а р. Сенің білгендегің осы болса...

Әлім (*басу айтып*). Ат тұяғын тай басар деген, Балуан-Шолактан бата алған баласын, жаяу қалғаның жарамас. Жылқыға бар да, тандаған құнаныңа құрық сал.

Бертшек (*кеіін*). Әке, сенің осы орынсыз мырзалиғын-ай...

Битабар. Қара жорға тұяғын құнан да, тай да баса алмайды, Элеке. Айтқаныңызға рақмет. Мен мал дауламаймын. Бірақ бүгіннен бастап іргемді аулақ саламын. Қетемін елден.

Музика

Бастаушы. Арада біраз жыл жатыр. Туысина өкпелі Битабар әр елді аралап, жиын-тойда белдесіп күреске түсіп, «мен мықтымын» деген талайлардың қа-бырағасын каусатты. Осындай бір ретте бір ауылдан екінші ауылға келе жатып жырашықтың үстінде түрған машинаны көрді. Қасында екі адам — бірінің басында шетел қалпак, оқшауырак жерде ызырық желден ыбысып, мойның тығып алған. Екіншісі машинаға секіріп мініп, секіріп түсіп әлек.

Битабар. Е, неге тұрсындар, ерте күнді кеш қылып мидай далада.

Левенштерн (*ұнатпай*). Неге түрғанды білмейді, ә?

Битабар. Көріп келім болмаса, қайдан білем!

Левенштерн. Көріп келің болмаса да, көріп түрған жоқсың ба?

Битабар (*kekетін*). Көргенмін білмейді.

Левенштерн. Қазактар өстіп, білмегенсіп, аңқау келеді.

Шофер. Ау, ақсақал, білмеген жердің ой-шұқыры көп деген емес пе, байқамаппыш, сазға түсіп кетіп шыға алмай жатырмыз.

Битабар (*таңдана*). Бұл мақұлығың да батып қалады екен ғой. Енді қалай шығарасың?

Шофер. Біле алмай тұрмын. Сүйреу керек шығар, не қөтеру керек.

Битабар (*қызып*). Қөтеру керек пе?

Шофер. Қөтерсе де болады.

Битабар. Сонда бұл мақұлықтың салмағы қанша?

Шофер. Екі тонна.

Битабар. Тоның не? Атан түйедей бола ма, соныңды айтсайшы.

Шоғер. Екі жарым түйеге пара-пар-ау...

Левенштерн (*ашулы*). Бұл неғылған бітпейтін
әңгімे? Жігітім, былай түр! Мешайт қылма!

Битабар (*намыстанып*). Мен бе мешайт қыла-
тын?! Саған ерісken мен осы макұлығынды сопаң ет-
кізіп суырып алып берейін бе?

Левенштерн. Ал, суыршы!

Битабар. Былай түр!.. Я, аруак!

(*Ысылдаған дауыс.*)

Левенштерн. Өй... өй... Мынауың шынымен-ақ
суырып алды... Неткен күш!.. Эй, жолдас, үлкен рақмет
саған! Мынадай қайратпен бұ далада неғып жүрсің?
Одан да келсейші бізге, Қарағандыға!

Битабар. Ол жақта, немене, қазы мен қарта үлес-
тіріп жатыр ма?

Левенштерн. Шахтер боласың... Білесің бе, шах-
таның не екенін?

Шоғер (*сыбырлай сөйлем*). Ақсақал, бұл кісі үлкен
нашандік... Шахтаның бастығы. Егер шахтаға түсіп
жұмыс істесеңіз, пайдаға шаш етектен кенелесіз.

Битабар. Эй, қойшы! Алыстан арбалағанша жа-
қыннан дорбала деген...

Левенштерн. Шахтаға сендей қарулы жігіттер
керек-ақ. Әлде де, ойлан. Егер келе қалсан, Қарағанды-
да мені білмейтін жан жок. Фамилиям — Левенштерн,
Ұмытпа!

Битабар (*құтылғанша асығып*). Жарайды, жа-
райды...

Левенштерн. Ал, қош бол!.. Қарағанды жайлы
Ұмытпа!..

Машинаның гур етіп, кеткен дыбысы. Бастауши.

Битабар «Жарайдыны» кекесінмен айтса да, ойланып
қалды. Бір күні танертең төсектен тұрса келер қыс белгі-
сін танытып қырбақ қар жауып қалыпты. Суық жел соға-
ды. Қөрші екі үйдің өзі жок, жұрты қалған. Қарағандыға,
шахтаға кеткен, көшіп кеткен бір жола. Битабардың
есіне Қарағанды, Левенштерн түсті. Осыдан кейін көп
аялдамады, жан-жақтан құйылып, Қарағандыға бет ал-
ған көп керуеннің тобына Битабардың да көші ке-
ліп қосылды... Осылайша, шахтер болған Битабар
түнгі кезектен келіп, енді ғана дем ала беріп еді, сырттан
баласы Амантайдың даусы шыкты:

Амантай. Эке, әке-ау, әу, әке!

Битабар. Е, не болды, балам?

Амантай. Қызық бар, көремет қызық! Мә, мына газетке сенің суретінді салыпты!

Битабар. Қане, қай жерінде?

Амантай. Әке, жок, теріс ұстап тұрсың. Міне, былай... Міне, мына төртеудің ең зоры...

Битабар (*кейін*). Әй, осы сауаттың жоқтығы-ай!. Ал не депті? Оқышы.

Амантай (*ежіктен*). «Ле-вен-ште-рн да-ла-ның кө-пей-і мен дө-кей-ін шахтаға алып келді».

Битабар (*күліп*). Қөпей болып, дәкей болып кездескен екенбіз... Қатын-ау, енді байқа.

Сілеусін. Құдай-ау, дәл өзі. Қалай айнытпаған!

Битабар. Айнытса, тамыр бола ма! Тамыр болған соң да айнытпай салдырығаны. Бұл Левенштерн шын азамат екен, айтқан жерден шықты. (*Мақтанып*.) Қарағандыға келген кезде өзі қарсы алды. Таңдал жүріп үйді де бір әдемі жерге тіккізді. Шахтаға да өзі алып түсті.

Сілеусін. Өзін үйге шақырып дәм татқызсақ қайтеді?!

Битабар. Сен, қатын, шүрқ етпе! Бұл Левенштерн тамыр күніне бес норма берсем, паекты да көбайтемін деп отыр. Не құрмет көрсетсек те, сосын көреміз...

Сілеусін. Сол нормы деген бәлесін бермейсің бе, ендеше?!

Амантай (*күліп*). Әкем ерегіспей отыр. Егер ере-гиссе...

Битабар. Осында Үлғаз деген балуан келіпті. Ол да бес норма беремін дейтін көрінеді... Соның бетін қайырмасам, менің сөзім босқа қалғалы тұр... Сол Үл-ғазбен жарыска түсемін-ау шамасы...

Музика

Бастаушы. Битабар осылайша, Карагандының белді шахтерлерінің бірі болып кетті. Елден кеттім, туған жерден қол үздім деген кейбір өкінішті сезім ғана оның аңқылдаған ақ жүргегіне қаяу салатын... Бірақ, ол барлық рахатты шахтадағы еңбектен талты. Күніне төрт норма... бес норма беретін Битабар, дүниенің бар қызығы тек осы шахтада деп үкты. Соңан соң ол... Левенштернге сенді. Ай дала, айсыз тунде жалғыз келе жаткан жолаушы астындағы сенімді атына қандай берілсе, ол да сондай берілді... Сол Левенштерннің сенімін актайдын деп ол, міне, қазір осы бір шахтерлер жиналысында екпіндеп сөйлеп тұр. Дабыrlаған дауыстар. Жиналыс.

Битабар. Жолдастар, мен балтай-шалтайды біл-

меймін. Бұ жұрт көтеріңкі міндеттемелер алып жатыр. Ендеше жұрттан қаламыз ба, мен де жарысқа тусемін. Елімізге көмір керек. Мен де көтере-көтере міндеттеме аламын!

Ылғаз. Эй, Битабар, сен мені білесің ғой?!.. Менің де ойым осы.

Левенштерн. Битабар ойлаған жерден шықты! Оның мақсаты — жұрт алдында болу.

Битабар. Е, құдай жазса...

Левенштерн. Сонда жарысқа кіммен түспек ойың бар? Ана Әлимен, әрине, түспейтін шығарсың...

Битабар (*шошып*). Құдай сақтасын!.. Естіген жұрттан үят-ты...

Левенштерн. Енді кіммен?

Битабар. Ана Үлғаз жұлқынып отыр ғой. Соған тәуекел қылайын.

Ылғаз. Мен дайын... Мені Битабардан қорқады дейсіндер ме?

Левенштерн. Э, өзім де солай деп ойлап едім.

Битабар (*гүжілдеп*). Дұрыс ойлағансың, тамыр...

Левенштерн. Бұл жарыс та қазақтың күресі секілді. Женіліп қалып, сүйегіне таңба салып жұме.

Битабар. Құдайға шүкір, әзірге ондай атағымыз шыққан жок, тамыр.

Ылғаз. Нар тәуекел!

Битабар. Мені Үлғазбен жарысады деп жаз.

Левенштерн. Жарайды, болсын. Бізде қара нар, қалы кілем болмаса да, жұрт алдында атап беретін бәй-геміз бар.

Битабар (*көтеріле сөйлен*). Шаппай бер десем, асылық болар. Күні бүгінге дейін Битабардан бәйге құтылып көрген емес, тамыр.

Левенштерн. Бәйге құтылмағанын білемін. Сонда да ескерткен жөн.

Битабар. Оныңа рақмет, тамыр.

Дабырлаған дауыстар азаяды.

Левенштерн. Ал енді, тамыр, оңаша қалдық қой, шыныңды айтши. Бізде сендей шахтерлер құрметті. Қандай тілегің бар, соны айт.

Битабар (*сал ойланып*). Рұқсат болса, бір ғана тілек: су тапшы. Жұмыстан келгенде жуынайын десен, шай ішейін десен...

Левенштерн (*сөзін бөліп*). Ия, су мәселесі қыын

мәселе. Тасып үлгіре алмайды. Дегенмен, тағы да көлік бөлеміз. Эрі... Битабар тамырга суды бұрынырақ қүйдеп тапсырармын... Тағы не тілек?

Б и т а б а р . Басқа тілек жоқ, тамыр.

Л е в е н ш т е р н (*сәл паузадан соң*). Балаң осы нешеде еді?

Б и т а б а р . Оннан онбірге шығады.

Л е в е н ш т е р н (*сәл кідіріп*). Биылғы оқудан қалып койды-ау, ә?

Б и т а б а р . Ия, көшіп-конып жүріп мектепке бара алмай қалды.

Л е в е н ш т е р н (*сәл ренжіп*). Мен бала болса да еңбек-харакетсіз отырғанды жек көрем... Тамыр, білесің бе, Амантайды да шахтаға түсіру керек.

Б и т а б а р (*ойланып*). Түссін... Әлі жеткенше істер.

Л е в е н ш т е р н . Қемір қазбайды, ат басына мінеді. Вагонеткамен сыртқа қемір шығарады.

Б и т а б а р (*қуанып*). Ие, оған ие ғой, өзіме қанша тартпиды десем де...

Л е в е н ш т е р н . Онда ертеңнен бастап жұмысқа шықсын. Паек алады, ақша табады.

Б и т а б а р (*сәл қобалжып*). Жарайды, тамыр, сен не айтсаң да сенемін... Эйтеуір, маган жамандық істемейсің, соны білемін... Мен де сені алдамаймын, тамыр...

М у з ы к а

Б а с т а у ш ы . Л е в е н ш т е р н шынында да Б и т а б а р дың қолын ештеңеден қайырған жоқ. Еңбегін бағалай білді, сол себепті

Б и т а б а р дың данқы бүкіл Қарағандыға жайылды...

Дабыр-дабыр дауыстар.

С а т у ш ы . Эй, жүрт өзеуремендер! Бұл сендерге аткора емес, магазин... Ал, қане, талоныңды әкел... «Бір жарым кило ет. Бес жұз кірәм май». Мә, ал. Ой, өзің де іскер-ақ екенсің... Ал, болды, тайып тұр!.. Мұны азсынсаң жұмысты жөндеп істе. Паекты да көп аласың. Жүртты үстама деймін, жөнел дедім ғой!

С і л е у с і н (*сәл қорқа сөйлеп*). Мен Елбаевтың семьясы едім...

С а т у ш ы (*айқайлап*). Қай Елбаев? Битабар ма? Оу, былай тұрындар! Жол бер, жол бер!.. Бері кел, женгей! Оу, Елбаевтың семьясына жол беріндер дедім ғой мен сендерге!

С і л е у с і н (*имене сөйлеп*). Мынау талон...

С а т у ш ы . Білемін, білемін... Міне, жұмыс істесен-

дер Битабарша істендер! Ат та, атақ та бір өзінде! Шах-
тер болса — осындай болу керек қой!..

— Рас, рас!

— Алсын, алсын қайтеміз...

М у з ы к а.

Б а с т а у ш ы. Қарағандыға келген Б и т а б а р жай-
лы әңгімелер бүкіл шахта комбинатына тарай бастаған
болатын... Дәл қазір бұл орамда Б и т а б а р д а н аса-
тын шахтер жоқ. Сөйтіп жүргенде,
Б и т а б а р д ың басына тағы бір колайсыздық тап бол-
ды.

С і л е у с і н (*урейлене сөйлеп*). Битабар... Үлкен
атам үйіндегі қайын аға келіп отыр.

Б и т а б а р. Кім?.. Кім?.. Ә-ә, Бертшек пе? О, қай-
дан жүр?

С і л е у с і н. Қайдан екенін сұрамадым.

Б и т а б а р. Ай, алла-ай, кеше ғана ойыма алыш
едім...

М у з ы к а

Б а с т а у ш ы. Б е р т ш е к жыты оранып, от басында
отыр екен. Сақал-шашын коя берілті. Тым жүдеу. Бұрын-
ғы кезде өзіне қиянат жасаған Б е р т ш е к т ің осы бір
бейшара халін көрген Б и т а б а р, барлық өкпе-назыны
ұмытты да, ауылдан, сонау туган жерден келген Б е р т-
ш е к к е ұмтыла берді.

Б и т а б а р. О, Бекеңбісің? Қайдан жүрсің?

Б е р т ш е к. Жайырак, жайырак...

Б и т а б а р. Ой, саған не болды?

Б е р т ш е к. Расынды айтшы, сен баяғы Битабармы-
сың? Әлде белсенді болып алдың ба?

Б и т а б а р. Белсендісі несі?

Б е р т ш е к. Ә, өзім де солай жорамалдаған ем, адас-
паған екем.

М у з ы к а

Б и т а б а р. Ал, үй-іші, ауыл-аймақ аман ба?

Б е р т ш е к. Ауыл-аймақ дегеннен не қалды дейсің,
тоздығой. Үй-ішінен хабарым жоқ.

Б и т а б а р. Сонда не, басқа жактан келемісің?

Б е р т ш е к. Сен сұрама, мен айтпайын. Қаны бір
туыс қой, паналатар деп келдім. Жақсы орналасты, тұр-
мысы онды дегенді және естідім.

Б и т а б а р (*лақылдан сөйлеп*). Е, не көрінді сонша-

ма, аунап-кунап жата бер, үй жетеді. Төсек-орын бар, паек та бар.

Мұзыка

Бастаушы. Бертшектің келгені Битабардың ойына қара дауыл тұрғызғандай болды. Ол ауылмен мұлдем коштастым деп ойлап еді, сөйтсе өзінің тұған жеринен бәрібір алысқа ұзамайтынын сезді. Бертшектің осы келісі сонау алыста қалған ауылды есіне түсірді... Сағынысып көріскең Бертшекпен ұзак түнді үйкесіз өткізген Битабар бір қуаі жұмысқа бармай қалды. Мұны іздеп үйіне Левенштерн келді.

Мұзыка

Левенштерн. Сен бүгін жұмысқа шықтай қалдың. Ал ылғаз болса, көмірді боратып жатыр. Сөреге қай жүйрік бұрын келеді: ертең кеш айқындаиды. Байқа, Битабар балуанның жауырыны жерге тиіп қалып жүрмесін.

Битабар. Тамыр, мен кеше паекты уақытында ала алмай қалдым. (*Гүжілдеп сөйлем*). Тамақ ішіп, әлденіп, демалған соң кешкі сменаға түсемін... Тұн шабамын, күн шабамын... Сонда бүгінгінің есесі қайтпай ма? Екі тәуліктік қауһар бар Битабарда.

Левенштерн. Оған сенемін... Ал, мына кісі кім?

Битабар. Тұысым...

Левенштерн. Мен бұл кісіні осы шахта маңында көрмедім рой.

Битабар. Қонақ қой.

Левенштерн. Иә, білемін, қазақтың айлап жатып алатын қонағын... (*Бертишекке бұрылып*). Эй, достым, сендерде мақал бар рой... Әлгі... ия, қонақ бір қонса құт, екі қонса жұт... Солай ма? Бұл үйге неше қондың?

Битабар. Ау, тамыр, былай... олай жатса жатқан шығар, түбі туысқан рой... (*Қатынына жекіп*.) Эй, қатын, көзіңе қара, шайынды қүй жөндең.

Левенштерн. Сен қатын деп айқайлай берме.

Сілеусін. Қайнағаның келгеніне кеше бір ай...

Битабар. Ай, саған қалған сөз бар ма осы...

Левенштерн. Бір ай. Келген күннен бастап жұмыс істесең рой, үкіметке де, өзіңе де қанша пайда келтірген болар едін.

Бертишек (*жасқана сөйлем*). Денсаулық жоқ, жұмысқа жарамаймын.

Левенштерн. Туысқан, сен бұлай ет, бізге кел. Ақша табасын, паек алатын боласын... Сен мына Битабар.

бардың семьясына қара... Битабар көмір қазады... Паек алады. Он жастағы Амантай далаға көмір шығарады. Ал, сен болсаң бір ай бойы солардың еңбегін сорып жатырсың. Мұндайды арам тамақ дейді. Түсіндің бе?

Бертшек. Түсіндім.

Бастауши. Левенштерн кетіп қалды. Біразға дейін үй ішінде тыныштық орнады. Бертшек насыбай салатын шақшасын анда-санда саусағымен тарсылдатып терең дем алыш кояды. Сөзге алаң болған Битабардың сусыны енді ғана қанса керек, табақша тубінде қалған шайды қаттырақ үрттай тартып, кесесін тәңкерді. Битабар ұшып келді ме, жүгіріп келді ме білмейді, көмір тиеген вагон рельстен шығып, әкбоз атты қабырғаға жаныштап тастаған. Бос вагон екінші ретте, ол да қалың жарды опыра сүзіп тұр. Амантай жоқ, Битабардың жуан даусы барлығып шықты.

Битабар. Амантай, балам-ау, тірімісің. Қайдасың?

Бастауши. Амантай үндемейді. Битабар баланың мандайынан ұстады, сұп-сұық. Өн-бойы мұздап журе берді. Қалтыраған қолын кетеріп алды. Балада жан жоқ. Сол бойда ілгері жүрді. Алда ашық аспан, артта қара түнек, шыңырау шахта. Қалың нәпір жұмысшы қолында өлеусіреп жанған шамдар. Сонау тереңнен басталып, Битабарға тірелген. Шайқалақтап, қозғалып Битабарға ілесіп келеді. Жоқ, көр қаранғы түнектен шырак атаулыны Битабар сүйреп келеді... Аппак болып сәүле тарады. Кияда оқшырайып күн тұр. Балада жан жоқ, дем жоқ. Сыртқа шықкан қан да жоқ. Бар нәрсе — самай шекесіндегі дақ. Бары сол. Ылғаз тұр. Сазарып үнсіз тұр. Эли тұр, жылап тұр. Десятник басын шайқап, едірейген мұртын басты. Левенштерн келді. Бас киімін алыш, тағым етті. Битабар иілген жоқ, жылаған да жоқ... Битабар будан кейін өзінің не болғанын да білген жоқ. Әстіп жүргенде, терезе тықылдады.

Битабар. Бұл қайсың, ей?

Дауыс. Біз. Аш есігінді.

Битабар. Бұл кімдер өзі, жеті қаранғы түнде жүрген.

Дауыс. Біз, шам жағындар.

Битабар. Ай, сендер кімдерсіндер ей, айтсандаршы.

Дауыс. Кім тұрады мұнда?

Битабар. Мен... мен тұрамын, нашандік.

Дауыс. Атың кім деймін?

Битабар. Битабар... Битабар үрлық іstemейді, Битабар өтірік айтпайды.

Дауыс. Тағы кім тұрады?

Б и т а б а р . Қатын... бала.

Дауыс. Тағы кім тұрады?

Б и т а б а р . Қо...нақ.

Дауыс. Кәні, қонағың қайда? Тұр! Атың кім? Документтінді әкел. Атың Бертшек емес пе?

Б е р т ш е к . Атым Бертшек.

Дауыс. Біздің іздеңгініміз сенсің. Кәнікей айтындар, алтынды қайда тықтындар?

Б и т а б а р . Битабар алтын тықпайды. Паек бар, жалуна бар. Битабарға алтынның керегі жок.

Дауыс. Міне, мұнда. Дәл өзі. Мынаның тыққан жерін қарашы, жүн-жүрқа салған жаман қапшық.

Б а с т а у ш ы . Мұны естіген Б и т а б а р жүргін үстады, бірде айтқан Бертшек сөзі есіне түсті: «Менде қазына бар! Сондай көп қазына, тіпті екеуміздің қалған өмірізге жететін қазына», Бірак

Б и т а б а р оған мән берген жок-ты...

С і л е у с і н . Астапыралла... Битабар... Битабар...

Б а с т а у ш ы . Б и т а б а р мен Бертшек кезенген мылтық астында қаранды түнді жамылып далаға шықты... Ойда жоқта Б и т а б а р істі болды. Жылап келген С і л е у с і н г е айтары: «Әділдік бар, зан бар, корықпа, шығарады әлі», Тергеушіге айтары: илан осыған. Алтыны барын білген жок Б и т а б а р . Қашып жүргенін де білмеді. Жақын ағайын, туыс деп келді. Аш келді. Ал, Б и т а б а р жұмыс істейді, жақсы істейді. Паек бар, ақша бар. Тұрмыс жақсы, үй бар, сосын ашығып келген туысты кет дей алмады... Амантайдың қайғысы аз болғандай, бұл да бір үлкен қайғы болды.

Б е р т ш е к . Битабар, «Жақсы әке баласына қырық жыл азық болады, жаман әке қырық жыл қазық болады» сол айтқандай менің саған қатты зияным тиіп кетті. Егер қолыңдан келсе, кешір мені.

Б и т а б а р . Мен неге кешірем. Битабар саған туысқан емес пе? Сенің бір ауыртпалығынды көтере алмасам, несіне туысқан болып жүрмін.

Б е р т ш е к . Оныңды білем фой, бірақ мен де қуыла-куыла әбден бейшара болдым. Осыны түсінсөң жеткені маған.

Б и т а б а р . Битабар саған өкпелемейді...

Б а с т а у ш ы . Б е р т ш е к к е бола Б и т а б а р ды түрмеде көп ұстаган жок, Левенштерн барып ба-луанды босатып алды. Осы бір жай оған жана бір екпін берді. Б и т а б а р карқынды үдете түсті. Ақыры, осы бір жарыстың қорытындысын шығарар күн де туды.

Шахтерлер үлкен залға жиналды.

Л е в е н ш т е р н . Жолдастар, бүгін бізде үлкен той. Октябрь революциясының он үш жылдық мүшел жасын

табыспен қарсы алғалы отырмыз. Шахта айлық жоспaryн жүз он процент орындады. Той дегенім осы. Табыс күрметіне бәйгеге ат қоспасақ та, күрес бастаймыз.

Дабырласқан жұрт даусы.

Левенштерн. Бірінші бригаданың атынан жауырыны жерге тимеген атақты балуан Битабар... Ортаға шық! (*Тарсылдаған аяқ дыбысы.*) Екінші бригаданың атынан жауырыны жерге тимеген белгілі балуан Ылғаз... Ортаға шық.

Дабырласқан, қошамет көрсеткен жұрт даусы.

Бастаушы. Нені болса да шын деп түсінетін аңғал Битабар ортаға шығып шешіне бастап еді. Левенштерн екі балуанды екі жағына алды да, кәдуілгі Европа ойынының дәстүрімен кезек-кезек қолдарын көтерді.

Левенштерн. Айлық нормасын жүз тоқсан жеті, ал Ылғазбен жарыска түскен соңғы он күндік нормасын үш жүз жеті процент орындаған Битабар балуан бірінші орында. (*Жұрт шұлыы:* «Битабар жасасын. Урра-а!» Айлығы жүз сексен бес, соңғы он күндігі үш жүз — Ылғаз балуан екінші орында. (*Тағы да дабырласқан жұрт шұлыы.*) Бас бәйге — шапандық жасыл барқыт — бес метр. Битабарға беріледі. (*Кошемет.*) Екінші бәйге — көйлектік сатин — төрт метр. Ылғазға беріледі. (*Тағы да жұрт қошаметі.*)

Бастаушы. Осыдан кейін Битабар өрлеп кетті. Өлкек қөлемінде сінсіз өтөр жиын жок. Сондай бір жиналыш. Битабар кешігіп келді. Зал толып қалған. Сонау алыс саңнадағы қызыл үстел басында көп адам. Танитыны — Левенштерн. Танитыны — ана бір орта бойлы пұшық сары, облыстың келген бастық. Батталқан ұлы Заманбек. Кеше Левенштернге еріп танысадеп Битабар үйіне әдейі арнап, өзі келген. Битабардың жүртттан бұрын сол Заманбек көріп, президиумға шақырды.

Заманбек. Битабар, бері шық, бері, бері, мұнда.

Бастаушы. Битабар екі айтқызыған жок. Аяғында кара саннан келетін саптама етік пен көмкерген байпапы одан да үзін. Калың жүрттты жарып барып, үсынған орындыққа отырды. Заманбек түрегеліп тұрып қос қолдан амандасты. Левенштерн де кол беріп жатыр. Левенштерн сөйледі. Битабардың үққаны шахта жақсы. Жоспарын орындағы. Битабар жақсы. Жоспарын асыра орындағы.

Бастаушы. Қенет зал да, адамдар да жоғалып кетті. Битабар шахтада жүр. Бұрықыратып көмір шауып

жатыр. Өзінің Амантайы, жалғыз Амантайы соның ішінде жүр. Жок, ат басында... Жок, жарық дүниеге шығып барады екен гой... Жок, вагонетка төңкеріп жатыр... Жок, емес-ау, рас, жүргені де рас. Атка мініп жатқаны да рас. Жарық дүниені беттегені де... Вагонетка төңкергені де... бәрі де... Бірақ бір сәтте, бір уақытта... Амантай біреу, екеу, ушеу болып көбейіп барады. Битабар Аманжаны өлгелі осындай халге душар болды. Сап-сау отырады, сап-сау жүріп келе жатады... Кенет бәрі де өстіл іріп жүре береді. Түсінбейді осы өзгерісті. Битабар шошып кетті. Караса, Заманбек сейлемп тұр.

Битабардың үққаны: бұрын қазақ мал бакқан. Қешіп жүрген. Аздап егін де салған. Сонда да қешіп жүрген. Қазір де мал бағады. Бірақ көшпейді. Бұрын қазақта жұмысшы болмаған, қазір жұмысшы бар. Жаңа тап құрылды. Өкімет сол жұмысшының қолында, сендердің қолдарында, жаңа тап — жұмысшы табының мандаиді алды өкілі мына — Битабардың қолында.

Битабар. Менің қолымда ма?

Заманбектің даусы. Қөсеміміз Ленин осылай деп айткан.

Битабар. Э, Ленин айтса, қалпы айтпауға тиіс.

Бастаушы. Жұртпен бірге Битабар дуылдатып қол соқты. Жок, қол соққан жок, үйде отыр. Иманактың бауырында, кіз үйде. Амантай кіріп-шығып, қараған тасып жүр. Жок, қараған тасып жүрген жок, тон жамылып үйкітап жатыр. Битабар еңкейіп қарай береді. Астапыралла-ай, тон емес кой бұл. Үйілген то-пырақ кой... жас то-пырақ... Битабарды біреу буйірінен тұртіп жатыр: «қабыр! қабыр!..» Соны айту үшін тұртқілегені ме? Битабар бұрыла берді. Қараса — Заманбек. Иегімен мінбені көрсетеді. Зал ду-ду. Енді түсінді: Битабарға сөз берген... Битабар естімеген. Зал соған дуылдасып жатыр.

Битабар. Шахта абырайлы болса, біз де абырайлы екенбіз... Абырайлы болу үшін қирата жмыс істеуіміз керек екен. Ал, жігіттер, аянбайық. Тас-талқан етіп көмірді шаба берейік. Ленин үкіметті бізге беріпті ғой. Біз енді үкіметке көмір берейік.

Бастаушы. Битабардың өзі өз болып шешіліп сейлегені, шешен сейлегені осы. Битабар бұрынғыдан да өрлең кетті... Қасіподарғының облыстық конференциясына делегат болып қатысты. Облыстық конференция, өлкелік съезге делегаттар сайлады. Сайланғаның бірі — Битабар... Кішкене жер үй. Қарағандының жаңа вокзалы осы. Бетін солтүстікке түзеп поезд тұр. Оңтүстікке жаңа астана — Алматыға жүрмек. Оңтүстікке тұра жол — солтүстік арқылы өтеді.—Ақмола... Қекшетау, Қызылжар... Омбы, Новосибирь... Се-

мей... Алматы. Бұл жол да алыс, алыс болса да жақын.
Левенштерн келді.

Левенштерн. Ал, жолдастар, жайғасындар.
Дауыс. Е, Битабар, қайда екен? Кешікті ғой.

Левенштерн. Қазір поезд қозғалады, вагонға кіріндер деймін.

Дауыс. Әлгі Битабар қалып қоятын болды-ау.

Левенштерн. Битабар жүре алмайды.

Дауыс. Е, не болды, жүре алмайтындей?

Левенштерн. Қөмір басып қалыпты.

Дауыс. Не дейді? Тірі ме өзі?

Левенштерн. Өлі-тірісін кім білсін, қазып алып, ауруханаға жөнелттік.

Қанғыр-күнгір темір дабыл
қағылды. Екі иығынан дем алып тұрған паровоз ыш-
қына бір айқайлап, қозғала берді.

Бастауши. Битабар көзін ашты... Айнала аппак.
Тебе де, жатқан тәсегі де. Шошып кетті де, көзін қайта
жұмды. Колын сермеді. Битабар. Кет! Кет! Кет
деймін. Ыңырып жылаған дауыс естілді. Сілеусіннің
даусы.

Битабар. Ойпырмау, Сілеусін мұнда қалай келді?

Бастауши. Бұл не? Қайда жатыр Битабар?
Тебе неге аппак? Тәсек неге өзгеше? Байқаса басында
Сілеусін отыр. Битабардың аузына су тамы-
зып отыр.

Битабар. Мен қайда жатырмын?

Сілеусін. Ауруханада жатырсың. Міне, бүгін
үш күн...

Битабар. Ал, біздің Левенштерн тамыр қайда?

Сілеусін. Алматыдан әлі келген жоқ.

Битабар. Э, ия, Алматыда сыязда екен ғой. Әйт-
песе, неғып келмей жатыр деп ем...

Бастауши. Құндер жылжып өте берді... Битабар
мықтылығынан ғана өлмей қалыпты. Бөксеге енді-енді
жан кіре бастады. Битабар өз қадірін енді білген-
дей. Келген-кеткен адамда сан жоқ. Қелмек болып ке-
зекте тұрғандар одан да көп. Ылғаз келді. Буын
бүркіратып, бір табақ ет алып келді.

Ылғаз. Келем дегендерді кезекке қойыпты. Сүм-
дық. Өлдік-талдық дегенде қолымыз зорға жетті ғой.
Ал, же! Майлы ет жесең ғана көтеріле аласың.

Битабар ойы басқада.

Б и т а б а р . Ет қайда қашар дейсің, сыяз қалай өтті? Соны айтшы, Ылғаз.

Ы лға з. Жақсы өтті, Битабар. Кім сөйлесе де сенің атың: Битабар... Битабар... Шахтамыз да сондай абыройлы екен. Мына сенің Ләуеншкерн тамырың да шаруаның тубін түсіретін кісі екен фой. Жарықтық сондай көп макталды.

Б и т а б а р (оқыс). Ол тамырдың өзі қайда жүр қазір?

Ы лға з. Жұмысында. Қеше бізге келіп кеткен. Бұрынғыдан да ширақ. Айтары — партия сенімін, үкімет сенімін актамайтын шахтердің құны бір-ақ тиын.

Б и т а б а р дың да усы: «Апырау, түрмеде де келіп еді фой. Бәлніса қыын болып па?! Неғып ат ізін салмай жатыр?»

Мазасыз бір музыка ойналады.

Б и т а б а р . Алматы деген қандай қала екен?

Ы лға з. Жұмақ дерсін. Біз барсак жып-жылы. Жел болмайды дейді. Қар дегенін жауады да еріп кетеді. Жауады да еріп кетеді. Жұрт шапаншаң жүр. Ал, біздің аяғымызда жуан қоныш етік. Үстімізде тон. Басымызда тымак... Қемір қазғанда да дәл сондай терлемеген шығармын. Қара су боп жүресін. Жұрт саған оқшырая, күле қарайды. Қатты қыс болады, қақап боран соғады дегенді бірі түсінбейді.

Битабар көнілденейін деді.

—

Б и т а б а р . Апрай, ә!

Ы лға з. Құдай-ау, алма дегенді естігеніміз болмаса кім көрген... Базарына барып ек... Тұнып тұр, қып-қызыл. Әрбіреуі кісінің басындей.

Б и т а б а р . Тәтті бола ма екен?

Ы лға з. Тәтті болғанда тілінді үйіреді... Бірак кеңеуі жок па деймін, қанша жесең де әлгіндей болмай жүргегің карайды.

Б и т а б а р . Е, қалай десен де, кертіп жейтін қазыкартаға қайдан жетсін.

Ы лға з. Оның рас. Рас айтасың, Битабар. Қазыкартаның садағасы да... Ал, алып жібер, табақтағы ас суып барады.

Битабар қарқылдалап, рахаттана күлді.

Б а с т а у ш ы . Құндер жылжып өтіп жатыр...

Битабар балдаққа сүйеніп терезе алдына келді. Бір-біріне мін-гескен тоқал үйлердің арасы ашылып қалған. Үй қапталында, көлек келі жерде ғана қар бар. Бірақ көшеде қылтанақ жок. Қирышық тастар. Шалшық су. Арба ізі... Саздауытта адам іздері... Бір үйдін маңдайшасына сырық ілінген. Басында кішкене жәшік. Қолдан жасалған бұтақшага екі қара торғай кеп конды. Битабар үзак қарады, құлағын терезеге төседі. Түк естілмейді... Неге естілмейді? Неліктен қара торғай ән салмайды?— Битабар қара торғай шырылын сондай сағынып кетті...

Балдағын көтере берді де үшымен терезені түртіп қалды. Сынған шыны салдышы. Содан кейін шырылдаған қара торғай даусы. Ауруптар шуылы.

Терезе қирады. Терезе... Ал, өлдік енді... Дәрігерді шашындар. Дәрігер!.. Жүгіріп келген аяқ дыбысы.

Дәрігер. Ойбай-ау, мұныңыз не, Биеke?

Битабар. Бәлнісінде жата-жата тойдым, шыратым. Үйге шығарындаршы.

Бастаушы. Күндер жылжып өтіп жатыр. Битабар үйіне шықты. Балдақпен кош айттысан. Ендігі жолдасты — таяқ. Даалаға өз бетімен шыға алады. Үйге өз бетімен кіре алады. Дүниенің зор бақыты өз бетімен даалаға шығып, өз бетімен үйге кіру екен гой.— Битабар ашкан тағы бір жаңалық. Жұрт баяғыдай, көңіл сурал, келіп-кетіп жатыр. Битабар да баяғыдай. «Қатын, түр, шай кой... Қатын, шайынды жақсылап құй... Қатын, майынды әкел».

Сілеусін. Әлгі дүкенші бір ит болып шықты...

Битабар. Е, неғып? Мактап журмеуші ме едің ылғи?

Сілеусін. Сен ауырғаннан бері өзгеріп кетті. Паекты дүрыстап бермейді.

Бастаушы. Битабардың есіне Левенштерн тусти. Кисандап шахта кеңесесіне келді. Баяғы таныс бөлме, алдында баяғы жас қыз.

Битабар. Қызым, Битабар келіп отыр деші тамырга.

Сықырлап есік ашылып-жабылады.

Қыз. Қазір қабылдайды. Қүте тұрыңыз.

Бастаушы. Қабырга сафаты бір тынбайды: шық-шық... шық-шық... Битабар үзақ қарап отырды. «Сағаттың шықылдағы емес ермек»,— Қайдан естіді? Қашан естіді?— Жадында жок. Кім айтса да рас-ау. Эркім әр килем карекет үстінде: егін салады, мал бағады... көмір шабады, машина айдайды. Тек Битабар ғана сағат шықылын ермек етіп, есік күзетіп отырған... Талайлар кіріп жатыр, талайлар шығып жатыр. Есікке дамыл жок. Битабар әлі отыр. Сағат тілі шық-шық... Кет деген ешкім жок. Қел дейтін де бір пендे табылар емес. Сондай үлкен Битабар сондай елеусіз... Қыз жақсы бала екен.

Б и т а б а р құйзелісін сезіп қалғандай.

Қ ы з. Иван Иванович жұмыс басты фой. Сізді ұмытып кетті ме деймін, кіре берсеңіз де болады.

Б а с т а у ш ы. Битабар кіріп келеді. Қөзіне ең алдымен қолын созып тұрган Ленин түсті. Қесемге қараган сол қалпы бір-екі аттап барып отыра кетті. Левенштерн сонау алыста қалды.

Л е в е н ш т е р н. Е, тамыр, бері жақында...

Б и т а б а р. Битабарға осы арада жарайды. Қөп жүрсө аяғы ауырады.

Б а с т а у ш ы. Битабар өз орнында отырып қалды. Левенштерн де қозғалған жок.

Л е в е н ш т е р н. Пенсия тағайындааттырғам. Естіген шығарсын?

Б и т а б а р. Битабардың ата-бабасы пенсия алып көрген емес. Битабар да алмайды...

Б а с т а у ш ы. Левенштерн үндемеді. Битабар да тым-тырыс отырып қалды. Мұнда да қабырға сағаты бар екен: шық-шық... жок, сағаттың шықылдағы ермек екен. Жауп күткен Битабар ермек етіп отыр. Қөзі Ленинге түсті. Қызық: Ленин қолын созған қалпы түп-тура Битабарға қарап тұр. Ана жолы келгенде де естіп жылдық нұрын сеүіп қарап тұрды-ау. Қалай аңғармаған десенші.

Л е в е н ш т е р н шыдамады білем, тіл қатты

Л е в е н ш т е р н. Ал, сонда не шаруа?..

Б и т а б а р. Бір сұрағым бар, тамыр.

Л е в е н ш т е р н. Айта бер...

Б и т а б а р. Битабар бәлністе табаны күректей екі ай жатты. Аурудың көнілін сұрап бір рет болса да неге келмедин?

Л е в е н ш т е р н. Жұмыс көп, тамыр. Науқан... Қемірді көп шығар дейді жоғарғы жак. Шығармасаң орнынан алып тастаймыз дейді.

Б и т а б а р. Тоқта, тамыр. Ана, желкендегі Ленин көсем не деп тұр?

Л е в е н ш т е р н (жанып кетеді). Қемірді көп беріңдер. Әр шахтер жоспарын асыра орындасын!— деп тұр.

Б и т а б а р. Мандай алды деп мақталған шахтер жарапалып қалса, қасына жолама, халін сұрама деп те тұрган шығар?..

Б а с т а у ш ы. Сасқаны ма, неге екені белгісіз, Левенштерн артына мол бұрылып Ленинге қарады.

Б и т а б а р. Жоқ, қарағың келсе, мына түсқа келіп, алыстан қара! Андағы жерден көре алмайсың.

Бастауши. Битабар осыны айтты да, ақсандай басып шыға берді.

Левенштерн. Ау, тамыр, тоқта!
Битабар. Жок, тамыр енді тоқтамайды...

Есік қаттырақ жабылды...

Бастауши. Битабар тоқтамады. Таяққа сүйеніп жүріп келеді. Қайда баарын өзі де білмейді, сонда да жүріп келеді. Шахта да, үйлер де алыста қалды. Айнала жап-жазық. Қып-қызыл. Жал-жасыл. Құлпырып көк шыққан. Құлпырып бәйшешек гүл жарған. Жұпар иісі анқиды — дала иісі. Бусанған жер иісі... гүл иісі. Тұған жер — Иманақ баурайының иісі. Битабар мас болды. Иіске мас. Шалқалап жата кетті. Аяқ-колды шалқалап жазып жіберді. Аспан сондай түңгіның, Мөпмөлдір. Үн-тұнсіз қаракүс қалықтайды.

Әртінде, мөлдір аспанның нақ түңгіның түбінде Иманақ тауын бетке алып кішкене ноқаттар кетіп барады.— Тырналар. Сондай алыста, бірақ сондай жақын... Битабар қалқалап құлағын тосты: (Киқулаған тырна даусы). Битабардың көзіне жас іркілді: дүние сондай жып-жылы... Дүние сондай ып-ыстық. Өн бойы шымырлады... Қыс қыспағын көріп шыққан Битабар туған жерді ансады... Еркіндікті, кеңдікті ансады... ...Құн батты... Ұмырт үйірліді. Мөп-мөлдір, түп-тұнық аспанда сансыз жұлдыздар жынындаиды. Солтүстікten онтүстікке тартылып құс жолы жатыр. Сайрап жатыр. Өткен жылғы күзде онтүстікten солтүстікке қарай жатқан секілді еді. Енді солтүстікten онтүстікке...

Бала кезгі аңыз әлі есте: жыл құсы көктемде осы жолмен келеді. Жыл құсы күзде осы жолмен қайтады. Бұл жолдың құс жолы деп аталуы да содан. Жыл құсының адаспайтыны да сол өз жолы — құс жолы болғандыктан... Битабар үшіп тұрды. Жүріп келеді. Дүңкиіп шахта қоқысы артта қалды. Битабар таяғын демеу етіп адымдай түсті. Қарайып екеу көрінді. Бірден таныды. Ілғаз. Қасында бір жас жігіт бар.

Ілғаз. Е, Битабармысың? Негып жүрсің? Бала кезде өстіп қызды ауылды қырындаушылар болушы еді. Жігітшілік құрудың қай жағындасын?

(Битабар курсініп алды.)

Битабар. Ау, ағайындар, бір сөз айтсам не дей-сіндер?

Ілғаз. Айтып көр...

Битабар. Ата-бабамыздың кәсібі бұл емес қой. Тастандар, елге кетейік.

Бастауши. Ұсыныс соншалықты оқыс болғандықтан, Ілғаз үндеңей қалды.

Б и т а б а р. Ел де казір түзеліпті. Колхоздасып, отырышы орын теуіп жатыр дейді.

Ы лға з. Шахтыны тастап ешқайда енді кетпеймін мен. Қалай десен де, өндірістің аты өндіріс, Битабар, ауылда тудым, ауылда ер жеттім. Не көрдім? Не мұратка да жеткенім жоқ. Ең соны балаларды дұрыс оқытсам да көз ашуға қала жақсы, шахты жақсы.

Б и т а б а р. Ал жақсы онда, туғандар, сау болындар. Жолымыз бөлек-бөлек екен. Зорлағанмен түк те шықпайды.,

Б а с т а у ш ы. Б и т а б а р сол бетте үйге келіп, Си-леусінді ертті де құс жолын бағытқа үстап жүріп кетті.

Б а с т а у ш ы. Мен Б и т а б а р балуанды алғаш рет 1950 жылы Иманақ тауының бауырында «Бірлік» деген колхозда кездестірдім. Қөңілдегі тұнғыш сұрап: «Содан кейін не істедіңіз?»— болды.

Б и т а б а р. Тура колхозға келдім, мүше болдым.

Б а с т а у ш ы. Осы жерде колхоз есепшісі Қазыкен сөзге араласты.

Қ а з ы к е н. Мүше болысымен-ақ Биекең мал бакты. Әлі де сол мал соңында. Адал еңбегі үшін Биекең осыдан бес жыл бұрын Социалистік Еңбек Ері деген зор атаққа ие болды.

Б а с т а у ш ы. Бұл жаңалық мені таңдандырмады. Өзі Б и т а б а р болып, өзі Еңбек Ері атанбаса не еткен! Менің ойым баяғы шахта жайы:— Содан кейін не істедіңіз, Биеке?

Б и т а б а р. Тура колхозға келдім. Мүше болдым.

Б а с т а у ш ы. Бір адамға өкпелеп, шахтадан кетіп қалғаныңыз қалай.

Биекең біраз ойланып қалды. Тура жауап берmedі.

Б и т а б а р. Шахтадан кеткеніммен елге келіп: «Шахта жақсы, шахтага барындар!»— деп үгіт жүргіздім.

Бастауши. Қайратыңыз қалай? Қайтқан жоқ па?

Б и т а б а р. Қайратым бар әлі де. Бірақ тізем шыдамайды... Тізем шыдаса, атан түйені әлі де көтере алам фой деймін...

* * *

Б а с т а у ш ы. Б и т а б а р кейін сексенге жақындал барып қайтыс болды. Зираты сол Иманақ бауырында. Мойнында баяғы тұмар: «Курес те өнердің бір төресі.

Мал табар оңай кәсіпке айналдыра көрмел!» Баяғы Балуан-Шолак сөзі. Балуан-Шолак сөзін Битабар алпыс жыл тұмар етіп мойнына тағып жүріпті... Иманақ бауырында казір «Бірлік» атты колхоз жок. Сол «Бірлік» құралпы бес-алты көпей колхоздар бірігіп дөкей совхоз құрган. Сәкен Сейфуллин атындағы совхоз. Сәкен аты тегін қойылмалты. Бұл — Сәкеннің туған жері. Иманақ — Сәкеннің шыққан тауы.

Битабар Сәкеннің аталас ағасы. Ел ішіне аты кеткен балуан Сәкенмен де бірге жүрген болар. Иманаққа да Сәкенмен бірге талай-талай шыққан болар. Бірак, амал қанша, мен онда Сәкен туралы сұрай алмадым. Сөзге сараң Битабар өз бетінше айтқан жок...

МАЗМУНЫ

Дәкей келе жатыр	3
Қайдасын, Зәрина?	36
Әнім сен едің	73
Қыр гүлі	115
Төрт бойдак, бір қыз	163
Өкіл әке	209
Шайқақ	251
Леп белгісі	266
Халала	275
Кеш оянған махаббат	288
Түйе көтерген	303